

**МУКАФАЛИТАНУ БАСТАУЫ**



82.3 (5) 2007

594

**БІЛГІҢ КЕЛСЕ,  
АЛДЫІМЕН  
ЗЕРТТЕ МЕҢІ**

Кітаптың шығуна Алматы облысының әкімі  
Серік Әбікенұлы Үмбетов демеушілік жасады

657

# БІЛГІҢ КЕЛСЕ, АЛДЫМЕН ЗЕРТТЕ МЕҢІ

М.Мақатаев шығармалары туралы  
ғылыми зерттеулер, танымдық мақалалар,  
козқарастар мен пікірлер.



Алматы  
2010

УДК 821.0  
ББК 83.3 Қаз  
Б 94

«Мұқағалитану бастауы» сериясының жобасын  
аэзірлекендер және кітапты құрастыргандар:  
**Жакынжан Нұргожаев, Рысбек Сарсенбайұлы,**  
**Бейбіт Дәлденбай, Батық Мәжитұлы**

**Б 94 БІЛГІҢ КЕЛСЕ, АЛДЫМЕН ЗЕРТТЕ МЕҢІ.** – Алма  
“Сарыжайлау” қоғамдық коры, 2010. – 312 бет.

ISBN 978-601-217-144-0

Мұқағали Мақатаевтың артында қалған асыл мұралары үлттік рухани ігіліктері болып саналады. Сондыктan оның төрөндегі не үңіліп, қыры мен сырын ашып, үрпактардың қажетіне жа ту басты міндеттің бірі. Осы жұмыстарға ғалымдар, қаламгерлер, барша зиялдықтар өкілдері белсene араласуда. «Мұқағали» журналы мұқағалитанудың басталуына өріс ашуға ықпал жа устінде. Сондай материалдардың бір тобын осы кітаптан «аласыздар.

УДК 821.0  
ББК 83.3 ]

ISBN 978-601-217-144-0

© “Сарыжайлау”  
қоғамдық коры, 2010.

## Серік ҮМБЕТОВ

*Алматы облысының әкімі. Сонымен қатар,  
ұлттық әдебиет пен опердің жанашыры.*

*Жамбыл облысында және Жетісу жерінде  
көптеген ірі рухани шарапарды жүзеге асырды.  
Мұқағали мұрасын зор ықыласпен құрметтеп,  
акынның 80 жылдық мерейтойына арналған іс-  
шарапарга озі тікелей бас коз болды.*



## АЛАШТЫҢ АЯУЛЫ АҚЫНЫ

– **Мұқағали шығармаларына қазақ әдебиеті өлшемі  
бойынша қандай баға берген болар едініз?**

– Мұқағали ағамыз да акындық қуаты мол сөз өнерінің, акындар көшінің жалғасы. Кеше мен бүгіннің ортасындағы дәнекер. Бабалар сөзін бүгінгі ұрпаққа жеткізуіш. Мұқағали өлеңдері қандай күйде оқысаңыз да көңіліңіздің пернесін дөп басып жатады. Өлеңі арқылы бірде құрдасыңа, бірде сырласыңа айналып кете береді. Бір байқағаным, Мұқаңның қаламынан бірде бір тақырып тыс қалмағандай. Отан, туган жер, отбасы, достық, адамгершілік сияқты тақырыппар өзіндік ерекшелігімен ақ парактың бетіне інжу-маржан секілді сап түзеп тұра қалғандай. Адамдардың бір-біріне немесе тұған табиғатына деген шексіз махаббатын білдіретін лирикалық өлеңдері оқыған адамды бей-жай қалдырмайды. Міне, бұл акынның сөз өнеріне, оның ішінде өлеңге деген ададығының белгісі болса керек. Ақын бойындағы осындай дара дарын мен ерекше қаснеттері жоғарыдағы сіз қойған сауалға жауап беріп тұр емес пе? Мұқағали шығармаларына қазақ әдебиеті өлшемі бойынша ең жоғарғы бағалардың бәрі әлдеқашан беріліп қойған. Біздер сол бағага лайықты акынның бай мұрасын кейінгі ұрпаққа аманат ету жолында еңбек етіп келе жатқан жандармыз.

— Мұқағали өлеңдері тәуелсіз елдің азаматтарын елін-жерін сүюге тәрбиелейтін басты құралдың бірі. Осы мүмкіндікті қалай пайдалануға болады деп ойлайсыз?

— Қазағын Абайдай сынаған ақын жок. Бірак хакім жаман болсын деп емес, адам болсын деп сынады. Кейбір керіартпа мінездеріміз жанына батып, қабыргасын қайыстырғаннан кейін катты-қатты айтуға тұра келді. Әлі де болса бойымыздан арылмай жатқан жалқаулық, жайбасарлығымызды, бекер мал шашқызатын мактан құмарлығымызды батыра сынады. Эйтпесе, Абай өлеңдері адамгершілік пен имандылық ірімдеріне толып тұр емес пе? Абайды өзіне рухани ұстаз тұткан Мұқағали ағамыз шөпті де, шөңгені де өлеңге айналдырмады. Эйтеуір, өлең болсын деп емес, өзімнен кейінгіге өнеге қалсын деп жазды. Шындығында солай болды. Мұқанды сүюдің қандай керемет қасиет екенін көптеген өлеңдерінде айтып кетті. Оны шын пейілмен, ынта-ықыласымен түсініп оқыған адам шынымен де Отанды сүюді үйренері хак. Ал Отаның қадірлей, құрметтей білген адам оның қындығын көтере біледі. Куанышына бар ниетімен қосыла алады. Мұқағали өлеңдерін тәрбие құралының бірі дедіңіз ғой. Ендеше Отанды қалай сую керек екендігін білгісі келгендер Мұқанды оқысын. Міне қараңыз. Жаңа параптастырып отырғанда көніліме конған мына өлеңді оқып берейін:

Самалы бол Отанның салқындаған,  
Сандугаш бол, сайратсын алтын даңаң.  
Семсері бол Отанның қынабында,  
Сертке ұстаса, селт етпей жалтылдаған.

Азаматтарымыз семсердей өткір болса көр-жерден ілік іздел, кемшілік тауып, бар-жоқты әнгіме ғып өзі өмір сүріп отырған тәуелсіз қазак елінің өртөніне құдікпен емес, үмітпен қарайтын еді. Ақын өлеңінің өміршешендігінің тағы бір дәлелі мына бір жолдарн да байқалады:

Әлемдік бейбітшілік керек маган,  
Үнімен Отанымның үндесетін, — дейді ағамыз. Тура бүтінгі күннің келбетін сол заманда-ақ көріп, білгендей.

Расында да, тәуелсіз қазақ елі дәл қазіргі уақытта әлемнің назары ауып отырған бейбітшіліктің бесігіне айналған жоқ па? Ұлттар татулығы, діндер достығы, саясат сахнасындағы келелі көлісімдер барлығы да акын аңсаған «әлемдік бейбітшіліктің» көрінісі емес пе? Бұл күнде әлем жұртшылығы акын ағамыз айтқандай. Отанымыздың үнімен үндесуде. Үндескені сол Еуропаның төрінен орын берді. Еуропалық қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төраға болдық. Осы күнге жеткенімізге тәубе қылуымыз керек. Соның нәтижесінде тарих қойнауында қөмексіленіп бара жаткан бабалар есімі қайта жаңғырды. Ерлігі мен даналығы елге мұра, ұрпаққа ұран болған тұлғаларымыздың есімін бүгінгі ұрпақтары тереңінен біле бастады. Осындай сәтте Мұқағалидай акындарымыздың жыр жаунарлары кеңінен насиҳатталып, көптеген мәдени шараларда оқылып, көңілге токылып, санамызға серпіліс беруде. Міне, акын өлеңінің ғажайып тәрбие құралына айналғандығы. Ендігі жерде осы үрдісті үзіп алмай, ұрпақтан ұрпаққа жалғастырудың жолын салып кетуіміз керек.

– **Жыл сайын дәстүрлі өтіп жүрген «Мұқағали окулары» оте жақсы үрдіске айналды. Әрбір бастаманың оң нәтиже бергені баршамызға ортақ жетістік. Осы бір иғі бастаманың өз мәнін жоғалтпай жалғаса беруі үшін қашан да қолдау керек емес пе?**

– Эрине, кандай да бір иғілікті істің ары қарай дамып, канатын жауы үшін мүмкіндігінше қолданап отыруымыз керек. Сонда ғана оның болашағы жарқын болып, бір ұрпақтан бір ұрпаққа жалғасып отырады. Облысымызда Жамбыл атамыздың туған күніне орайластырып дәстүрлі өтіп жүрген республикалық окушы акындардың айтысы, республикалық «Мұқағали» және «Ілияс» окулары акындық өнердің аскар шынына айналған дара тұлғаларымызды насиҳаттаудың керемет үлгісі емес пе? «Жамбыл менің жәй атым, халық менің шын атым», деп жырлаған Жамбылдай жыр алыбын, «Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев, Алайда өлтіре алмас өлеңді

ешкім», деп өлеңінің өміршендеңдігіне зор сеніммен караган Мұқаңды, «Өз елі, өз ерлерін ескермесе, Ел тегі қайдан алсын кеменгерді», деп кейінгілерге аманат сөзін қалдырыған Ілиястай дүлдүлімізді шынымен де ең алдымен өзіміз бағаламасақ, ешкім бізге өз жаксысын бермейді. Мысалы, Мұқағали оқуларын жыл сайын өзім барып көрмесsem де, нәтижесін сұрап, қалай өткені туралы, қандай жаңа есімдердің жарыққа шыққаны жайлы сұрастырып, қадағалап отырамын. Бір куантарлығы, әр жылда бірден, екіден талантты балалардың тұсауы кесіліп, аталары салған ақындық сара жолға түсіп жатады. Ертең еліміздің тізгінін ұстап, жарқын болашақты жасайтындар осындай ұлтын сүйе билетін, өнерін, тарихын, салт-дәстүрін сыйлайтын балалардан шығады. Оларды бала деп басынан сипағанымызбен, дананың сөзін айтпаса да, ойының қорғасындағы салмағы бар екенін көргенде кәдімгідей әсерге бөленіп, әдемі күй кешесің. Ертегі күніне деген сенімің артады. Кішкентай ғана, қарапайым Қарасаз деген ауылдан шыққан Мұқағали сол аймактың ғана емес, иісі қазақ жұртының ортақ перзентіне айналды. Қазақ поэзиясындағы өзі қатарлас шоқ жұлдыздардың ішіндегі ең жарықтарының бірі болды қазіргі таңда. Оның өлеңдерегі жарық сәулесінен қаншама буын жылынуда, болашагының бағдаршамына балап, әр қадамын Мұқағали өлеңдеріне еліктеуден бастауда. Абай атамыздың «Болмасаң да ұқсан бак, бір ғылымды көрсөніз» дегені осы болса керек. Біздің де мұндай шараларды өткізудегі негізгі мақсаттарымыздың бірі осы. Болар баланы бесігіндегі бұлқынысынан танитын ел емеспіз бе? Өлең өлкесіне каз-каз басқан балапандардың тұсауын кесіп, әр жыл сайын қанаттандырып отырсақ, қазақ руханиятына қосқан үлесіміз болмайды ма? «Мұқағали оқуларының» өткізілуіне келер болсақ, бұл шара өз арнасын дұрыс тапты. Әр жыл сайын наурыздың басында жыл құсында болып, ақынның жыр құстары Қарасазға оралуда. Кімдермен біреге, Мұқаң өзі күнделігінде жазып кеткендей, «XXI ғасырдағы құрдастарымен» Қарасазға

келіп, Қарасудың бойына конып жатыр. Биыл 80 жылдық мерейтойы болатындықтан жылдағыдан да әсерлі, әдемі етіп ұйымдастыру керек шығар. Егерде тың, жаңаша ұсыныстар туындал жатса, біз мүмкіндігінше қолдау көрсетіп, жандан-дыруга өз тараптымыздан қол ұшын береміз.

– Сүйінбай атамыз Қатағанмен айтысында құллі казактың шежіресін жырға қосып, бар қазакты бір қазак дең біліп, мерейімізді асырды. Ал Мұкағали осынау үлкен түсінікті «Алатау, Алтай, Атырау» деп кең тынысты толғаныспен өлеңінің өзегіне айналдырыды. Жетісұдың екі замандағы қос ақынынан қандай сабактастық ерекшелік байқауға болады?

– Сүйінбай бабамыз өз заманының дауылпаз ақыны. Айтыс өнерінін алып бәйтерегі іспетті. Суырып-салма ақындық өнердің ешкімге ұқсамайтын сара жолын салып кетті. Бір гана өзіңіз айтып отырған Қатағанмен айтысы ғаламат шежірелік туынды. Тарихқа айналған бұл айтыс сол күйінде калмауы керек. Мұны да мүмкіндігінше газет беттерінен беріп, ұрпақ санасына сыналай сініре білгеніміз дұрыс. Жоғары оку орындарындағы әдебиет пен тіл мамандарының көркемдік құралына гана айналдырмай, мектеп бағдарламасына толықтай енгізу дің жолын қарастырсақ, нұр үстіне нұр болатын еді. Себебі, бұл айтыста шынымен де үш жүздің айтулы рулары өлең өрнегімен керемет суреттеледі емес пе? Тегін тану тектілік десек, сол тамыры терең тектілікті осы айтыстан таба аласыз. Өзіңіз айтқандай, Сүйекен бар қазакты бір қазакқа айналдырып, бір қазактан бар қазактың болмысын көрсетіп кеткені ақиқат. Кезінде Тезек төре: «Мен өмірімде екі ақынды көрдім. Оның бірі сөзі мірдің оғындаі, қызыл иек Сүйінбай. Екіншісі – балта тілді Бақтыбай» деген екен. Өзі де ақын болған Тезек төренің сөзі бұл. Төрениң көніл төрінде қалған екінші ақын Бақтыбай Сүйінбайдан бата алғанын тарихтан бәріміз де жақсы білеміз. Яғии, Сүйінбай ақын қай жағынан болса да, тереңдігін таныта білді. Сөйтті де, тамыры терең тарихымызға есімін

алтын әріппен жазып кетті. Ал Мұқағалидың өзініз айтып отырған «Алатау, Алтай, Атырау» деген поэмасына келсек, мұнда да акын өз шеберлігін керемет көрсете білген. Қиял құсымен алыш қазақ даласын қас-қағым сөтте-ак арапап шығады. Әсілі, акындардың жаны романтикаға бейім келеді емес пе? Былайғы жүрттандар ерекшелігі де осында ғой. Куанса да, қайғырса да жанына дауаны осы өлеңнен табады. Сүйінбай бабамыз бер Мұқағали арасындағы ел мен жерді суреттеудегі шеберлік мүмкін, туған топырағына да байланысты шығар. Бір кездері Сүйінбай шықкан Жетісу өнірінің бір пұшпағынан өз уақытында Мұқағали шықты жарқ етіп. Сүйекен ел шежіресін толғаса, Мұқан жер шежіресін тіліне тиек етті. Екеуі де қазақ әдебиеті тарихының төрінен орын алды. Ұрпак сабактастығы мен әдемі жалғасын тапқан үндестік дегеніміз осы шығар.

— Мұқағали өлеңдерінің әнге айналуын бастап берген Нұргиса Тілендиев. Талант – таланттың бағын ашуға ықпал жасайды екен. Осы төңірегінде ой өрбітсеңіз?

— Иә, көзінің тірісінде Мұқағалиды шын түсініп, оның акындық дарынына жоғары баға беріп, әрбір жаңа туындысына шын қуанған бірден бір тұлға осы – Нұраған, Нұргиса Тілендиев қой. «Жігітінен қазактың дос таба алмай» жүргенде қасынан табылып, ағалық акылын айттып, құлазыған көңіліне рухани демеу болғанын жаксы білеміз. «Ағаның алды ақ жайлай» дегендей, Нұрағанның дархан пейілінің мейіріне боленген кездерінде Мұқаның да қуатты қаламынан тамаша өлең жолдары төгілгені шындық. Мұқағали акынды көру мүмкін болмағанымен Нұргиса ағаның алдын көріп, акылын тыңдадық. Тұмысы бөлек, ерекше жаратылған жан ғой Нұраған да. Бір қарағанда каталдау көрінгенімен жаны жайсан еді ағаның. Сөзі өткір, өзі тік мінезді болатын. Осы жағынан келгенде Мұқағали акынмен ұқсастығы бар сияқты. Мұқан да ақ алмастай жалтылдаپ, пендешілікке бой алдырмай, ақиқатын айттып өтті емес пе өмірден. Мүмкін Нұрағаның акынды жанына

жақын тартқаны да өзіне ұқсаған осы бір турашылдығы шығар. Шенберге симай жүрген ақынға Нұрғиса ағамыз төрінен орын берді. Ел аузында мынандай әңгіме бар ғой: «Өмірінің соңғы кезінде Мұқағали Нұрғиса ағаның үйінде бір ай жатып, екеуі осы уақыт ішінде отыз өлең мен ән жазыпты. Яғни, күніне бір өлең, бір әннен. Ағаның «Дариға, домбырамды берші» деп тәтемізді шақырғаның қағып алған ақын «Дариға, домбырамды берші маган» атты өлең жазып, оған Нұрағамыз ән шығарып, бүгінгі таңда ел ішінде кеңінен айтылып жүрген осы бір әдемі ән дүниеге келіпті» дейді. «Саржайлау» әні де сол кездері шыққан екен. Екеуінің де шығармашылығында ұқсастық бар. Нұрағаң «Аққу» күйін шығарса, Мұқаң «Ақкулар ұйықтағанда» поэма-сын жазды. Бірі аккуды күймен қайырса, екіншісі – акку-дың киесін жырына арқау етті. Ақын мен композитордың шығармашылық бірлестігінен қаншама жауъар дүниелер жарыққа шықты. Қос таланттың жүрегінен шыққан тамаша туындылар бір арнада тоғысып, «Өнер» деп аталатын алып дарияға құйып жатты. Бүгінгі ұрпақ сол дариядан жан құмарын басып, көніл қошын тауып, шөлін қандыруда.

– Мұқағалидың 80 жылдық мерейтойын өткізу шараларын бір жыл бұрын орайластырып жатырсыз. Бұл да болса ақынға деген құрметініздің жоғары екенін көрсетсе керек. Осы орайда атқарылған және болжашақта іске асуы керек деген иғі бастамалар туралы айта кетсөніз.

– Мұқағали ақынның мерейтойын өткізу туралы шешімнің қабылданғанын көзі карақты оқырман басылымдардан, арда көніл көрермен телеарналардан жақсы біледі деп ойлаймын. Арнайы комиссия құрып, ең алғашқы отырысын ақынның туған ауылы Қарасазда өткіздім. Туған жерінде бас қосқан әдебиетіміздегі карымды қаламгерлеріміз, ауылдастары, өлеңдегі іні ізбасарлары бас қосқан жиында көптеген ұсыныстар айтты. Барлығын толық тыңдап шыққаннан кейін аудан, ауыл әкімдері мен облыс-

тағы басшыларға арнайы тапсырмалар беріліп, сол сәттен бастап-ак алғашқы жұмыстары басталып кетті. Өйткені, Мұқағали бір рулы елдің ғана емес, Алаш жұртының аяулы перзенттерінің біріне, қазак әдебиетінің шоктығы биік тұлғасына айналды емес пе? Яғни, ұлттымыздың мактандышы болған ақынымызды барынша ардақтауымыз керек. Лайықты құрмет көрсету баршамызға ортақ міндеп. Осы түрғыдан келгенде облыс басшысы ретінде ен бірінші болып үн қосуым дұрыс шығар деп шештім де, той куанышының алғашқы әсерін туған жеріндегі бауырларымызбен бөлісуді жөн көріп, бірінші отырысты да сол жерде жасадым. Ен бірінші болып қолға алынуы керек деген мәселелерді де сол ауылда айттым. Ол – Қарасаздағы ақынның мұражайы мен жол мәселесі болды. Бірден қаулы қабылдан, іске де кірісп қеттік. Алғашқы жұмыстарымыз да өз нәтижесін беріп үлгерді. Сарыжаздан өткеннен кейінгі Қарасаз – Шәлкөде ауылына дейінгі жолды күрделі жөндеуден өткіздік. Шәлкөдеден Талас ауылындағы аралыққа ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалды. Бір кездері бір сағаттан аса жүретін қашықтықты қазіргі таңда 15-20 минутта жүріп өткен ауыл түрғындарының көніліндегі куанышты да естіп жатырмыз. Екінші бір мәселе болған ақын мұражайы да күрделі жөндеуден өтіп жатыр. 60 жылдық мерейтойында ашылған мұражайға осы күнге дейін ағымдағы жөндеу жұмыстары ғана жасалып келсе, бұл жолы іші-сырты түгелдей жаңаша сипат алмақшы. Жылдар тіпті, ғасырлар өтер. Сол кездерде ақын мұражайы тарихи жәдігерге айналып, келіп-кетушілерге ұялмай көрсететін мәдени мұрамыздың бірі болып тұруы керек. Бір жылдары «Ауылда кім көреді, Алматыға ауыстырысақ дұрыс болар еді» деген пікірлер айтылған болатын. Бірақ ақынның туған топырағында бір мұражайдың болғаны өте дұрыс. Өйткені, Мұқаңның туған жері, соғыс жылдарымен дөп келген балалығы, алғаш қолына қалам алып, тұнғыш өлеңдерінің омірге келген жері осы Қарасаз. Ал төскейдегі Шәлкөде

ауылы ақынның алғаш мұғалім, кейіннен ауылдық кеңесте маман болып еңбек жолын бастаған жері. Яғни, Мұқағали өмірінің алғашкы баспалдақтары басталған аймақта мұражайдың жоқтығы дұрыс болмайтын еді. Әрине, Алматы әдебиетіміз бен мәдениетіміздің ошағы. Ол жерде болса, келіп-кетушілер де ауылдағыдан анағұрлым көп болатын еді. Бірақ, Мұқағали ақынның шығармашылық әлемінің насиҳатталуы бір мұражайға қарап тұрған жок. Онсыз да кеңінен дәріптеліп жатыр. Алматыдағы ақын ескерткішінің басында тұған күні ешкімнің тапсыруының, Мұқаңның өміршөң өлеңдерін жаттап өскең баладан бастап аға буын өкілдерімен ақындар қауымы жиналышп, дала саҳнасында әдемі әдеби кеш өткізуді дәстүрге айналдырғанын жаксы білеміз. Жоғарыда айтқанымыздай, жыл сайын «Мұқағали оқуларына» республикамыздың тұкпір-тукпірінен келіп жатқан балаларға не көрсететін едік. Тұған жерін, ауылын көргенімен балғын балаларға негізгі керегі шығармашылық әлемін, өлеңге деген алғашкы қадамын насиҳаттайтын бір орынның қажет екендігі рас. Арысы Атыраудан, шығысы Шыңғыстаудан, Арқадан келіп жатқан окушылар мен олардың ұстаздарына, басқа да қонақтарымызға ауылдағы Мәдениет үйінде өткен бір ғана шара аздық етіп, тіпті, сауын айтып жасаған әдеби, рухани шарамыздың аясын жұтандыа етіп көрсететін-ақ еді. Бірден Мұқағали мұражайын қолға алғандағы негізгі мақсатымыздың да бір сырьы осында жатыр. Сонымен бірге, ақын тойы қарсаңында шығарылуы тиіс деген үш кітапқа облыс бюджетінен арнағы қаржы бөлдік. Оған Мұқағали жайлы жазылған естеліктер, зерттеулер, мақалалар мен өлеңдер енбекші. Республикалық ақындар мұшайрасын өткізсек, оның да жүлде коры қомақты болуы шарт. Бұл жағы да назардан тыс қалмауы тиіс. Атамыздан қалған «Қонақ аз отырып, көп сыйнайды» дегенге сүйенсек, қонақтарымызды карсы алып, шығарып салудың өзі үлкен жауапкершілік екенін естен шығармағанымыз абыз. Даласындағы дархан пейіл қазақтың

дастарқаны жайылар, атан түйе сойылар. Бірак тойымыздың негізгі мақсаты ас ішіп, аяқ босату емес екенін есімізден шығармағанымыз жөн. Мұқағали ақынның қалдырған мұрасын өз дәрежесінде насиҳаттап, жан дүниемізді рухани тазартып, жас жеткіншектерімізге үлті болатындей, жаунар жырлар есінде мәнгі қалатындей өтсе, бір жыл бұрын бастаған тойымыздың тәтті жемісі сол болатын еді. Осындаған игі бастаманың басы қасында жүргендіктен бұл шараның жауапкершілігі баршамызыға ортақ екені айтпаса да түсінікті ғой деп ойлаймын. Аудан экімі Аян Айтжанұлы да өткенде жақсы хабар жеткізді. Қарасаз ауылы маңындағы зиратта жатқан ақынның анасы Нагиман апамыздың күмбезін көтеріп, тойға келген қонақтардың анамыздың басына барып, құран оқытып қайтатындей жағдайға келтіріп, бір істің басын бітіріп қойыпты. Бұл турасында да кезекті өткен комиссия отырысының бірінде айтылған болатын. Бірден колға алышып, он нәтижесін беріп үлгерді. Алдымызда әлі де біршама атқарылуы тиіс жұмыстар баршылық.

— Серік Әбікенұлы, көктемде «Жырлайды жүрек» деген Мұқағали сөздеріне жазылған ән байқауын реснубликалық деңгейде өткіздіңіз. Бұл да сіздің оз ұсынысыңыз бойынша іске асты. Жоғары деңгейде өткен шараны қалың жұрт мерейтой шымылдығының ашылуы деп бағалады. Солай емес пе?

— Солай десек те болады. Тойдың болатын кезінде бәрін бірінен кейін бірін қарбаластырғанша мүмкіндігімізге келіп тұргандарын өткізе бергеніміз жөн деп шештім. Себебі, Мұқағали әлемі бір күндік тоймен шектелмейтін, ауқымы кен, айтары мол дүние. Қасымдағы басшылармен бірге қаламыздығы ақын, композиторлардың басын соып ақылдастым ең алдымен. «Ән кеші» деп өткізсек қалай болады деген ойларын айтты. Бұлай істеуге де болатын еді. Бірак, Мұқағалидың сөзіне жазылған әндер казіргі таңда барлық жерде орындалып жүр. Тұған күніне орай Республика сарайынан бастап көптеген облыс, кала орталықтарында

да шырқалып жүргені шындық. Бірақ, Мұқаңның сөзіне жазылған әндер кеші өтікенімен, байқау өткен жок. Отсе де, некен-сақшашын аудиторияларда. Сондықтан республикалық деңгейде еткізуздің реті келіп түрғанын айттым да, бірден іске асыруларын талап еттім. Қазылар алқасына да мәдениетіміз берілген әдебиетіміздің, өнеріміздің мандалайалды, сүттің бетіндегі қаймағындағы аға-әпкелерімізді шакырттым. Темірхан Медетбек, Сәкен Иманасов, Нұрғали Нұсіпжанов, Мынжасар Манғытаев сынды ағаларымыз, Сара Тыныштығулова мен Гүлвира Рaziева әпкелеріміз, Ұлықбек Есдәuletov пен Батық Мәжитұлы, Рысбек Сәрсенбайұлы сынды бауырларымыз келіп, әділ бағасын беріп, тамаша ән кешіне күә болып, көріп кайтты. Ақын тойының шымылдығы осылайша Талдықорған төрінде ашылды десек те болады. Әнге айналған ақынның өлеңдері сол күні тойдың басталғанын хабарлағандай Жетісудың төрінен қанаттанып ұшып жатты.

— Койнауы құтты Жетісудың бір пүшпағында дүннеге келіп, Алаш жұртының ортақ перзентіне айналған мұндай ақын өмірге жиі келе бермейтіні рас. Сондықтан ақын тойына барша қазақ елі атсалысса жұмыла котерген жүгіміз женілдеп, абыроіымыз да ортақ болар еді. Сіз қалай ойлайсыз?

— Эрине, Мұқағали иісі қазақ баласына ортақ тұлға болғандықтан, Жетісудың тұмасы деп бөлектеп, еншилеп алушан аулакпыш. Жоғарыда мысалға келтірген «Алатау, Алтай, Атырау» поэмасын қалай жазды, біздер де сол көзқарасты ұстанғанымыз жөн. Тойдың болатынын Мұқағали жырына арқау еткен еліміздің төрт бұрышы на түгелдей жеткізу біздің міндеттіміз. Ал қандай көмегің бар, не қосасың деп сұрап жатсақ, ыңғайсыз болатыны шындық. Өзіміз бастагандықтан соңғы нүктесін де өзіміз қойғанымыз абзал. Атағын Алатаудай асқактатып бастап алғаннан кейін, кім не үлес қосады десек, «Көтере алмайтын шоқпарды білегіңе іліп нең бар» демей ме? Қазакы дәстүрімізben тойға шашуымыз деп ниетін білдіріп

жатқандар болса, патша көнілдерінде. Ондай сый-сияптың үлкен тойдың үстінде жасай берулеріне болады. Біздің міндеттіміз өз тарапымыздан қолға алған ісімізді аяғына дейін шашыратып алмай, қыздың жиган жүгіндегі әдемі етіп көрсете білу. Осының өзі акынға деген құрметтіміздің қандай дәрежеде екенін білдірсе керек.

— Кенді қазбаса, асылды актармаса – оны халық иғлігіне жарату қыны. Сол байлық ептең-ептең итеріліп келе жатыр. Мұқағалитану үрдісі белең алғып, бір бұлақтың көзі ашылғандай. Оның бір себепшісі ретінде «Мұқағали» журналын айтуға болады. Сіз алғашкы шықкан сәтінен бастап, акын атындағы басылымнан қамкорлығынызды аяп жатқан жоксыз. Сондықтан журнал туралы пікіріңізді білгіміз келеді.

— Өзіңіз де білесіз, мен Елбасының шешімімен облыс әкімінің міндеттін Райымбек бабамыздың 300 жылдық тойына бір күн қалғанда қолыма алдым. Келесі күні Ұйғыр ауданында Президенттімізben бірге аудан жұртшылығымен кездесіп, одан ары Қарасаз ауылында өтіп жатқан Райымбек батыр тойына бардым. «Мұқағали» журналының бірінші нөмірі батыр бабамыздың 300 жылдық мерейтойына арналған екен. Журналдың алғашкы санымен де сол кезде таныстым. Содан бері де бес жылдан асыпты. Сол күні тұсауы кесілген басылымның каз-қаз басқанынан, адымдал жүріп кетуіне барынша көмегімді беріп келе жатырмын. Ал журналдың өзіне келетін болсақ, қазак баспасөзі әлемінде өзіндік үні бар басылымға айналды. Ең басты ерекшелігі, журнал бетіндегі әрбір айдардың акын өлеңінен алғышып отырғандығы. Яғни, бастан-аяқ Мұқағали акынның өзі сөйлеп тұрған сияқты. Мұқағалитанудың басты бір бағыты осы журналда жатыр. «Көш жүре түзеледі» демей ме? Аяғынан тұрып кеткенде қындықтардың кездесетіні ақиқат. Бұғінгі таңда журнал сол асудан асып, өз арнасына түсті деуімізге толыктай негіз бар. Ендігі жерде акын өлеңдері сияқты журналының да өміршен болуы басы-

қасында жүрген қаламгер, журналист бауырларымыздың еншісінде. Біз өз тараапымыздан болатын көмегімізді барынша беріп отыруға тырысамыз.

– Біздің міндеттіміз ақынның жан жүрегінің қақпасынан шыққан өлең мұраларын кейінгі үрпаққа аманаттап кету. Өзініз бастап мерейтойын өткізгелі отырған Мұқағали сіздің көніл торінізден қандай орын алуда?

– Құнделігін оқып отырсаныз Ғабит Мұсіреповтің үйінде болғанын, Ғабен «Аққулар ұйықтағанда» поэмасына жоғары баға бергенін, көрімдігіне алтын қаламын сыйға тартқанын жазады. Ендеше, Ғабендей адам тани билетін сөз зергерінің ықыласына бөленіп, алғысын алса, Мұқаңның да осал адам болмағаны ғой. Бүгінгі таңда тіптен мұқағалишыл жастардың қатары көбейді. Бағалап, басына көтеруде. Қарапайым халық осылай құрметкес болеп жатқанда облыс басшысы ретінде үндемей қалсам, азаматтығыма сын болар еді. Сол үшін жакұт жырлары елімен бірге жасап келе жатқан Мұқағали Макатаевтың есімін тағы бір мәрте жаңғыртып, сөз өнерінің, өлең әлемінің тойын жасағанды жөн санадым. Алғашкы кадамнан-ақ қалай басталғанын өзіңіз де көріп келе жатырсыз.

– Бұдан бұрын ақын тойына жыл бұрын дайында-лыпты дегенді естіген емеспіз. Ондай жай Жетісу жерінде болмаған сияқты. Демек, бұл тойдың бұрынғы тойлардан өзгешелігі бар дейміз. Сонда ол қандай өзгешелік, ерекшелік болмақ? Әнгімемізді осындай сұрақпен түйіндесек. Біз ғана емес, жақсы істеріңізге тілекші болып отырған халықтың да сұрауы осы сияқты.

– Шәкәрім атамыздың бір әні бар еді ғой: «Бұл эн бұрынғы әннен өзгерек» деген. Ендеше бұл тойдың бұрынғы тойдан ерекшелігінің өзі осы – бір жыл бұрын басталғанында болып тұр емес пе? Оған жогарыда айтқан атқарылған шараларды қосыңыз. Мұражайдың жаңаша сипатқа ие болуы,

ауылға аппаратын жолдың сайрап жатуы, бір той қарсанында үш бірдей кітаптың шыгарылып, тұсауы кесілетіндігі, ақынды дуниеге әкелген анасына құрмет жасап, жаңа күмбез тұрғызылуы, республикалық Мұқағали сөзіне жазылған әндер байқауының өтуі ауызben айтуға жеңіл болғанымен, ауқымы кең, атқарылуы біршама салмакты шаралар. Бұғінге дейін шешімін тауып, іске асырылып үлгерген осы жағымды жаңалықтардың өзі басқа тойдан өзгешелігін көрсетсе керек. Алла бұйыртса, алдағы күндерде де игі істерімізді жалғастыра бермекпіз. Аталарымыздың «Арық сөйлеп, семіз шық» деген сөзі дәл қазір бізге айтылып тұрғандай. Сондықтан атқарылған жұмысымызға мастанып, масаттанбай шүкірлік қылып, алдағы күндері колға алынатын әдеби-мәдени іс-шараларымызды осындай абыраймен аткарудың қамын ойластырайык. «Тас түскен жеріне ауыр» деген қанатты сөзге сүйенсек, болашақта әлі де талай жауапты істер кезегін күтіп тұр. Бізге тойдың өткені ғана емес, сонындағы абыройы да қажет.

Әңгімелескен  
Жақыпжан Нұрғожаев

## Әбіш КЕКІЛБАЕВ

Еңбек Ері, Қазақстанның Халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының, ҚР Президенттің Бейбітшілік және көлісім сыйлығының, тәуелсіз «Тарлан» сыйлықтарының иегері. Мұқагали ақынның шығармаларына ең алғаш ақиқат багасын берген қаламгер.



## АЙТЫП ӨТКЕН АҚЫНДА АРМАН БАР МА

**А**қын Мұқагали Мақатаев оқушы қауымға әуелі лирик аретінде көрінді. Сосын олар біршама уақыт Мақатаев-ириктің ізінен адасып қалды; оны қөбіне-көп Маркс, Ченин туралы поэмалар жазған, тарихи алып тұлғалардың юэтикалық портреттерін жасаған үлкен эпикалық тыныссын иесі ретінде білді.

Рас, М. Мақатаев бірнеше поэмалардың авторы. Бірақ, жол поэмалардың өзінде оның лириктігі жеңіп кетіп штыруши еді. Ақынның ұзак-ұзак толғауларында ара-тұра налқымалары, өмір жайлы, азаттық жайлы, махабbat жайлы тебіріністері оқушы көңілін мол әсерге бөлеп, тебірентіп кететін. Алайда, ақын Маркс пен Лениннің қазақ поэзиясы топырағында естен шықпастай еңсөлі бейнесін жасап берді деп айту қыын.

М. Мақатаев бұл салада ұзак ізденді, ұзақ еңбектенді. Ашық бояулы, анық үнді іргелі талант екені тағы даусыз. Бірақ, осыншама орасан еңбектің нәтижесі неге бұлай?

Мен М. Мақатаевтың әр жана поэмасын оқыған сайын осындей ойға калушы едім. Сол саудалдың жауабын ақынның кейінгі екі лирика кітаптарынан таптым.

Поэзия – адам жанын тебіренткен, айтылмай, бейнелен-бей тынбайтын өктем рухтың бейнесі; ақынның өзге жүргіттан артықшылығы – бүкіл болмыспен, табиғатпен табысып,

кез келген кісі әсерлене бермейтін құбылыска тебіренетін, кез келген кісі әсерлене бермейтін нәрседен әсерленетін.

Бұл – ақынның табиғаты. Өлең ен әуелі тап осындағы табиғаттан жаратылыс керек, ол соңда ғана табиғи; әйтпесе, жазып отырған кісінін өзін-өзі құштегеүінен туган шығарма оқушыны да тебірентпейді. Бізде ұзак уақыт поэзияның табиғатын, ақынның міндетін бұлай түсінбейтін қисық қисындар да орын алды. Қобіне көп ақыны кез келген ой мен сезімді байлайғы жүрттый қолынан келе бермейтін поэтикалық түре түсіре қойғыш кісі деп түсіндік. Бұл кате түсінік әлі аласталып болған жок. Қазіргі поэзияда жасанды өлең неге көп дейтін сауалдың да ен түп жауабы осы. Бірақ, ондай одағай түсінікті өлең төңіректеген көлденен адамдар иемденіп жүрсе бір жөн ғой, ара-тұра мұндай аңғал қағидага талантты-талантты деген ақындарымыздың да иланатыны бар.

Әдетте, бір кітаптың ішінде талантты, сезім баурай алатын тәп-тәүір өлеңдерді оқып отырып, кенет кенеуі жок құрғак сөздердің құбылмалы ұйқасқа, ырғакқа түскен тіркестізбесіне бір-ақ секіретініміз де сондыктан.

Сынышылар мұндай алакұлалықты, алаколдылықты, ақындардың әлі де болса поэтикалық шеберлігінің жетіспей жатқандығымен түсіндірмекші болады. Расында да, бар пәк шеберліктің жетіспеуінен шығып жатса қонуге, шыданап көруге болар еді. Өміршең талант өспей тұрмайды, шеберлігі де жетісер. Бірақ, талантты-талантты деген ақындарымыз қанша кітап шығарса да, ішінде белгілі мөлшерде ақын рухынан мейірім таппаган әлгіндей өгей өлең жүреді. Ондай өлең окушы тарарапынан да пейіл таппайды, бірақ, бір ғажабы, кітаптан орын табады. Жарайды, ол өз алдына мәселе... Бұндай алакұлалық, алаколдылық шеберліктің жетіспеуінен емес, көптеген ақындарымыздың өз таланттының сырын жете зерттеп болмағандығынан, өз творчествосына, өз шығармасына деген катаң талаптың жетіспеуінен: түтеп келгенде ақын қызметіне деген әлгіндей кате түсініктен. Бұл түсінік ақын такырып таңдағанда да, өз шығармасына өмірлік материал іздегендеге де ықпал ете коймайды. Бұдан 200 жыл бұрын Гете Германияда поэтикалық мәдениеттің өскені сонша. Ешкім

жаман өлең жазбайды, бәрі де мақтауды талап етеді, бірақ, ешқайсысын мақтамау керек деп жазып еді, өйткені, егер санға емес, санлакқа зәру. Әлгіндей ұшқары ұғымды иемденетіндер, өлеңді жасауға болады деп ойлайтындар, казіргі қазақ шенінің барша техникалық жетістігін бес саусағындаң біліп болған, бүгін Әбділдаша жазса, ертең Хамитше, арғы күні Қадырша, енді бір күні Төлегенше жазып шыға келеді.

«Проза жазу үшін, – деді Гете Эккерманга, – айтатын бірденен болу керек; ал енді айтатын ештеңесі жок кісі өлең мен үйқасқа ұмтылады; бір сөз артынан бір сөзді сүйрелеп, акыр аяғында, расында ештеңесі жок болса да, әлденеге ұқсайтын бірдене шығады». Біздегі көп өлеңнің өлең болмай бірдене бол шығатының сырына енді түсінуге болады. Бірдене жазғыштардың қазір, құдайға шүкір, қай-қайсысында да саят жетеді. Олардың бұдан да аз уақыт бұрынғы әріптестерінің календарьды бағып, қай күннің кімге арналғанын біліп алып, соған арнап жаза коятын ауруынан «айықты». Енді олар әдебиет табиғатын бұрынғыдан гөрі «теренірек» түсінетін болды: қазір қай тақырыптың қандай өлеңнің базарда наркы түсіп кетпей тұрғанда бір шетінен нәпақа көріп қалуға асығады. Қазіргі поэзияға «модашылдық» сыркаты осылай келді. Кеше «ракетаны» жазғыштар бүгін «арғымакты» көп жазып жүр, ертең олар Төлегеннің аруана жайлыш жақсы өлеңін оқып алып, бота-тайлак, мұрындық пен бұйда жайында көп жазып кетпейтініне кім кепіл?

Мұндай өлең жасағыштардың ақылдылау жағы өтімді тақырыптың, өмірлі тақырыптың ісін жер түбінен сезіп, алдымен бас коятынды шығарды. Бірақ, ондай қомағайлардың өтімдінің наркын түсіріп өміршендеңді өмірсіздендіріп жатқаннан басқа бітіріп жүргендері шамалы. Алайда, алем әдебиетінде небір жайсаң тақырып әлденеше жылдар, тілті ғасырлар бойы сарғайып өзін жазар өрслі талантты құтсе, біздің жаппай сауатты тұсымызда тақырып арамдағыштардың өте-мөте көбейіп бара жатқаны амалсыз қынжылтады. Жарайды, жаман ақын жақсы материалдың күнін уақытша түсіргенмен біржолата құнсыздандырып кете алмайды. Бірақ, тақырып

таңдаудағы тапшы таланттардың басындағы осы қомағайлық талантты деген ақын-жазушыларымыздың өздерінің де әлі жете менгеріп, жете ұғынып болмаған тақырыбына, әлі жаны, өз рухымен әлі біте қайнастып, сіңісп болып кете қоймаған өмірлік материалға асығыс киліге салатындары бар. Ондай мінез әдебиетте жасанды шығарманы көбейтпесе, жақсы шығарманы көбейтпейді, ондай шығарма окушы қауым алдында автордың беделін түсірмесе, абыройын асырмайды.

Мұндай жағдай көбіне көп өзтворчествосының азаматтық үнін әлеуметтік мән-маңызын көтерудін сыртын қате түсінуден орын алып жүрген кемшилік. Жас жазушыға әлгі тектес сын айтылуы-ак мұн екен, өресі жетсін-жетпесін, әзірлігі болсын-болмасын үлкен тақырыптың біреуінің етегіне жармаса салады. Ондай асығыстықпен үлкен тақырыпка баруын барғанмен үлкен нәрсе айта алмай, ол жазбай тұрғанда да белгілі жалпы ұғым, жалпылама ойларды қайта айтып шыға келді. Мұқағали Макатаевтың ұлы қөсемдер жанды поэмаларының окушы қөкірегін терендеп дари алмауының себебі де жұрттың бәріне белгілі жалпылама ой, жалпылама жайларды қайталап, одан арғыға терендеп бара алмағанынан болды. Ал жалпылама ой, жалпылама жайлардың өнер жасай алмайтындығын әсірессе, өлең жасай алмайтындығын бұл ақын соңғы лирика кітабының үстінде жақсы ұғыпты.

Азаматтың ақынға, өлеңге сырттан танылатын жанана қасиет, жанама сипат емес. Азаматтықты сырттан іздейп, сырттан қарастыратын ақын шынайы азаматтық өреке де ие бола алмайды, шынайы өлең де жаза алмайды. Онда өлен жазу процесі өреке де ие бола алмайды, жат өлен жасау процесін айналады. Азаматтық – өлениң, өнердің табиғи болмысы, азаматтық – ақындықтың ең тұп табигаты. Суреткердің былайғы жұрттан ала бөтен айрықша қасиеті де – оның айналаға, өмір құбылыстарына өзге жұрттан ала бөтен елгезектігі, өзге жұрттан ала бөтен сезімталдықпен, айрықша азаматтық құштарлығы мен рухани белсендерлілігі. Құллі дүние мұнын мұн қылышп, құллі дүние куанышын куаныш қылу – тек суреткерлердің, ақындардың ғана қолынан келетін қасиет. Сондықтан да өрелі

тақырыптарды игеру суреткердің бойындағы әлгіндей өрелі өсудің заңды нәтижесі болындаған табысқа жетпек.

Горькийдің суреткеге жеке өз басындағы, жеке өзіне тән субъективтік жағдайлардан құллі азаматтық мәні бар объективті сипат таба алғатын адам деп анықтама беруінің мағынасы да осында жатса керек. Суреткер неғұрлым құллі қоғамдық, құллі адамзаттық мұң-мұддеге көтеріле соғұрлым табиғи, соғұрлым өрелі бола түспекші.

Осы арада Ольга Бергольцтің «Главная книга писателя – во всяком случае моя главная книга – рисуется мне кни-  
гой, которая насыщена предельной правдой нашего общего бытия, прошедшего через мое сердце» деген сөзі ойға ора-  
лады. Демек, өз жүргегін арқылы... Ақынның ақыратқа баар  
тек жалғыз-ақ жолы бар, ол өз жүргегінін үстімен етеді. Оған сокпай бұлтарып ететін жолдың бәрі ақыраттың да ауылына сокпайды. Ақын жырының ең алдымен тек өз жүргегінің терең табіренісінен тууы – өлеңге қойылар ен басты талап, өлеңнің ең терең табиғаты. Онсыз жерде, ақын қашшама ұлы ой, ұлы идеялардың өлеңге түсірсін мейлі, ол бірден қөкейінде қоныш, көңілінді баурап жан сыры болмай, әншайін ұйқастырылған уағыз болып шығады. Рас, өмірдегі мәнді-манызды ойлар мен идеяларды уағызыдау да керек. Бірақ кез келген лепірме уағыз жақсы өлеңнін орнына жүре алмайды да, ал шынайы өлен небір ұлы идеяны насиҳаттайтын мәнді уағыз, мәнерлі есиейттің қызметін қашанды атқара алады. Олай болса ақынның жан сыры – өлен арқылы ақырат табудың, қоғамның өрелі шындығын ашудың ең бір ұтымды жолы.

Мұқағали Мақатаевтың лирикасы осыған құрылған.

*35 жыл*

*Отыз бесінші шуағым.*

*35 жыл күлдім,*

*35 жыл жыладым.*

*Кім біледі,*

*Енді қанша тұрамын?*

*35 көктем.*

*35 күз, 35 қыс, 35 жаз*

*Осал өмір емес-ау отыз бес жас...*

Рас, 35 жас көпті көріп, көпті тауысатында маңдай, ақ бас ғасыр емес. Бірақ, 35 жастың осал өмір емес екені тағы рас. Мұқағалидың өмірбаяны да өзінің дарынды достары Қадыр мен Жұмекен тақыледтес.

*Бала бола алмадық,  
Әке болсақ екен тек.*

Қ. Мырзалиев.

*Шаруа біліп әуелі  
Ойнадық қой содан соң.*

Ж. Нәжімеденов.

*Есімде жақ.*

*Бала боп осіп не едім?!*

*Болсам неге жылы сөз есітпедім?!*

*Есімде тек,*

*Білемін жеңіс – құстың*

*Біздің жаққа бір апта кешіккенін.*

*Осылай өскемін.*

*Мен – солдаттың жандырып кеткен жалыны,*

*Сөнбедім де өшпедім.*

*Мен отыз бестемін.*

Бұл талантты ақындардың бірін-бірі кайталағаны емес, бәріне де ортақ өмірбаян. Қын кезеңде туғандар ең алдымен уақыт мәні мен уақыт сырына қанығатын болса керек. Қадыр да, Жұмекен де, Мұқағали да уақытты жырлайды. Үшеуін де уақыт асықтырады. Мұқағали да уақытты үзілмес мәнгілік, оралмас өмір, таусылмас ой деп ұгады. Сондықтан да, өткен соғыс тұсында, айналасы төрт жарым жыл ішінде, өмір мен өлімнің, ерлік пен ездіктің, бакыт пен қасіреттің барша сыр-сықпытаң көріп алған оған 35 жас тым көп боп көрінеді. Бұл жерде ақын арифметиканы айтып отырған жоқ, «отыз бес жыл күлу» мен «отыз бес жыл жылауды» айтып отыр. «Ақын өзінің өмірбаянын ғана емес, өз жанының шежіресін жазады» дейді Потебня. Ендеше, 35 жыл өмірді ақын боп, суреткер боп сұрсен аз ғұмыр, аз өмір емес екені әбден даусыз. 35 жыл адамға талай сыр ұқтырып, ақынға талай жыр ұқтырады.

Оңашада ойларым тыным еткен,  
 Біздейлердің мыңы кеп, мыңы кеткен.  
 Ақындар бар амалсыз бұғып өткен,  
 Ақындар бар ішінен тынып өткен.  
 Біздейлердің мыңы кеп, мыңы кеткен.  
 Бізді олардың балама біріне де,  
 Ұлыга да санама, іріге де.  
 Қалам тартқан қазақтың бәрі де ақын,  
 Абай, бірақ, қайтадан тіріле ме...  
 Ойлы жас!  
 Өлең менің сырласымдай,  
 Сырласам да құмарым жүр басылмай.  
 Айтып өткен ақында арман бар ма,  
 Жүргегінің тубіне кір жасырмай...  
 Ақынның шыны да, сырлы да осы. Бұл – оның азаматтық  
 арының сөзі, суреткерлік кредитосы.

Күллі болмысқа осы кредитомен үңіліп ақын шынында да, тек өз өмірбаянын жазып қоймай, біздін өрелі тұрғыласымыздың, зор адамгершілік иесі замандасымыздың рухани шежіреспін жасаған. Поэмалардың кесек тұлға, ересен құбылыстар-ға бөлекше ықжанат танытатын жас ақын лирикасында өмірдегі ең бір елеусіз, ең бір үйреншікті құбылыс пен құлыққа үйір; ол лирикасында үйреншіктіден үлкен мән, елеусіздіктен ерен ерлік танитын суретке ірлік зеректігін танытты. Мақатаев лирик «өмір дейтін өзгермес мекеменің алдында әжем мені қабылдаған» дейтін сәтінен бастап өз тұсын, әсіресе, жаутаңдаған балғын шағын көбірек жырлайды.

Рас, қайғы-қасіреті бар қантаган,  
 Ғұмырлар бар батқан және батпаган.  
 Әкелгенмен әр адамға бір қайғы,  
 Сол жылдарға қарғыс айту жат маган...  
 Ақыздардан тере жүріп масақты,  
 Рас, рас, көзімізден жас ақты.  
 Бірақ со бір дауыл жылдар, от жылдар,  
 Бәрімізді бір-бір батыр жасасапты.

Ол Ұлы Отан соғысын адамдарымыздың күш-куатына, тұрмысына ғана емес, ең алдымен рухани дүниес-

сін тұскенін үлкен сын деп біледі. Ол сол киын-қыстауға рухани шайқастарда женіп шыққан жеңімпаз сезімдерді жырға қосады. Олар – мейірімділік, адамдарға деген биік махабbat. Макатаев жырларындағы майдада қоныр саз бен жарқ-жұрқ көзге ұрмайтын жұмсақ нұрдың өзі де, оның терең тебіреністі гуманистік мәнін айқындай түседі. Жас ақын зор адамгершілікті, биік гуманизмді елден ерек төтен ерліктерден емес, адамдардың бір-біріне деген мейір-пейілінен іздейді. Оның өлеңіндегі адамдар шетінен жүзі иғі, жүргегі жұмсақ жандар. Бірак, ақын өмірді май тозғысыз идиллия қылып суреттеуден аулак. Ол әрекетшіл мейірімді, өзгениң бақыты мен қуанышына тек тілекtes қана болып қоймай, сол үшін бел шешіп құрсетін белсенді кайырымды жырлайды. Ол сонау ұлы шайқас, Ұлы Женіс жылдарында жарқырап көрінген моральдық сапаны дәйім биікте ұстауға үндейді. Ол қазіргі қылышымыз бен құлышымызды да сол жылдардағы моральдық биігіміздің деңгейімен өлшейді.

*Сонау бір жазда, жайлайда,  
Согыстың кезі, қой баққам.  
Көңілім келмей байламға,  
Көп нәрсені ойлантақан...  
Жүгірген тәмен құлдырап  
Көрдім де таудың үзілігін.  
Көзімнің алды үзілігін,  
Қалқайып екі құлагым,  
Қабаржып, үнсіз жыладым.  
Сондағы көздің жасынан  
Ләззат алғам, нансаңыз.  
Сұраңыз таудан, асқардан,  
Еліме менің барсаңыз.  
Сұрапыл сұргылт, ашулы,  
Сұраңыз таудан, асқардан.  
Сондағы тамиши жасымды  
Кем көрмен ұлы дастаннан.  
Бұлақтан барып сұраңыз,  
Көрді екен, кімді білді екен...  
Бұғынып қалған бір ақыз*

*Бұйығып тағы жүр ме екен.  
Жартастың жонын ұрғылап,  
Кеудесін сайдың тенкілеп.  
Сұрап ма екен сүм бұлақ;  
Сол бала қайда кетті? – деп.*

Көзден мәлдіреп тамған көз жасына қандай сенсесініз, дәл сол көз жасындағы қағаз бетіне мәлдіреп түсे қалған осы өлеңге де сондай сениңіз! Оның ақиқат екенин жалғыз Мұқағали емес, бүкіл бір ұрпақ қол койып растай алады. Өйткені, бұл – бүкіл ұрпактың сырьы. Сондағы көз жасы – біздің бүкіл болысмыздың айнасы. Сондағы көз жасы ешқашан естен шықпауға тиісті.

Ақын болайық, әкім болайық, космонавт болып жетіқат көкті шарлайық, мейлі, соядағы көз жасының бір тамшысы көкіректің ту сонау түп төрінде жату керек. Ол бізді өзінен басқага өзегі жібімейтін енжарлықтан, самарқаулықтан басқа құмарлықтан сақтайды. Біз қазір не істеп, не қойсақ та, оның ең әділ сыншысы – сол жылдарда көзі жаутандаған қара бала, сары бала. Ол балаларды біз жүргегімізден бір мықсал жырау жібермеуге тиіспіз; біздің сол жылдардағы көз жасымыздай рухани тазалығымыз, ойымыздың анықтығы, сезіміміздің мәлдірлігі сонда сақталады. М. Мақатаев жырларындағы азamatтық пен адамгершіліктің түп бастауы да «сондағы көз жасы». Ол оған айналасына адал қарауды, ақ қарауды үртеді.

*Сіздер сезесіздер ме?  
Түсінесіздер ме?  
Сенесіздер ме кісіге?  
Сіздер?  
Сіздер – котергіш крансыздар.  
Шығарасыздар да, түсіресіздер де.  
Заманның жүргі алақандарыңызда,  
Алақандарыңызда, жомаларыңызда.  
Айтсаңыздар болды балапандарыңызга,  
Лаулаймыз орттей от аламыз да.  
Дәуірге – оттық, шырпы да – сіздер,  
Тұтанаңыздар да сілкінесіздер.  
Құтия сандық құлты да – сіздер,*

Күлпінің ашар кілті де - сіздер.  
Қатығез майдан, қанды жапанда  
Белгісіз болып жоғалғансыздар.  
Жігіт бол барып ерлік сапарга,  
Шал болып қайта оралғансыздар.  
Атадан қалған асылдарсыздар,  
Дауылдансыздар, жасыннансыздар.  
Өзен бол көлге қосылғансыздар,  
Дән болып жерге шашылғансыздар,  
Атанин да жоталысыздар,  
Жоталысыздар, боталысыздар,  
Боталарыңыздың Отанысыздар.

Жүректің бір дүрсілінен, бір демнен туған осы бір өлең  
кан майданнан қайтқандар мен қайтпағандарға арналған.  
Аға буынға, әке буынға арналған талай өлең оқып жүрсек  
те, жүректі түбіне дейін ақтара салған, көлгірсүден  
атымен ада, мұндай адал өлеңді оқып отырғанымыз осы.

Егер ақын:

Оңай сөз гой «Отанды сүйем» деген,  
Не тындырыдың «басымды иемменен?»  
Оңай сөз гой, құрбым-ау, оңай сөз гой,  
«Отан үшін өлемін, күйем» деген.  
Өлім деген ерліктің қорегі ме?  
Өлмей-ақ қой, бос сөздің керегі не!  
...Егер Отан сыңсыған орман болса,  
Жапырақ бол жармасқын терегіне.  
Оңай сөз гой «Отанды сүйем» деген,  
Іс тынбайды «жсанамын күйемменен...  
Өгей әке емес қой Отан деген,  
Отан мен атамдай иемденем,

- десе оған ешкім қарсылық айтпайды, оның алдына  
көлденен тартар куәлігі – сонau бір жылдардағы көзжасы.  
М. Макатаев азаматтықты ең алдымен, адамгершілік деп  
үғады. Содан болар, оның жырлары адам болмысының сан  
сәттерін жіті реттеп, дәл байқаған суреткерлік толғамдарға  
толы. Оның адамдар жайлы жырлары күддү тірі клеткадай  
үзіп-жұлғанды көтермейді. Ал кітапта адамдық жыры көп.

Бәр-бәрін түгел келтіріп жату тіпті мүмкін емес. Сондықтан ақын жүргегінің нұры мен таланттының қуатына көз жеткізу үшін бір-екі өлеңін оқып көрелікші.

*Бұлқының жатыр  
Келмейді-ау, құргыр шамасы,  
Бұлқының жатыр  
Таусылды-ау, айла-шарасы.  
Сәулемнің менің аяқ пен қолын матамай,  
Бостандық берші, бостандық берші, мамасы.  
Тұмшалап қойдың несіне сонша қаусырып,  
Шандудан бөлек қалған ба шаран таусылып,  
Аяқ пен қолын матамай бос қой, мамасы.  
Кішкентай адам көрсетіп жатыр қарсылық...  
Көкемді босат, аяқ пен қолын матама,  
Көтеріп жүрем, көтеріп өтем жотама.  
Басымды тігем,  
Бармақтай менің сәбійм бүлдіре қоймас...  
Бостандық берші ботама?  
Мамасы, босат, еркімен өссін тал шыбық!  
Ауа мен күнге. Ай менен нұрга малишынып,  
Бұлқының жатыр, ұмтылып жатыр, қараши.  
Кішкентай жүрек көрсетіп жатыр қарсылық...*

Немесе:

*Қалақтай едің, қабірінде қалақ тұр.  
Туганынды, өлгеніңді санаң құр.  
Сенің аңқау құлагындаі қалқынып,  
Қыр басынан қала жаққа қарап тұр.  
Қызыым менің. Гүлім менің, Аяулым!  
Жатыр молаң жотасындаі қоянның.  
Құлпытастың құны маган бес тыын.  
Бірақ таспен қалай жсанышып қоярмын,  
Қойман, ботам.  
Керегі не көк тастың,  
Қысқа ақ қар, жазда шалғын шөп бассын,  
Өзің келген май айында ақ нөсер,  
Ағыл-тегіл бізбен бірге жоқтасын,  
— Керегі не көк тастың!*

Әкелік махаббаттың екі сәті – әкелік бакытпен әкелік қайғы. М.Мақатаев сүйегінді үтіп, жүргегінді езіп шығатын тылсым сезімді дәл сол қалпы, дәл сол жаратылысында жеткізген. Бұл тек сезіммен ұғар, жүрекпен түсінер сырлар. Адам болмысының сапасы шабандап, тілі күрмелген күйзеліс сәті мен естен адасардай куаныш сәтінде, жайдағы сезден табылмай, сырлы сөз, сиқырлы сөз іздегендеге, жүйке-жүйкенниң бәрін діріл жайлап көмейдеген емес рухың мен сезіміңнің бұған дейін байқалмаған бір тұнғылық түбінен шымырлап шыға келетін нағыз ақындық сөз деген осындай болар-ды.

М. Мақатаев – лирик адам болмысын мен сезім деп, жүрек пен тән деп екі жарып, екі бөліп жатпайды, адамды адам қып тұрған гармониялық бірліктің түп тамырын дәл басып, дәл табады.

*Жамылғын сағыныштың сал шекпенін,  
Саргайып сенің үшін зар шеккемін  
Зарықтыр, о тәңірім, жалықтырма?  
Мәңгілік гашықпын мен, ант еткенмін!  
Көзіме көрінбесең, көрінбе сен,  
Күнім бол тұра бергін көгімде сен.  
Өлді деп ойлай бергін сонда мені,  
Бұлт болып шуагыңды тұтып алып,  
Нөсер бол селдете мен төгілмесем.  
Көкке емес, жерге сонда құлайды арман.  
Сел болып агар, мүмкін, лайланған,  
Сен сол кез кезбе бұлтқа бір қарап қой,  
Сол – менмін көктің жузін шыр айналған.  
Білем, саған жесте алман, гарыштасың,  
Белгілі мәңгілікке табыспасым.  
Дерте те емес, күйік те емес, жар да емессің,  
Сен маган сағыныш бол жабысқансың...  
Қайтсем еken сені ұстап қалу үшін?!  
Сен маган шексіз дала сағымысың.  
Мен өтермін, етермін өтермін мен.*

Мәңгілік сен қаласың, сағынышым! Соңғы жылдары махаббат жырлары көп жазылды, олардың егілгені де, төгілгені де, ойлысы да, ойнақысы да мол; ал бірак, тап

мынандай мөлдір көзге түсken қанттан түк қалмай түгел еріп кеткен қаяусыз адал сезімнің күдіретті жырына тіптен тапшымыз. Махаббатты өзіндей күдіретті, махаббаттың өзіндей ыстық, өзіндей тұнғызық шықпаса, ол жайында жыр жазып та қажеті жоқ. М. Мақатаевтың «Карлығашым, келдің бе?» кітабындағы махаббат жырлары сезім жалаңдығынан, парықсыздықтан атымен аулақ, өзек өртердей оттылықтан шынайылықтан тұратын шығармалар.

Олар іске бір ғана кісінің окшау күніреніс-тебіренісі емес, біздің замандастарымыздың рухани өресі сезім байлығын, ізгі тілеу, ак ниетін жарқырата ашқан жалынды жырлар. Олар, ең алдымен, аскан адамгершілікті, биік азаматтық өрені танытады.

М. Мақатаевтың махаббат лирикасын оның жалпы суреткерлік тенденциясынан, былайғы творчествосынан бөлек қарау орынды болмас еді. Олар да – шын мәніндегі асқақ азаматтық дауысқа ие жырлар.

М.Мақатаев – адамдар арасындағы, өмірдегі, табиғаттағы жаразтық пен келісімнің жыршысы. Оның туган ауылына, Алатаутабиғатына, сүйген жарына, аяулы әжесіне, балаларына, достарына, сағынышты махаббатына – баршасына арналған өлеңдері де шын күйзеліс пен шын қуаныштан, шын сағыныштан туған жырлар. Олардың бояу әлемі мен әуенсазы да әкын көкіргінің толғаныс-тебіреністен жасаған; бәрі де адамның өз дем, өз тынысындаш шынайы, табиғи. Мұнда әккі қасапшының пышағындаш жаланған жалаң техника жоқ, өмір мен соған елтіген көңілдің қас-қабағын баққан үйлесімді шеберлік бар. Әдетте ішінде жақсы өлеңі көп кітап көп те, ішінде бірде-бір жаман өлеңі жоқ жыр кітаптары аса сирек ұшырасады. М.Мақатаевтың «Карлығашым, келдің бе?» жинағы сондай айда-жылда бір ұшырасатын аса сиректің бірі.

**«Дәуірмен бетпе-бет» кітабынан.  
1972 ж.**

## **Ұлы ақынға — ұлағатты пікірлер**



**Әбділда ТӘЖІБАЕВ:**

*Мақатаев атты жарқын  
жүзіне, миллион адам миллион  
түрлі пікір пайымдаса да,  
ешбір кіреуке, көлеңке түспей  
келешекке қарай керуен түзеп,  
көше бермек.*



**Қадыр МЫРЗА-ӘЛИ:**

*Әдебиетті салынып  
жатқан ғаламат бір ғимарат,  
кек тіреген күмбез, сұлулық  
сарайы деп есептесек,  
сен соның талантты тас  
қалаушыларының бір едің.*



**Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ:**

*Қазақ жырының  
аспанындағы аз ғана  
жұлдыздардың арасынан сениң  
жұлдызыңды біз оңай танушы  
едік. Сениң жұлдызың – ең  
шұғылалы, ең мейірімді жұлдыз.*

Мұқағали МАҚАТАЕВ

«СІЗДЕР  
АЛПЫСҚА КЕЛДІНІЗДЕР»

Сіздер сезесіздер ме?  
Түсінесіздер ме?  
Сенесіздер ме кісіге?  
Сіздер?  
Сіздер — көтергіш крансыздар.  
Шыгарасыздар да, түсіресіздер де.  
Заманың жүгі алақандарыңызда,  
Алақандарыңызда, жоталарыңызда.  
Айтсаңыздар болды балапандарыңызға,  
Лаулаймыз өрттей от аламыз да.  
Дәуірге — оттық, шырпы да — сіздер,  
Тұтанасыздар да сілкінесіздер.  
Құпия сандық құлпы да — сіздер,  
Құлпының ашар кілті де — сіздер.  
Қатыгез майдан, қанды жапанда  
Белгісіз болып жоғалғансыздар.  
Жігіт бол барып ерлік сапарға,  
Шал болып қайта оралғансыздар.  
Атадан қалған асылдарсыздар,  
Дауылдансыздар, жасыннансыздар.  
Өзен бол көлге қосылғансыздар,  
Дән болып жерге шашылғансыздар,  
Атаннан да жоталысыздар,  
Жоталысыздар, боталысыздар,  
Боталарыңыздың Отанысыздар.

Ақын «Алпысқа келдіңіздер» дегі. Бұл өлеңді жай ғана оқи салмай. тереңіне көз жүгіртіп, барлап қараңызы. Әйттеуір, айта салмағаны анық. Біле-білген адамға алпыс деген — қасиет дарыған қарияның жасы. Ол өмір сүрудің нәтижелі белесіне шыққандықтың белгісі. Әрине, егер ұялмай өзіне-өзі солай есеп бере алған болса ғана. Бұйыртқаның берді, бұйырғаның алды. Ендігі тіршіліктеге,

иманды үміттерге ұйып, ұрпақтарының абыз айналып, түйгенін ұлестіріп отыrsa жарасымды-ақ қой. Ақын алпысқа қызығып қарайды. Қызығып қарайтыны, «Бәрін де көрдіңіздер. Бәріне қөндіңіздер. Бәріне сенгіңіздер. Бәрін де бердіңіздер» деген разылық жолдардан байқалып тұр. Осы міндеттерді түгелдей кінарәтсіз орындашығу ағад үшін оңай шаруа емес. Пенделіктің бұралаң жолдарында ауып кететін, ауытқып кететін ойпыштойын сәттері аз болмаса керек. Ал, ақынның жырлап, ақынның паш етін отырган алпысы — нағыз өнегелейтін биіктік. Ол — отызға да, қырыққа да, елуге де ой салуға шісті. Алпысқа келуге арналған дайындықтың, алпысжылдық мерейтойды өткізуға дайындығы емес. Ең алдымен Мұқаң сол философияны тереңнен толғайды.

Алпысқа қызығып тұрып, ақын жүрегін сағыныштың мөлдір мұңызы сыйздатады. Алпысқа толмай кеткен әкелердің асыл бейнелері оның көзіне елестейді. Олардың нағыз қария болып, қанағаты қарын тойғызып, тірі жүрсе қазір төрде отыратынына еш шұбә келтірмейді. Себебі, олардың сабыры мен салауаты, иманы мен төзімі, ақылы мен сезімі сол отыздың өзінде бойларында бар еді. Олар бес күндік пәнидің жылтырағына алданбай, ертеңгі алпыстарына саналы тұрға үнемі дайындалғанын ақын көңілдің ажырата алғаны рас қой. «Егер сонау қанды майдан болмаса, жүрер еді топайкөлі еңбектің». Олар құлықты малданбады, мықтыға жалданбады. Аузын ашса көмекейі көрінді. Қызғаныштың қызыл штін мінбеді. Түсіне алтын кіріп аласұрмады. Ұлтын қадірлеп ұлықтай білді. Өмірді қызықтай білді. Олар — мазмұнға бай тірі оқулықтар сияқты болатын, атасына тартқан ұрпақ, әкесіне тартқан ұл өсірудің міндетін ешқашанда мойнынан тұсірген емес. Олар тек осындаидегі негізбен ғана жастарына жас қосатын еді. Амал нешик...

Жоқ, сол буын ешқашан ізсіз кептеген екен. Мұрагерлеріне ұқсатып тәрбиелеп, өздеріне ұқсатып түлемітті. Егер ақын «Мен егінсіз қалдыргам жоқ даламды, Мен көмусіз қалдыргам жоқ анамды, Мен әкесіз

қалдырығам жоқ баламды, Ешқашан да өлтіргем жоқ адамды» десе, бұл — әкелерінің болмысына, әкелерінің асыл тәліміне дегені разылық. Мұқанұның ұғымынша, қазақтың әр кіндіктен өрбиттін тұқымдары ең алдымен міне, осындаи болуы керек.

Алпыс — қариялықтың алтын қақпасы. Соның жауапкершілігін сезіне алмаудың пендешілігін сақтаса еken dep тілейсің. Әрі қараіфы кезеңдердің абырой-беделінің салмағы да осыған байланысты. Сақалы бар «бала» боласың ба, санағы бар дана боласың ба, тәлім алмаған адамның алдамышы қисық соқпағы қайда барып тірелетіні белгілі ғой. Ақынның алпысты мөлшер етіп нұқсалап тұрғаны да сондықтан емес де. «Алпысқа келсек еken енді біздер» дейді. Жаннның тілеуімен ғана, әйтегүір тірі жүріп өлмесек еken демейді, маңайымызға алпыстың нағыз абыройы бұйыра ма, бұйырмай ма dep алаңдайды. Сіздер үшін алаңдайды. Халықтың ақыны болып жаратылған таланттар ғана солай dep толғанатыны ақиқат.

## Нұрлан ОРАЗАЛИН

Белгілі ақын және драматург. КР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Қазақстан Жазушылар одагы басқармасының төрагасы.

Шыгармалары әлем тілдеріне аударылған. Мұқағали мұрасын құрметтеуіші.



## ҚҰДЫРЕТТІ ЖЫРДЫН ҚҰНДАҒЫ

Мұқағали Мақатаев...

Тарих тұрлауына айналып бара жатқан жиырмасыншы ғасырдың рухани кеңістігімізге тарту еткен осы бір ұлы есімі тіліміздің ұшына оралған сайын, халқының жүргіне өлшеусіз терең бойлап, елінің шексіз маҳаббатына бөлөнген, айдыны кең, аскары биік алғып Жырдың ұланғайыр кеңістігі сана төрінде жаңғырапы даусыз. Өйткені бұл есім бүгін де жан мен жүрекке азық болар қуатты жырдың қазақы баламасына айналып, халқының өміртану болмысымен біте кайнасып кетті. Қайда барсаныз да Мұқағали Жырының алдан шығары хак. Қалаға да, далаға да ортақ, ханға да, караға да бірдей, кәріге де, жасқа да тән дүниелік құбылыстарды, сезім ахуалын, көніл ауанын тап басып айтуда дәл Мұқағалидай женіске жеткен армансыз ақын кемде-кем...

Мұқағали – өзіне дейінгі өлең өру мен жыр сомдаудағы ұлттық мектептерімізben ұлы дәстүрлерімізді жалғап қана коймай, оны жан-жакты дамытқан, тереңдеткен казақтың өлең-сөзін жаңа зангарларға көтерген, жаңа кеңістіктеге алғып шыққан жиырмасыншы ғасырдың санаулы саңылактарының санатынан, Әбділдә Тәжібаевтың сөзімен айтканда, «қазақ поэзиясының асыл қазынасын өз жырымен молықтырған», «заманымыздың ғажайып ақындарының

бірі», ақынның өз сөзімен айтқанда, «күпі киген қазактың қара өлеңін шекпен жауып өзіне қайтарған ерен Жырдың жаратушысы, ұлы тұлға, ұлы ақын.

«Поззия!

*Менімен егіз бе еді!*

*Сен мені сезесің бе,*

*Неге іздедім?*

*Алауыртқан таңдардан сені іздедім,*

*Қарауыртқан таулардан сені іздедім.*

*Сені іздедім кездескен адамдардан,*

*Бұлақтардан, бақтардан, алаңдардан.*

*Шырақтардан, оттардан, жалаулардан,*

*Сені іздедім жоғалған замандардан...*

...*Сені іздедім.*

*Іздеймін тағат бар ма?*

Сені маған егіз қып жаратқан ба?!», – деген тұу алыстан, гарыш төрінен талып жетер ғайыпберен сарыңдай, тумысы бөлек, арыны қатты, тамыры терен жолдарды қайыра оқып, кайта електен өткізе отырып, еріксіз тебіренесіз. Ақын рухымен тілдескендей боласыз. Альп Жырдың жаратылысын, жаңа қыры мен сипаттың танығандай күй кешесіз...

Өмірдің өзіндегі қым-куыт мінезді, алуан-алуан бояулы, қуанышы мен қайғысы, көлеңкесі мен күнгейі, шаттығы мен мұңзы қатар өрілген, адам баласына тән толку, тебірену, сезіну, ойға бату, мұң кешу, табиғат сұлулығы мен жаратылыс мазмұнынан үйлесім іздеу; адам жанының терең сырлы қатпарларын зерттеуге ұмтылу, тануға құлаш ұру; тұған халқының тағдыр-талайын, бары мен жоғын екшеу – сырлы мен жұмбағы мол ғаламмен сыралғы досындей қатар тұрып тілдесу, жан әлдилер жарындей ақ жарыла сырласу бакытына айрықша ие болған Ақынның Үні гой бұл.

Уақыт өткен сайын ұлғайып, кеңейіп, зорая тускен осынау киелі де құдіретті Жырдың кеңістігін еріксіз кезесіз, қызыға шарлайсыз. Өлмес жырлардың шуағына, нұрына шомыласыз. Қуанасыз, мұңақызыз, өкінесіз, қайғырасыз, курсінесіз, түршігесіз, толқисыз... Толқисыз да:

«Соқ, соқ, жүрек!  
Соқ, жүрек, қозгал миым,  
Ми қозгалмай, ойды да қозгау қын.  
Жырысyz өмір – мен үшін өмір емес,  
Жырысyz өмір – мен үшін тозған бұйым.»

– деген Мұқағали ақынның жүрекжарды сезіне сенесіз, иланасыз.

Нені жазса да күйіп-жанып, өртеніп жазатын, нені айтса да өзегінен жалын бүркіп айтатын, оқырманың ойымен баурап, сезімен жадылап, қайталаңбас халықтық кең тынысымен шалқытып, тәңір сипатты тектілігімен аспандата көтеріп әкететін өлең мен жырдың осынау телегей-тасқын әлеміне сүйсіну мен таңқалу, қызығу мен табынуғана жарасатын тәрізді.

Ақын кеңістігін армансызың кезген оқырман жаны күйзелу, күйреу сезімінен гөрі арылу, тазару, өзін-өзі тану процесін көбірек бастаң кешеді. Дүние дейтін алып жүректің кардиограммасы поэзия түрінде, мұза тілінде сөйлей бастайды. Мұқағали ақын ұсынар қазакы бейнелеудер адамдық ойлау мен әлемдік ойлау биігіне көтеріледі. Мындаған жылдар бойы «жоғалған замандары» мен күйрекен камалдарын, құм басқан калалары мен мұн басқан даналарын бауырына басып, бұйығып үнсіз жатқан салқар сахара, сағымды таулар бір сәт өрс түрегеліп, өлең болып, өріле күйілыш жатқандай көрінеді.

Не келіп, не кетпеген бұл ғаламнан,  
Су тартылған теңізден, жылғалардан.  
Нелер ұрпақ аттанған құған арман.  
Не бар дейсің өмірге тұлға болған  
Не келіп, не кетпеген бұл ғаламнан.

Уақытты тоқтатар шамаң бар ма?  
Бәрі отеді: дәуірлер, замандар да.  
Менің жсаным ашиды мына өмірді,  
Оттейтіндей көретін адамдарға!..

*...Бәрі отуде,  
Күн батып, кеш кіруде,  
Жаңаруда дүние, ескіруде.  
Болашақтан – бейтаныс ұрпағымыз,  
Босат деп тұр орнымды,  
Естідің бе?!*

Ескінің жаңаға ығысып, орын беруі, жаңаның жарқырап, көзге түсіу – «Айдаң толғанында жігіттің болғанынан жүрт назарын өзіне бұруы – занды құбылыс! Тарих пен жаратылыштың мәңгілік тұрпатын айқындар жасару-жанғыру, алмасу – жалғасу дейтін дүниелік қозғалыстар көзін қазакы ұғымдар аясында толғай отырып, жыр деңгейін кез-келген жұмыр бас пендеге ұғынықты, жалпы адамзаттық ұлы биікке көтере жырлау дегеніміз осы емес пе? Мұқағали ақынға гана жарасар ой өру мен сөз өрудің мектебі ғой бүл. Төркінінде ұлы қасырет пен тегеуірінді тектілік жатқан Жыр дүниесінің оқырман жүргегін уақыт өткен сайын жаулай түсіу де сондықтан.

Мұңының астарына парасат ұялаған, сырнының айдынында қүрескерлік Рух бебеулеген, жеке басының жан толқынын жалпыхалықтық телегейге айналдыра алған ақынның отыз жылға толар-толмас шығармашылық ғұмырына ой көзімен қараған жырсүйер қауымның бүл жайды аңғармауы мүмкін емес... Ақын қуанса, ағынан жарыла шын қуанып, мұңайса, таусыла шын мұнаяды. Өтірік мүләйімсуге, жалған жалбалактауға жаны қас. Осы бір суреткерлік кредит оны әркез ұстараның жүзінде ұстайды... Арғы-бергі әлемнің ұлы ақындарына тән жыр жаратудың осынау киямет-қайым ұлғісі Мұқағалидың бағы да, соры да болғанын байқаймыз. Бағы – өлмес жыр жаратқаны. Соры – өз қоғамы мен өз ортасына сыймай, қасырет кешкені. Бағы – өтірік өлең жаза алмағаны. Соры – тапқан-таянғаны отбасын асырауга жетпей, өмірінің киыншылықта өткені. Бағы – ойлау мен өлең өрудің тенденсі жоқ классикалық, әлемдік биігіне көтерілгені. Соры – соны дер кезінде өз замандастарының бағалай қоймағаны...

Бағаласын-бағаламасын, танысын-танымасын, өзіне, өзінің қайталанбас ақындық тағдырына іштей қалай сенсе, ол әр жырының ертеңіне, әр өлеңінің болашағына, туған халқының танымпаздығы мен жасампаздығына солай сенген. Мына ойы терен, өрімі өзгеше жолдар соның дәлелі емес пе?

«Біз деген, досым,  
Тағдыры қызық халықтыз.  
Халықтың өзі қорғасын құяр қалыппыз...

...Білгендер білсін,  
Білместер мейлі білмесін.  
Қолдасын мейлі,  
қорласын мейлі,  
күндесін.  
Қара тастан да мейірім күткен ақынды  
Қатығез жандар ашынтып алып жүрмесін.

Антейміз біздер,  
Жеріміз біздің – халық-ты.  
Халықсыз біздің Антейлігіміз қауіпті.  
...Жұртына тастап кетпесе болды көшкенде,  
Берендері үшін қорғасын құйған қалыпты»,

– деген жолдарды қалай толғанбай оқуға болады? Көне грек мифологиясының алыбы, қуаты мен құдыреті қара жер болған орасан күштің иесі – Антейді Геркулес айласын асырып, жерден көтеріп алып буындырып өлтірген деседі... Ақындық тағдырды сол Антейге балаған Мұқағали өз қуаты мен құдыретін халқынан, халқымен бірге болар тағдырынан, халқына деген сенімнен іздейді. Бак пен сордың ұлы майданында жүріп, сол сенімін, сол үмітін ол ешқашан үзген емес... Әрине бұл «майданда» оның қуанған сәті де, торықкан кезі де, адасқан тұсы да болды. Соның бәрі өрттей ыстық өлең болып өрілгенін, жыр болып төгілгенін көреміз...

Әрі-беріден соң ақынды ақын етіп жасаған да, ақынның әр жолын, әр шумағын мірдің оғынданай етіп кашаған

да осы бақ пен сордың тайталасы ма дейміз? Мына пенделік пен періште-тірлік қатар өрілген күрделі дүниеге өз замандастарының кебінен өзгеше қараған, жаратылысы бөлек адамның жанашуы мен жан айқайының айқын да айбынды қөрінісіндегі болған жалынды жырларынан осыны анғарамыз. Адамдар әрекетінен адалдық таба алмаған пендениң толстойшылап дүниені тәрк етуге бел бууы, адам жанын арашалар жалғыз жолды тек жырдан тауып, жыргағана өзін-өзі байлауы, бағыштауы онсыз да күрделі пәнәуи тірлігін өз қолымен өзі құрделендіріп жіберуі – сол бақ пен сор майданының жемісі... Мұндай сәттерде ұлы Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп ұлы Жаратушыға бұрылғанын, Магжанның «Тәнірім бе, әлде байғыз ба? Тәнірім болсаң кел бермен. Қолымды қекке жайғызыба!» деп белгісіз ұлы күшке жалбарынғанын білеміз... Ал Мұқағали ше?.. «Құдай жок, екінші дүние жок. Қызықтың бәрі осы жалғанда... Тек осы дүниеде...» деп тәрбнеленген дәуірдің перзенті болған, экесі марқұм «ВКПБ тарихын ежіктеген» заманда мойнына пионерлік қызыл галстук байлаган ұлдың қаршадай кезінен-ақ әлдебір киелі ұғымға іштей арқа сүйеп, есе келе:

«Өмір деген осынау майданда бұл  
Қолбасы да, қорқақ та сайрандап жсур.  
Өмір менен өлімнің ортасында  
Кетер ме екем келе алмай байламға бір?!»  
деп, дай-дай тартысқа тускен сәттерінде:  
«...Періштенің қайғысын бөліспедім,  
Сайтанменен болса да келіспедім.  
Не істермін? Тәңір-ау, не істермін!?,»

– деп өзіне дейінгі ұлы ұстаздарына ұқсап ұлы Жаратушысына – Тәніріне жалбарынуы таза Поэзияға тән құдыретті Мінез екенін енді-енді анғара бастаған жокпыз ба?!

Бір иығына – құдай, бір иығына өзі өмір сүрген жиырмасыншығасырдыңсалмағыбар қуаиш-қайғысымен, кесір-кесапатымен конған ақынның дәуірлік идеологияның көзсіз жетегінде кетіп, ұраншылдыққа ұрынбауы, кезінде

өзіне қашама тірлік кешу киындықтарын тудырганымен, ондаган ғасырлық бай мұрасы бар ұлттық поэзиямызға орасан олжаболып қосылғанын да Мұқағали өмірден еткен сон ангарып, мойындай бастадық кой...

Кұдайсыздық пен имансыздық адам баласына жабысада аса қауіпті рухани дерг екенін сол кездің өзінде-ақ жан-жүрегімен, ой-парасатымен, зерде-зейінімен сезінген ақынның:

«Алла – ақиқат. Аллага сеніп өтем,  
Адалдық пен ақиқат серік екен.  
Адастаймын Аллама сеніп өтем,  
Арамдыққа бастаймын – жолы бөтен!» – деуі  
немесе:  
«Жаратушы – жалғыз ием, қуат бер,  
Азабымды, тозагымды жеңеїн.  
Жаратушы – жалғыз ием, шуақ бер,  
Өзіме де, өзгеге де төгейін»,

– деуі тегінен-тегін емес. Бұл өмірдің мәңгілігін терен сезінген адамның, жұмыр бас пенденін ұлы жаратылыстың бір бөлшегі екенін бар болмысымен ұғынған жанның сөзі еді.

Жыр жазу – Мұқағали үшін үйқас құрау ғана емес, алып табиғатпен тілдесудің, жанды жаратылыспен сырласудың, өмір қойнауларына ой жүгіртудің, «махабbat пен ғадауаттың мәңгі майданына» өз көзқарасын білдірудің ұлы құралы. Ой мен парасат, таным мен талғам – Мұқағали поэзиясының қос қанаты. Ойы – тұнық, парасаты – биік, талғамы – таза, танымы – терек өлеңнің өрісі қашанда кең. Көзбен көріп, қолмен ұсташа мүмкіндігінен тыс дүниенің бәрі шынайы сезім мен аскактық, биігіне көтерілген Жырдың ғана еншісіне тимек.

«Белгісіз элементтер миымда ойнап,  
Миым қайнап барады, миым қайнап.  
Белгісіз ғалымдарга мекен болып,  
Өз денеме өз басым бұйырмай ма?!

Бұл ғаламның тубіне жететіндей,  
Сұмдық-сұмдық сынаулар өтетіндей,

*Мен басымнан қорқамын... Мен болмасам,  
Атом-мының жарылып кететіндей.*

*Жүрген жсан ем байымай, тапшысынбай,  
Сарсаң болдым ертегі бақсысындаи.  
Басым қалды жасырын полигон бол,  
Өзім тұрмын мақтаулы сақшысындаи.*

*Мен басымды жасырам, жасырам кеп,  
Миымдагы сынаулар басылар деп.  
Мен миыма сенемін, ажсал болмай,  
Дүниеге шуақ бол шашылар деп!».*

Міне, жұмыр жердің кез-келген бұрышын жайланаң, жырмасыншы атом ғасырында ғұмыр кешкен кез-келген жұмыр бас пендеге түсінікті сезім суреті, ой кескіні!..

Ақынның алғашқы өлеңі жарық көрген 1949-жылы алғашқы ашық жарылысы ұлы Абай туған киелі топырақта болған, қырық жылдан астам уақыт бойы ұлт тініне түскен жұлын құрттай жаңымыз берін тәнімізді ғана емес, ұрпағымыз берін болашағымызды да қоса кемірген, ұзакқа, тым ұзакқа созылған «атом» дейтін қасыретті ұғым, әсіресе қазақ халқына соншама түсінікті екені айтпай белгілі. Тура айтуға болмайтын, тіл байланған кезеңде – 1970-жылы жазылған осынау батыр жырға, өз дәүірінің сүмдүк бейнелеу құралдарына сүйене отырып өрілген өткір өлеңге қалай сүйсінбеуге болады?!

*«Жасырмай ойымды айттым талаі-талаі,  
Қайтейін, кетті бәрі қарайламай.  
... Айтартын ашып айтқан абыламай,  
Дарига-ай,  
Махамбеттер, Абайлар-ай!!!»,*

– деп, қиялап жүріп, қиядан-қын жол тапқан, кеңестік дәүірге – ұлт тынысын тарылтқан, ұлыс дербестігін қысқан, еркін ойлауға тежеу салынған кезеңге өкпесі мен өкінішін, өзегін шарпыған жалынын бедерлі, көркем тілмен соншама шебер жеткізген ақынға оқырман қауымның өз кезінде де,

қазірде де қалай ризашылық танытқаны, танытып келе жатқаны белгілі.

Мұқағали өлеңін кең өрістерге шығарар өзгешеліктердің бірі – ақиқат кескіні мен шындық болмысын өзгеше өретін көркем сөздің, кестелі ойдың әрі қазакы, әрі әлемдік тұтастықта қолданылуы. Орны-орнымен жымдастып тұра қалар образдар жүйесінен күні кеше ғана өзіміз ауасын жүтіп, сүйн ішкен, қуанышына бөлөнген, мұнына оранған дәүірдің қазакы суретін қалай тез тауып, тез танысақ, ойқиялымызды тарих қойнаулары мен жиырмасыншы ғасыр белдеулеріне ала қашар образдар мен географиялық атаулар да солай жі ұшырасады. Бұл әдіс дәуір тынысын танытып қана қоймай, ақынның тұлғалық бітімінің даралануына, таным талдауының галлактикалық кеңістік айдынына ұзап шығуна айрықша үлес қосады. Ақын өліммен күресіп, ажалмен алысқан сәттерінің өзінде «сыйлдыраған» сөз берілген «күлдіраған мұңның қорығында тұншықпайды. Жанымен беріле сырласады. Ен қадірлі, ең киелі ұғымдардың өзін әлгі «әрі қазакы, әрі әлемдік» сипаттарға жүгіндіреді.

«Өкінішті...

Мына құрғыр сырқаттың беті құшті.

Жүргім көтеріліс жасап жатыр,

Бұзбак болып кеудемде бекіністі.

Өкінішті...

...Не іstemекпін?

Жаным-ай, саған шипа іstemек кім?!

Жаралғанда бүтін ем. Үш бөлекпін:

Жүргім – Африка, бауырым – Кипр,

Миым – Мұзды мұхиттай...

Не іstemекпін?!».

Сананы сарсанға салып, сүріндірмей, ойга жетелейтін, тұнғиықтан-талғажау, заңғардан сүйеніш сұрайтын адам мінезінің осы бір қайталаңбас сәті мен жанға – дауа, емге шипа керексінген кезінің өзінен ақын («*Жүргім – Африка, бауырым – Кипр, «Миым – Мұзды мұхиттай» деген*» тосын теңеулер іздейді, жиырмасыншы ғасыр-

дың 60-70 жылдарынан хабар айттар тарихи оқигаларды образ ретінде әдемі пайдаланады. Жеке басының әрі-сәрі ауыр хәлінің өзінен әлемдік керегарлықтар мен үйлесім-сіздік нышандарын байқайды. «Жаралғанда бүтін ем. Үш бөлекпін...» деген терең де төркінді ұғымға қашшама магына үстемеленіп отырганын аңғарамыз...

Мұқагали-Жырдың кеңістігі – шексіз.

Мұқагали-Жыр қазақ даласын кезген Жолаушының көңіл ахуалын, жан әлемін еске салады.

Жүре берсен, жүре берсен... Көретінің: таусылмайтын салқар сахара... Сағым кешкен таулар... Оқырман ойын әр алуан бағытқа жетелер ірілі-ұсақты андыз-андыз сокпактар... Жолдар... Данғылдар... Шоғыр-шоғыр қайындар... Шоқпыт-шоқпыт төбелер... Дала төсін онды-солды тілгілеп, «Батыстан – Шығысқа, Шығыстан – Батысқа» оқтай бол зулап, тартылған темір жолдар... Аспан төсіне сына-дай бол қадалған Хан Тәңірі... Ұлы таулардың ара-арасына жайғасқан астаудай-астаудай керілген хан жайлаулар... Шашылған ауылдар... Шаншылған ғимараттар... Мұн кешкен мұнаралар... Тізілген тырналар... Төбе басын күзетіп, қалқыған қара шалдар... Құм, шағылдар... Тізіліп ете бастайды... Өте бастайды...

Әлденуақ сол шетсіз-шексіз қазақтың алқам-салқам даласын Дауыс кезгендей болады. Мұқагали дауысы:

«Қазынам бар.

*Біреуге берсем бе екен?!*

*Оқпелейді-ау бермесем,*

*Берсем, бөтен.*

*Бар байлықты қойныма тығып алып,*

*Әлде мынау құмдардай өлсем бе екен?!*

Қазынам бар,

*Біреуге қисам ба екен!?*

*Ренжиді-ау қимасам,*

*Қисам, бөтен.*

*Әлде мына даладай бар байлықты*

*Бір өзім иемденіп, жисам ба екен!?*

Қазынам бар,  
Тәуекел сатсам ба екен?!  
Өзіңдікін өзгеге сатсаң, бөтен.  
Әлде мына таулардай бүркеніп ап,  
Бұк түсіп, теріс қарап жасатсам ба екен?!

Қазынам бар.  
Кисатсыз шектеледі.  
Қызығанады, біреулер жек көреді.  
Бермеймін де, саттаймын, көрсетпеймін!  
Алам десең,  
Алдымен зертте мені...», – дейді ақын дауысы.

Осыдан отыз жыл ілгеріде емес, мына өлең түп-тура бүгін – қасиетті қазақ жерінің өзі де, қазына байлығы да жаңа дәуір талқысына түсіп, «Жер сатыла ма, сатылмай ма?» деп ел іші іркі-тіркі болып жатқан тұста жазылғандай әсерге бөлейді... Шамасы өнер мен өлең мәнгілігі осындай көріпкел әулиелігімен – алдағы ғасырлар төріне емін-еркін аттар қасиетімен өлшенсе керек?! Иә. Нагыз мәдениетті, іргелі поэзияға тән кеңістіктің қандайын болсын (жер, қашықтық, уақыт, т.т.) кешіп өтер, қакыратта жүзіп, болашақ жағалауларына жетер қуатты Жыр мінезі қашанда осылай болары ақиқат.

Асылы ұлы ақындар өзінің бүгінінен гөрі ертеңіне көбірек сенген. Сене тұра, өмірінің көленкесі мен күнгейіне көнген, көп нәрсеге көз жұма қарап, ойының запыраны мен уын жырға төгіп отырған. Мұқағали да өзінің қысқа ғұмырын солай өткерген. Өзіне-өзі сенген... Ары таза, жаны мәлдір, жүрегі отты, рухы аскაқ жырлар мен кең тынысты, көркем дастандар, сөз жок, сол Сенімнің жемісі.

«Көрер едің,  
Шаламын ба, оттын ба?  
Білер едің,  
Ақынмын ба, жоқын ба?..  
Кектендерген хан Жәңгір де жоқ мұнда,  
Кектенетін Махамбет те жоқ мұнда.

*Түсінеп ең,  
Езбін бе, алде ермін бе.  
Байқар едің,  
Артықшын ба, кеммін бе?..  
Мен Спартак бола алмадым, не шара,  
Сенің өзің Цезарь болып көрдің бе?!*

*Сырым да – осы,  
Жырым да – осы,  
Алдыңда.  
Байқашы бір,  
Бықсыдым ба, жандым ба?  
Махаңдар жсоқ,  
Махаңдардың сарқыты –*

Мұқағали Мақатаев бар мұнда!», – деген бас-аяғы үш шумақтан тұратын осынау «Автограф» атты өлең ақынның сол өзіне, өзінің шығармашылық бакытына деген Сенімінің айқын дәлелі демей көріңіз?! Уш шумақтың бойына үш бірдей дәүір кеңістігін бар кезеңдік сипатымен, құллі рухымен, өзіндік бояу-реңімен, болмыс-бітімімен, қатал кескінімен, қатыгез міnezімен киоюн тауып, өрімін ұқсатып, сыйғызып жіберген Ақын құдыретіне қалай танырқамауға болады?!

Иә, Ақын, әуелі құдайына сенеді. Соңан соң... Жырына сенеді. Жырын құндағында тербеткен жиырмасыншы ғасырына сенеді. «Құрметтендер, жиырмасыншы ғасырды!» деп бар әлемге жар сала тіл қатады. Онысы өзіне жарасады да... Жалпы, тумысынан шешен, кестелі көркем сөзге бай суреткөр табиғатын тосын ойлар, күтпеген тұжырымдар әркез әрлендіріп, айналасына шуак-нұрын мол шашып, қуаттандырып отыратындаі елестейді...

*«Қалқам,  
Мен Лермонтов, Пушкин де емен,  
Есенинмін демедім ешкімге мен.  
Қазақтың қара өлеңі – құдыретім,  
Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген.*

Жат жерді жастаңғанда жазатайым,  
Қанымен жазды, мүмкін, агатайым.  
...Қасиетіңен, қара өлең, айналайын,  
Қазақтың дәл өзіндей қарапайым...»,

— деген шумактардың абыройын асырып, аруагын аспандатыш тұрған орнымен колданылған екі-үш киелі сөз, қасиетті ұғымдар екенін байқаймыз. Олар — «қара өлең — құдышретім», «онда естілмеген бір сұмдық сыр бар...» Және «қазақтың өзіндей қарапайым» деген ғажайып мойындау. Міне, туған халқынан алған қазына-байлышын өзіне кайыра сый етіп ұсынар ақынның ой өру символикасынан ұлт пен әлемнің тағы да тұтаса кірігіп, бірігіп кеткен кескінін көреміз. Көреміз де:

«Тұзу-тұзу тілінген таспадайын,  
Қамиши өремін таспадан басқадайын.  
Қаламасаң қамышымды аулақ жүргін,  
Қараша үйдің есігін ашпа, агайын!

Тұзу-тұзу жыртылған аңыздайын,  
Аңызыма неге нар тамызбайын.  
Кара өлеңі қазақтың қаза болса,  
Қара көзден неге қан ағызбайын...

...Ақынмын деп қалай мен айта аламын,  
Халқымның өз айтқанын қайталауды.  
Күпі киген қазақтың қара өлеңін,  
Шекпен жауып өзіне қайтарамын»,

— деген тіл жетпес перзенттік ұлы маҳабbat алдында толқып тұрып, үнсіз бас иеміз. Бас иіп тұрып, бірде мына жер үсті тіршілігінің күйбенінен, жербауырлаған есеп-қисабынан, сатқындығы мен сайқалдығынан, алакөз күндестігі мен алакүйиң бақастығынан жеріген сэтте:

«Жапырақ-журек, жас қайың!  
Жанымды айырбастайын.  
Сен адам бола бастасаң,  
Мен қайың бола бастайын...»,

— деген жолдардың жан әлдініне берілген ақын жүрегінін, енді бірде әлгі жапырагынан айрылған қайың қасында

тұрыш, сүренсіз күздің сүрқай аспанымен сырласқанын көреміз. Жабықканың байқаймыз. Жабығудың өзі сұлу да сымбатты! Сырлы да нәзік! Қай кездегідей акын киялы мен ойына алғаш келер, тілінің ұшына алғаш оралар киелі ұғым – Табиғат-Ананың періште құсы – Ақку. Ақкулар... Ару құстар...

«Аққулар, кешіріңдер, жазықтымын!  
Қараймын керуеніңе қажып бүгін.  
Адасып кетті-ау бірге сендерменен,  
Алапат күшім менен нәзіктігім!

*Сыңқылдан согылғанда қанаттарың,  
Таба алмай қалды менің тағат жсаным.  
Үзілген жолдарыңа, қарақтарым,  
Үзілген жсанарымды сабақтадым...»*

– деп сағына, сарыла қоштасқан сәт келеді көз алдына.

Сурет! Сурет болғанда қандай сурет! Жаныңа, жүргегіңе әлдебір сұлу сезім ұялатор, ойынды сагыныштың сазына бөлеп, дегбірінді алар, аза бойынды қаза қылар, тәнір текті бір дауыс келеді құлағына. Келеді де кеуден-ді сабай бастайды. Тынышынды кетіреді. Ұйқынан оятады. Намысыңа қайрақ салады. Жігерінді жаниды. Сәйгүлік жалын сипатып, самұрық қанатына қондырады. Дүние құллі: «Бір күні, бір жылдары, бір заманда, уақыт қуатымды ұрлағанда... Шабыттың ақ бастауы құрғағанда... Құрғағанда...» деп күбірлеп, талықсып жатқандаі болады. Құлакқа үн келеді тағы да:

«Соқ, жүрек,  
Солқылда ми,  
Тасы, қаным!  
Өмірге айтылған жоқ гашық әнім.  
О, Муза!  
Бір озіңе бас ұрамын,  
Тезден жет,  
Мен бір жаққа асығамын...  
...Айта алмай қалам ба деп ашынамын,  
Мен бір жаққа асығамын...»,

— деп, бұқіл саналы ғұмыры мен тиянак-тіршілігін тек өлеңге, өрісті де келісті өлең дүниесіне арнап, өмірден ерте, тым ерте кеткен, жиырмасынышы ғасыр поэзиясында айтулы ірі құбылыс болған Мұқағали Мақатаев мұрасы — бүгіндегі ұлттымыздың ұлы қазынасына айналып отырғаны ақиқат. Бұл — артық дәлелді керек етпейтін Шындық. Оған куә — ақын өлеңдері шалқыған жынын-тойлар, кештер, әр алуан салтанаттар, ресми, бейресми басқосулар, қайыра, кайта басылып, қолдан-қолға көшіп жүрген қалың-қалың жыр жинактары, т.т. ақын шығармаларын насиҳаттаудың, танудың халық ішіне кең жайылған өзге түрлері мен үзіл-мес сұраныстың өзге көздерінің молдығы...

Ол өмірден өткелі де, міне, ғасыр ширегіндей уақыт өтіпти.

Кырық бес жасында бақылық сапарға аттанған казақ жырының ақиығы тірі болса, биыл жетпіске толареді... Эттеген... Тұтас бір дәүір ете шығыпты... Бірақ Мұқағали жырлары кеше жазылғандай — ойлары ескірмес, сезімі еңкеймес, алпыс екі тамыры атқақтаған ыстық қалпында! Жігіт шағында!

Анасының құрсағында жатып, ақын жырының ак дауыл мұңына, ак ұлпа сезіміне бөленген ұрпақ бүгін жиырма беске толып отыр, ат жалын тартып, азамат болып отыр.

*«Табигат,  
Жанымды алсаң,  
Алиши менің.  
Бір түйір жерге түскен тамшың едім.  
Мұқағали жоғалса, қайтер дейсің,  
Артымда қалсын жерім, қалсын елім»,*

— деп соңғы демі үзілгенше тілеуін тілеп, амандығын сұрап өткен Елі — Қазак жұрты да, міне, үстіміздегі жылы өз тәуелсіздігінің он жылын атағалы отыр...

Осыдан табаны қүректей жиырма бес жыл бұрынғы қыздар мен жігіттер адам жаңын өзінің қайталанбас қалпымен арбап, жүрек атаулыны баурап алар киелі жырдың құндағында қалай тербелсе, тебіреніп, толкыса, мына тылсым сырлы жер үсті мәңгілігімен өзінше тілдесіп, өзінше сырласар, «жалғастардың жалғасы» саналар жас ұрпақ — жаңа адамдар да дәл солай Мұқағали әлемінің

ақ шуағына оранып, ақ жауынына шомылып, ақ айдынында жүзіп, ақ самалына кеуде тосып, ақ ұлпа қарын кешіп, ақ аязында тоңып, ақ бұрқасынында адасып, ақ түнегінде ойға шомып, бірде мұнайып, бірде қуанып, бірде шаттанаңып, бірде шамырқана шатынаң, жаңа заманың жалында, жаңа дәуірдің қамында ғұмыр кешуде... Бұлар да өздерінің ата-аналарында Мұқағали жырымен нәрестелерін бесікке бөлеп, шілдехана тойларын өткізуде... Бұлар да:

*«Құс та болғым келмейді!*

*Қанатым бар.*

*Қанатым бар құмістен жаратылған.*

*Сәби болғым келеді, сәби болғым,*

*Мына өмірден хабарсыз жаңа туган»,*

— деп жұмыр бас пендеге ғана жарасар адамдық, ғаламдық сағыныштар толқынына бөленуде... Бұлар да мына сайын даланың изені мен жусанын әнмен тербетіп, бозаңытқан қырлардың боз, көдесіне тіл бітіріп, ақ селеуін мұлгітіп үйлену тойларын өткізуде... Үміттерінің отын Мұқағали жырымен үрлеп, Мұқағали жырымен сенімдерінің шырағын жағуда...

Иә...

*«Ең бірінші бақытым – Халқым менін,*

Соған берем ойымның алтын кенін...» деп өзі жырға қосқан, сенімін артқан, жырын аманаттаған «қалың елі – қазағының» өлшеусіз махаббатына бөленген, тамырын оқырман ойы мен санасына, халқының жүргегі мен жанына, елінің көкірегі мен жадына – уақыт желі, заманалар дауылы шайқай алмас тереңге жіберген бақытты да армансыз Ақын жаңа ғасыр қакпасын ейтікпей, еркін ашып, жаңа мыңжылдық айдынына шығып отыр.

Қазақ жыры аманда, қазақ өлеңін оқитын ел аманда, мына сыры мен сиқыры мол ғаламды өзінің құндағына алып тербетер құдыретті Жырдың да халқымен бірге, ұлы Тауларымен бірге, ұлы Даласымен бірге өмір сүрері, ғұмыр кешері ақиқат.

Өнер мен Өлең мәңгілігі дегеніміз осы емес пе?

*«Аи-Арыс» баспасынан шыққан*

*«Мұқағали» жыр кітабынан*

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ



Белгілі ғалым. Филология гылымдарының докторы. Қазақ әдебиетінің білгір зерттеушісі. Орхон-Енисей сына жазуларының сырын ашуға үлес қосқан оқымыстыры. Қазір Астанадагы тұцғыш Президент мәдениет орталығының директоры болып қызмет істейді.

МҰҚАҒАЛИ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫН,  
БАҒЫН ЖАНДЫРҒАН АҚЫН

— Қазакта жақсы ақын көп. Мықты ақындар да аз емес. Десек те, қалың оқырманның ықыласы Мұқағалиға ерекше. Бұл күйдің сырын сіз қалай деп түсіндірген болар едініз?

— Кешегі Абай мен берідегі Қасымдардың жолын жалғастырған, болмысы бөлек, табиғаты терен Мұқағалидың шығармасына оқырманның ықыласы қай кезде де ерекше болмак. Өйткені, Мұқағали Мақатаев бүтін бір ғасырдағы қазак поэзиясын биіктеп кетті. Ол құдіретті, гажайып, ақиық, сыршыл, гуманист ақын, көзге көрінбейтін сикырлы кербез бояулардан, бізге естілмейтін құпия, тылсым дыбыстардан тоят алатын жұмбактығымен уақыт өткен сайын езінің иіріміне тарта береді.

*Қалқам, мен Лермонтов, Пушкин де емен,  
Есенинмін демедім ешкімге мен,  
Қазақтың қара өлеңі – құдіретім,  
Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген...*

— деп бекер айтып отырған жоқ. Шынында да, ол тұлабойы тұтас өлеңнен, қазақтың қасиетті қара өлецинен жаралған ақын.

Өз халқын жүргегімен қалтқысыз қалай сүйсе, халқы да оны шексіз сүйді. Бергі ақындардың Мұқағалиға үқсағысы

келетіндігі, композиторлардың әнмен әлпештеп, қылқалам шеберлерінің ақын келбетін бояумен өрнектейтіндігі әлгі айтқанымыздың куәсі. Қысқасы, Мұқагали өлеңді қайта оятқан, қазақ поэзиясының бағын жандырган ақын.

2006 жылы Президенттік мәдениет орталығында жырсүйер қауымға арнал М.Макатаевтың туғанына 75 жыл толуына орай «Қазақ жырының Хантәнірі» атты жыр кешін өткізуімменіңде Мұқагали мұрасынадеген тыңтықтығымның белгісі еді. Артына өшпейтін өнеге, тозбайтын, таусылмайтын асыл мұра қалдырып кеткен ақын жырларын қайта оқып, жүрегіне қайта үнілгенімде Мұқагалидың құдіретіне бүріншыдан да табына түстім. Сол кешке жиналғандар XX ғасырдың ұлы ақыны Мұқагали Макатаевтың өзін, өз үнін, өз дауысын экраннан тыңдалап, іштей «Мұқагали тірі болғанда қазақ поэзиясының абыз ақсақалы болып мына сахнаның төрінде отырар еді, амал не, бүгін ол кісі ортамызда жоқ. Бірақ рухы бізben бірге. Бүгін мәңгілік рухпен қайта тілдесіп отырмыз» деп тарасқан еді.

*Батар күн,  
Келер түн,  
Атар таң,  
Шығар күн,  
Бәріңе, бәріңе құмармын!  
Осы Мен осылай мәңгілік тұрармын,  
Осы Мен сірәда өлмейтін шығармын.  
Осы Мен өлмейтін шығармын,  
Сәл ғана мызғыт an, қайтадан тұрармын.*

\*\*\*

*Қарасаз, қара шалғын өлеңде өстім,  
Жыр жазасам, жұртый, елеңдестің.  
Өлсе өлер, Мұқагали Макатаев,  
Өлтіре алмас, алайда өлеңді ешкім,*

— деп ақынның өзі айтқандай, оның шығармалары келер ұрпақтың да жүрегіне жол тауып, ғасырдан-ғасырға, заманнан-заманға, дәуірден дәуірге ұласып, адамзатпен бірге жасай береді.

– Мұқағали да Абай көрген биікті көрді дейді. Солай деп айтуда негіз бар. Себебі, екі ақынның қозкарастарында, үндестігінде бірін-бірі толықтыратын үйлесімдер жетерлік. Біз солай деп ойлаймыз. Ал, сіздің бұл жоніңдегі пікіріңіз қандай?

– Пендершілікке періште көзben қараған Мұқағали поэзиясының қайнар көзі - туған елі, өскен жері. Ол нені айтса да, нені жазса да үнемі туған өлкесімен үндестірді. Шекпен киген қазактың қара өлеңін шапан жауып өзіне қайтарған мұзбалак ақын Абайдан кейінгі поэзияның мазмұнын тереңдеткен әрі байытқан, отаншылдық сезімге бөлеғен жыр-құдірет. Абай секілді Мұқағали ойдын да, жырдың да көсеміне айналды.

Мұқағали Мақатаев өлеңге интонация, инверсия, мазмұн түрфысынан да көп жаңалық енгізген ақындығының үстіне жалпы адам баласын Абайша жанындағы сүйді. Мұқағалидың поэзиясының дені сол адамды сүюге арналған.

*Адам маган ұнайды қылығымен,  
Толқынымен ұнайды, тұнығымен.  
Біреулері тоңдырса шылығымен,  
Біреулері жылтады жылуымен.  
Адам маган ұнайды қылығымен.*

*Мен де адамға ұнаймын мінезіммен,  
Сан сойқандық аттанар бір өзімнен.  
Жақын тартса біреулер, сыртқа тенсе,  
Өкінбеймін, өйткені кінә өзімнен.*

*Өкпелетті талаілар, өкпелеттім,  
(Өкпелетті адамды қоктемек кім?!)  
Жақсылық па, жүгірем құшақ ашып,  
Жамандық па, оған да бетпе-бетпін.*

*Көзімен де, көңілімен баяндаған,  
Адамдардың мінезі аян маган...  
Қандай бақыт! Солардың арасында  
Жетер жерге жеткенше аяңдаған.*

Осы ойларын ақын «Бар екен гой жақсы адамдар» дейтін елецінде өрбітеді; өмірден ылғи жақсы адамды іздейді. Жаманды іздең әуре болмайды, өйткені жаманның ізdemей-ақ өзі табылатынын жақсы біледі.

*Бар екен гой, бар екен жақсы Адамдар!  
Жақсы жоқ деп айтпаңдар, бәтшагарлар!  
Ренжісөң қайсыбір «патшаларға»,  
Күл шашпа кір шалмаган ақша қарга.*

*Ойладым да сүйк деп ақша қарды,  
Сүйк болып, адамдар жат санауды.  
Сәл жылыса, қар дейтін ериді екен,  
Ағыл-тегіл суарып бақшаларды.*

*Күйі бөтен демеймін, үйі бөтен,  
Жақсы адамдар бар екен, сүйіп өтем.  
Жамандарды ізdemен, өзі-ақ табар,  
Жақсыларды табуың қыын екен...*

Бұғін бар да ертең жоқ адам туралы, қалай десе д бәрібір қимайтын өзінің замандастары туралы ақын осылай толғанады. Адам туралы Мұқағалидың ойлары ұлы Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым» дейтін сөзімен осылай әдемі үндеседі. Абайша ойланады, Абайша тебіренеді, Абайша толғанады.

– Шығармашылық жұмыста тақырып таңдау деген-нің бар екені белгілі. Бірақ, тақырып таңдау қаламгерлік мақсаттың бір қыры ғана. Оның идеясын қаны мен жаңына сіңіріп орындаі алмаса бәрі бекер. Мұқағали сізді осындай ерекшеліктерімен таңдандыра алды ма?

– Мұқағали меніңше тақырып ізdemеген. Өмір, тіршілік туралы толғанған. Толғанып отырып пайымдаған. Бір күнделігінде: «акынның адамды зерттегені – өзін зерттегені» деген екен. Сондықтан болар, ақын өзі туралы көп жазды. Басты тақырыбы да – өзі. Өзі арқылы өмір туралы тебіренеді.

Адамдарға айттар өкпесін де, назын да, қайғысын да, мұнын да, жиренішін де, махаббатын да өзі туралы

өлеңдеріне сыйғызып, жеріне жеткізе жырлады. Адам баласындағы бар қасиетті де, пендешілікті де өзінен іздеді. Тіршілігінде ер-тұрманы түгенделмей кеткен ақынның үнін керен дүние естігісі келмеді. Сондықтан да оның жай таппаған жаңы, аласұрған жүргегі от ішінде лапылдарап, жаңып жүрді. «Дүшпандарым тоқтаусыз шабуылдауда, олар мені құртып жіберуге де дайын. Егер біреу қолына мылтық беріп, ат десе, қайсысы болса да қолы қалтырамастан бүкіл адамзатты сүйген, ешкімге зияны тимеген мені сол заматта-ак атып жіберуге әзір. Бәрі маған жат, жексүрын, жиіркенішті. Кімнің дос, кімнің қас екенін ұғудан мен баяғыда-ак қалғанмын. Жоқ, менің достарым жоқ, мен тек айналамнан сегіз аяқты сұмдарды ғана көрем. Қоргана аламын ба, білмеймін. Олар маған білгендерін істеп бағуда. Милицияға да тапсырды. Коленкемнен қоркатын халге жеткізді. Энеукүні асылып өлмек те болдым.

Балаларымды қимадым. Мені бұдан тек қана бір керемет құтқара алады. Ал мен кереметке қатты сенемін» – деп құніреніп жазыпты күнделігінде кайран ақын.

Ақынның жаңын осынша жарапаған, өмірден соншама түнілдірген не еді? Қызғаныш еді. Мұқағали тым талантты еді, дарынды еді өзгелерден. Тұлпар еді зулаған, сұнқар еді самғаған. Қазақ жыры тудырған құбылыс еді. Оның осынысын сол тұста әдеби орта көре алмады, көтере алмады.

*Жазылар естеліктер мен туралы,  
Біреулер жсан еді дер өр тұлғалы.  
Біреулер тұлпар еді дер де мүмкін,  
Бутінделмей кеткен бір ер-тұрманы.  
Аңыз гып айтар мүмкін қылығымды,  
Қылығымды ұнатқан жұлдынуды.  
Жақсы көрген дер мүмкін «жылынынуды»  
Әйтеуір қазбас былық-шылығымды.  
Жоқ жсанды қиган емес жамандауга,  
(Сол ушін рақмет адамдарға!!!)  
Білемін, әйтеуір бір замандарда,  
Жүреді жұз жыл жасап жаман қарға...*

*Жазылар естеліктер нешелеген,  
Көрерміз оның бәрін пешенеден.  
Әйтейір, білемтінім бір-ақ нәрсे –  
Көшеді өлең немесе өшеді өлең!  
...Кулары, таудың қызыл тұлкісі дер,  
Момындар, біздің үйдің кірпіші дер.  
Мәңгілікке өзіммен ала кеткен,  
Мениң нәзік жансымды кім тусінер?*

Қарап отырсаңыз, ақынның бүкіл шығармашылығының арқауы, басты тақырыбы – адам өмірі. Адамның дүниеге шыр етіп келген сәтінен ақырына дейінгі жүріп өткен сан тарау жолдан тұратын алуан сала өмірін жырлады.

– «Оңай сөз гой Отанды сүйем деген» дейді Мұқағали. Осынау тіркестің өзінде қашшама терең сырлар жатыр. Ақын өзі айтқан сөздің қадіріне өзі жетті ме? Сіз оған қандай баға берген болар едіңіз?

– Отанды сүйемін деген бір басқа да, сую бір басқа. Мұқағали – Отанын шын сүйген, туған еліне шын ғашық адам.

Мен Мұқағалиды көзім көрген, өз аузынан талай өленін тында-ған, шама-шарқымша қолғабыс тигізген, ниеттес болған кісілердің бірімін. Әр қалай жүріс-тұрысына, тіршілігіне қарамай, жақсы көрген кісімін. Мұқағали туралы, оның отаншылдығы туралы жазсам деп ақынның тірі кезінде-ақ талпындым. Бірақ жаза алмадым. Сәті де түспеді. Кезі де келмеді. Ойланып-толғанып, ал енді жазамын дегенде ойым онға бөлініп, қаламым шабан аттай баспай қалатын. Оның себебін өзім әлі күнге дейін білмеймін. Мүмкін Мұқағали да ұлы Абай секілді игеріп, танып бола алмайтын ұлылық па еken деп ойлаймын. Бұл екі ақын оқыған сайын жаңа қырынан ашыла береді.

Бәріміз даусыз мойындаитын, бас иетін ақиқат – Мұқағали туған жерін, елін, Отанын, ана тілін жан-тәнімен сүйді, тебіреніп жырлады. Отанды сүйіп жырлаудың озық үлгісін қалдырып кетті.

*Не сыйлайды, не береді келер күн,  
Не болса да тірі тұрсым көрермін.*

Желідегі құлышымын мен елдің,  
Көгендегі қозысымын мен елдің.  
Не сыйласын, несін берсін ел маган,  
Тұрсақ екен елім де аман, мен де аман.  
Таулар – менің таусылмайтын бақыттым,  
Ал ырысым – ұлангайыр кең далам.  
Не істемекпін алтын, гауъар, жақұтты,  
Оларды іздең откізбеспін уақытты.  
Мен бақытсыз бола қойман сірада,  
Туган елім болса екен бақытты.  
Дәнеңе де сыйламасын келер күн,  
Сый көрмей-ақ суалармын, сөнермін.  
Туган елім тұғырында тұрса екен,  
Әрі қарай...  
Әрі қарай көрермін...

«Ей, қалам ұстаған қаламдас бауыр, қарындастарым, халықты ұмытпаңдар! Халықсыз құндерің қаран, оны сүйемін деп байбалам салмаңдар. Оған тек ғашық бола біліндер», – депті құнделігінде ақын. Жырларында туған жерге де, туған халқына да шексіз ғашық екенін қапысыз дәлелдейді. Ақынның кіндік каны тамған жерге, Отанына деген шексіз махаббаты оның қай өлеңінен де сезіледі. Мысалы, «Қазақстан» деген өлеңіндегі:

Қазақстан!  
Пай, пай, пай!  
Ардагым-ай!  
Сен менің Шолпанымсың, жсанған ұдай,  
Өзіңде өмір сүрген қандай бақыт,  
Өлмейтін махаббатым, арманым-ай!..

– деген жолдар осы айтқанымыздың күәсі. Отанын сүйген, оны жырлай білген ақын Мұқағалидай-ақ болсын.

Кемшіліксіз адам болады деймісің. Саллалау – галейки-уассалам Мұхаммед пайғамбарымыздың өзі «мен де сендер сияқты Алланың құлымын», – деген екен ғой. Мұқағали ақындығының қандай кемшілігінің бар екенін өз басым білмеймін. Бірақ ана жылдары «Ана тілі» газетінде жарияланған Мырзан Кенжебайдың мақаласын оқып

отырып қайран қалғаным есімде. Онда мынадай жолдар бар екен: «Сонда Мұқағали туралы бір ауыз сын айтуға болмайтын болғаны ма деп ойланып қалдық. Ойланып отырып, оның:

*Келші қалқам, шашыңнан иіскейін,  
Иіскейін, бірақ та тиіспейін,*

– дегені сияқты «тротуарная поэзиясына»,

*Бала едік, ә,*

*Бала едік кеше біздер,*

*Неше қыстар өтіпті, неше күздер*

– дегендегі «күздер», «қыстар» сияқты былдырлактарын да поэзияның ғазал бағындағы ғажап әуен деуіміз керек пе?» – депті мақала авторы.

Бәлкім, Мұқағали поэзиясында да кемшілік бар шығар. Бірақ өз басым мақала авторы келтіріп отырған үзіндіден кемшілік таба алмадым.

Ия, сынауға болатын болса, сынау керек, бірақ Мұқағалидай акынның рухына тіл тигізбеу керек. Абай болу керек. Қиянат жасауға болмайды.

Мұқағали Мақатаев – Отан деген сезімге қылау түсірмеген ақын. Тұған жерін, туған халқын Мұқағалидай жырлаған қазакта ақын жоқ. Ана бір жылдары жастарды отансылдыққа баулитын «Кіндігімді кескен жұрт» дейтін шағын жыр жинағын құрастырғанда да осыған көзім анық жеткен еді. Тұған жер туралы Мұқағалидай тебіренген ақынды сонда таба алмай қиналғаным есімде.

– Мұқағали – еуропалық классиктерді оте терең мәнмен оқыған қаламгер. Және одан жан-жакты ғибраттар алды. Осы ғибратты қазактың қара өлеңімен шебер будандастырады. Енді осы жөніндегі сіздің ой-толғамдарыңызға құлақ түргіміз келеді.

– Будандастырыды дейтінді қайдам, Мұқан Еуропа былай тұрсын, адамзат жасаған поэзияны менгерген адам. Мұқағали жырлары кімніңде болсын жүрегін баурап, еріксіз елітіп әкетеді. Ананың мұнын, әженің зарын, жетім-жесірдің қайғысын, ердің ерлігін, пәк махаббатты, адалдықты, достықты жырға қосты. Осының бәрін бір ғана қазақ емес,

әлем тіліне аударса, өз ұлтының ақынындағы, бүкіл адамзат сүйсініп оқыр еді. Дантенің «Құдіретті комедиясының» «Тамұқ» атты бөлімін, Шекспирдің «Сонеттерін», Уолт Уитменнің өлеңдерін қазак тілінде сөйледті. Ол өз алдына, бар саналы өмірін халқына, еліне арнады. Сөйтіп қыска ғұмырында ұрпаққа ұлан-ғайыр мол мұра қалдырыды.

*Ақынмын деп мен қалай айта аламын,  
Халқымның өзі айтқанын қайталаңын,  
Күпі киген қазақтың қара өлеңін  
Шекпен жсауып өзіне қайтарамын,*

— деп ақынның өзі айтқандай, Мұқағали мен халықтың арасында үзілмейтін рухани байланыс қалыптасты. Сол себептен уақыт өткен сайын, тіпті сәт сайын оқырмандары Мұқағалиға оралып отырады. Оралған сайын мейірленіп, кәусар бұлақтың тұнығына қанғандай күйге бөленеді.

*Айқай, заман!  
Даласына қаласы жасасуы-ай...  
Айналып Ақмоланы қимай барам,  
Аман бол, айналайын, мидай далаам.*

Мұқаң сол кезде-ақ Сарыарка төсін осылайша жырға қосқан. Жырға қосып қана қоймай, болашақта казақты әлемге танытатын, төрткүл дүннені аузына қарататын шешімдерді тап сол Сарыарқа төсінде қабылдатар гажайып қала салынарын сезген ба дерсің! Нағыз өнер құдіреті деген осы. Мұндай ақыны болған халық – бақытты халық.

— Сол кездегі кеңестік заман тәрбиелеген барша қатарластары секілді Мұқағали да компартиялық саясатқа сенді. Содан барын партияның мақсат, мұраттаратын жырға қости. Алайда, кемел танымға жеткен өмірінің соңында сеніп келген бұл мұратының алдамшы сағым екенін білген тәрізді. Ақынды күйзеліске ұшыратқан бір себентер осы ма дейміз. Бұған сіз не дейсіз?

— Адам — өзі өмір сүрген қоғамның, өз заманынын құлы әрі кескіні. Ешкім өз заманынан, өз қоғамынан тыс өмір сүре алмайды. Алланы да, Пайғамбарды да ұмыттырған идеологиядан тыс Мұқағали да өмір сүре алған

жоқ. Коммунистік идеологияны, оның көсемдері Ленинді, Сталинді жырламаған ақын жоқ. Олай болмауы да мүмкін емес еді. Сондықтан заманыңды жырладың деп ешкімді кінәлаудың жөні жоқ.

Әбден есейіп, толысканда, кемеліне келгенде, ақын саясаттың алдамшы екендігіне көзі жетіп күйзеледі, тентек койдай тенселіп өтеді дүниеден.

– **Мұқағалимен сөйлесіп, емен-жарқын сырласқан кездерініз болды ма? Егер солай етееніз, есінізде ақынның қандай жарқын сәттері қалды?**

– Мұқагали көзі тірісінде жұрт катары комакты жинағын да көре алмай кетті. Көлемі әжептеуір делінетін «Өмірдастан-ның» өзі Мұқаның өлерінің алдында ғана шықкан еді. Одан бұрын шағын ғана жинақтары шығып жүрді.

Мың тоғыз жұз алпысыншы жылдардың ортасында мынадай бір оқиғаның күесі болдым: Ол кезде «Жазушы» баспасы қазіргі Жазушылар одағының бірінші кабатында болатын. Поэзия редакциясы оң қол жақта, түкпірде еді. Редакцияны Саги Жиенбаев басқаратын. Мен сонда қызымет істейтін Шона Смаханұлына келіп ем. Карапы, тар коридордың түкпірінде поэзия редакциясының алдында Мұқагали Мақатаев тұр екен. Қолында кітапша. Әркімді токтатып өлеңін оқығысы келеді. Ешкім токтамайды. Жанына мен келе бергенде:

– Мырзаш, тым болмаса сен тындашы, мына кітабым баспадан жаңа ғана шықты, әлі бояуы кепкен жоқ, – деп алып тұлғалы, асыл ағам биттің қабығында «Қарлығашым, келдін бе?» деген кітапшадан өлең оки бастады.

Мен тапжылмай тыннадым. Солардың ішінде махабbat, қарлығаштар туралы өлеңдері есімде қалыпты. Өлеңді оқып болған соң:

– Осы күні жүрек дейтін пәле шықты, мазалап жүр, – деп алып жүрегін алақанымен уқалаған еді.

*Жүргегіме жүк артып жүргенімде,  
Кажсыдың ба, байгүсым, білмедім бе?  
Шайпау тиіп, шаршатып кім көрінген  
Уландың ба, білмеймін, кірледің бе?*

Өңгеріп өзге жүрек қайда барам,  
 Өзгенің ғұмырын қалай пайдалаңам?  
 Сыйыңа рахмет, қайран Адам!  
 Өзімнің жүргегімдей қайда маган?  
 Тула, Жүрек! Өкінем мен несіне!?  
 Туган жүрек, әрине, өлмесін бе?  
 ...Жоқ! Дәрігер! Қозгама, дамылдастын,  
 Әрбір жүрек өзінің кеудесінде!

Бір күні кездескенімізде: «Көрмегелі көп болды ғой, ағана сәлем бермей кеттің ғой, пәтшагар! Сені жақсы көргесін айтамын ғой, көңіліңе алма. Мен бүгінде көгершіндерге арнап цикл жазудамын», – деп сол циклдан бірер өлең оқыды. «Көгершіндер, көгерсін жер, үйге кіріндер, әйтпесе өлерсіндер. Күн жылынын, ар жағын көрерсіндер» дейтін сөздері есімде қалыпты. Ұмытпасам, сол өлеңдер көп ұзамай «Лениншіл жас» газетінде жарияланды.

Мен декан едім, бір жылы Мұқан КазГУ-ге ұлын түсіруге алып келді.

– Мырзаш, мына інінді қалайда түсір. Әйтпесе, Лашынның (женгей) алдында беделден айрыламын, – деді.

– Қайта беріңіз, қолдан келгенді аямаймыз, – дегеніме қарамай бала шығарма жазғанда кайран ағамыздың далада, көпшіліктің ортасында астына газет төсеп тапжылмай аулада отырғаны әлі күнге коз алдында.

– Артына асыл мұра қалдыру мынның бірінің қолынан ғана келетін шаруа. Сол мүмкіндік Мұқағалидың мәндайына жазылған екен. Халқына берерін берді. Бірак, алатынын ала алған жок. Оның есесін бүгінгі ел-жұрты қалай толтыруы керек деп ойлайсыз?

– Халыққа берген адам сол халықтан аламын деп бермейді. Мың жасаса да, ешкім өмірден аламын дегенін түгел ала алмайды. Мұқағали өмірден аз нәрсе алған жок. Ол жарық дүниеден ғажайып ақындықты алды, халқының шексіз махаббатына ие болды.

«Өлең маган аққудың қанатымен келеді» деген еді ақын. Мұқағали толғанып, қиналып өлең жазбаған. Мұқағалиға өлең конған, көктен түскен. Алладан жыр аяны, жыр баяны

келген кісі, періштелең ақын. Мұқағали жырдан туған, өзі де тұнып тұрган өлең. Мұқағали өлеңдерінің ірі, құздан құлағандай кесек, мұхиттың түбіндей терен, табиғаттың өзіндегі таза, бұлактай мөлдір; гәунардай жарқырап, тасыған езендегі сарқырап, дұлығалы батырдай буырканып, тұла бойынан төгіліп, саулап тұратыны сондықтан.

Мұқағали секілді ұлылар тарихка бір-ак рет келеді, тарихта мәнгі қалады, халқымен бірге жасайды, асыл мұрасы қалың елінің кимас сырласына, мұндастына, үрпақты тәрбиелеудің өнегесіне айнала береді. Өзі ғасыр, заман асқан сайын тұлғалана береді, биіктей береді, құдіретке айнала береді.

Бұғынгі менің сұхбатымның да, сендердің шығарып жатқан «Мұқағали» журналының да Мұқағалиға керегі жоқ. Асыл жырды, мінсіз жырды ансаған бізге керек, келешекке керек, үрпаққа керек. Халқымыздың асыл перзенті Дінмұхамед Менлі-Ахметұлы Қонаев өмірінің соңғы жылдарында Мұқағалидай ғажайып адаммен замандас бола жүріп, бірде-бір рет кездесе алмағанына катты өкінген екен. «Тентек, бірденені бұлдіреді» деп ақынды маңайына жолатпағандарға ренжіген екен. Расқой. Таланттарды, дарындыларды кезінде танып, алақанға салып, бағалай білген жөн. Бағалай білейік!

*Дүркіреп тұрган қоктемде,  
Сіркіреп нөсер откенде,  
Күркіреп жатқан бұлтты,  
Найзагай шанишып откенде,  
Есіңе мені алгайсың.  
Қазбауыр бұлттар маңғанда,  
Орманга жазда барғанда,  
Арманда мені, арманда!  
Оңаша, жалғыз қалғанда,  
Есіңе мені алгайсың.  
Қараша келген шақтарда,  
Құлазып тұрган бақтарда  
Курайлар сыңсып жатқанда,  
Жапырақ жайрап жатқанда,*

Есіңе мені алгайсың.  
 Ақ ұлпа жерді жапқанда,  
 Агаштар сырға таққанда,  
 Бозарып атқан ақ таңда,  
 Бозарып тұрып ақпанды,  
 Есіңе мені алгайсың!  
 Есіңе мені алгайсың!

– Мұқағали өлең жазғанда, сол жырды оқыған қазақ ең алдымен осы арқылы өзін-өзі толық танысын деп жазған секілді. Халыққа қызмет ету деген осындай емес пе? Сондықтан мұқағалитандығылыми негізде орнықтырып, алдағы уақыттарда оған үлес қосатын болсақ еш нәрседен ұтылмаспыш. Бұл жөнінде еіз әрі қайраткер, әрі қаламгер ретінде қандай жоба-жоспар ұсынар едініз?

– Мұқағали өз бағасын білді. Өлмейтінін, халқымен бірге мәңгі жасайтынын сезді.

Батар күн, келер түн, атап таң, шығар күн,  
 Бәріңе, бәріңе, бәріңе құмармын!  
 Осы мен, осылай мәңгілік тұрагармын,  
 Осы мен, сірәда өлмейтін шығармын.  
 Жақындық сеземін  
 Жерден де, аспаннан,  
 Жылылық сеземін  
 Мұздардан, тастардан,  
 Өмірім сірәда әріден басталған,  
 Әріден басталып, мәңгіге тасталған.  
 Осы мен өлмейтін, өлмейтін шығармын,  
 Сәл гана мызғып ап, қайтадан тұрагармын.

Бұл оның замандастары айтатын сөз еді, айтпады, айтылмады, біліп тұрған шындықты, эттең, айта алмадык. Айткымыз келмеді. Сөйтіп тарихқа есемізді кетіріп алдық, орны толмайтын өкінішке қалдық.

«Жетім өз кіндігін өзі кеседі» деп, Мұқағали, сөйтіп, өз бағасын өзі айтты. Мұқағалидың алдында қазақтың ешбір игі жақсысы актала алмайды. Біз Мұқағали руҳының алдында белшеден карыздармыз, қарыздар бола береміз, өйткені бұл қарыз – біздін қазақ өлеңіне карызымыз.

Өлген соң ғана қадіріне жететін қазақтың әдеті емес пе, Мұқагалиды елі-жұрты болып ақын дүниеден өткен соң танып, шарқ ұрып іздей бастады, Мемлекеттік сыйлықты да ол өлген соң берді.

«Қаласа да, қаламаса да жұрт мені ақын ретінде түсінеді, ал адам ретінде кім түсіне қояр дейсін. Түсінсендерші, мен туылғалы адаммын. Адам қалпында қалам, әзілдеген-сіп, жаны ашығансып, жақын тартқансып, ақыл айтқансып, арына тікенектей қадалатын әріптестерден арыла алмай-ақ қойдым-ау», – деп торығыпты жарықтық. Бар өкініші, сол төнірегіндегі «қамқоршылардаи» Мұқагали өліп құтылды.

«Мен – Адаммын! Түсінсендерші, мен ешкімге зияным жок адаммын ғой» – деп зар жылап кетті қайраи ақын. Әдеби орта, заман сонда да ақынның егілген жанын ұға алмады.

Ей, менің қыын өткелім,  
Қиналмай қалай өткемін?!  
Қалай да қалай кеткемін?!  
Қырыққа қалай жеткемін?!  
Саялы бақты бөктерім,  
Саяңнан кетем деп не едім?!  
Ей, менің қыын өткелім,  
Куанышым да көп менің,  
Өкінішім де көп менің!  
Ей, менің сайран мекенім!  
Адамга бермес екі өмір,  
(Әрине, болмас екі өлім)  
Мен сенен ертең кетемін,  
Айдынын қимас аққудай,  
Айналып ұшып өтемін,

– деп, Мұқагали елі, жерін қимай, қанаты сыңсыған акқудай айналып көктегі айдынына қонды.

Ризамын өзім тіршілік етіп жүргенге,  
Кімдерге жақпай, аяулы болып кімдерге.  
Бақыт қой, шіркін, тіршілік етеп білгенге,  
Келу де оңай, кету оңай бір демде

– деп ақын айтқандай, опасыз, алдамшы мына дүние-де бір-бірінді қажамай, аяқтан шалмай, етектен тартпай,

жағадан алмай, жүйкені тоздырмай, сыйласып өткенге, асылынды бағалай білгенге, барынды қадірлей білгенге не жетсін, шіркін!

Баянсыз, опасыз өмірден әбден қажыған ақын сейтіп, бәрінен де безіп, ешкімге зияны жоқ, бейкүнә, пәк сәби болғысы келеді.

Мұқағали туралы айтылмай, жазылмай жаткан жоқ. Айтыла да, жазыла да береді. Ендігі жерде бәрін жүйелеп отыратын орталық керек, мұқағалитану ілімін қалыптастыру керек.

— «Мұқағали» журналы шығып жатыр. Бұғінгі таңға дейін оның номірлерінің ұзын саны елуден асты. Осы жобаны жүзеге асырып жатқан шығармашылық топқа қандай ағалық ақыл-кенесінізді айтқыныз келеді?

— Мұқағали Мақатаевтай ұлы ақынның атын ардақтап, мұрасын насихаттап жүргендеріңнің өзі бақыт. Шын ақынды танудың, оны көпке танытуудың өзі бақыт. Сендер сондай бақытқа ие болған ұрпақсындар. Мұқағалидың рухына табыну, оның мұрасына қызмет ету — жалпы поэзияға қызмет ету деген сөз. Елге, ерге істеген еңбектерің еш кетпейді, жана берсін. Табысты болындар.

Әңгімелескен  
Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ.

## *Алматыдағы ақынның асқақ мүсіні*



*Мұқагалитануды қаламгерлер мен ғалымдар ғана  
қолға алған жоқ. Бұл мәселеге өнер иелері де ден  
қойды. Соның бір дәлелі – Мақатаев пен Желтоқсан  
көшелерінің қиылышындағы гүлзар алаңына қойылған  
ақынның асқақ мүсіні. Оның авторы – Нұрлан  
Далбай.*

*Жыл сайын ақынның тұган күнінде осы ескерт-  
кіші алдында жыр мерекесі өтіп келеді.*

## Баққожа МҰҚАИ



*КР Мемлекеттік сыйылғының лауреаты.  
Артына мал мұра қалдырыган коркемсөз шебері.  
Драматургия саласында да субелі шыгармалар  
жазып қалдырыды.*

*Мұқагали мұраларын жинақтауда, ақынга  
байланысты барлық шараларға белсене  
атсалысқан қаламдас інісі.*

## ЖҰЛДЫЗЫ ЖАРЫҚ АСЫЛ

1991 жылдың жазында Қарасаз ауылы тағы бір дүрмекке бөлөнді. Зиялды жұрт өкілдері, өлең сүйген жұртшылық, Мұқагали жырына тәннің болған мыңдаған оқырмандар ақынның 60 жылдық мерейтойына қатыссақ деп аспантаулар өңіріне жол тартты. Жыр мерекесінің шаттығы бәрін қанаттандырып, өзгеше бір мерейге бөлеген болатты. Жалпы, иші қазақтың мұндағай дүбірлі тойда ынтымақтаса бас қосып, өсетін жұрттың баласындаи бауырласқаны, қауымдасқаны ғанибет-ақ қой, шіркін!

Сол тойға жүректерін елжіреткен лебіздерін арнап келген қаламгерлер, әрине, аз болған жоқ. Бірақ, кішісі үлкеніне жол беретін қазақ дәстүрін де олар мықтап ұстанды. Бұл — ағасы тұрып інісі сөйлемемейтін тектіліктің бір белгісіндей болған. Мәселен, Мұқагалидың тетелес інісі жазушы Баққожа Мұқашың арнау сөзі өзінің жариялану кезегін бүтін алып отырса, оған таңданатын не бар. Есесіне сол тойда Бердібек Соқпақбаев ағамыздың әңгімесі мұқагалитанудың ішкі сипаттың анғартқандағ ерекшелігімен назар аударған.

Жазушы Баққожа Мұқаш «Мұқагали» журнальына жеке мұрағатынан екшеп алып, сондайы сөзінің мәтінін ұсынған еді.

**Б**ұғін ғой Мұқағали туралы жақсы тұжырымдардың дегіл мол. Ол – заңдылық. Ал кеше ше? Сол жайлардың парқын көңілге бір түйіп қойып, ақын інісінің тебіреңісі мен көзкарасына ден қойсаныздар дегіміз келеді.

Қазақ халқының тарихында жұлдызы жарық асыл азаматтардың аз болмағандығын баршамыз жақсы білеміз. Араға айтар, жылдар, ғасырлар түсіп, олар біздің алыстаған сайын сол аяулыларымыздың тұлғасы бұрынғыдан да зорайып, абырай-атағы бұрынғыдан да биіктей береді екен. Таудың биіктігін алыстан ғана білуге болатыны рас. Ұлы тұлғаларды тану үшін де жылдар керек. Осы бір шындықты бізге Абай, Мұхтар, Қасым, Мұқағали өмірі дәлелдеп берді. Заманалармен жарасып жүретін ұлыларды әр үрпак, әр заман өзінше танып, өзінше бағалайтындығы және ақықат. Алдыңдағы аға мен қатар жүрген құрбының өз уақытында Мұқағалидің қадіріне жетпей, оны жаңа талап, жас үрпактың, кара орман-дай халқының аспанға көтеріп, абырайын асырғаны баршамызға бір шындықтың бетін ашып берді. Біздің түсінігіміз – бүтін барша халық болып алғыс жылдығын тойлап жатқан Мұқағали Мақатаевтың ен үлкен тойлары, қасы мен досын, алыс пен қалың ағайынды мойындар заманы алда екен. Мұқағали Мақатаев бар болмыс, алып тұлғасымен көрінер асқар биігіне, Табиғат-ана еншілеп қойған ұлы тұғырына өрлең барады. Ол сол биікке тұған халқының жығылмайтын туын, ешқашан жасымайтын намысын заманалар бойы қіршік шалмаған ары мен ұттын алып шығады. Осынау тіршілігінде өмірдің азабы мен мазағын, зорлық пен зомбылықты көп керсе де рухы жасымаган, асыл қасиеттерін жоғалтпаған казақ халқы аяулы перзенті Мұқағали Мақатаев болып жарық дүниеге жан сырын айтады.

Біз халықтың санасын қорқынышпен құрсаулаған аяуы жоқ аяр уақыттың қаңарынан қорқып, ақықатымызды айта алмай, көкірекке толған аңы айғайды сыртқа шығара алмай булықтық. Әділетсіздігі шектен шықкан замана бізден өткенимізге бөтеннің көзімен қарап, бөтеннің көзімен баға беруді талап етті. Соның салдарынан біз жылдар бойы ұлы бабаларымыздың ұлы жорықтары, ұлы істері туралы басқаша

сайрадық, олардың ел мен жер бостандығы, тәуелсіздігі үшін тындырған істерінен басқаша мазмұн іздедік. Сол уақыт бір халықтың өткені мен бүгінің арасындағы байланысты үзүгे тырысты, кеше мен бүгінді жалғастырып тұрған алтын көпірді қиратпаққа құш салды. Қарыны ток, дарыны жок шуылдақ ата-бабасының ғасырлар бойы жасаған ұлы мұрасына жойқын шабуыл жасап жатқанда өмірі заманнын қаңарынан ықпай анасының тілі, бабасының ділі үшін шырылдан барып отқа түскен нағыз азаматтар аз еді. Сол аздың алдынғы легінде Мұқағали Макатаев жүретін. Ол уақытпен алысып, бет қаратпаған уақыттың қолайына жакпалы. Сөйтіп ол уақыттың құшағына сыймай кетті. Мұқан өмірлік максатын, ары мен үтің бір сәттік арзан алданышқа айырбастай салатын «кішкентай» адам емес еді. Мұқағали Макатаев ар мен ұяттан, шындық пен намыстан жаратылған жан еді.

Ұлы тұлғалар тірлігінде ғана емес, мәнгілікке айналған екінші өмірінде де адамзат баласының алдындағы перзенттік міндетін абыраймен орындаі береді. Олар халықтың басын біріктіруші ғажайып құш. Олар – ұйытқы.

Мұқан да баршамыздың басымызды косып, өзімізді-өзімізге таныттып жатыр. Дәл бүгін қазақ даласының тағы бір қасиетті төрінде Мұқанның ең бір аяулы ағаларының бірі, халқымыздың дүлділ ақыны Қасым Аманжоловтың 80 жылдық тойы өтіп жатыр. Мұқаның сол тойдың төрінде, Қасым ағасының жанында отырғанына кімнің күмәні бар?! Ұлы халықтың ұлы тойлары ұлы перзенттеріңсіз өтпейді.

Қазақ тілінің, қазақ өлеңінің, қазақ ұлтының абырайын асырып, мерейін үстем еткен ұлы перзенттерге, олардың елмес рухына тағым етейік. Дүниенің төрт бүршишын шарлап, халықтың атынан сөйлеп, халқының атын әлемге әйгілек жүрген сол перзенттердің данкы арта берсін.

Мұқағали сияқты перзентті дүниеге әкелген аналарға – анамызға, Жер-анаға, Мұқаның бесігі – Қарасазға, ұрпағының қадірін білер кара ормандай халқыма алғыс, жарық дүниенің нұры жаусын. Халқымыздың болашаққа бастар жолы кен, алды жарық болсын, әлеумет.

1991 жыл.

## Аян НЫСАНАЛИН

Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданында туған. Ақын және әдебиет зерттеушісі. Республикалық басылымдарда қызмет еткен.

«Ленинишіл жасас» газетінде еңбек етіп жүргендегі Мұқагали шығармаларын жастар базынына үзбей шығуына ықпал етіндердің бірі. Мұқагали мұрасына дөн қойып келеді.



## ЖЫР ДАРИЯСЫН ШАЛҚЫТҚАН

(«Бес бейне» толғауынан үзінді)

Өмірде ақындардың бері жалғыз.  
МҰҚАҒАЛИ.

Бұлардың берінен ол уақыт жағынан маған жақын тым. Иә, қазақ поэзиясын Мұқагали Мақатаевсyz елестете алмайтынымыз имандай шындық. Оның жыр жүлдзызы жарқырап жаңып тұр. Ол өмірге шөліркеп өтті. Қыт етсе қазір ойға қонбайтын Мұқағалишыл, Шемшишіл, Оспанханшылар болып, рабайсыз естелік айтатындар мен жазатындар көбейген үстіне көбейе түсті. Кезінде әлгілердің кейбірі оларды көрсө теріс айналатын сынай танытатын еді. Енді ше? Заманның қас-қабағын андитын сұрқылтайлар өзіне су жұқтырғысы келмейді. Әрине, акша мен байлықты рухи дүниеден биік қойған қоғамда басқаша болуы да мүмкін емес. Бірақ, шашасына шаң жұқтырмайтын шаңқабоздардың шаужайына жармасу қай уақытта да жараспайды. (Батыраштар мен қотыраштар әруақытта болған).

Қазақ жырының дариясы шалқып, қуатты да, шуақты нұрлы қайнары ешқашан сарқылып көрген емес. Өзінің үдемелі түрлі-түрлі өсү мен даму кезеңдерінде үлттық поэзия көркем ойдағы көшбасшылық қадір-қасиетінен айырылмай,

әрқашан келешекке тартқан көш-кериенниң алдында болып, көркемдік келісімімен сан ұрпақ сана-сезіміне сәуле түсіріп рухи көкжиек ашып, өнегелі имандыққа үндеп, көсемдік те, шешендік те көрсетіп келе жатқан осы өнер түрі асыл казынамыздың ең негізгі болып мәңгі қала береді. Онын тарихы мен тағдырында небір киыншылықтар кездеседі. Негізінен қазақ – ақын халық. Ғасырлар койнауынан Сызыра жырау мен Асанкайғының, Қарға бойлы Қазтуғай мен Бұқардың аскак ақындық та, азаматтық үні әлі естіліп тұрғандай: Махамбет пен Абай, Жамбыл мен Мағжан, Ілияс пен Қасым бастаған ұлы жұлдыздар шоғырының жарығы жыр көгінде сөнбей жарқырап тұр. Ақын – сөз пайғамбары. Ол ешқашан өмір дауылдары мен жауындарынан бас сауғалап қынбайды. Әманда, асая ағыстарға қарсы барады.

Жиырмасыншы ғасыр қасіретке толы болса да оның екінші жартысында, (енди батыл айта беруімізге болады), өлең өнерінің көсегесін көгерктен тұлғалар аз емес еді. Төлеген Айбергенов өз өртіне өзі өртеніп кетті. Жұмекен Нәжімеденов те жалтақтамай көз жұмды. Қазақ поэзиясының марқасқасы Мұқағали да мұн кешті. Өрекпін Өтежан Нұргалиев шыкты. Ол жыр тенізіне бірден күмп етіп, айдынына кен құлаш сермей, еркін жүзіп кетті десек, оғаш ой болар еді. Аңысын аңдып, ақырын басып, анық жүрді. Оның көзі мен өзін көріп, ірі денесін айқара құшақтап, жанға майдай жағатын сөзін есітіп, ағалық қамқорлығын сезінгендер бұл есімді ұмыта алмайды ешқашан. Құні кеше ғана қасымызды жүріп, кішлік пен кісілікті, ізгілік пен іңқәрлікті, асыл мұрат пен адамгершілікті ту етіп, аскак алып өткен ақын ағаның бар бесзат болмысы барған сайын биіктеп барады бізге. Тегі аскарлар неғұрлым алыстаса, соғұрлым айқын көрінетіні рас шығар.

Қазір араға біршама уақыт салып, ойлап отырсақ, М.Макатаев өмірі – өлеңге, өлеңі өмірге айналышты. Сондықтан, оның өміrbаянына сәл тізгін тартып, көкірек көзін жүгіртпі өткен ләзім. 1961 жылдың көктемінде Алматы кинотехникумын жана бітірген желбуыз төрт жігіт (Бакыт, Болат, Әбу және мен пақыр) көnlіміз алып ұшып, тұңғыш төркіндейтін қыздай болып, Нарынқол асып, нартәуекел

дегеніміз бар. Сонда мен алғаш тәшін етіп, таң қалдырганы тау табиғаты мен құдіреті еді. Шындар бір-бірінен қанша асып түссе де, иінтіресіп, қойындастып, бауырласып, биіктеп шырқай береді. Егер жер бетінде, имандай шыным, ғаламат сұлу тау болса, ол біздің аспанмен тілдескен – Тәніртаулар. Мұзарт басын мәнгі – мұн бұлты бүркеп тұратын Хантәңірі алыстан қол бұлғап, шындарына өрмелегеидей бас айналып, жүрек лоблыған болатын. Дұрбі салғанда көз жетер жерде қиядағы құж-құж құз үстінде маркасқа құлжа қылтетіп, бізге қасқая қарап, қанин қаперсіз тұрды. Қалың ой құшагындағы қойнауды өжет шаңқылымен оятып, қайсар ұшқан қыран өркеуде қалпымен ұзап бара жатты. Әлдекайдан аңырай соққан салқын самалдан жасыл шыршалар шынар басы сүйлдап, сыңсып, жамырап біртүрлі тылсым күй шергті. Оның тәкаппар тілін кім біледі? Кез келгенге жарықтық жаратылыс өз жұмбағын шешіп бере бере ме? Оның тек өз бауырынан өрбіген перзентіне бүйрекі бұратыны хақ. Ол кезде Мұқағали енді-енді екпін алып, жасқаншақ жырларын оқырман жүрегіне жол тартқызып жүретін. Кейіннен оның Қарасазы қазақ жыр жағырапиясына Абайдың Жидебайы, Илиястың Ақсуы, Қасымның Қарқарасымен қатар енетінін аңғармаппыш-ау. Эй, перуайсыз жастық-ай!

Зәңгір көк тіреген шаңыт шындар, шұрат шалғынды Шалқөденің шалғынды баурайы, бота көзіндей мөлдіреп, жалбызды жағасына күміс шашқан тұма сұнының кәүсар сыңғыры бала Мұқағалидың ойын әлдилеп, қиялына қанат бітірген алтын бесігі еді. Бірақ, балалықтың бұлтызыз күндерін катал тағдырдың өзі қызғанғандай екен. Жаңа қоғамның қарышты құрылышына қамсыз кіріскең Отан шетіне қанқұйлы жау тиіп, батысы өрт шалғанда әкесі өзі тіленіп, майданға аттанады. Зұлмат соғыс тақсіреті мен қасіреті Мақатаевтар шаңырағын да шайкалтып кетті. Отағасы Калининград бағытында болған сұрапыл шайқаста ерлікпен қаза тауып, «қара қағаз» сұық хабар әкеліп, Нағиман ана каршадай Мұқағалиға жедегабыл үш ұлымен жесірлік қамытын киді. Балдай тәтті балалық шағы жаралы жүлдyzға тұспа-тұс келген өз тақылеттес

қарадомалақтар сиякты болашақ ақын да ерте есейіп, етек жауып, арба айдап, соқа салып, тырма тартып, шөп шаұып, масақ терді. Бұл өртенде өскен өміrbаян өзекті өртейтін өлең болып өріліп, өрісті өрнек тапты. Сөйтіп, оның шы сыныпты интернатта бітірген Мұқағали еңбекке ерте араласты. Алдымен ауылдық кенестің хатшысы, қызыл отаудың менгерушісі, комсомол қызыметкері, жетіжилдіқ мектептің мұғалімі, міне, М.Макатаев өткен әуелгі мектебі осындаған. Сонда шәкірт, бозбала жас Мұқағали поэзияға қалай келді? Қандай-қандай өлең өнегесін алып, творчестволық тәлім түйді: кімді мұқият оқып, кімді пір тұтты? Замандастымыз болса да, өкінішке қарай, бұл жөнінде біз мүлде аз біледі еkenбіз. Тек журналистік жолын алпысыншы жылдар басында Нарынқол аудандық «Советтік шекара» үнқағазында бастаған ол кейіннен аз уақыт «Жұлдыз» журналында жалғастырды.

...Бұкіл тұз тіршілігіне тосын тыныс, жабайы жана леп, уақыттың қолайсыз үағызын әкелген Жаңа дәүірдің рухи революциясы Аспантаудың алпыс аясындағы кішкентай Қарасаз аулын да айналып өтпелті. Ликбез жарығы жертөледен асып, әлжуаз сәулесі санаға түсіпті. Талбесік тербелген сәби құлағына құтырған қантар боранының уілі алғашкы бесжылдықтар балғасының дүрсілі бірге жеткізгендей. Бірінші бесжылдықтармен тәй-тәй басып, тұсауы кесіліп, буыны бекіген бұлдіршін кен дүниеге солармен қоса елеңдеп, елегізіп, құмартып, қызығып қарағандай екен. Ол әкесі сокыр шам жарығымен құралыластардың «шам түбінде ВКП(б) тарихын ежіктегенін» есінде сактапты. Жалпы, М.Макатаевтың етек жауып, ес жиган балалығы, жоғарыда айтқандай, жаралы соғыс жылдарына сәйкес келген жиынтық өміrbаян. Мәлдір бастау алған арна сол шакка сілтейді: «Бәрі есімде – мекенжай, тұрағым да, тек есте жоқ күлдім бе, жыладым ба?! Балалық шак жармасып жүретүғын, өгіз жеккен соканың құлағында». Қаншама қатігез болғанмен, уақыт уытын қайсар жас жүрекке де дарытады: «Майдандагы әкеме оқ жібердім, айырбастап құлшемді қорғасынға» –

кандай тауып ашы айтылған ақиқат. Қаршадай қаңарман қайыспайды. «...Қарды жауға біз де шықтық түрленмен. Аңыздардан тере жүріп масакты. Рас, рас, көзімізден жас ақты. Бірак, со бір дауыл жылдар, от жылдар, бәрімізден бір-бір батыр жасалты».

\*\*\*

Кейде тұрмыс-тіршіліктің тентек толқындары тосын мінез танытып, жүлдүзди жағадан кері тебеді. Бұл әulet те буынып-түйініп қоныс аударды. Қош, Қарасаз! 1962 жылы ауыл-аймак, бау-шарбағын қалдырып, Макатаевтар үй-орманымен біржолата Алматыға көшіп келді. Бұдан арман карай оның бойында енді екі дүлей сезім - дала мен қала қатар ұштасып, алмакезек қоңыр домбыраның қос шегіндей ширынып, шарлысып жатты. Жас ақынның алғашкы адымынан Махамбеттің сарының іздегендер де болғаны анық. Оны кимағандығымыз емес, алайда, шындығын айту керек, шынтуайтында, Мұқагалидың балғын колтаңбасында І.Жансүгірұлының «Жетісу суреттері» мен Қ.Аманжоловтың «Озім туралысының» жырақ жаңғырықтары, әдемі әсерлері жатқанын жасырмай айтсак ешкімнің қытығына тимейді. Одан ұтпасақ, ұтылмаймыз. Үлкен ұстазға іштей ізеті мен құрметі мол шалымды шәкірт содан соңғы іңкәр ізденістерінде өзінше соныға тартты. Дәстүрді дәстүрше, жаңашылдықты жаңашылдықша үйпадарлы ұғынып, ұстанып, оның көлеңкесінде көп ат шалдырмай, өлең өлкесінде өзіндік өрнекке карай батыл бет бүрды. Бейнелілік құралдары байыл, ішкі үні ерекше екпін алып, түрі мен мазмұны терендереп, кай такырыпқа қалам тартса да, жанданын, түрленіп, құлпырып шығатын болды. Табиғат та қайта түлел, біргүрлі әйдік ажарға, толық сырға түр-түсті бояуларға толып, бүйректі бүлкүйдетіл, бауырына тартатын: бірауық мұн-мұнарына орап кайтадан жансарайын ашып, жайнап шыға келетін. Мұқагалидың күркіреп келген көктемін, жадыраған жазы, – күренсе күзін, ақиқөз акланын ешкімнің мезгіл-маусымымен шатастырмайтынымыз шындық. Бәрі-бәрі де өз бояу реңктерімен, өз көрік-кескінімен, сыр-

сыйпатымен, шырай-шұғыласымен баурап, әлдилеп, әнде-тіп, құдіретті рухи қуатты сездіреді. «Сыр дүние-ай, сикырың көп не түрлі, бір көрсетпей өтесін-ау бетінді... Жанып-сөнген жұлдыздар інірдегі стадион секілді» суреті басқа бір реуішке айналып желпітеді.

*Шайқалып нұр,*

*Маужыраган мамырдан май тамып тұр.*

*Жайқалып соққан баз сағым қайта ағып тұр.*

*Айталақ сыр,*

*Серуендең жұр, қалқам, қайталық бір.*

Бара-бара қарапайым көрініске жан бітіп, қыз-қызы қайнаган көкірекіңнен үндестік пен үйлесім іздейді. «Шып терлеп, дала бусаған, сағымы қайнап шымырлап. Бозторғай ұшты жусаннан, сүйніші ұрап, шырылдап» қайдағы бір шуакты шаққа бастайды. «Тыныштық деген жан ізгі, сағынып келген жардайын. Оянып кетер тәрізді, сипасаң болды мандайын...». Әйтпесе, жайлаудың жазғы түні ше: «Жұлдызды аспан тұр жайнап, қеудесіндей маршалдың». Одан кейін қарашаның қарбаласы қалай: «Дүрліккелі даяр тұр, дүрліккелі. Секем алған пілдердің құлагында, желпілдейді үйлердің тұңліктегері». Оған ілеңе қаъарына алып, қылышын сүйретіп қырын келген қыс кейіп қандай: «Бұққан қоян секілді қыстап жатыр, бұғып алып таудың бір койнауында». Ақын шығармашылығында бұл егіз тақырып ажырамастан қамшы өріміндей қатар өріліп, домбыраның қос ішегіндей жарысып жатыр.

*Таулар – менің таусылмайтын бақытым,*

*Ал, ырысым – ұлан-гайыр кең далам.*

Ондайда дала дидары әр қырынан жақсы жарқырап ашылатын:

*Боз далам, курең далам, жасыл далам,*

*Кісі емес саған келіп бас ұрмаган.*

*Құныға құштарым бір қанбай қойды-ау,*

*Қалай гана құшармын гашық – далам?*

Соган жедеғабыл, ақжарма көңілмен өзекжарды ой өрбітіп: «Өзіндей алып болып тумаған соң, Адам болып жүрудің не керегі...» деп күрсіністі күй түйіп, іле-шала

жаймашуак күндей серпіліп шыға келеді: «Керімсал менің кең өлкем, жетемін саған мен ертең... Тұған жер болар құс тәсек, Аспаның – көрпе, жамыл да, Дамылда, жаным, дамылда, Бақытты сол бір шағында». Ал, тау оған барша тіршіліктің тірегіндегі көрінетін, оның қеуде керіп, қалай масаттанып жазамын десе де қақысы бар еді.

*Тау дейтін алып жүрек Ана тұган,*

*Мен – таулықтын.*

*Таудан мен жаратылғам.*

*Киіктің сүтін емін ержеткенмін,*

*Куат алып қыранның қанатынан.*

Ол аздай-ақ, «Ұйықтасам түсіме ылғи тау кіреді» дей тұра, кісілік ірілікпен қимас қолқа салады:

*Үгісіңдар,*

*Ей, таулар,*

*Үгісіңдар!*

*Орын сайла ортаңнан жұмысым бар.*

*Ата болып, не маган ұрысіңдар,*

*Адам болып, немесе ұғысіңдар,*

*Үгісіңдар, ей, таулар, ығыссыңдар!*

\*\*\*

Аз мезгіл ішінде «Ильич» (1964 ж.) «Армысында достар!» (1966 ж.), «Қарлығапым, келдің бе?» (1968 ж.), «Мавр» (1970 ж.), «Ақкулар ұйықтағанда» (1973 ж.), «Шуағым менің» (1975 ж.), «Дариға – жүрек» (1978 ж.), тағы басқа да жарқын жүректің жарқылдарынан туған жинақтардағы жаңыт жырлар ұлттық әдебиетке толысқан талант келіп қосылғанын түспалдатқызы. Олардан мәнгі өмір сұлулығына сұктанып, сырлы саз, толғакты толғам, түйін, асқақ жырлап өткен ғашық ғұмырдың кең тыныс-тіршілігінің ыстық лебі еседі. Атамекен аспанында жырларын қырандай қалықтатып, айдын қолінде аккүдай сұнқылдатады. М.Макатаев поэзиясының терең тамыры халық куанышы мен қайғысында, кешегі де, бүгін мен ертенде жатыр. Тәлімді бұл шығармашылықты ешкімнің ешқашан жатырқамасы хак. Иә! М.Макатаев таланттының

берік тасқамал тұғыртасы -- шандағына аунап, өрекпіген өзеніне шомылып, құстар қикуын тындаған туған топырағында, соған тартып туғандықтан солай. Қайда болып, қайда жүрмесін, Қарасаз ғұмыр бойы тепсінген ой, уылжыған балшырын сезімнің дінгегіне айналады. Ақын қала мен тау, атақоныс арқылы Отанды, адамзаттық алтын бесігі – жұмыр жерді сүйеді. Жұдырықтай жүрекке кең дүниені сыйғызып, әлем кеңістігіне құлаш ұрады. Кемелденіп келе жатқан кенен жұртының ақыны екенін бір сәт есінен шығармайды. Жүрек құбылнамасы әлеуметтік өзгерістер мен уакыт желіне нәзік бұрылып, сондай сезімталдықпен көрсетеді. Ол сезім алтын шуақтарын тамшылатып, не айтса да, бар ықылас жан-тәнімен айтады:

*Басымды иіт, тіземді бүгіп тұрып,  
Ажарымда айдындаш шуақ тұнып.  
Отанымды сүйемін күліп тұрып,  
Отанымды сүйемін жылап тұрып.*

Оның маздаған маňаббаты осылай жарқын көрініс табады. Дегенмен, аталмыш жырлардың бір аяғы қалада, енді бір аяғы адамның арпалыстағы дуниетанымын анғарып, соның коңыркай күн кешкен тіршілігін таратып әкетіп жатамыз. Ауылдан мұқым үзілді-кесілді күрт қол үзе қоймаған кешегі тұз түлегінің енді бас қалаға біржола сіңісп кете алмаған жанның күрделі күйі алдымызды орайды. Содан атамекенге деген сағыныш оты да бөлекше күйдіреді көкіректі. Ол орынсыз аңсау емес еді. Қозғаушы күш болатын М.Макатаев поэзиясының асқақ азаматтық пафосы, гуманизмі, әсіресе, адамдарды, солардың талай тағдыр толқыннына түскендігі қарама-қайшылықтағы тұлғасын жырлағанда айқын көрінетіні ғанибет. Оның сырттай қарабайыр көрінгенімен, жалын атқан жырларында қаншама лирикалық кейіпкердің келбет-кеssкіні, бет-бейнесі кез алдымыздан өтеді. Бәрі де бітеге жаралған емес, күйінш пен сүйінш, пәктік пен асқақтық, безбүректік пен бауырмалдық, осалдық пен мықтылық, тоңмойындық пен елгезектік, зинакорлық пен зияттық сыйылды жұмыр бастыға тән қылық-әрекеттердің иелері болып жүр. Сонда ақын жүргегі сезімталдықпен жамандықтан жақсылыққа қарай, тастұнек-

тен сәулеге қарай бұрылып тұрады еken. «Қалса еken нәрім ауамда, мына даламда, түспесе еken көленкем тірі адамға». Екіталаі өмір шайқасында оның ешкіемер кесірткедей өнін өзгертетін қуыс қеуделерге, тоғышарлыққа, бойкүйездікке, жандайшантар мен дангойларға енжар, ездерге жаны қас. Ақын салыстырмалы түрде адамдар арқылы өзін, өзі арқылы адамдарды жіті зерттепті. «Алдымен зертте мені», соナン соң «Киын не бар адам жанын зерттеуден? Мен келемін өз жаным-ды зерттеумен, бірде аяз, бірде жалын өрт қеудем», одан әрі тагы да: «Басқа жанның жан сырын ұғу үшін, өзімді зерттегенді жән көремін» деп бар ашы ақиқатын жайып салып, терен толғанды. Кім болса да, оның ауыл адамдарын, тіпті қарттар мен кейуаналарды қандай сүйспеншілікпен жырлайтынын байқар еді. Қалжындасып отырып бірге насыбай ататын қарттан («Жұмыстан соң»), «Әулиедегі» ақсакалға дейін бір-бірін қайталамайтын қаншама ақылмандар образы бар. Олардың арасында «Төрт баланы тыныштыққа құрбан ұшп, төрт келінді төрт адамға ұзаткан» (Қандай қасірет!), сонынан көксерке маңырап «күрәнмен қырға асып бара жатқан» шопан, «екі тізгін, бір шылбыр колға ұзатқан» жылқышы аталаr біr дегеннен байырғы танысында kөзге ыстық басылады. Абзal аналар бейнелері де шеберлікпен бедерленеді. Тұған жер топырағын тұмар ұшп тігіп жатқан боз қалтадай «Сонбайді, әже, шырағына» дейінгі бескзат бейнесімен, іс-әрекетімен, мейірбандығымен есте қалатын кейуаналар жаныңа қандай қымбат. Бұлардың бәрі ақын үпін жай көнениң көзі емес, асыл қадір-қасиеттің кениші, өнегелі-тәрбие мен рухы асқаңтықтың кайнары. Халық даналығының сипаты, жарқын жастығының жалғасы, жаныңа қаňармандығы мен сұлулығының алтын сандығы іспеттес.

М.Макатаев үлкен азаматтық өлшемдермен ойлайтын ақын. Жанына жаунардай жиган биік адам танымын ұлғайтып, жеке тағдыр, жеке тұлға арқылы сатылап ел, жұрт, халық деген ұлы ұғымға көтеріледі. «Не сыйлайды, не береді келер күн? Неде болса тірі болсам көрермін. Желідегі құлынымын мен елдің, көгендері қозысымын мен елдің. Не сыйласын, несін берсін ел маған?! Тұрсақ

екен елім де аман, мен де аман», «Күйіншін халқымның, сүйіншін, өз үніммен жырласам деген едім», «Жақсы сөзім – жан игі халқым үшін. Атак қуып, бак қуып, данқ қуып, біреулерден жүргем жок арту үшін», «Сәби-халқым сарыла сыр ақтарам, жалған ой, жасырын күй жырақ маған. Сенің үнің мендегі, сенің шының, сенің ойын санамда тұрактаған», «Ең бірінші бақыттың – халқым менің, соган берем ойымның алтын кенін. Ол бар болса, мен бармын, кор болмаймын, Қымбатырақ алтыннан нарқым менің». Құптігей көніл өстіп ой толқындарын кешіп, жүрегі жарылардай лупілдейді. Ол ен алдымен халқының ары мен намысын, инабаты мен ибасын, ақиқаты мен тазалығын алға тартады. Соны айтып, өзі де жырымыздың ақиқаты мен арына айналады.

Біз Макатаев өнер өмірбаянын ілкіалды сөз еткенде оның бір кезеңіне соктай кете алмайтынымыз кәдік. Ол – ақынның аз-кем уақыт Мәскеуде болған кезі. Мұқағали Тверь бульварь, 25 үйге (М. Горький атындағы Әдебиет институты) барып жүріп, кеудесіне көп нұр күйіп, жадына көп тоқыды. Бұнда А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Н.В. Гоголь, Л.Н. Толстой, А.С. Есенин, В.В. Маяковский және басқалардың іздері сакталып жатыр әлі. Шабытының шанқай түсіне тап болған ол «Түсіме тау кіреді», «Сынық қанат шағалам», «Жүргім – менің жанартай», «Сағындым ғой», «Пушкинмен қоштасу», «Есенин – Маяковский», тағы басқа өрнекті де, көрнекті де өлеңдерін жазды. Сол азғантай күндерде онымен бірге жүріп, бірге тұрғандардың бір парасы Мұқағалиды қимай еске алып, таланттына тәнгі болғанын үнемі білдіріп, аузынан тастамайды. Әйтпесе, Мәскеуді әлденемен таң қалдыра кою мүмкін емес. Ол көз жасына сенбейді. Институт кабырғасында жүрген 5-6 жылда Тәкен Әлімқұлов бастаған бір топ жас аз тұз-дәм татқан жоқтыз. Бірақ, бір мәселенің басы ашық: Дала перзенті құсүйкы қалаға сыймай кетті. Кім біледі, аға әріптесімнің сол көніл күйін тап баса алдым ба, әлде жок па, білмеймін. Макатаев «Мәскеуде» атты өлеңінде былай өрледі:

*Кос ақын мұңдасады, сырласады,  
Бірі – пір, бірі – шәкірт жыр қашады.*

*Кішісінің көз алды сағымданып,  
Бұлың-бұлың алыста қыр қашады.*

*Өзегі – өрт, жсаны – жсалын, козінде – уыт,  
Кілең бір беймазалау сезім қуып.  
Арманы асықтырып тұр тағы да,  
Тоқтайды жазатайым төзім туып.*

*Ол Пушкин алаңында тұр толғанып,  
Күні ертең жиналады жолға анық.  
Тартауды тау өзені тауга қарай,  
Тағдыр – тұлпар тізгінін қолға алып.*

*Өкініп күндеріне кеткен жаңсақ,  
Толайым тілегіне жеткен жсанша.  
Даласына қарлығаш ұшып кетті,  
Шыдамады кеңістік көктемді аңсан.*

*Соры ма, әлде ақынның шығар бағы,  
Сыңар қанат шагала сыңар тағы.  
Москвада жүргендеге Мақатаев  
Сағыныш теңізінен шыға алмады.*

*...Қос ақын, мұңдасады, сырласады:  
Бірі – пір, бірі – шәкірт жысыр қашады.  
Кішісінің көз алды сағымданып,  
Бұлың-бұлың алыста қыр қашады.*

Зады, қырандар самғаған сайын арқаланып, көру нүктесі кенейді. Табиғат тұлпар мен сұңқар тақілеттес, хас ақын да соларға ұқсас. Одакта әдеби ортада болып, Алматыға оралған соң ол біриеше толғау мен поэма, жырлар туғызды. Бұл кезде ақын тіршілік тауқыметтің көп тартып, жаны жүдеп, үлкен жүргегі әлеуметтік әділетсіздікке төзбей, торға түскен арыстандай аласұрып жүрген шағы еді. Менің қолжазбаларымның ішінде М.Мақатаевтың СОКП ОК Саяси Бюросының мүшесі Д.А.Қонаевқа жолдаған хаты мұқият сактаулы тұр. Ол кезінде «Егеменді

Қазақстан», «Жас қазақ» пен «Жас қазак үнінде» басылып, оқырмандар оның мазмұнымен аз-мұз таныс. Қандай қасірет! Азап шеккен ақын өмірді жан-тәнімен сүйе тұрып, бойыкүйездерден бойы сұып, тоғышарлардан туқілгенін ашына айтады. Ақыл-кенес сұрап, қолұшын беруді етінеді. Бұл хаттауда да тек жеке бастың ғана емес, асыл азаматтың ой-толғанысы мен михнатының іздері менмұндалайды.

Мұқагали дәлдүріштерге қасақана қасарғандай, жырдарияның алапат айдынына кен құлаш ұрды. Шапқан сайын үдей түсетін тұлпардай тынысы ашыла түсті. Такырыбы теренде, ішкі мазмұны байығанына талай куәгер болғаным бар. Бұл аралықтағы туындыларды (кай жаңрда болсын) шын мәнінде шабыттың шырқау шынына шамырқанып шыққан суреткердің дара қызық колтаңбасын танытып, жан шынырауынан түзілген жаунар жырлар ыстық жүрекке тынымсыз жол тауып жатты. Мұқагалидың мақамды лирикасы анда-санда сөз болып жүргенмен, эпикалық шығармалары қазақ поэзиясыны үшін әлі зерттелмей жатқан тын – түрен түспеген тың. Табиғат талақ еткен жан қасіретіне құрылған «Аққұлар үйіктағанда» мен өмірсүйіштік рух өрнегіндегі, ұшқынындағы «Өмірдастан» поэмалары, тарихи сезім мен бүгінгі таным ұштасқан «Шолпан» мен от жүректің одасындағы «Отаным, саған айтам!» толғаулары жеке-жеке пікір пайымдатып, арнайы қадалып, сөз айтуды керек етеді.

М.Макатаев қазақтың қазіргі мен келешек поэзиясының арасына нұрлы да сырлы көпір тұрғызып жалғастыра беретініне дай жоқ. Оның ар жағында өз кол күші, азы мандай тері, ақыл азабы мен көкжиегі көтерген жыртауы көз ұшында биіктей береді. Оның санқылдаған даусын сағынып есітетін боламыз. Мұқагали қазақ ақындары әuletінің үркөрдей аз тобына іні, біразына замандас, ал, көбіне аға еді.

Ол:            *Айтылған жоқ өмірге ғашық әнім,*  
*Қашан айтам, қашан мен басыламын??!*  
*Айта алмай қалам ба деп ашынамын,*  
*О, Муза!*  
*Мен бір жаққа асығамын,*  
*– деп тіршілікке беймаза үн қатып тұрғандай әлі.*

## Ұлы ақынға — ұлағатты пікірлер



**Мұхаметжан ҚАРАТАЕВ:**

*Мұқағали ер ақын egi, ересен ақын egi, ерекше ақын egi. Себебі, тұра айтатын әділдігімен, батылдығымен ер egi. Тауып айтатын қасиетімен ересен egi. Таптырмайтын ерлігімен ерекше egi.*

**Фариза ОҢҒАРСЫНОВА:**

*Мақатаев бұл жалғанға қалдырған жарық сөule — жырлары халқының басын құrap, елдік пен бірліктің, рухани тұстастықтың байрағына айналып отыр.*



**Мұзатар ӘЛІМБАЕВ:**

*Мұқағали поэзия сарайының есігін өзі еркін ашып төрлеđi, жыл асқан сайын өрлеđi...*

Мұқағали МАҚАТАЕВ

ЕЙ, АҚЫНДАРДЫң ЖАРЛАРЫ

Ей, ақындардың жарлары!  
Ақын деген табиғат қой,  
Қысы, күзі, жазы бар.  
Көктемі шуақты,  
Аймала да, ақыныңды жазып ал,  
Кеше біреу жылатты.

Ақындарың бұлттанғанда сөкпендер,  
Нәсерлесін бір керім.  
Ақын жасын абайландар, төкпендер,  
Көзелерге құйындар да,  
Сіміріндер, күндерім!

Ақындардың жалғыз тамшы жасынан,  
Жанға шипа табылар.  
Себебі онда адам ұлы бас ұрған,  
Адалдықтың нәрі бар.

Ей, ақындардың жарлары!  
Бақыт деген бастарыңдан  
кете алмай жүр айналып.  
Кете алмай жүр, қона алмай жүр,  
бастарыңа байланып.  
Әне, ақының келе жатыр,  
ұлангайыр пайда алып.  
Ұланасыр ойланып,  
ұланасыр қайғы алып.  
Кешіріндер, ақын деген,  
міне, осындай бай халық.

Өлеңді қай жерден іздеу керек деп мойын созудың кейде  
қисыны жоқ, Айналаның бері өлең. Көкіректің көзімен  
қараған талант оны қүнде көреді. Құллі дүние жырдың  
көк теңізіндей болып шалып тұр. Аспан да, жер де, ағаш  
та, шөп те күбірлеп өзара сөйлеседі. Бұл – тіршіліктің  
мәңгілік дыбысы. Оны ести алатын құдіретті қабілет

иесі – ақын. Ақынға толқын-толқын ырғакты ақ қағазға айныштай түсіру міндеттін ойдағыдан атқарады, ақадал парызын мінсіз орындаіды. Мұқағали қасиеттерін қарастырганда, біз оның осындағы ерекшеліктеріне тәнні боламыз. Ақынның әр шумағында терең мазмұн, шебер қысын, өзіне қарай тартып тұратын тіл сұлулығы үлак тұнбасындағы мөлдіреп тұр.

Сіз Мұқағаның: "Ей, ақынның жарлары!" деген өлеңін оқыған шығарсыз. Қайталап тағы оқыңызшы. Небары төрт шумақпен шектелген жырда ұшан-теңіз әңгіме бар. Нагыз ақынның қандай екені, қандай болып жаратылғаны көзіңізге елестейді. Сол шындықты ең алдымен ақынның өмірлік қосағы жаңымен, жүргімен қапысыз түсінсе екен дейді. "Ей, ақынның жарлары!" – соларға арнап үн қатқан жүректің мөлдір толғанысы.

"Ақын деген табиғат қой, қысы, күзі, жазы бар. Көктемі бар шуақты". Дұрыс айтады, теңеуі қандай нық! Оның сезімі бүршік атып гүлдеген шақта, райхан гүлдерінің иісіне мас болып, асыл арманға жеткендей рахат күйге бөлениесіз. Ал, жазиралы жазына кездесіп көрдіңіз бе? Раждайып жасыл дүниенің құшарына енесіз. Енді бірде сарғайған ренде еніп, күздің мұңды сағыныштарын шертеді. Ақын көңіл суынғанда ызгарына шыдамай, қалтырайтыныңыз да анық. Осы құбылыстарды тұрақты көріп, күн сайын күә болатын кім? Әрине, ақынның жары.

Ақын жары болу оңай міндет емес, ол ақын табиғаттың тамырын басатын танушысы, қолдаушысы әрі қорғаушысы. Солай болса екен дейді Мұқағ. Қасындағы адам өлең жазарда ақындық образға еніп, жыр әлемін кезгенде, оның шығына қонған шабыт құсын үркітіп алмау – ақынға жасаған жақсылықтың ең қасиеттісі. Нагыз өлең осындағы құбылыстардың нәтижесінде күнсіз сәбидей болып дүниеге келеді. Өлең – нәрестенің кінгірін кесіп, оны жәргекке орап құндақтау да сенің міндеттің, ақынның жары. Ақынмен өмір қосудың қызығы да, қыындығы да осында. Ол өзгермейтін заңдылық.

«Ақындардың жалғыз тамшы жасынан жанға шипа табылар. Себебі, онда адам ұлы бас үрған адалдықтың нәрі бар!». Дүниеге жыр перзенті – ақынды аяйтындар аз. Неге дейсіз бе? Егер ақынды аяса әділдік пен шындықтың жолы үнемі болуы тиіс қой. Осыған келгенде, кекірігі азған пендениң кежегесінен бір нәрсе кейінге қарай тартады да тұрады. Күнімдіктің қолдың кіріндей буы дес бермей, құдайдан қорықпай, ұятты қанжығаға байлап алжасатынымыз бар. Мұндай жағдайда пенделерді аяп періштeler жылайды дейді. Періштемен бірге ақын да жылайды. Ақын жасының парқын біліп, «көзелергс құйып, сімірген» жарғана қайраткерлік рухқа ие.

«Келеді әне, ақының ұлан-асыр ойланып,  
Ұлан-асыр қайғы алып,  
Ұлан-асыр пайда алып!

Кешіріндер, ақын деген міне, осындағай бай халық!». Менделеев таблиқасында бәрі бар. Сол сияқты, ақын бойында да бәрі бар. «Оның кешегісі – бүтінгі, бүтінгісі – ертеңгі», – деп Фабаң, Фабит Мұсірепов ақын табиғатына ғажапмінездемені бекерденбекерберген жоқ. Шынтуаіттына келсек, ақын жары – нағыз байлықтың иесі, ұлы кеніштердің мұрагері. Түбінде шаңырағын інжу-маржанға толтырып, үйін салтанатты сарайға айналдыратыны анық. Шатасып қалмаңыз, бұл – өлеңші емес, нағыз ақынның еншісіне ғана бұйыратын мәңгілік тағдыры.

Мұқаң осынау философияны сыйымдап отырып небары төрт–ақ шумаққа сиғызыған. Қолымыздан келгенше соны тарқатып қарайық. Ақын жырын ұлken дайындықпен, зор ынтаамен, терең зердемен оқығаныңыз дұрыс.

## Жанболат АУПБАЕВ

Қаламы қарымды журналист. Қазақстаниң еңбек сіңірген қайраткері. Қосемсөз шебері. «Ашылмаган аралдар» сериясымен жағзған кітаптары оқырмандарды сүйіндіруде.

«Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы, «Мұқагали» журналының азқа мүшесі.



## «РАЙЫМБЕК! РАЙЫМБЕК!» ДАСТАНЫ

«Лениншіл жаста» қалай жарық көрген еді

Караша айы. 1981 жыл. “Лениншіл жас” газетінде жұмыс істеп жүрген кезім еді. Қабылдау бөлмесіндеңі қызы редактор Сейдахмет Бердікұлов ағамыздың шакырып жатқанын айтты.

Бастықтың бөлмесіне келіп кіргенімде ол кісі алдындағы әлдебір қағазға қарап ойланып отыр екен. Аман-саулық сұрасқаннан кейін: “Мынау Мұқан, Мұқағали Мақатаевтың “Райымбек, Райымбек!” деп аталатын тын туындысы”, – деді жеткірініп қойып.

Мына сөзді естігенде танғалып, жүрегім атқаңтап қоя берді.

– Ол кісі шынымен сондай шығарма жазып қалдырып па? – дедім мен сол сэтте не айтып тұрганымды өзім де түсінбей.

– Жазып қалдырған, – деді менің анғыртқа үшып тұрганымды жактырмадан Сәкен. – Жазып қалдырған сон, алдымызда тұрган соң айтып тұрмыз ғой. Ал мұны жариялау үшін ойлану, көп ойлану керек болды. Реті енді келгендей. Өйткені бұл шығармада байланысты біз академиядан пікір сұратқанбыз. Ол қағаз да келді. Міне, қолда тұр. Енді тек...

Сейдахмет ағаның: “Енді тек” деп барып тоқтай қалғаны мына мәселеге байланысты болып шықты.

Дастанға алғысөз жазып, оны тарихи негізбен дәйектеген Қазақ ССР Фылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының бөлім менгерушілері Халел Арғынбаев пен Кенес Нұрпейісов екен. Редактордың пікірінше мұнда бәрі бар, бірақ, газет үшін екі нәрсе жетінкіремейді. Атап айтқанда, оның біріншісі, ғалымдар әкелген алғысөздің академиялық стилемен тым сірестіре жазылып, қасанданып тұргандығы да, екіншісі мұндағы саяси реңктің жетімсіздігі. Сәкенің айтқаны, мен осыларды түзеуім керек екен. Атап айтқанда, аннотация-алғысөзді алдымен “Лениншіл жастың” стиліне салып, публицистикалық пафоспен желдіртіп, желпінте жазып шығуым қажет. Содан соң онда сол кездегі атап өтілейін деп жатқан даталы оқиға – Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуының 250 жылдығы міндетті түрде көрініс тауып, ғалымдардың алғысөзіндегі бар факт – Қангелді, Сатай, Бөлек батырлардың орыс патшайымы Анна Ионовнаға хат жолдауы мәні зор мәселе ретінде саяси реңкпен айтылып өтілуі тиіс.

– Поэманың газетке жариялануына жол аштын да, ол жарық көрген соң бізді түрлі қоқан-локыдан корғайтын да осы екі нәрсе, – деді редактор дастан мен алғысөздің мәтіндерін қолыма ұстатьп тұрып. – Сондықтан бар өнерінді салып, әдемілеп жаз.

Бөлмеме келген соң поэманы, окуға отырдым. Керемет әсер етті! Ғаламат бір сезімге бөлендім! Сол алғашқы окудағы әлі күнге дейінгі есімде калған жәйт, маған поэма аяқталмай қалған шығарма сияқты болып көрінді. Содан соң ғалымдардың жазып, академияның мөрін басып тұрып әкелген екі беттік алғысөзімен танысуға отырдым. Ақыры не керек, бір күннен соң тәмендегідей аннотация-алғысөз дүниеге келді.

“Зымырандай зулаган жүйрік уақыт күн санаң бізді үлken бір қуанышты оқиғаға – Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуының 250 жылдық мерекесіне жакындатып алып келе жатыр. Екі халық арасындағы ғасырлар аскарынан асқан осы ұлы достық датасы ақ пейілмен аталаып өті-

лер мезетте қай-қайсымыз да болмасын мына бір мәселеге ерекше мән беруге тиіспіз. Ол – осы тақырыпқа қатысты тарихи оқиғаларға барынша байыптылықпен көніл бөлу, ұлы достыққа дәнекер болуды аңсаған, соған алғышарттар жасауға талпынған жандар есімін ұмыт калдырмау, оларды бүгінгі ұрпаққа қадери-халінше таныстыру. Танымдық сипатпен баяндалар тарихи негіздегі мұндай фактілер бізде жеткілікті деп айта аламыз.

Алымды ақын Мұқағали Мақатаевтың бүрын оқырмандармен жұздеспеген “Райымбек, Райымбек!” атты туындысында жоғарыдағы жай – Қазақстанның Россияға өз еркімен косылар карсанындағы құрмеуі көп күрделі бір кезең драмасы зерделілікпен көрініс тапқан. Олай дейтініміз, поэманиң басты кейіпкері Райымбек және осы шығармада аты аталатын Қангелді батыр тарихта болған адамдар. Қангелді, XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде жоңғар басқыншыларына қарсы құресте аты шығып, 1733 жылы Төле би, Сатай, Бөлек батырларымен бірге Россия патшасы Анна Ионовнаға Ұлы жұз қазактарын өзінің қоластына алу жөнінде хат жолдаса, оның немересі Райымбек халық арманы – сол достық жолын одан әрі жалғастыра түсken.

Райымбек пен Қангелді батырлар жайындағы қыскаша мәліметтер «Қазақ Совет Энциклопедиясының» 9 және 11-томдарында бар. Ал, Ұлы жұз қазактарын Россия қоластына алу туралы Қангелдінің қолы қойылған өтініш хат 1961 жылы Казак ССР Ғылым академиясының баспасынан жарық көрген “Казахско-русское отношения в XVI-XVIII вв” деген документтер жинағында жарияланған.

Ақын М.Мақатаев біз сөз етіп отырған өзінің бұл шығармасында жоғарыдағы тарихи мәліметтер мен халық арасында сақталған деректерді екшей отырып, Райымбек өмірінің бастапқы кезеңін сол уақытқа, сол кезенге тән оқиғамен баяндаған. Кен ауқымда жазылмақ болған поэманиң көркемдік касиеттерін әдебиеттанушылардың үлесіне қалдыра отырып, біз мұндагы өмір бояуы, тарихи оқиғалар сол кездегі заман шындығына сай бейнеленген деп

айта аламыз. Халықтың сүйіктісіне айналған ақынның тың туындысы оқырмандарының жүргегінен жол табары анык. Қазақ ССР Ғылым академиясы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының бөлім менгерушілері: Х.Арғынбаев, тарих ғылыминың докторы, К.Нұрпейісов, тарих ғылыминың докторы, профессор».

Ғалымдардың атынан қайта жазылған осы алғысөзді оқыған Сейдахмет аға ондағы бұдан бір күн бұрын өзі айтқан екі мәселенің орындалғанына қоғілі толды ау деймін: “Саяси ренқ беруің сәтті шығыпты. Бәрі бір-бірімен жымдасып тұр. Енді аннотациядағы осы “достық қалпағының” астына дастанды орналастыруға күш салайық”, деген екі-үш ауыз сөз айтты да материалға қолын қойып баспаҳанадағы терімге жіберді. Міне, осы вариант еш өзгеріссіз үш нөмірге болініп басылған поэманың 29 қараша күнгі алғашқы тарауымен газетке шықкан еді.

Мен бұл тақырыпты жылдар өткен соң неге еске түсіріп, неге тәптіштеп жазып отырмын? Оған екі нәрсе себеп болып отыр. Бірішісі, бүгінгі үрпақ қазір аттары еш киындықсыз еркін аталып жүрген Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай бастаған казақ батырларының есімдерін айтудың осыдан 25 жыл бұрын қандай киын болғанын білсе екен деймі. Оның нақты мысалы жоғарыда біз баяндап отырған Райымбек баба туралы дастанға жазылған алғысөздегі саясат араластыру мәселелері.

Екінші, осыдан 4 жыл бұрын Алматы облысының Нарынқол өңіріндегі атақты Шәлкөде жайлауында ақын Мұқағали Мақатаевтың 70 жылдық тойы өтті. Ашық аспан астында орнатылған мінбеде сөйлеушілер өте көп boldы. Сонда есімі елге белгілі жазушы ағаларымыздың бірі: “Мұқағали Мақатаевтың “Райымбек, Райымбек!” дастанын баспасөз бетіне шығаруға мұрындық болған азамат – Сәрсенбі Дәуітов. Ол Қазақ ССР Ғылым академиясының сол кездегі вице-президенті, академик Ақай Нұсіпбековке кіріп, поэма туралы пікір жазғызып алып, “Лениншіл жасқа” апарып беріп, ғалымның сол

алғысөзімен Мұқағали Мақатаевтың батыр баба туралы туындысы жарияланды”, – деп қойып кеп қалды. Мына сөзді естігенде біз не дерімізді білмедік. “Жоқ, олай емес!”, – деп айғай салуға той үстінде ұят. Осылайша іш қыстамыз ішімізде қалған жай бар.

Енді сол қателікке баба тойы қарсаңында кеш те болса уәж айтуға тұра келіп тұр. Мәселенің мәнісі мынау. Бірінші, ақын Мұқағали Мақатаевтың “Райымбек, Райымбек!” поэмасын газетке шығаруға мүдделілік танытқан да және соған қатысы бар жауапкершілікті мойнына алған да ол – “Лениншіл жастың” сол кездегі редакторы Сейдахмет Бердіқұлов. Одан басқа ешкім емес. Рахмет айтсақ, осы ағамызға рахмет айту керек. Екінші, ғалым Ақай Нұсіпбеков ешuaқытта поэмаға алғысөз жазған емес және ондай түсініктеме жастар газетінде академиктің атымен жарық көрген жоқ. Алғысөзді тәуекел деп жазып, оған қолдарын қойып алып келген сол кездегі тарих ғылымдарының докторлары Халел Арғынбаев пен Кеңес Нұрпейісов. Оған осы кіслердің менің қолымдағы академияның мөрі басылған алғысөз тексі мен 1981 жылдың 29 қарашасы күнгі “Лениншіл жастағы” аталмыш авторлардың фамилиясымен берілген аннотация күә.



Farifolla ECIM

*Философия ғылымдарының докторы, ақадемик КР Парламенті Сенатының депутаты. Абайтануга үлкен улес қосқан қаламгерлердің бірі. Адам және қоғам туралы толғаулары оқырмандарынан жақсы баға алды.*

*Сонымен қатар, Мұқағали шығармаларының астарына үзіліт, жысыр қазынаның асылдарынан философиялық ой түйіп келеді.*

## «ДІН – ҒЫЛЫМНЫҢ АНАСЫ» Мұқағали жырының философиялық сырь

Бұл Мұқағали Мақатаевтың өткен ғасырдың 70-ші жылдары жазған өлецінің алғашқы жолы. Ол заманда атеизм (дінсіздіктін идеологиясы) мемлекеттің саяси қызметін атқарғаны көпшілікке белгілі. Дінді ғайбаттап сөз сөйлеу кеңестік мәдениеттің бір өлшемі болатын. Қоғамдағы саяси ағымға сай, ақындар да дінді сынап жазуды дәстүрге айналдыра бастаған. Сол «Құдайсыз заманға» тап болған үрпактың өкілдерінін бірі – ақын Мұқағали Макатаев еді, бірақ оның сөзі өзгеше болды. Жоғарғы жақтағыларға дінді қаралап жазса ұнайтынын, марапаттарға ие болатынын ақын білді. Алайда Мұқағали ол жолға түспеді. Жаны жаралы болып, дүйім жүрттың ішінде жалғызысырап, сергелденде жүргенде тұла бойына, табиғи болмысымен енген мұсылмандық нұрын шашпай-төкпей сақтап, ешкімге ұқсамайтын дін туралы езінің формуласын ұсынды, ол дінді ғылымның анасы деген даналықтың үлгісі еді.

Мұқағали өмір сүрген кезде дін ғылымының анасы емес, керісінше ғылым діннің «көкесі» атанып, материализмнің дәуірлеп тұрған тұсы болатын. Мұны қазіргі елуден асқан үрпак өкілдері жақсы біледі. Асылы материализм мен ғылым кебіне-көп бірге жүретін феномендер. Ғылым деген миф емес, ол айқындықты нақтылы тәсілдерге

негізделген дәлелдемелерді кажет етеді. Олай болмаса ғылым болмақ емес. Ғылымның осындай халі, әрине, дүниеге материалистік түсініктер жүйесінің калыптасуын талап етпек. Бұл ғылыми үрдістегі қалыпты жағдай. Ғылымсыз дүние көркін түсінбек түгіл, болжau мүмкін емес. Сондыктан ғылымды дінге мұлдем карсы қоюшылық нәтижелі іске бастамайтыны, ақын Мұқағали Макатаевқа белгілі жай болғанымен, ол социалистік қоғамға жат түсінік болатын.

Ғылым болмыстың ягни, барлықтың заңдылыктарын танып-білуші. Ғылым Жаратушының жаратқандарын зерттейді, оларды жеке-жеке талдайды (классификация жасайды), типологиясын анықтайды, оны арнайы пән арқылы қарастырады. Ғылымның аса қарқындылығының мұсылмандық терминологиясына салсак пендешілікке түсіп кету қаупін үнемі де мүмкін етіп отырады. Ғылымның, технологияның ғажап жетістіктері, әрине, адам білімін дін білімінен жоғары қоюға негіз болатыны адамзаттың өмір сүру тәжірибесінен белгілі болып отыр. Осындай ғылымның қарқынды үрдісіне сай келетін философиялық формасы – материализм. Осы дүние таным кеңестік заманда атеизмге ұласты. Атеистік мәдениет совет халқының өмір сүруінің рухани кеңістігіне айналды, ал Мұқағали болса, жердің тарталис заңын бұзып шығып орбитага көтерілген космонавтардай, заманың рухани кеңістігінде «тарталис заңын» бұзып, дін ғылымның анасы деген биік санаға көтерілді. Алтының қасиеті сол, ол кайда болсын, мейлі күл-коқыстар астында жатсын, өзінің саф тазалығын сақтайды, ол сонысымен алтын. Ол аталуымен емес, өзінің затындағы тазалығымен – алтын. Мұқағалидың дін мен ғылымға қатысты ойлары осы метафораға тікелей қатысты. Кезінде еркіндеу жүрген ақынның аузынан мұндай терен сөздің шығуы, әрине, оны жадағай түсінгісі келгендерге танкаларлық іс болып та көріну ықтимал, ал оның ақындық қасиетіне қанық жанға, ол түсінікті хал болса керек деген пікірдемін. Ақындық ізгіліктің белгісі.

Табиғатында періштелік болмысы болмаган жан ешқашанда ақын болмақ емес. Мейлі томдап өлеңдер

жаз, бірақ табиғатында періштелігі болмаса ол әшейін сөз кұрастыруши. Сондықтан ол мәселенің күретамырын дөп басып:

*Дін – ғылымның анасы,*

*Дін – ғылымның экесі,*

*Дін – ғылымның көкесі,*

– деп тұжырым жасаған.

Салыстыру білімнің бір тәсілі, бірақ жаратылыстың кереметтілігі сонда дәлме-дәл, бір-бірінен айнымайтын ешнәрсе жок, әрбір жанды нәрсениң тек озіне тән мері бар. Солай бола тұра, білмек үшін салыстырып жатамыз, салыстырғанда «өлшем ақсан жатады» деген орыс мәтәлі осыдан шықса керек. Осы салыстырма тәсілін қолдана отырып, Мұқағалидің «дін – ғылымның анасы» деген формуласын ғұлама ақындар айтқандарымен салыстырсам, есіме физик Альберт Эйнштейннің мына бір сөздері оралады.

Альберт Эйнштейн ғылым мен дін туралы көптеген құнды пікірлер айтқан адам, ол әсіресе, діни сезімді, оның тегін ғарыштық құбылыс деп қарастырып отырып, дін мен ғылымның табиғи бірлігі туралы айткан, осы сөздердің дәлелі ретінде физик-ғалымның өзі айтқан ойларынан үзінді көлтірейін: «Мне вполне понятно Ваше упорное нежелание пользоваться словом «религия» в тех случаях, когда речь идет о некотором эмоционально-психологическом складе, наиболее отчетливо проявившемся у Спинозы. Однако я не могу найти выражания лучше, чем «религия», для обозначения веры в рациональную природу реальности, по крайней мере той ее части, которое доступна человеческому признанию. Там, где отсутствует это чувство, наука вырождается в бесплодную эмпирию. Какого черта мне беспокоится, что попы нааживают капитал, играя на этом чувстве? Ведь беда от этого не слишком велика.

(Письма к Морису Соловиоу).

Альберт Эйнштейн. «Собрание научных трудов» Москва, 1967, «Наука», стр. 564.

Эйнштейн: – Не думаю, чтобы высказания Вами концепция религии была очень глубокой. Истинно великие религиозные люди исходили совсем из другой концепции.

Салливэн: – Но Вы, профессор, согласны с тем, что Достоевский является великим религиозным писателем?

Эйнштейн: – Согласен.

Салливэн: – Мне кажется, что основная проблема, рассмотрением которой он занимался, – это проблема страдания.

Эйнштейн: – Я не согласен с Вами. Дело обстоит иначе. Достоевский показал нам жизнь, это верно: но цель его заключалась в том, чтобы обратить наше внимание на загадку духовного бытия и сделать это ясно и без комментариев. При таком подходе никакой проблемы не возникает, и Достоевский никакой проблемы не рассматривал.

«Альберт Эйнштейн. «Собрание научных трудов» Москва, 1967, «Наука», стр.164).

Эйнштейн: – Если говорить о научной истине в целом, то необходимо развивать творческие способности и интуицию. Все задание научной истины можно возвести из камня и извести ее же собственных учений, расположенных в логическом порядке. Но чтобы осуществить такое построение и понять его, необходимы творческие способности художника. Не один дом нельзя построить только из камня и извести. Особенно важным я считаю совместное использование самых разнообразных способов постижения истины. Под этим я понимаю, что наши моральные наклонности и вкусы, наше чувство прекрасного и религиозные инстинкты вносят свой вклад, помогая нашей мыслительные способности прийти к ее наивысшим достижениям. Именно в этом проявляется моральная сторона нашей натуры – то внутреннее стремление постижение истины, которое под названием *amor intellectalis* так часто подчеркивал Спиноза. Как Вы видите, я полностью согласен с Вами, когда Вы говорите о моральных основах науки. Но обращать эту проблему и говорить о научных основах морали нельзя.

(Альберт Эйнштейн. «Собрание научных трудов». Москва, 1967, «Наука», стр.166).

Нетрудно понять, почему церковь различных направлений всегда боролась с наукой и преследовала ее приверженцев. Но,

с другой стороны, я утверждаю, что космические религиозные чувство является сильнейшей и благороднейшей из пружин научного исследование. Только то, кто сможет по достоинству оценить чудовищные усилия и кроме того самоотверженность, без которых не могла бы проявиться ни одна научная работа, открывающая новые пути, сумеют понять, каким сильным должно быть чувство способнос само по себе вызвать к жизни работу, столь далекую от обычной практической жизни. Какой глубокой уверенностью в рациональном устройстве мира и какой жаждой познания даже мельчайших облеской рациональности, проявляющейся в этом мире, должны были обладать Кеплер и Ньютон, если она позволила им затратить многие годы упорного труда на распутывание основных принципов небесной механики! Тем же, кто судит о научном исследовании главным образом по его результатом, не трудно составить совершенно неверное представление о духовном мире людей, который, находясь в скептически относящемся к ним окружении, сумели указать путь своим единомышленникам, рассеянным по всем землям и странам. Только тот, кто сам посвятил свою жизнь аналогичным целям, сумеет понять, что вдохновляет таких людей и дает им силы сохранять верность поставленной перед собой цели, несмотря на бесчисленные неудачи. Люди такого склада черпают силу в космическом религиозном чувстве. Один из наших современников сказал и не без основания, что в наш материалистический век серьезными учеными могут быть только глубоко религиозные люди.

(Альберт Эйнштейн. «Собрание научных трудов». Москва, 1967, «Наука», стр.128-129).

Шынында, неліктен дін – ғылымның анасы болмак, мәселенің ақиқаттығы сол ма, әлде бұл поэтикалық метафораған ма? Осы жайға қысқаша түсінік берейік. Біріншіден, тарихи жағдайға қатысты айтсак, дін біздің қазіргі лексикамыздағы қолданып жүрген ғылымнан бүрын болғаны шындық. Ерте замандарда дін мен білім жеке-жеке белінбеген. Білімді, сауатты, ғұлама адамдар дін кеңістігінде, дін қызметінде болған. Мұндай жағдайға дәлелдерді көне Египет, көне Үнді, Қытай, Грек, т.б. өркениеттерден кездестіруге

болады. Бұл үрдіс еуропалық өлшемдердегі жаңа заманға дейін сақталып келді. Айталақ, Тибет ламалары, католик монахтары, сопылық ағымдағы дәруіштер, т.б. мысалға келтіруге болады. Ғылымның діннен бөлінуі, негізгі жаңа заманнан басталады, оны еуропалық дәстүрде секуляризация деп атайды. Бұл уақытта шіркеу мемлекеттен бөліне бастады, зайырлы дәстүрдегі университеттер калыптаса бастады. Ғылым дінсіз жетілуіне мүмкіндік алды. Ғылыми жаңалықтар Жаратушының ақиқаттығынан, оның жок екендігін дәлелдеу жағында болды. Мұны ғылымдағы романтикалық заман деуімізге болады, яғни ғылым дін аясынан шығып, енді оған қарсы қуатты құшке айнала бастады.

Екіншіден, дін ғылымның атасы дегенді қазіргі түсінікке салсақ, айтарым жоғарыда Альберт Эйнштейн айтқандай, ғылым Жаратушының жаратқандарын зерттейді. Бұл мәнінде ғылым дегеніміз Жаратушымызды танудың жолы. Ғылым жолы Алланы тану жолы. Барлықтың қасиеттерін, зандылықтарын, кереметтігін ашып, оны адамзат иғілігіне айналдыру ғылым мен технология ісі, бірақ ғылым табигатында шайтанның барын естен шығармауымыз керек. Ғылым болмысында тәқаппарлық, эгоизм бар, оның болуы да түсінікті, себебі ғылым барлықтың, Жаратушы жаратқан байлықтың (нығматтардың) кереметтін ашып, адамзатты таң-тамаша қалдырып отырады, атом қуатын пайдалану, ғарышқа ұшу, Айға ұшып барып, қайта оралу сияқты кереметтер. Мұның бәрі Алла ісі емес, адам ісі деген түсінік қалыптасып, Жаратушы идеясы сырт қалып отырғаны да көпшілікке мәлім. Мұқағали болса, осы керемет феномен ғылымның анасы да, экесі де дін дейді. Сонда дін дегеніміз не? Менің пайымдауымша, дін адам мен мінсіз болмыстың табиғи байланысы туралы – сана. Адам болмыстың «тұтқыны», ол туады, өседі, ақыры өлееді. Одан өзге тағдыр адам баласына бұйырмаған. Адам өз болмысын жеңе алмаңды, сондықтан мифте, әдебиетте, дінде – Тағдыр деген ұғым бар. Тағдырды жену адамға мүмкін іс емес, себебі оның екі сипаты бар, бірінші адамның еркінен тыс табигаты, оны халықтың санада «жазу» дейді. Бұл тағдырдың адамдарға көнбейтін қуаты, екіншіден, тағдырдың адамның еркіне

қатысты жағы, яғии адамның өз тағдырына өктемдігі, ол адам еркіне, қайрат, ақылына байланысты жағы. Тағдырдың адам еркінен тыс жағы – дінге қатысты, ал тағдырдың адам еркіне қатысты жағы – ғылымға қатысты, сондыктан дін ғылымның анасы. Ғылымның куаты Жаратылыстың барлығын, оның кереметтігін дәлелдеді, ол жаратылысты жаратқан жаратушы туралы сана, ол – Дін. Осы тұрғыдан келіп, ақын дін ғылымның анасы деген.


Мұқагали, сол өмір сүріп отырған дәстүрдегідей, ғылым мен дінді бір-біріне қарсы қоймайды. Ол екеуі де қажет деген, бұл кенестік идеологияға мұлдем сыймайтын түсінік болатын. Атеист – коммунистер ғылым арқылы дінді жокқа шығаруды қоғамдық санаға әбден шегелеп тастаған. Діннің бос әуре екенін ғылым арқылы дәлелдейтін мектеп оқушыларына физика, биология сабактарында тәжірибелер жүргізілетін. Әрине, мұндай қарқынды насиҳат өз дегеін берді, жастардан атеистер тәрбиеленді, олар қазір аға ұрпаққа айналды, олардың түсінігінде әлі күнге дейін ғылым мен дін бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар. Осы дәстүрдес марксістік-лениндік философия қалыптасты, оның жолында жүргендерді де әлі азшылық деп айта алмаймын. Расында, ғылым арқылы құдайдың барын дәлелдеу қыын, себебі ғылымның қеністігі өлшеулі әрі шектеулі. Құдай дегенде біз өлшеусіз, шектеусіз шындық, ақиқат туралы айтпактыз, ол ғылымның мүмкіндігінен тыс жатқан мәселелер, сондыктан ақын Мұқагали:

*Кол қусырып құдайга,  
Ғылым мен дін, бірге бар,*

– дейді.

Адамзатқа ғылым да керек, дін де керек, әрине, бұл айтуға жеңіл сөз, ал осы екеуінің үйлесімдігінің табылуы киынның киыны, бар таластар, түсінбеушіліктер осы мәселеде. Ақын, Мұқагали болса, дін мен ғылымның, Жаратушының құдіреті екендігіне еш шүбә қелтірмей, тайға таңба басқандай етіп айтқан мұны ақынның интуициясына негізделген, оның кеменгерлігі әрі болашакты болжай алатын парасаттылығы деп мойындауымыз керек. Біздің дін мен ғылым туралы бүгін айта бастаған сөзімізді, ол 1970 жыл айтып тастаған.

## *Ойлы портрет*



Мұқагалидың ақындық омірін зерттеп, шыгармаларының тақырыбына арқау еткен қылқалам шеберлерінің алғашқыларының бірі – суретші Тоққожас Кожасағұлов. Оның жыр перзентін бейнелеген майлы бояумен жасасған портреті көрушілерді ерекше сүйіндірген болатын. Суретші ақынның ізденіс устінде отырган сәттерін дәл бейнелей алды. Осы шыгармасы үшін Т.Кожасағұлов жастарға арналған «Дарын» Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

Бақыт КӘРІБАЕВА



Қараганды облысы, Жаңаарқа ауданында туған. Белгілі әдебиеттанушы галым. Филология ғылымдарының докторы. Абайтану, Әуезовтану саласына өзіндік үлес қоса білді. Коптеген зерттеу еңбектердің, монографиялардың авторы.

Сол сияқты, Мұқагали мұрасын зерттеуге де үдайы ден қойып келеді.

## МҰҚАҒАЛИ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ИІРІМДЕР

Қазақ поэзиясының аспанына сөнбес жұлдыз жағып кеткен ақын – Мұқағали Макатаев. Соңғы миуытна дейін армансыз жанып өткен ақын. Тағдырымен, ажалмен бетпе-бет келіп сан сайыста оның рухын женгізбеген де сол ой мен сезім күші еді. Бойын женген ажал оның ақылойын, сезімін жаулай алмады. Керісінше, күрес үстінде, әлсіз жүрекпен-ақ ми қатпарындағы сезім сәулесі сырткы өмірдегіден де артық бояумен, өмірден де артық құдіретпен, өзгеше бір ой ағыны тасқындал құйылып жатты. Адам рухын асқақтатқан сол сезім құдіретінен поэзия жаратылады. Ол ақылдан да, әлемдегі бар тіршіліктен де биік өзіне бас игізетін тылсым күш. Мұқағали ешкімнің уысына ілінбеген осы тылсыммен тыныстады. Осы тылсымның сырын ашты. Қазақ лирикасын осы түрғыдан байытты.

*O, Муз,  
Тағдырыма немісің?  
Күрсініп, көкірегім, күйеді ішім.  
Мен сені жаңартам деп келгенім жсоқ,  
Сен мені жарапғансың сүйеу үшін,*

– дегенде ол өнер аруағын армандап отырған жоқ, иық тірестіре катар отыр. Тең отыр. Өлеңдегі реалистік сипат – сол. Ал бұрын поэзияда Муз қашан да романтикалық сипатта жырланатын.

Мұқағалидың поэзиядағы аруағы мен арқасы біздің откендеңі арқалы ақындардан мағыналық та, мазмұндық та жағынан ірге бөле бастайды. Біздегі арқалы ақындар көбіне импровизациялықпен шектелетін. Оның бәрінің жиынтығында Иса творчествосы дара тұр. Ал Мұқағали Исамен тікелей сабактаса алмады. Тамырынан нэр алғанымен өзгеше өнім береді. Мұқағали Абай, Қасым дәстүріне бой ұсынды. Әлем әдебиетінің озық жетістігі кайткенде де ұлттық саианы, ұлттық болмысты жаңалады.

Үнемі жаңара жетіліп отыру – өнер біткенге тән сипат. Дүние жүзі мәдениеті тек осы жолмен ғана жетіліп келеді. Шындала тазарып келеді. Ендеше, Абай арқылы жер бетіндегі дария мұхиттар мен ұлттық жыр бұлағының жалғасуы да заңды күбылыш еді. Мұқағали осы мектептің түлегі. Халық поэзиясының бар құдіреті шоғырлана келе дара тұлға арқылы жарқырай көрінетіні бізге өнер тарихынан мәлім.

Ал, Мұқағали бұлардың биігіне қай тұрғыда көтеріле алады. Осыны кім біледі? Абай мен Пушкинің тұғызған тарихи кезең ұксас. Әлбетте, поэзия тарихының кезеңі. Өсіп-жетілу эволюциялары ұксас. Яғни, объективтік-субъективтік жағдайлардың толысып пісуі бірдей. Міне, ғасырда бір рет туатын бірегейлер осылайша тарихи үндес еді.

Жоғарыда да айттық, Абай, Пушкин, Лермонтов творчестволарын жетік білу арқылы казак поэзиясын Еуропа мәдениеті деңгейіне көтерді. Жаңа сапа енгізді. Талант қуатының қайнар бұлак көзін тапты. Алайда, бұл ұлы тұлғалардың ақындық сыр-сипатының барлығы бірдей еді деген сөз емес. Сөз саптаудағы ұлттық ерекшелікті айтпаған күннің өзінде талғам, ойлау мәнері поэзиядағы ішкі ырғак тұрғысынан екі ақынның өз ерекшелігі жеткілікті. Ол өз алдына сала.

М. Мақатаев творчествосының бастауы да осы жер. Оған Пушкин мен Лермонтов емес, «қазақтың қара өлеңі құдіретім» дегізіп отырған да солардың мәдениет биігін игергендігінің белгісі деп қарасты болады. Неге десеніз, казақтың қара өлеңі бұрын бұлайша ой мен сезім кілтіне

реалистік жолмен көтеріле алған жок-ты. Жазба әдебиеттің Абай дәстүріндегі сұнғыла тұлғасы Макатаев еді деу сондықтан. Поэзиядағы ой мен сезімнің кемелдік алуы, егіз ерімдей бір-бірімен астасуы, өзгеше бір бусана, бұла күш танытуы – субъект тегеуірінен хабар береді. Абайдан да, Пушкиннен де енші алатын тұс – осы тұс. Әбекен Абай мен Мұқағалидағы талант күшін Пушкинмен тым жалпы мағынада салыстырады. Ал, шын мәнінде олардың іштей үндестік жақтары да бар. Дүние қабылдау, бағалау, айту тәсілі жағынан бұлар бір-бірімен рухани туыс. Ақын өз ойынан қаншалық сезім кешсе, телегей-теніз сезімнен ой түйеді. Осыдан оның рухы асқартайды. Сөйтіп, адам пешенесіне біткен сезім атаулының кульминациялық нүктессіне көтеріледі. Яғни, өнерге, поэзияға тән сезімдік сатыға жетеді. Сейте-сейте субъект объектіге айналады. Мұқағали творчествосы осылардың толық айғағы.

Оның сол ойлы сезімі – бір өмір. Ғұмыр кешесін, тыныстысын. Ой мен сезімді бұл жерде бөліп тастай алмаймыз. Сезім күші ме, жок әлде қызулы сезімнің тұтануына ой түрткі ме? Ажырату қыын, қажет те емес сияқты. «Бейуақ інірдегі көніліме күй болып күніреніп енші далам» деген жолдарда ақынның сарғая күткен сағынышынан ғөрі уыздай ақ махаббаты басым. Күйректік емес, күррескерлік, мұн емес, жігер фой. Контексте «дала» деген сөзі синехдода қызметін аткарып түр деуімізге тұра келеді. Өйткені, бұл жалғыз сөзге көп мағына сыйып түр. Жалқыарқылы тым жалпыны мензейді. Халық деген ұғыммен ұштасады. Оның тағдырын, өнерін, жайсандығын, асылын, жасырын, ойпандығын, улылығын, кішілігін ақын түгел құшуға әзір. Ақын осының бәріне ортақтасады. Ақын осының бәрін сүйеді. Ақын осының бәрін қылша мойнымен өрге сүйреуге бар. Неткен күш, неткен еңбек, енткен сезім! Ақынның әрбір өлеңі осындай ұлы мақсаттың бір-бір шакпағы. Бірақ ақын сезімін жарияламайды, сезімін шағады.

Өзін өзі қызықтаудан, түсініксіз бұлдырлықтан ақын аулақ. Жүрттап тон-теріс айналмайды. Сондықтан оның әр шапағы анық, айқын, таза халық тілінде жетеді.

*Таныс өлке,  
Таныс аймақ,  
Таныс маң.  
Анау жерде – құрбылармен алысқам,  
Анау жерде – құрбы жсанмен табысқам,  
Алба-жұлба ақша бұлттар жасырысқан.  
Таулар әне үйықтар кеткен даныштан,  
Жолдар анау, шұбатылып шаңы ұшқан,  
Таныс өлке, таныс аймақ, таныс маң.*

Осы жолдарда керемет сурет жатқанымен акын осы жолдар арқылы суреткерлікті мұрат тұтып тұрган жок. «Сүйем» деген сөзді бір рет те естімейміз, бірақ мұнда суреттен сезім басым. Тілдің ұшымен емес жүрекпен сүйген ақынның сезімі де қарапайым, жер бетіндегі адамға тән, түсінікті сезім. Қазіргі көп ақындарымыз «Сүйемсіз» сез сабактамайды, соның салдарынан поэзиядан гөрі өзін өзі жариялау болады да шығады.

Мұқағалидың шынайы ақындығы, поэзиясы осы фонда анық көрінеді.

«Шабындықтар, Егістіктер, Тоғайлар. Төбелердің төбесінде көк айдар. Ақ сағыммен араласып аулакқа, сағым болып бара жатыр көп ойлар» әлгі жолдардың жалғасы. Әлгі сезім шабытқа айналып бара жатыр. Сезім шарықтау шегіне көтеріліп келеді. Бірақ стильде бәлендей өзгеріс жок, бар болғаны сезім қоюланған сайын, сөз маңыздынып барады. Яғни, сезімнің шарықтауы – ойдың бастауы еkenін ақын өзі де айтып отыр. Қашан да биік сезім ойға жетелейді. Сезім ләzzатымен тұншығып калу ақындарда көп кездесетін жайт. Мұқағали поэзиясының кеңістігі кеңи түсетіні сол, шырқау сезімнен ой өріс алады. Қанаттанады. Бұл, эрине, талантты ақындарға тән қасиет. Сол ойды түйіндегендеге барып ақын жаңы тоят тауып, тыныстайды. Ширықкан сезім шешіледі. Көріп отырмыз, шағын өлең күрделі шығармаларға тән композициялық құрылышымен ерекшеленеді. Мына жолдар:

*...Айналайын!*

*Атамекен, Ақ мекен!*

Қандай қазақ ізден сені тапты екен?  
 Туган өлке тәтті екен гой,  
 Тәтті екен!

Шығарманың шешуіне лайық. Лирикалық өлеңде мұның бәрі сезімнен өрбіп жатуы шағын туындыға табиғи рең береді. Яғни, ақын сезімінің ғана құлы емес, оймен тиянақтауға машық.

Мұқағалидың өте көп өлеңдерінде сол биік сезімді жырлау, сол биік сезім билеген күйін шерту негізгі орын алады. Өлеңнің мазмұнын құрайды.

Осы шынайы сезім оның творчествосының соңына қарай алмастай суырыла түседі. Ақынның калыпты, шуак жаздай лирикасы сезімдік драматизмнің шытырман үлгілерін туғызады. Ал, негізінен Мұқағали қайталап айтамыз, ақындықты сүйеді. Реализмге бас ұрады. Бос қиялға берілу, жел сөзге желек арту – ақынға мұлде жат қылық. Оның романтизмі шын мәнінде реализммен қанаттас. Бұл әдістің поэзияда салтанат құруына ақын қосқан үлес мол. Бұл ерекше назар аудараптық мәселе. Оқыған жерде ұмыт қалатын арзан өлең, жалған сезімді өмірдің өзімен суарылған Мұқағалидың бағалы жырлары жер бетінен ысытып тастағандай. Өзі ғана шолпандай сәуле шашады. Өзі ғана зорайып иелік етегіндей.

*Жасырмай ойымды айттым талай-талаій,  
 Қайтейін кетті бәрі қараламай.  
 Айтарын ашып айтқан абайламай,  
 Дарига-ай, Махамбеттер, Абайлар-ай!!!*

– деген қарапайым ғана, ауызекі тілдегі өлең үйқасында терен, ақындық кредо жатыр. Абай, Махамбет мектебіндегі өмір гой ақынның көздел отырганы. Ынтығы да, жыр етері, пір етері де сол өмір. Оның өлеңінің өмір мінездес болуы да содан.

Берікті аспанға атып, аттан салып,  
 Жігіттер, мактандырылған, мактандырылған.  
 Қашаннан қазақ деген сыр мінезді,  
 Мактаусыз да мактансызы жатқан халық, – дегендеге де ақын өмір маңызын көксеп отыр. Поэзия өзін өзі жариялаудан,

жар салудан емес, өмірлік мұрат, түйінді тоқтам екенін теренген үққан ақынның лебізі, реакциясы.

Қысқасы, Мұқағали арқылы қазақ поэзиясы жел сөзден арылды. Жұрт доктан-бардан үйкас құрудың өлең емес екенін түсінді. Мұқағали жырларынан кейін өлең жазу киыннады. Ал таланттар үшін, о, тұман арасынан жаркырап күн шықты! Сөздің ғана емес, ой сәулесі сынғырлап, акку қанаттары қазақ даласын думанды мерекеге бөледі. Шынайы музамен жолығысты. Шын мәнінде ақынның поэтикалық ерекшелігі сөзден гөрі ой ауқымымен киял дүниесінің байлығымен өлшенетіндей.

Ақынның суреткерлік киялы қанша биік болса, сонша дәрежеде оны жер бетіне жақыннатады. Мұқағали сияқты аса дарынды ақынның шабыт көзі де, әсемдіктің нелер сиқырына тартатын құдіретті музасы да аспанда емес, жерде екеніне көз жеткіземіз. Адамның ғана ойлау, киялдау мүмкіндігінің құдіреттілігіне көз жеткіземіз. Иә, өмірдегі әрбір тыныстың бір жұтым ауаның құнына жеткен, бағалаған сирек ақын еді Мұқағали.

Мұқағали – жер бетіндегі адам табынатын қасиеттен ұғым-дүниелердің бәрінен «құдай» жасаған ақын. Туған жер, адам қадірі, ананың да ақ сүті, адалдық, т.б. ең жоғарғы нота тіліне айналады. Міне, осы жерде оның өлең техникасын сөз етуге болады. Поэзияның алғышарты саналатын үйкас мәселесі өз мәнінде ақынның ойлау арсеналына сай. Жалпы өлең техникасына мықты мән берген ақын. Бұл аса үлкен мәні бар мәселе. Өйткені, көркемөнердің негізгі мақсаты – сезімді екінші кісіге жеткізе алуындағой. Иә, осылардың бір-бірімен үндестігінен поэзия шамы жанады.

Мұқағалидың ақындық лабораториясы шынында да курделі. Өйткені, ол алдымен, адам болып өмір сүрді. Онда да от пен судан жасқанбайтын, сәби көңіл, батыр қолды, ақынжанды жаратылысымен өмірлік ситуациялардың қайсысымен болса да бетпе-бет келіп жүрді. Ендеше, ол үнемі мұза кууға туған жан бола тұра өнерден гөрі өмірмен қоян-қолтықтасуға мәжбүр болды. Ақынның осы адалдығының өзі поэзиясына қолтаңба қалдырыды.

Ақын образын, стильдік беталысын айқындады. Ақынды өлтірмейтін негізгі қасиеті – осы. Ақын өз поэзиясымен тірі тұлғасын сомдап кеткендей. Өмір мұраты – адамзат көшінен еш қалмайтын, ескірмейтін мәңгілік мәселе ғой. Осы тұрғыдан Мұқағали мұрасының ғұмыры ұзак.

*Жер мен көктің желпініп арасында,*

*Желігесің түсесің қара суга.*

*Құйын құган қаңбактай аласұра,*

*Ей, өмірім, зымырап баrasың ба?*

Озін тап басып таныған шынайы жолдар. Қабаттардың қабаттарына өтетін ақын назары, ақыл-зеректігі не түрлі жұмбақ сырлардың шешуін шешіп тастайды. Ұшқыр ойдың даналығы поэзияға қандай келіседі.

*Шаң шығарып ізінен құйындаған,*

*Баrasың ба, өмірім, қындаған!*

*Сыйың маган,*

*Ей, өмір, сыйын маган,*

*Сыйыңды алам мен сенің бүйірмаган,*

– деген ақындық пафостан туған өктем үн ғана емес, ақындық алып күшті сезінуі, көркемөнерге лайық субъектінің қатпарлы шындығын ақылмен дәл ажыратуы.

Көркемөнердің жібекше судыраған сусымалығы сонда, Мұқағалидың әлгі пафосты жолдарын әркім-ак қолданады. Бірақ дарымайды. Оның тұғас тынысына, бітім болмысына үйлеспейді. Мұқағалидан ондай кездесі соқ жолды кездестірмейміз. Ол – бүтін. Әрбір жолы сол бүтіннің кішкене бөлшектері. Сол бүтіндікке жетпейінше ақын дараланбайды.

*Бәрі де бар...*

*Басымда бәрі де бар.*

*Жан емеспін жарымжан дәріге зар.*

*Жетпейтіні – жүректің әні болар,*

*Бақыт, бақтың тарыдай дәні болар....*

Жүрек сөзі ұлы шындықпен үйлеседі-ак. Шынайылық пен шындық келісімі поэзия тудырып тұр. Шындыққа жүтінессіз, шынайылыққа елжірейсіз. Куаныш, шаттанасыз. Табиғаттың алдында бас иетін әрбір адамды аялап мұнға

батасыз. Поэзия осындай табиғи да терең сезімді оятудың күралы. Адамға деген сүйіспеншілік туғызатын поэзияғана – шын поэзия. Мұқағали жырларының бұл тұрғыдан орны өзгеше. Мұқағалида абстракциялы ешнэрсе жок, бәрі нактылы. Шығармасына алыстан такырып іздемейді. Ешкімде жок «махаббат» жырланбайды. Бәрі таныс, бәрі түсінікті. Бірақ күйкі-шүйкі емес, ең маңызды, ең мықты өзіндік өзгешелігі мен қасмиетін паш етеді. Сонша асқақ шындық адам жүргегінің қалыпты ыргагымен жетеді. Ең ғажабы сонда, оның жүрек сөзі тұнған поэзия. Жүрек лұпладеп соккан сайын сырмен бірге мұза төгіледі. Ақын өзінің ешкім кол созып ала алмайтын шабыт шалқарына да осы майда-коңыр үнімен көтеріледі.

*Көбейте берме, жаным, шашың ағын,  
Жаным, сен жасымағын, жасымағын.  
Нөсерлетіп, бір сәтте басыламын,  
Шашылады шұғылам, аныламын.*

Үлкен мінбеде емес, ақынның жарына айтқан жалғыз ауыз сөзі ғой бұл. Алайда, бусанған поэзия буы бұркырап тұр. Тіпті, ақынның қара көзі де – поэзия. Қара көздің өн бойындағы үйлесім мен үндестік, келісім мен кесектік, үйкас пен ыргақ тандандырады. Силлабика құдіретін ашып бағады. Біз ақынның ең қарапайым шумактарында поэзия элементіне әдейі үңіліп отырмыз. Оның болмысының өзі поэзия екеніне көз жете түседі.

*Сауығып келем,  
Жинап та келем есімді.  
Сагынып қалдым,  
Саламат өмір кешуді.  
Тагат тапастан,  
Тартамын алға қошімді.  
Жазып бітпестен жазбаган маган өшуді.  
Қыын гой  
Қыын...  
Көшиңді жолға жогарған.  
Жана алмай бықсып, ошақта отын жогалған.  
Жага алмай сенсөң жалтын мен отты*

*Сол арман.  
Жалындаң тұрып,  
Өртөніп кетсөң, жоқ арман!*

Ақын өлең жазып отырган жоқ, көніл-күйін сізге баян етіп отырғандай, сол ауызекі әңгімеде үлкен өмір жасап жатқан үлкен жүрек тынысы бар. Бүкпесіз тұра жетер сырғы ешбір бейнелілік тілемейді. Сол тұнық қалпында поэзиядай бүлді, поэзиядай құнды. Мұқағалидың көп туындылары осындай. Әсіресе, бояу, жалған жалаудан аман.

Сондықтан да Мұқағали әр сөзіне орын іздеп үйқас құрамайды, оның ой жүйесі сезім қабаттарының өзі табиғи үйқасынан тұратында. Жоғарыдағы жолдар үйқасында мін бар ма? Белгілі 11 буынды не 7-8 буын өлшеміне қамалып отырган жоқ. Еркін ой, ерікті үйқасқа жетелейді. Бірақ, ак өлеңдердегі «қара кесек» емес, ағып тұрган поэзия шумағы. Өлең формасы оның текшелі ой айшығын бұза алмайды. Ендеше, сол төкпелі поэзияның ішкі мазмұн байлығы қосылғанда өлеңнің өрісі биіктей береді. «Жалындаң тұрып өртөніп кетсөң, жоқ арман» деген қызық қимылғой. Қасымды еске түсіреді.

*Әйттеуір кіна тауып бір жеріңнен,  
Сынауга тіптен құмар кім көрінген.  
Бірақ та,  
Білесің бе, ей, кім көрінген,  
Айтын деп ақиқатты тіл берілген!*

Бұл да әлгі шумақтың стиліндегі, харakterіндегі өлең. Сонымен бірге, өмірдегі ақын тұтынған принцип пен ақын поэзиясынан хабар беретін, азаматтығын анық көрсететін жолдар. Жаны жайсаң, адал жан өмірдегі тұрақты тартыстап бойын аулақ ұстай алмайды. Ақынның поэзиядағы бұл мінезі де Абай, Қасым дәстүріне жалғасады. Азаматтықтан биік ақындық болу мүмкін емес.

«Кей-кейде мына өтірік күлген көзіңнен сүмдыш бір жаттық сезінем. Безінем онда өзіңнен, өзіңе деген достығымнан да безінем» деген өлең шумағын қара сөзге оп-оңай айналдыра салдық. Ал, өзге ақындардың кез келген шумағын қара сөзге оп-оңай айналдыра салдық. Ал,

өзге ақындардың кез келген шумағын қара сезге айналдырып дәл мұндай мархаба таппайсыз. Яғни, Мұқағали өлеңдерін поэзия етіп тұрған оның ыргак, үйқасы ғана емес, сездін ішкі құнары, өнін қалай айналдырсаң да ойсырамайтын терен мазмұндық қасиеті. Мұқағалидың әрбір өлеңінен біз осындағы қасиет көреміз. Табиғи ұксас деп отырғанымыз мүмкін сол мазмұнның саралығы болар. Эйтеуір Мұқағали өлеңі жұғымды да сенімді. Мөлдір бұлак сүйн сіміре бергендейсің, сарайың ашыла түскендей.

Табиғат құбылысымен егіз ақын оны жан сезімімен қоса өреді. Өйткені оның бойын алған алаулы сезім ие бермес-тей тасқынды еді. Суреткерлікке мойын бұрғызыбай, өз жетегінде ұстады. Бірақ ақын өз сезіміне өзі өртеніп, құзар шыңың басынан құлаған қырандай мерт болған жоқ. Елін, жерін, туган жер топырағын армансыз құша, кай тәсілмен болса да өлең жолдарына айналдырып кетті. Асқақ сезімде кайта тұлеген табиғатпен мәңгілік табыстырып кетті.

*Өткінші жаңбыр өрекпін барып өткенде,*

*Үздік те создық тырнаның үні жеткенде.*

*Киіз үйлерге қараймын дағы бөктерде,*

*Үрза боламын осы бір ыргын көктемге.*

«Алпыр-ау, мынау аңсатып жеткен көктем бе?» табиғат бұл жерде де сезім факторы. Тұтануды ғана күтіп тұрған сезім лау етеді. Жаңып біткенше тоқтамайды, сіздің де дегбіріңіз бірге ұшады. Бұған ешкімнің ортағы жоқ, ешкімнің игеруіне көнбейтін таза «мұқағалилық» стиль деп караған жөн. Ал, мына жолдарда:

*Аспан кетті араз бол наурызбенен,*

*Наурыз жүр жоғаған бағын ізден.*

*Көктем жетті көрісіп, жсанын үзген,*

*Қыс аттанды қоштасып, тағы бізben.*

*Көктем жетті көл-көсір шуақ қуып,*

*Қыс барады қызылып, жылап тұрып.*

*Шатырында үйлердің наурыз жүр,*

*Мұз көрпесін ақпанның лақтырып.*

Жұмекеннің, Төлегеннің, Кадырдың, Өтежанның да ортағы бар. Абайдың «Қысынан» басталған бейнелі-

лік көрінісі бұл. Осы типтес өлеңдерге ақын таланты көп тітіркене қоймайды. Поэзияда игерілген анда-санда жәй ермек ететіндей. Алайда, көп ақындар осы тәсілді творчестволарына арқау еткенін де көрдік. Поэтикалық өлшеміне айналдырады. Мәселен, Өтежан мен Жұмекен негізінен осы ырғақ, осы тәсілде жазады.

*Ілінің түн тұр тауларда,  
Дамылдан тірлік қалған ба?  
Алыстан оттар жсанады,  
Жай таптай мына жалғанда  
Адасын жүрген арман ба?*

Міне, Мұқағалидың каска жолы осылай көследі. Қас тұлпар бауырын жазғанда маңына жанды жуытпайды. Қамшы тұрмак тізгінді де тигіздіртпейді. Осылай көсле берер еді, талуды білмей көсле берер еді, оны ой тоқтатады. Ойғана алаңдатады.

*Жарқ етіп, кейде бір өшіп,  
Бұлаңдан шалқып, тұр есіп.  
Сөндірмек болған самалмен,  
Сөнгісі келмей күресіп,  
Бір жсанады оттар, бір өшіп.*

Жанарын сонау медиенге қадап, шарпыған сезім отын ой елегінен өткізіп, бары мен базарын безбенге салады. Осы тұстағы ақынның кол жеткен табысы, поэтикалық биігі тым жоғары. Абай жеткен психологиялық өрнек, Абай жеткен терен сезім анализі, Гете масштабы.

Мұқағали творчествосы бүгінгі қазақ поэзиясында өркен жайған дәстүрімен бағалы. Әсіресе, лирикалық баяндаудың өзгеше бір саздылығы, коныр самалдай жағымды әуені Мұқағали арқылы келеді. Жалпы Мұқағали стилі лирикалық баяндауга келгенде су төгілмес жорғадай бүлкілдейді. Осы стиль оны поэмаларға жетеледі.

*Есіңде ме,  
Екеуміз де елде едік.  
Екеуміз де жоқ нәрсеге шөлдедік.  
Есіңде ме тар лашық, аласа,  
Еденіміз текемет пен алаша.*

*Аласа үйде – асқар таудай тамаша  
 Аласұрып қуанушы ек балаша.  
 Сонда біреу екеумізге қараса,  
 Тамыз...  
 Жылга, тогай.  
 Оңаша:  
 Шіркін, сол шақ!  
 Тамаша еді тамаша!  
 Онда тамыз, мұнда, міне, қараша...*

Міне, мұнда лирикалық баяндаудың өзгеше бір үлгісі бар. Лирикалық жолдардан сезім мен сөзді ойнатудың үндестігі сезіледі. Сонда поэзия тілінде ойнатудан нүксан келмейді. Мұндан тәсіл көшілігінде сезімнің графикалық формасына айналатынын көріп отырмыз. Жаңа үлгі, тың табыстары ақынның негізгі құнарынан, негізгі творчество-лық методынан ешқашан жырақтамайды. Қайта, толықтырып, жетілдіре түсудің жолдары секілді. Оның кандай да жаңалығынан арналылығының салкыны сезіліп тұрады. Жоғарыдағы жолдарда тармақ өзгергенімен, ойнакы мінез, өзгеше бір женілдік дарытқанымен 11 бұынды қара өлеңнің қойнауынан шығып жатыр. Сырттан телінген ешнәрсе де жок, бұл тұрғыда бірінен бірі өткен жыр моншактарын Мұқағали томдарынан молынан ұшыратамыз. Сусын кандырып, рухани жасайсын-ақ.

Мұқағалидың шын талант биігіне көз жіберсесініз, бас айналады. Баксақ, көздің жауын алатын жырдан гөрі поэзия сикырымен бойынды булайтын жырлары көп. Соның ішінде оның поэзия асқары адам психикасы мен дүниетанымындағы штрихтарды тап басуы биіктеп барады. Философиялық ілімнің поэтикалық тілмен жазылған трактатына айналады. Философиялық мәні зор шындық поэзияға айналып, тұнып тұр.

Иә, Мұқағали психолог ғана емес, психологияны көнін менгерген ақын. Әсіресе, оның сезімдік психика циклы – эстетикалық өріс емес зерттеу. Ол өмірді зерттейді. Өзін өзі зерттейді. Осы жолда адам өз сезімі арқылы қалай биіктеп, қалай аласаратынын ашты. Адамдық пен хайуандық

шекарасын бөлді. Адамдық сезімнің осынша көрнекілігінің өзі жамандықты әшкереудін құралы бола алады. Абайша ашық құрес Мұқағали таланттынан осылай жаңаша жол тапты.

*Сезбейсің гой, сезбейсің гой сен мені,  
Көрмейсің гой кереметті мендегі.  
Түсінсейші сарсаң болған пендени  
Түсінсөңші!  
Ақыл-оýым кем бе еді?!*

Бұл дір еткен сезім, мөлдір лирика тамшысы ғана емес, бойды буған бұла күш талант күшінің сыртқа шыға алмай бұлқынған сәті. Іштегі ұлы дүниенің жарыққа шығардағы занды толғағы. Зәр жұтқандай қиналыс, ерні кезере шөліркей, перзентін көруге зарықкан ананың «жыры» келбетін көргендей боламыз. Бір сәт ақын поэзия анасына айналғандай, қасіретіне қанығамыз, камығамыз.

*...Құлары таудың қызыл тұлқісі дер,  
Момындар біздің үйдің кірпіші дер.  
Мәңгілікке өзіммен ала кеткен  
Менің наэік жсанымды кім түсінер?*

Мұнда ақын сол жыр-перзентін аңсайды. Іштегі асыл қазына-адамдық асыл сезімнің неле жақұтын қатарын бұзбай түсіріп үлгере алмағандай болады. Адамдарға бәрін жарқыратып ақтара алмағандай көрінеді. Адамдықтың шынайы асылын жайып салса пенделік құлқын, жат қылышын жояр ма еді...

Текстін сыртындағы мұндай ойлар ұшығын ақынның өзге де жырларынан оқыған сайын терендей түсінеміз. Текске сыймайтын тылсым сырдың қадіріне көпке дейін өзінен бойлай алмасын да ақын көріп отыр. Өз биғін өзі бағдарлап отыр.

Ақын алдымен жарық дүние, жақсыны сүюден бастап, өмірді сүюдің құлышына айналады. Сүюден жүрек пен сәбиге, періштеге айналады. Құрделіліктің қөгіне көтерілген ақын о бастағы сәби құлқісіне кайта оралады. Адам болып айқасқан арыстан жүрек қанатты періште болып калықтайды.

Жер бетіндегі нағыз адам өлмейді, періштеге айналады екен-ая. Ендеше, оның интеллектісіндегі осы ерекшелік

бүкіл творчествосының арқауын белгілейтін өлшем. Азамат ақын адам боп өлеңді. Нагыз ақын мен азаматты бөлу киын. Олай болса, Мұқағали творчествосы ақын-азамат адамша ғұмыр кешкен парасат иесінің жазбаларынан бөтен ештеңе де жоқ. Жоғарыдағы үш атаудың қасиетті киесі оның әрбір демімен сыртқа шығып отырады. Оның шеберлігі де поэзиялық қуаты да тек сонымен сабактас. Лирика мен ақынды біте қайнастыратын да осы қасиет.

«Алайда, аласапыран тіршіліктің алдында күрессе алмай тек сілейдім» азаматтық борыш, адамдық хакысы емес пе? Дәрменсіздікпен беттескенде қандай қайғылы күйшығарып, лирикалық бояу шашады. Атаманыз, мұнда күйректік тұрмақ злегиялық та сарын жоқ. Оптимистік лиризм.

*Доссызбын деп айта алман халқым барда  
Саясында халқым бар салқындауга.  
Карғамаса болғаны халқым мені  
Айналсам болғаны нарқым дауга...  
Қалт-құлт етіп мейлі мен күн кешейін  
Күн кешейік, еліммен бірге осейік.  
Мені әзірге, ей, тағдыр, мазалама,  
Емін-еркін жұртыыммен тілдесейін!*

Ақтық дем қандай жалынды жігерге толы. Іргелі ізгілік, сарқылмас сағынышқа толы. Көл-көсір сезім мен парасат биігі, азаматтық пафос өзгеше үндеседі. Алдын болжаған интуиция-данышпаны лирикалық жанрлардың шырақшысындей. Сөнбейтін поэзия шырағының кепіліндей. Алаулаған от сезім күнгірт тартса сөнбес шырақ-ка айналып жан түкпіріне жарық түсіреді. Сәуле түспес жан толқынынды жылтытады. Тозбайтын, түгесілмейтін ақын сезімі түсін өзгерткенімен маңызын жоймайды. Осылайша жалғаса береді, жалғаса береді. Қеудесінде жаны бар сезім көші тарих керуеніне айналғанымен ұшар басында ақынның зор тұлғасы, тау тұлғасы жасырынбақ емес. Гасырларға кол бұлғайды. Ұрпактарға құшак жаяды...

Ақынның шын мәніндегі поэзия отанынан алатын орны біздін жалаулы жолдарымыз деп ғана түсінбеу керек. Әйткені, ақын сезімінің драматизмі тым нәзік. Қатпарлары

күрделі екенін естен шығармау керек. Әсіресе, өзгеден гөрі өзгеше бағасын білетін, құнына құнықкан ақынның өмірмен қоштасуы сезімнің нелер тылсым ірімдерін үйрді-ау. Мәселен:

Туган жер сагындырды, келді есіме,  
Өзім кепіл енді оны көрмесіме.  
Тағыдай тауда өскен тарлан едім,  
Таңылдым емхананың бөлмесіне.  
Кім кепілдік береді өлмесіме!  
О, дәурен, неткен гажсан сүйікті едің!  
Жайылған жасыл маңда киіктепі  
Таңғы самал жататын сүйіп мені,

– деген жолдарда ынтық жүрек лұпілі өзгеше әлем жасайды. Туған жер енді бір кездегі «шыршаларым, аршаларым, бәріңе арнаған бүгін ән саламын» дегеннен бөлеңше бебеулейді. Көз алдында бал-бұл жанған туған жер табиғаты енді сазды мұң ойнаған бейіштің кең сарайына айналады. Мың құндік бейіштен бір құндік жарық артық екені еске түсken сайын сағыныш сазы асқындаі түседі. Амалы таусылғандай күй кешеді. Бірақ санадағы сарқылмас мұза талант құрады. Еш толассыз өз міндетін өтеуде.

Қасқа бұлақ басынан неге кеттім?  
Не деген жесел айдаған көбелекпін.  
Еркіндік, еркелікті місе тұттай,  
Тасқа әкеп өзімді-өзім шегелеппін.  
Пай, пай, пай!  
Сагындым-ау, сагындым-ау!  
Талықсып тар тосекке таңылдым-ау!  
Қапыда қалтылдаган жсаным мынау,  
Жаратқан, негылдым-ау, негылдым-ау??!

– деген жолдар әл үстіндегі адамнан қалай тумак? Ақын жаны жол таптай шарқ ұрған сайын поэзия әлемінде жасын ойнайды. Бұл бір тітіркенген сэт қана смес, Мұқағали поэзиясының бір бөлігін қамтитын лиро-психика философиялық мәнді саласы. Иә, ақын бірде асқақтап кетеді, қырандай қалықтап, көз ұшына қөтеріледі, бірде балаша егіледі, құшағындағы сәбиге айналады, енді

бірде дүние тұтқасын қолына ұстаған әмірші. Ең ғажабы, осы мәнді мазмұн мінсіз поэзия мүлкіне айналады. Ақын поэзиясының сөнбес күні шығады жарқырап.

Жоғарыдағы жолдарда сезім драмасы бар болмысымен ширықкан шытырман күйінде жүректі ғана емес, сананды да билейді. Яғни, ақын лирикалық сезім-күйді бейнелеу миссиясынан жоғарылап кетеді. Сын сағатта тығырыққа тірелмейді, жанының бар трагедиясын өзгеше бір шабытпен аша отырып, философиялық ұлы шындықпен беттестіреді. Адам мен табигаттың мәңгі қауышар сәтін лирика құтымен өрнектейді. Тым нәзік табиғи сезіммен жеткізеді. Ақынның мәңгілігі, ұлылығы осында. Дәл осы тұстағы талант құдіретінде. Диапозон кеңдігінде.

Ақынның бұл катардағы лирикаларының характері әртүрлі. Жоғарыдай сезімді тұра жеткізетін ұшқыр үлгілермен бірге ойын астарлы жеткізетін аса бейнелі өлеңдері де баршылық.

*Күн бүгін тұрып алды күңіреніп,  
Шіркіннің ашылмайды реңі түк.  
Күреңіткен ауылдың сырт жасағында  
Мени де отыр ма еken біреу күтіп  
Күн сияқты ол дағы күреңітіп.*

Психологиялық күй қандай бейнелі өрнектелген. Поззияның өрт-желі басылып күздің коңыр лебі көңілге біруақ байыз тапқызығандай. Жанған жүрек табигаттың мәңгілік құдіреті алдында кішілік танытып, мойынұсынығандай. Бұл мою емес, табиғи мойында. Женіліс емес, жете түсіну арқылы жеңіске жету. Биікке көтерілу.

*Кім күтсін, кім жоқтасын онда мені,  
Күметтің бір махабbat болған еді.  
Күте-күте қудерін үзген шығар  
Күреңіткен мына күн сол ма тегі?*

— дегенде де пессимизм емес, оптимистік лиризм аңғарылады. Әдемі мұндан нәр алып, өзгеше өмірмен тыныстыруды екен. «Бұл күнде жоқ әжелер, аталарым, кім күтсін, кімнен барып бата аламын».

Көріп отырмыз, ақын бар қасиет тұтар «пірлерін» шақырады. Жан жайлалауында солармен ақырғы рет сайран

құрады. Өзгеше бір ынтық деммен қауышады. Жоғарыдағы жолдардағы сезімге әсер етерлік күшті лирикалық қуат осы факторлардан туып тұр. Сонымен бірге, ақын сезімінің жетегінде кетіп, тасада қалып бара жатқан әлгі жолдардағы сөз құдіреті, шахмат жүрісіндегі орын тапқан сөз кестесінің де рөлі айрықша. Бұл жазбалар сөз жоқ, ақын рухының талмай іздеген, айнымай ілген қасиетті еңбек жемісі. Сондыктан «Мені де отыр ма екені біреу күтіп, күн сияқты ол дағы құніретіп» дегендегі немесе «Күте-күте қудерін үзген шығар, қүрекіткен мына күн сол ма тегі» сияқты символдық бейнелі сезім, өмір сырымен бірге поэзия сиқырын игергендігінін кепілі. Бұл өмірден ғері поэзияға ғана тән тылсым. Тын астарлы, терең қабаттағы символ. Ол айтып отырған қызы оның нақты махаббатынан бөлек. Өмірге деген өлшеусіз махаббаттың қылаң берген қызыл тұлкідей бір көрінісі іспетті. Сол арқылы өлеңге тарап тұрған сазды мұн, тын-тын әріден маздаған өмір оты, махаббат ұшқыны, көркемөнер үлесі. Романтикалық аскак рух қана іле алтын алтын құс, сол ғана қона алатын алтын тұғыр.

Біз жоғарыда да баса айттық, Мұқағали айтқыш ақын. Оның айтқыштығы аныктықпен ғана бағаланады. Не құдіреті тек реализммен тұғырықтайды. Бұл сыншы емес, ақындыққа сирек бітептін қасиет. Поэзия табиғатына тән бейнелілікті де ақын жете менгергеніне жоғарыда көз жеткіздік. Әсіресе, ақынның реалистік пландағы стиліне сыналап қана өтетін бейнелі деталь Мұқағали поэзиясына ауқымдылық береді. Өмірдің ар жағындағы кеңістікте мензейтіндей.

*Сүйгісі келе берер сүйген ерін  
Сүй, жсаным!  
Сүйкімді бір күйге енемін.  
Жүргегіміз жақыннан бірге соқсын,  
Ағытышы бешпентіңің түймелерін.*

Қатты ескертетін бір нәрсе – бұл сияқты интимдік өлеңдер Мұқағалида жалғыз-жарым ғана. Оның ұлы махаббаты интимдік дүниелерге мойын бұрғызыбайды. Ал, мынау өлең ашық сырды әдемі жеткізеді. Дөрекіліктің ізі

жок. «Ағытшы бешпентіңің түймелерін» деген жол ұлттық инабаттың символындай. Бірақ ол махаббаттың қалқанын бетке ұстап жасқаншақтап түрған жок. Еркін сезім, еркін ой кідіріссіз төгіледі. Алдау-арбау, бөгде қылыш, бөтен сөзге орын жок. «Тар төсекте төсінді іскер ме едім жалаңаш» деген Абай жолдарының әсем толқынды биязығана бір түрі. Олай дейтініміз, осы шумак характері өлеңнің өн бойында бірдей емес. Келесі шумак импровизаторлық сипат алады. Әлгіндегі қалыпты шындық динамикалық өріске ұласады.

*Сүй, жаным,*

*Сүйе бергін, кім біледі.*

*Бір кезде еске аларсың, түнді, мені.*

*...Жалт етіп оте шыққан баяғыда,*

*Жастықтың толықсыған бір күні еди.*

Тармақ саны бірдей болғанымен өлеңнің композициялық құрылыш өзгереді. Соңғы екі тармақ уақыт аралығын кеңістікпен жалғайды. Міне, бұл Абайдың реалистік дәстүрін ақынның жаңаша өрнектеуі. Өлеңнің үшінші шумағындағы мынадай романтикалық бейнені де Мұқағали Абайдан алған жок:

*Ұялып барады отіп бұлақ бала,*

*Бүйіргып үн қаттайды жылап қана.*

*Баланың маңдайынан сипалаган*

*Дірілден айдан тамған шуақ қана.*

Өлеңнің интонациялық дәстүрінде Сұлттанмұрат, Ілиястың үлестері бар. Табиғатты тану, оны сезімде бейнелілікпен тірілту реалистік әдебиетімізде Абайдан басталғаны рас. Мына шумакта да сол дәстүр бар, бірақ Абай стилінен іргелі өзгешелігі ақынның ғана емес, поэзиямыздағы тың тыныс ретінде сезілмей коймайды.

Біріншіден, тұтас шумак тек бейнелі тіл айшықтарынан құралып, символға тұтасуы – ұлттық поэзиямызда сирек кездесетін құбылыс. Ақын шеберлігі сонда – ол сирек таланттар ғана көтерілетін символдық табыстарын реалистік өрнекпен ұштастыра біледі. Еліге құмартумен символикаға бой алдыrmайды. Мәселен, жоғарыдағы бес

шумақ өлеңнің жалғыз-ақ шумағы символ мәндес. Алайда, оның өзі терең мазмұнмен, бейнелі тіл құралдарының тын, ойының сонылығымен символдан гөрі өзгеше эстетикалық категорияға ойысады.

Екіншіден, бес шумақтан тұратын таза сезімдік өленге сюжеттік желіс алғандай бір қызмет атқарып түр бұл шумақ. Бұл көркемдік шешімде лирикалық өлеңдерімізде көп кездесе қоймайды. Жалпы бұл тәрізді шумақтарда кей сәттерде талант қырынан жалт ете қалғаны болмаса, негізінен **Мұқағали** творчествосына етене тән сипат дей алмаймыз. Эстетикалық өзегін, поэтикалық жұмбак сырын нақты көрсетуге еш көнбейтін сан қырлы поэзия шұғыласы табиғаттың өзімен өрелес қанша асқақ болса, сонша құпия. Ақынның асқақ үні сол поэзия болмысы. Бұл екеуін ажырату мүмкін емес. Үшіншіден, өмір шырынына қанbastай шөл ақын өлеңдерінен жалын атады. Көп жағдайда ондай сезімді оймен өріп, ақылмен тұзактаса да, патетика сезілмей қалмайды.

*O, өмір!*

*O, не қылған сиқыр едің!*

*Қалай-қалай согады құйты жесің?!*

*Діңкелеп, шаршап келіп жантайғанда,*

*Тәтті бір тұс көрсеткен үйқы ма едің?!*

Осы өлеңнің негізгі эстетикалық мирасы мынау еді деп тап баса аламыз ба? Бірақ жалғыз шумақ ақынның жалын атқан жан лебіндей естіледі. Ен алды ақынның көрік-кеудесінен ұшқан от ұшқыны жетеді бізге. Содан кейін барып поэзияның озге қасиеті – көркемдігі, терең мазмұнды философиялық астары, сөз кестесі, т.б. көніл аудартады өзіне. Ұқыт талабына орай туған поэтикалық орамдар ақын талантының биік денгейінен шешім табады. Канондық схема өлеңде жоқ. Оқырманмен бетпебет келетін ауызекі стиль. Бірақ мәселе осы биік поэзиялық денгейді. Бұл жерде әнгіме ақынның сөз саптауындаған емес, немесе өлеңнің интонациялық өзгешелігі де емес. Оның бәрі екінші планнан көрінеді. Мәселе, поэзияның тұзактауға көп көне қоймайтын эпицентрін ақын-

ның аша алуында. Ол қарапайым сөздерден құрала ма, күрделі, метафоралық айшықтардан тұра ма – қатаң занылдық жүрмейді. Қай жолмен болса да көздеңен поэтикалық «қамалдың» алынуында. Бір-ақ ауыз қарапайым шумакқа сонша тоқталуымызда осынша сыр бар. Әдеби сауатымыз бер зерттеу сауатымызды жиып қойып осы шумакты оқығанда қандай әсер алғып, күй кешеміз. Әңгіме өлең сөздің сол қадір-қасиетінде жатыр. Ақынның өзегін жарып шықкан сөз қуаты мен ой маңызында жатыр. Поэзия дегеніміздің өзі үйқас пен ыргақ қана емес, аз сөзге көп мағына сыйғызырлық өмір философиясы ғой. Нағыз ақын текстінің артында үйқаска ілікпеген тұтас дүниетанымы, өмірбаяны, эстетикалық мектебі жатады. Ендеше, Мұқағали өлеңдерінің де қалың кабаттары том-том еңбек. Олай болса, оның творчествосы, поэтикасы, поэтикалық ерекшеліктегін саралаумен тынбайды. Оның философиясы, эстетикасы ауқымды зерттеулерге сұранады.

Мәселен, «Діңкелеп, шаршап келіп жантайғанда, тәтті бір тұс көрсеткен үйқы ма едін?» Қандай нәзік, сазды жетсе, астары сонша кең жатыр.

Ақынның өмір жайлы түсінігінің өзінде көркемдік мағына, эстетикалық мұрат, философиялық ой тұр.

Ақын бейнеттен зейнет күтуді өмір деп ұғады. Адамша ғұмыр кешудің шын бакытын нұсқайды. Сондықтан бұл екі ұғымды қашан да қатар қояды. Оның поэзиясынан тоқмейілсіну, табысқа мас болу, шаттыққа шалку сиякты көңіл-күйдің сезілмеуі де содан. Ақындық пен ақылды тен ұстай білудің өзі талант. Азаматтық деңгейдегі шынайы суреткер дегеніміз сол.

Мұқағали поэзиясының басты ерекшелігі ауқымды прозалығында. Роман, повесть жүргін арқалайтын өлеңдері аз емес. Мазмұнға негізделген сюжетті өлең-поэмаларының әңгімелегу шеберлігін көздең отырғанымыз жоқ. Ол өз алдына әңгіме. Мұқағали шығармаларының эпикалық тынысы кең. Бір қарасаңыз, сезімдік штрихтардан құралған роман оқып отырғандай сезінесіз. Сезімнен гөрі өмірді терен зерттеген жазушымен жолығасыз.

Терен ойлы философты көресіз. Бұл жалпы жайды әр ақын творчествосына телуге болмайтынын ескеріп, нақты дерекке жүгініп көрейік. Біріншіден, ақынның бұл касиеті өлеңдерінің композициялық құрылышына қатты әсер еткен. Лирикалық сипатты өлеңдерінен біз көбіне «мазмұн» көреміз, философиялық толғаныс танимыз.

*Не керек осы адамға?  
Бүгін бе, болашақ па?  
Ақылгөй кәрілік пе, бала шақ па?  
Қыын-ау, өзің жатып жерошақта,  
Жансыз тән, жанарсыз көз – болашақта.*

Мінсіз лирикалық шумақ, сезімдік өлең алдымызға өмірдің құрделі сауалын тосады. Елестетінізші, өнердің қай саласына да объект болатын эскиз ғой. Ғылымның да мәңгілік мәселесі.

*Дәл осы көшеменен кім жүреді,  
Он жылдар, жұз жыл өтер кім біледі.  
Оны тек сол шақтагы күн біледі,  
Оны тек сол кездегі түн біледі.  
Бұлардың уақытпен бір жүргегі.  
Кім салқындан отырар мына бақта?  
Ойын-сауық ана жақ, мына жақта.  
Сонда қалай?  
Осы бақ орнында  
Адамдар алма-кезек құламақ па?!*

Лирикалық өлең прозалық өлшемге қалай аудықсанын сезбей де қаласыз.

Мұқағали өзін алғаш ақын етіп әйгілеген «Махабbat диалогы», «Қарлығашым, келдің бе?» сияқты дүниелері арқылы-ақ лирика табиғатына проза енгізген еді. Жанр ішіндегі осы бір жанрды ой шеберлік жағынан шындағы, мазмұн жағынан терендетті. Ақын диалог пен монологты қатар өрді. Негізгі тәсіліне айналдырды. Поэтикалық сыр-сипаты өзінше. Мұны алдымен түрлік жаңалық деп таныған жөн.

Қазақ лирикасында психологизмді Абайдан кейін айрықша терендеткен И.Жансүгіров еді. Бірақ Жансүгіров

қазақ өлеңінің қаймағын бұзбай отырып сезімдік динамика жасайтын. Ал Мұқағали болса детальдік штрихтарға ерекше ден қойды. Жоғарыдағы диалогке құрылған өлеңнің мынадай финалы бар:

*Білдім де артқы мойын бүрмасымды,  
Тауга да, тасқа да ұрдым бұл басымды.  
Сені еске алсам, келеді өмір сургім,  
От сөнді,  
Отауым жоқ  
Жын басылды...*

Ілиястың «Күй», «Күйші», «Құлагер» арқылы көтерілген поэзиядағы психологизмнің жоғарғы сатысы, сезім арқылы симфорния ойнатуының мәнері бар. Сөз қойнынан ақтарылған маржан тек мағынамен ғана асылданатын, жанды психикамен ұштасатын дәстүрі бар. Сонымен бірге, өлең де алты тармақтан тұрады. Тармақ саны әр түрлі. Алайда, өлең тек буынға негізделгендейтін тармақ саны ырғақ пен үйқасқа бәлендей өзгеріс әкеліп тұрган жок. Мәселен, соңғы үш жолды бір тармакқа сиғызысада, 11 буын кара өлеңнің бір жолы шығады да қояды.

Бұл өлеңдегі негізгі жаңалық үшінші тармақта. Үйқасқа ешбір нұқсан келтірмestей қысысып тұрганмен ол 13 буыннан құралып, қалған шумақтағы кара өлең табигатындағы үйқастан шығындырап тұр. Өйткені бұл ерікті үйқас элементі. Өленге ауызекілік сипат беріп тұр. Ақын шеберлігі сонда, үніліп зерттемесеніз, сезілмейді де.

Ақынның туған жерге арнайы айтқан «арнау» өлеңдерінің де денін монолог пен диалог элементтерімен өрнектейді. «Сағындым гой», «Арулар, хош болындар», «Саржайлауым» өлеңдері арнау сарынды, риторикалық кара өлең үйқасты жырлар. Соның бәрінің керемет келісімінен туған жырлар.

*Сағындым гой, саялы тау арасы,  
Сағындым гой, жанымды дауалаши!  
Көрсетпестен көк шалғын көміл таста,  
Қарагайлы қалың ну қамалаши!  
Жапырагын жамалтып, ғулін тосеп,*

*Бірің жастық болсаңшы, бірің төсек.  
Екеумізге, ерке өзен, жараспай ма,  
Тыным алмай күн бойы кубірлессек?*

Адам баласына бітер сезімнің мұн мен куаныштың, ерлік пен нәзіктікің символы ғой бұл. Шынайы трагедия мен шын бакыттан өрілген өрім секілді. Бұл сиякты, өмірді өнерге айналдырудагы құдірет адамға дарыған сый әрі өнерді өмірден де биіктететін тұс.

Лирикалы сөз төгіліп тұрган сезім мен үйкас құдіреті болғанымен, өлеңнің композициялық құрылышындағы риторика, арнайы айту элементтері де белгілі дәрежеде көркемдікке қызмет етіп тұр.

Ақын көркемдіктің көгіне көтерілген не бір пафосты, поэтикалық сәтті табыстарынан да біз осы тәсілді танимыз. Мәселен:

*Аққулар, кешіріңдер, жазықтымын,  
Қараймын керуеніне қажып бүгін.  
Адасып кетті-ау бүгін сендерменен,  
Алапат күшім менен нәзіктігім!  
Ақ көлдің айдын тосін шимайлаган,  
Сұлулар, жатыр сені қымай далам.  
Ақку боп неге ғана жарагмадың,  
Адам боп өзіме-өзім симай барам.  
Аққулар, алданыш пе ең, арман ба едің?  
Қош енді, қанатым жоқ самгар менің!  
Нұларым сыңси жылап қалды-ау менің,  
Суларым жетімсіреп қалды-ау менің?*

Осы өлеңдегі ақын сезімінің трагедиялық нұктеге көтеріле алған аскак романтикасын формалық жағынан оның аккумен тілдесуінен, сырласып-мұңдасуы арқылы жүзеге асып тұр ғой. Яғни, мұнда да өзіне қаратса сөйлеу, әнгімелесу, сұрап-жаяуп іздері бар. Риторика өзгеше бір нәзік арқауға айналады.

Ақын халық поэзиясының үлгісін өзгертпей пайдаланатын тұстары да бар. Үлгі үлттық дәстүрді еске салса, ішкі мән Мұқагалилап атой салады. Екеуі де жүрекке ыстық ұялайды.

*Керімсал менің кең өлкем,  
Жетемін саган мен ертең.  
Аймалап мені қарсы алар,  
Желтуіш – самал, жесел – еркем,  
Саялы салқын колеңкем.*

Байқайсыз ба, ұлттық көне дәстүрге келгенде ақын бауырын жазған тұлпарша көсілмей ме? Шын мәнінде еркіндік алады. Сезім драмасында от бол өргенген ақын толғақты сезімді толғағанда қанатын қакпайды, қалыктайды. Сөздердің қойындасуы мен ұқсасы қандай! Әр тармактың соңғы бунағындағы үйлесім – өзгеше ұйқас жемісі. Соңғы сөздердің ұйқасына мән берейікші, «таулардың» – талдарың – орманың – жан-жағым – арманым». Немесе «алып ұш – сағыныш – қанып іш». Яғни, түйдек Абай дәстүрлі реализмнен қоса суырылып тұр.

Талантты ақындар творчествосы өнермен егіз екені малім. Өнерді Абай өлеңдеріне объекті етіп, жырлағанын білеміз. Одан кейінгі Илияс мектебі де, өз алдына сала Қасым, Сәкендер ше? Ал, Мұқағали олар салған дәстүрден сәл ауыткитындей. Біріншіден, ол өнерді арнайы тақырып етпейді. Бірақ оның барлық творчествосының арқауы – өнер. Оның өлеңдерінің саздылығы, яғни музикалығы тікелей ән-күйден сабак алуында. Ырғақ төнірегінде ғана емес, ақындық рухын өнер рухымен суарып отыратындығын айтамыз. Бұл тылсым сырды Мұқағали өзінің «Домбыра», «Ән» деген екі өлеңінде теренірек ашып береді. Қара сөзбен, ғылыми стильмен емес, ақындық стильмен-ақ өнер өнірін ашады. Өнер құдіреті мен өзіндегі сезім құдіретінің шарпылысын бірінде драмамен, бірінде эпикамен жеткізеді. Екеуінде де шынайы өнер аруағымен жолықтырады.

Ал, Мұқағалидың «Ән» атты өлеңін түгел болмаса да, толығырақ келтіруге тырысайық. Өйткені, ол жеке-жарым сезімдік шумақтан құралмайды, тұтас драмалық-сезімдік симфония.

*Сүмдық-ай, осы біреу мұң даудысты,  
Шыга алмай көкіректе туган ұшқын.  
Күй тартып көкіректе боздатады*

*Сұмдық-ай, осы біреу мұң дауысты,  
Іздеп мен ойга да үштым, қырға да үштым.*

Өлеңнің экспозициясы. Ерікті үйкас, еркін жол. Ақын емес кейіпкер сөйлеп отыр. Сөйлеп отырған жоқ, алдағы драмаға психологиялық ситуация жасап отыр. Сахна әзірлігі, оқиға алда.

*Осы бір боздау үнді естігенде,  
Ән болып көкейімде есті жесл де.  
Ойыма ойран салып осы бір үн,  
Бауырымды ұстаралмен кескілеуде.  
Апыр-ай, қайдан шықты, қайдан келді?  
Астаң-кестең сапырды айран-көлді.  
Адамдар, айтыңдарши, әлгі бір үн,  
Апыр-ау, қай маңда еді, қай маңда еді?  
Толқынты-ау, көңілімнің айран-көлін.*

Міне, драмалық коллизия. Ән әсерінен ақын осындаған күй кешеді. Есінен айырыла есенгірейді. Өнер аруағы ләззаттан да өзге, өнер аруағы шалықтатады. Япыр-ай, ақыннан гөрі өн бойын дыбыс билеп алатын күші, композиторлар қасиеті ақын бойына қайдан біткен дейсіз?! Бірақ ол эн жазбады, сөзге құлады. «Өнер алды – қызыл тіл» деді, ақылы Абайды сыйырлап. Ақын сол музыка құдіретімен сөзді жарыска салды. Өлең құрылышындағы, сюжеттіндегі драма элементі содан туындейды. Сезім динамикасының өзі табиғи драмалық сюжетке айналады. Әлгі де коллизияның шешілуі мына жолдардан анық көрінеді.

*Жүргім жетімсіреп қалды-ау менің,  
О, құдірет алде бір алдау ма еді?  
Тұлпардың құлышындаі бұла дауыс,  
Тұтқындаап жсан-жагымнан алды-ау мені.*

Ақын жаны жұмбақтың шешуін тауып, тыным тапқандай. Сезім қыскан қыл арқан алқымын босатқандай. Сезімнен титықтаған ақынның күр сүлдері қалды. Болбоз күр шүберектей өніме дейін көз алдымында тұр. Міне, мұның бәрі драмалық қуат. Шекспир қаңарманынан қай жері кем? Гамлеттің жанын қиған сезгендік, Отеллоның бойын буған сезім қүші де осы емес пе еді?

«Тұлпардың құлышындағы бұла дауыс тұтқындағы жанжагымнан алды-ау мені» деген қандай азапты да, аруақты еді?! Қалыпты шындық. Әдеби бейнеліктен өзгеше ақиқат. Перштеге айналған пәк сәбидің киелі үнінде естіледі. Тазалық пен дәрменсіздік ғана қалған ақын жаңының құдіретті мұза ғана тербейді, әлдилейді, актық сағатта аңсаған жерсү, топырағымен емес, музасымен ғана тілдеседі. Сейтіп азаматтық арманынан биіктейді. Жерге емес қанатын қомдай көкке ұшады.

Ал, «Домбыра» атты өлеңнің табиғаты кең тынысты эпикамен сабақтас жатыр. Сезім ширығуы жоғарыдағыдан драмалық қақтығыстармен емес, шексіз кеңістікпен өлшенетіндей.

*Дарига, домбыраңды берші маган,  
Жаныма келші, жарым, келші, балам!  
Бейуақ іңірдегі көңіліме  
Күй болып күңіреніп енші, далам!*

— дегенде қаншалық кең пішімді сезім дархандығы жатыр.

Ақындық парасаты мен асқақ сезімі тасқа басылғандай анықтық табады. Ешкім орап өте алмайтын кеңдікпен, ешкім өшіре алмайтын мәңгілікке ұласады. Сезімін сабыр мен санаға бағындыра отырып, оның бар мәйегін шығаратындаі. Бар маңызын ұсынатындаі.

Корыта айтқанда, өкініш пен өмір қатар өбкен зор тұлға өнердің де ең биік тұғырына көтерілді. Иә, Мұқағали поэзиясы – өзгеше өлең, өзгеше.



## Шәмша БЕРКІМБАЕВА

Казактың ұлтжансанды қыздарының бірі.  
Ұлттық идеологияны жастардың санасынан сіңіру  
барысында контеген қайраткерлік қызметтер  
атқарды. ҚР Білім және ғылым министрі болды.  
Қазір Алматыдағы Қыздар педагогикалық  
университетінің ректоры. «Мұқағали»  
журналиның алқа мүшесі

## ТУҒАН ЖЕР АҚЫНЫМ ДЕП ТІЛ ҚАТАДЫ

*М.Макатаевтың 70 жылдық мерейтойына  
арналған салтанатты жиындары сез*

Ғасыр ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ұлы тұлға Мұқағали Макатаевтың мерейтойына арналған жында қарындастарының атынан, нәзік сезімді әйел қауымы атынан сөйлеудің ретін көлтірген тағдырыма ризамын.

Ақын жырларында анасы – мейірім мен жылылық көзі, қыздары – көзқуанышы, жары – отбасының ажары, берекесі, женгелері – ағайын бірлігінің тұтқасы. Ал кейбіреулердің пендешілігін көріп қиналғанда, өзі айтқандай, «Қазактың жігітінен дос таба алмай» поэзиядағы рухани қарындасы болған жігіттермен ақыл-қайраты, парасаты тен түсер қазактың Фаризадай қызына мұң шағады.

Әйелдің сезім әлемін, сыршылдығын, нәзіктігін, кейде батыл қимылға да бара алатын өрлігін шебер өрнектеген екі ақын болса, бірі Мұқаң шығар деп ойлаймын. Мен ұлы ақынның асыл мұрасын зерттеп жүрген ғалым емеспін.

Мен ақынның өлеңдеріне біржола құлап, мәңгілік ғашық болған көп оқырман қарындастарының бірімін.

Мен тек Мұқағалидай ұлы құбылысты жастар таныса екен деп жүрген, оның жырларының сұлулығын, терендігін, асқақтығын түсінсе екен деп жүрген ұстаздар қауымының

өкілімін. Осындағы ізгі мақсатқа аз-кем үлес қосқанымды өзіме бақыт санаитынымды да жасырғым келмейді. Ақынның 70 жылдығында бұрын-соңды болмаған республикалық студенттер айттысын өткізудің, «Мұқагалитану» курсының 10 сағаттық бағдарламасын жасатудың, езі «Кіндігімді байлаған қазығым-ай» деп жырлаған касиетті Қарасазда оқушылар мүшәйрасын өткізудің негізгі ұйымдастырушысы болғанымды айтсам, күрметті қауым, мактанды деп сөкпеніздер. Осы жұмыстардың басы-қасында жүріп менің байқағаным, ақын жырлары жастар жүргегіне жол тапқан. Соңдықтан «Я, Аллам! Жауыздықтан сақтай гөр» деп, адамдарды адамгершілкке шақырған.

«Таулар – менің таусылмайтын бақытым,  
Ал ырысым – ұлан-гайыр кең далам»,

– деп туган жердің кадір-касиетіне жетуге, оны сүюге баулитын жырлардың иесін мен ұлағатты ұстаз дер едім. Қаскелен қаласының Абай мектебінің оқушысы Лилия Ілімбаева былай деп толғады.

Қия шыңың қол жетпес шыңдары ма?  
Шынары ма, сезімнің сыңары ма?  
«Поэзия, сен менімен егіз» дейсің,  
Мен ғашықтың өзіңнің жырларыңа.

Өлең, жырың – Тәңірдің бұлагы ма,  
Жылынады жүргегім шырагыңа.  
Өлең өріп, жыр қуып жүргенімде,  
Сен айналдың киелі тұмарыма.  
Жырларыңа сыйлапты Тәңір бақты,  
Бас қойсам-ақ жүргегім дабыл қақты.  
Қайзы қылыш жүзіндей откірін-ай,  
Үмітімнің лапылдан шамын жақты.

Бала жүрек ұлы ақынмен рухани үндестікке талпынады. Мұқагалидың «Абай жаққан бір сәуле сөнбеке үшін», «Қасым солай болмаса, иесі Қасым» немесе «Сізді көрсем, жомарт бір күзді көрем» дейтін «Ғабана», «Сейлесен, бурадайын лықсып-тасып» дейтін «Әбділдаға» сиякты өлеңдері есінізге түседі.

Туады, туады елі нағыз ақын,  
Нағыз ақын бал мен у тамызатын.  
Жесірдің айырымас сырласы бол,  
Жендеңтің көзінен жас ағызатын.  
Туады, туады елі нағыз ақын!

— деп, ақын өзі де үкілі үмітін болашақ үрпағына артады. Осы орайда бүгін жас ақындарға мемлекет тараҧынан қамкорлық қажет екенін де айту керек.

Егер Мұқағали оқулары тұрақты өтіп тұрса. Қанша бұлактың көзі ашылар еді, әрі ол ақынның кіндік қаны тамған Қарасазында өткізілгені абзал. Біріншіден, ақынның мұражайы бір ауылдың ғана емес, бүкіл өлең сүйер қауымның ортақ құндылығы. Екіншіден, «Сен менің еліме бар» деген өлеңінде:

Мен туралы сөйлейді шоқыларым,  
Мен туралы сөйлейді топырагым,  
Мені сұра бастаудан, жылгалардан,  
Тогайдагы көлшіктен, тұнбалардан,

Мені сұра сағымнан құган арман.  
Тал шыбықтан сұрагын сыргаланған.  
Таудан сұра, наизадай шыңдарынан  
Шыға алмай таң сәріде Күн қадалған,

— деп, ақынның өзі айтпакшы, Аршалы сайы, Шалкөде жайлауы, Елшенбүйрек тауы, сол өлкенің байырғы ғұламасы Хантәнірі оның жырларының эзететикалық куатын еселендіре түседі. Бір кезде тұған күнінің тойланбағанына қамықкан ақынның мерейтойы еліміздің ешқашан тарқамайтын бүкілхалықтық ұлы тойына ұласып, оның «жыр-гұмыры» мәңгілікке кетті.

Аян ғой, аймагыңның сырлы маган,  
Сөйлейсің, сөйлейсің сен, ұлы дағам!  
Мен сенің көкке ұшырган бозторғайың  
Шырылдан жерге түспей тұрып алам!

Ұлы ақынның рухы өзі шексіз маҳаббатын сыйлаған тұған жерінің, тұғырында тұрса екен деп тілеген тұған елінің рухани көгінде. Әрқайсымызды ғажайып сезімге бөлекен, еліміз-

дін Тәуелсіздігі баянды болуы үшін, артықшылығымен қоса қайшылығын да ала келген ғаламдану деген процесте, адамзат әлемі мідай араласқан заманда ұлттық болмысымызды сақтаң калу үшін халқымызды рухани биіктікке жетелейтін Мұқағали өлеңдері керек. Жаңа дәуірдің саясатын жасайтын, катан бәсеке ғасырында туған халқының мерейін үстем етер бүтінгі және болашақ ұрпақ ақынның аманат жырларын оқығанда қазакы рухты жаңымен, жүргімен сезінсе, қазақ болғанына масаттаныш, көңілі өсіп, қуанып отырса деп тілеймін. Ана тілін – бақытым деп санаған, дінінің тазалығын, жерінің тутастығын, елінің амандығын тілеген, шырылдан «Ақиқаттың ауылыны» іздеген ақын жырлары, әсіресе, жастардың өмірлік серігіне айналса деп тілеймін. Ол жалаң мақтаныш үшін емес. Мемлекетке атын беріп отырған ұлттық рухы биік болуы үшін керек. Қазақстанды Отаным деп санайтын басқа ұлт өкілдерінің осыны түсінуі де бізге байланысты. Иықтасып өмір сүріп жатқан олармен сыйластығымызды нығайта отырып, ұлттық мұддемізді де қорғай білу кажет. Ұлан-ғайыр жеріміздің тарихи иесі – біздің халықта ел бірлігі, жер тұтастығы, мемлекетіміздің куаіпсіздігі үшін жауапкершілік мол. Жұырда өткен ұлттық мерекемізде Елбасы Тәуелсіздік тағдыры өз колымызыда екенін, оның нығайып гүлденуі баршамыздың рухани ізденістеріміз бен ықжадағатты енбегіміздің арқасында жүзеге асатындығын тағы да еске салды. Ұлттымыз, ұрпағымыз жана ғасыр мен мыңжылдық талаптарына қайткенде төтеп бере алады деген өзекті мәселенің айналасында ойлануға шақырды. Еліміздің саяси және экономикалық бостандығын баянды ете отырып, ғасырлар бойы санаға сіңіп қалған құлдық психологиядан біржола құтылу, кейбір ішкі-сырткы саяси күштердің ұлттымызды дін арқылы, тіл арқылы бөлшектеу әрекетіне жол бермеу, заң арқылы мемлекеттік дәрежеге ие болған киелі ана тілімізді шын мәніндегі халықаралық қарым-қатынас тілі, экономика, ғылым тілі деңгейіне жеткізу сияқты ізгі мақсаттар бар. Халқымыздың осындай өрелі міндеттің биғінен шығуына Мұқағали сияқты ұлыларымыздың жалынды, ойлы, сыршыл жырлары ықпал ете берсе скен.

## Ұлы ақынға — ұлағатты пікірлер



**Бауыржан МОМЫШҰЛЫ:**

Жас Лермонтов бүкіл орыс қоғамына баға беріп, күреске шақырған. Бұл ұстаздық етудің тамаша үлгісі. Мұқағали да халыққа ұстаз болуға жарайды екен.



**Зейнолла СЕРИКҚАЛИЕВ:**

Мұқағали мұрасы, сұлулық үлгісі бүтінгі біздің иғілігіміз ғана емес. Мұқағали мұрасы, маржан поэзиясы – болашақ ұрпақтардың да еншісі, қастерлеп–қадірлейтін қазынасы



**Әбілмәжін ЖҮМАБАЕВ:**

Әрбір ірі ақындар сияқты Мұқағали да қазақ поэзия – сын жаңа кеңістікке көшіріп қондырды да, өзі соның мәңгілік түрғыны болып қалды.

Мұқағали МАҚАТАЕВ

### ӨМІР ЖАЙЛЫ

Өмір жайлы сұрай берме сен менен,  
Өмірді мен әлі зерттеп көрмел ем.  
Өмір жайлы білгің келсе, қартқа бар.  
Қан майданнан жалғыз ұлы келмеген.  
Жесір келін, бір нәресте көрмеген,  
Жетім шалды бала орнына тербекен.

Өмір жайлы не түсінem мен деген...  
Өмір жайлы сұрай берме сен менен.  
Өмір жайлы білгің келсе қартқа бар,  
Өміріне кегі кеткен, өлмеген,  
Жалған айып таңылғанда көлденең,  
Ақиқаттың аппақ туын бермеген.

Содан сұра, содан сұра өмірді,  
Нені көрді, нені сезді, не білді?!  
Неге ақылды ақымақтан жеңілді,  
Біреу жылап, біреу неге көнілді?!  
Содан сұра, содан сұра өмірді.

«Өмір жайлы сұрай берме сен менен, Өмірді мен әлі зерттеп көрмел ем» дейді. Аңдан қарасаңыз, ақын бұл жерде білгенін айтқысы келмей бәлсініп отырған жоқ. Өз білігін өмір деңгейімен өшшегенде түкке тұрмайтынын шүбәсіз мойынғап тұр. Өйткені, өмір баршамыздан биік.

Ақын бәрі ғажап, бәрі керемет *gen eشكىمدى* алғағысы келмейді. Егер солай десе, өмір мұңының кермек дәмін татқандардың алдынға нендей дәлел айтып ақталмақ. Сондықтан ол «Өмір жайлы білгің келсе, қартқа бар, Қан майданнан жалғыз ұлы, келмеген. Жесір келін бір нәресте көрмеген, Жетім шалды бала орнына тербекен...» дейді. Ал, ол адамдар жамандығынан осындаі күй кешкен жоқ қой. Олардың да үміті мол еді, аңсаған арманы бар еді. Қолын созды ұстай алмады, жүтіргі жете алмады. Жанраны

сөнгі, басына тұсті, көнді. Бәлкім, бұл тағдырдың жазуы шығар? Десек те, бұл ең алдымен нысапсызың пен озбырлықтың шектеусіз кепкен дүлей сойқанынан туындал отырған қасірет. Соғысты, сойқанды тұтатқан нысапсызық иесі өзін ғана отқа салған жоқ, бүкіл халықтың обалына қалған күнәшар атанып отыр емес не? Ақын өмірді қадірлей алмайтындардың кімдер екенін қасірет шеккендер ғана жасырмай айта алады деген түйінге тоқтайды.

«Жалған айып таңылғанда көлденең, Ақиқаттың аппақ туын бермеген». Олар ерлік те жасаған жоқ, батыр да атанған жоқ. Басты «кінәсі» өтірік айта алмады. Бар тазалықтан ар тазалығын биік қойды. Соның жолында қындықтан қынбады. Жалғандықтың алдында басын үіп жалбарынбады. Міне, өмірдің нағыз мәнін осылар білеғі дейді ақын. «Неге ақылды ақымақтан жеңілді, Біреу жылап, біреу неге көңілді? Содан сұра, содан сұра өмірді». Егер солардан сұрап, соларды дұрыстап тыңдал, одан кейін тиісті қорытынды шығарып отырсақ, еншімізге бұйырған өмірді кінәламайтын деңгейге жететін едік. Амал не, мұндай саулардың төңірегінде басын ауыртып, шын толғанатындардың өманда, аз болатыны өкінішті. Ақын осы өлеңі арқылы үлкенге де, кішіге де ғажайып философиялық ой салады. Жолы болғанның жөні осы екен деп күшінді көрсетпе, одан да иманды да қайырымды ісінді көрсет дейді.

Өмірге келген адам өмір хақында үнемі дұрыс пайымда болуға міндетті. Қажет болса, бір күндік сәүле оған сол үшін берілді ғой. «Өмір жайлы сұрай берме сен менен» дегенмен, өмірдің сырын бәрібір ақыннан сұраганның ешқандаі айыбы жоқ.

## Бексұлтан НҰРЖЕКЕЕВ

*Бексұлтан аға Мұқагали туралы айтудан да, толғанын, тебірениң жазудан да жасалықтан емес. Сонау алғашқы лекте ақын олеңдерін жисип, оны торт том етіп жысыр сүйген жұрттың қолына тигізді. Откен жылдары қогамдық ұйымдар ол кісіні «Макатаев атындағы сыйлықтың лауреаты» атандырганда «Бұл – мен үшін ең үлкен марапат» деп қуанганы есімізде.*



## МҰҚАҒАЛИ ҚАЗАҚҚА МӘҢГІ ҚЫЗМЕТ ЖАСАЙДЫ

— Ақын дүниеден озған соң да, бәрі ойдағыдай реттегіліп кете қойған жок. Тіпті, басын қарайтудың озі онайга соққапты. Естуімізше 4-5 адам ғана осы жұмысқа бел шешіп кіріскең дейді. Соның бірі өзініз екепсіз. Осы оқиғаларды еске түсірсөніз дегіміз келеді.

— Бейіт басына ескерткіш орнату мәселесіне Бакқожа екеуміздің араласқанымыз рас. Мұсіншіні Бакқожа марқұм езі тауып, мұсінін езі жасатып, маған бәрі даяр болғанда Жандосов пен Сэтбаев көшелерінің қыйылысындағы шеберханаға ертіп апарып бір-ақ көрсетті. Мұсіннің астына жаздырган өлеңді Лашын женгемізben бірге үшеуміз ақылдаса отырып, «Жан азасы» дастанынан бір шумақ алуға алдын ала келіскеңбіз.

Бұрынғы Пастер көшесін Мұқағали Макатаев атындағы көше деп атау жөніндегі пәрменді Алматы экімі Заманбек Нұрқаділов жасады. Пастердің үлкен ғалым екенін көлденең тартып, оған да біраз ағамыз карсылықтарын жазды. Дүние жүзінде атақты ғалым, әрине, көп, бірақ қазақ жеріндегі абырай-атақ алдымен қазақтың өз перзентіне тиесі болу керек деп ұққан халық ондай шәлкем-шалыс пікірлерге дер кезінде тойтарыс берді.

Мұқағали атындағы көше бойына қойылған ескерткіш — Алматы қаласындағы сәтті жасалған ескерткіштердің

бірі. Оның авторы Нұрлан Дағбай бауырымыз кейін Әбілхан ағаның да ескерткішін әдемі жасады, алайда оны қойған орын Мұқанді-кіндей сәтті емес, тұрған орны, ешкім көрмесін деп, ескерткішті әдейі тығып қойғандай әсер қалдырады. Мұқағалиға ескерткіш орнату ісіне марқұм Алтынбек те, қазіргі министр Мұхтар бауырымыз да нақты азаматтық үлес қосты. Құдайға шүкір, қазір Мұқаның өлеңі де, аруағы да казақ халқы үшін үлкен касиет саналады. Қазақ халқының ынтымақтастығына Мұқаның шығармалары тірі адам қатарлы қызмет жасап келеді.

Кеңсайдағы Мұқаның бейітіне ескерткішті орнатып жатқанымызда, кенет бір тосын оқиға болды. Гранит тасты орнына қойып, енді жан-жағын мықтап жатқанымызда, төменнен тарс еткен мылтық даусы шықты да, артынша шың еткен оқ дәл төбемізден ұшып өтті. Біз бір-бірімізге үрейлене қарастық.

— Біреу әдейі атты,— деді Баққожа, — өні сұрланаңып.

Біз оған нанаарымызды да, нанбасымызды ба білмей, дереге төменге үніліп, жан-жағымызға сактана қараестық. Окты әлде-кімнің сай жақтан атқанын анықтадық та, біраз дауығысып барып тынышталдық. Ол күні женгеміз Лашын мен Мұқағалидың бала-шағасы және Баққожа екеумізден басқа бейіт басында ешкім болмады. Шынымды айтсам, оған мен бәлендей мән бергем жоқ.

— Сіз «Кәріс қызы» деген керемет әңгіме жаздыңыз. Онда Қызылорда өнірінде тұратын кәріс қызының Мұқағали поэзиясына деген сүйіспеншілігі нәзік сезімдермен баяндалады. Осы шығарманың тууына не себеп болды еken деп ойлаймыз. Ойыңызды ортага салсаның жақсы болар еді.

— Мұқағалидың махабат жайындағы өлеңдері ылғый мұң мен өкініштен тұрады. Соның өзі де оның өмірін тереңірек түсінгісі келген адамды сан алуан ойга итермелейді. Ал Мұқағалидай санлақ ақынның жеке баетық өмірі кімді қызықтырмайды? Мені де қызықтырды.

1980- жылы мен «Көктем-3» шағын ауданынан пәтер алдым. Иса Байзақовтың Макпузда деген әртіс қызы болған.

Оның күйеуі әнші Бердібек Бейсенов еді. «Жасымда ғылым бар деп ескермедин» деген Абайдың әнін жақсы айтқаны үшін ғана ол кісіні көп адам біледі. Мен де сол дәрежеде ғана сырттай білетінмін. Жана пәтер алғанымда, со кісілер маған көрші болды. Олар бірінші, мен екінші кіреберісте тұрдық. Бір күні кездесе қалып әңгімелескенізде, Бердібек аға өзінің Мұқағалимен қазак радиосында бірге істегенін, сонда оның бір кәріс әйелмен байланыс жағағанын айтып қалды. Мен қадалып сұрай бастадым, ол білгенін бастан-аяқ айтып берді. Содан бастап осы оқыйға үнемі менің мыйымда жүрді. Әсіреле, Мұқағалидың неге өзін «махабаттың құрығы үрган» адам санайтынын түсінуге тырыстым. Бейсенов айтқан әлгі бір әңгіме ойынан шықпай жүрді. Сөйтіп жүргенде, өзім бір кәріс келіншекпен достасып қалдым. Әлгі келіншекке біресе Мұқағали болып, біресе Бексұлтан болып қарайтынды шығардым.

Ол кезде «Жалын» баспасында істейтінмін. Бір жазда жазушы Сұлтанәлі Балғабаев мені Сыр бойына – туып-өсken жеріне шақырды. Бардым. Қызылорданы қызыға көріп шықтым. Сырға шомылдым, аргы бетіне қайықпен өтіп, тоғайын арападым. Фажап әсер алдым. Сол Сырдың жағасында тұрып кәріс келіншекті ойладым, өзімнің жағдайымды Мұқағалидың жағдайымен шендестірдім. Лашын женгемнің көзі тұрғанда Мұқағалидың кәріс келіншегі жайлы ашып жазуға болмайтынын түсіндім. Сондықтан «Кәріс қыздың» мекені Алматы емес, Қызылорда болып өзгерді де, әңгіме туды. Мен ол кезде Мұқаңың кәріс әйелі жайлы әлі егжей-тегжейлі білмейтінмін. Кеңірек мәліметті кейін, атап айтқанда, осы XXI – ғасырдың басында ғана жазушы ағамыз Оразбек Сәрсенбаевтан естідім.

Ол шындықты о кісі әлі баспасөз бетінде ашып айтқан жок, сондықтан о кісінің рұқсатынсыз ол шындықты жария етуге менің қақым жок деп ойлаймын.

«Кәріс қызы» атты әңгімем 1984 жылы «Жалын» әлманағында жарияланды. Бір жолыққанымызда Лашын женгем: «Иә, сондай бірдемесі болған сыйакты», – деді де,

оған онша мән бермегенсіді. Мен де ашылып артық ештеме айта қоймадым. Тек: «Е, менікі көркем шыгарма ғой», – деп, акталғандай болды. Шынымды айтсам, женгемнің сабыр сактап, салқын сөйлегеніне қатты қуандым.

– 1981 жылдың 50 жылдығы тұнғыш рет аталды. Оның басы-қасында тағы да сіз жүрдініз. Сол кездегі Алматы облысының бірінші басшысы Кеңес Аухадиев Мақатаевтар отбасына болмесі коп жана пәтер берді. Осы пәтерді алуға сіздің әсерініз болды дейді білетіндер. Соның шындығын енді өз аузынан естігіміз келеді.

– Менің Кеңес Аухадиевпен комсомол қызметінде жүрген кезімнен таныс екенім рас. Қазір де сыйласпзы. Райымбек бабамыздың басына алғаш ресіми ескерткіш тас қойғызуға Кәкенің тікелей қатысы барын бұрын да жазғам. Мұқағалидың «Лениншіл жасқа» шыққан «Райымбек! Райымбек!» атты дастанын жариялауга қалай қызмет жасағанын айтып, Сәрсенбі Дауітов інімді таныстырғанымда, оған риза болған Кәкен «Орбитадан» уш бөлмелі үй беріп еді, кейін Мұқағалидың өз отбасына да «Пионер» атты дүкеннің үстінен жақсы пәтер берді. Оның бәрін менің емес, Кеңес Аухадиевтің Мұқағали шыгармашылығын түсініп сыйлағаны, күрметтегені деп бағалаған жөн. Мұқағалидың мемлекет өткізген тұнғыш тойы – елу жылдығы да кезінде Кәкенің пәрменімен өткен. Ол жайында Әбділдә Тәжібаев ағамыз Кәкенмен арнайы жолығып әңгімелескен. Әбекен ол кезде Мұқағали мұрасын жариялау кәмесиесінің төрағасы болатын.

– 80-ші жылдың басында Мұқағалидың «Жырлайды жүрек» кітабы республиканың Мемлекеттік сыйлығына ұсынылды. Бірақ, қайтыс болған ақынға берілмейді деген желеумен ұсыныс қабылданбапты. Сонда сіз бастаган қаламгерлер ақын үшін барын салып жүгірді деп естідік. Бұл жайдың мәнісін журнал оқырманына қалай баяндап берер едініз?

– Иә, ол кітабын сыйлыққа «Жалын» баспасы ұсынды. Мен ол кезде сол баспаның Бас сараышысы едім, Калдарбек

деректірі болатын. Сыйлыққа ұсынылған шығарма ол кезде баспасөз бетінде кеңінен талқыланатын. «Социалистік Қазақстан» газетінің сол кездегі басшысы Балғабек Қыдырбекұлы аға оған белсene араласты. Еңбек Ері Зылиха Тамшыбаева әпкеміздік пікірін арнайы барып, үйіне қона жатып алғып келіп Балғабек ағаға жариялатқыздым. Бір мен емес, біразымыз жүгірдік. Фариза екеуміз біраз ағамыздың үйіне барып, өтінішімізге қол қойғызып та дауыс жыйнадық. Бірақ, ол жолы Мемлекеттік сыйлық Мұқана берілмеді. Қазбалай берсөн, бұл өзі өсегі көп дүние, сондыктан сол кездегі кәмесиенің іс-қағаздарын мұрагаттан қарап отырып әңгіме еткеннен дұрысы жок.

Араға жылдар салып барып ақыры ол сыйлықты Мұқаның алғанын жүртшылық біледі. Кезінде жасалған кателікті кеш болса да түзету деп түсінемін мен оны. Ал ол сыйлықтың берілуіне Алтынбек Сәрсенбаев ініміздің ықпал еткені де есімізде.

— Сіз басқарған «Жалын» баспасы Мұқағали мұрасын жинақтап торт том етіп шығарды. Ақынның «Күнделіктерін» де дереу кітапша етіп бастыңыздар. Бұл әрекеттер кәсіперлік құлшының па, әлде, ақын мұрасына деген ұлы құрмет пе? Қандай көзқарастарға тоқталар едіңіз?

— Эрине, ұлы құрмет! Тек ұлы құрмет! Торт томдықты құрастыру жұмысын Оразақын ағаға тапсырып едік, бәрін тап-түйнақтай етіп өзірлеп берді. Оған Мұқаның бала күнгі өлеңдерінен бастап дана құнгеле дейінгісі түгел кірді. Оны шығару да өз-өзінен оп-онай шешіле салмады. Бірсесе таралымы жөнінен, бірсесе қай астанадан шығару мәселесі жөнінен ары тарт, бері тарт болып өтті. Ең бастысы: Мұқаның негізгі жазғандары халқымен түгел дерлік табысты. «Түгел дерлік» деп отырғаным, кім біледі, элі адасып жүрген бірен-саран шығармасы табылып та қалар деп ойлаймын. Мәселен, о кісінің күнделіктері түгелдей қолымызға тиген жок.

— 2001 жылы Мұқағалидың 70 жылдық мерейтойы отті. Сол тойда негізгі баяндаманы сіз жасадыңыз.

Мұны ақынға іні бола білген қаламгерге көрсетілген үлкен құрмет деп түсіндік. Баяндаманы жазған кезде қандай тебіреністерді бастан кешірдініз? Сол туралы әңгімелеп берсеңіз дегіміз келеді.

– Ол тойдың қарсаңында мен ауруханада жатқам. Тойға аз-ақ күн калғанда Нұрлан Оразалин хабарласты. «Беке, белгілеп отырған баяндамашымыз аяқ асты «атказ» берді. Өзініз енді алып шығыны!» – деді өтініп. Мен қолмақол сауығып кеткендей болдым. «Атказ» берген адамның пендешілігіне ызalandым. «Әй, бәтшагарлар, әлі мені жарыққа шығарғыларын келмей ме?» – деп, кейіп тұрған Мұқағали көз алдыма келді. Дереву баяндаманы ауруханада жаздым да, ауруханадан шығасап Қарасазға тартып отырдым. Мұқағали жайында айтуға мен қай кезде де дайынмын.

– «Мұрагер» продюсерлік орталығы Мұқағали атындағы сыйлық белгілеп, оның марапат қағазын және төсбелгісін алғашқы лауреат ретінде сізге берді. «Бұл мен үшін ең үлкен марапат» дегепіңіз тыпдаған елдің есінде. Сол созді әрі қарай жалғастырып айтсаныз қалай болар еді?

– Оны қанша жалғастырсам да, сол кездегіден артық айта алмаймын. Мұқағалидай шын таланттың өзі де, өлеңі де қызғаныштан, іштарлықтан қиянат көріп, шетқақпай болып кетпеуі үшін қызмет қылудан артық қандай абырой керек адамға? Мен оған біржола бел шешіп кіріскең адаммын, сондықтан Мұқанның атындағы сыйлық – мен үшін шын мәнінде ең үлкен мәртебе. Сол сыйлықтың алғашқылар қатарында сазгер бауырым Тұрсынғазы Рахымовқа берілгені мені аса қуантты. Себебі ол –Мұқаң шығармасын өзек етіп алғаш ән жазған адамдардың бірі. «Сәби болғым келеді» дейтін ғажап әнді ол өзі сәбілі болғанда, балкоnda отырып шығарған еken. Қазір ол ән бізге Мұқағалидің өзіндей әрі көзіндей ыстық. Өнерлі ағасына өз өнерімен ондай ескерткіш орната білген талантты құрметтеу – Мұқанның өзін құрметтеу.

– Бұл күнде ақынға іні болатындар жетіп артылады. Десек те, сіз секілді нағыз інілердің жөні болек. Және

олар саусақпен санаңыңыз. Сондықтан, Мұқағалиға деген сағыныштарыңыз мәнгілік шығар деп пайымдаймыз. Бүгінгі оқырманға жүректеріңізді толқытқан сағыныш саздарын қалай жеткізген болар едіңіз?

— Мұқағалиды сүю — қазақты сүю. Нарынколдық немесе Қарасаздық болғаны үшін емес, әрине. Ол — өзінің карапайымдылығымен пендешілігін де, кендешілігін де өзгелер құсап өндемей, жасырып-жаппай ашық-шашық жырлап өткен, халықтан ештеңені жасырмай жазу керегін өз өмірімен үлгі етіп өткен адам. Ол — халықтан да, мемлекеттен де сый дәметпеген, керісінше өзін өз халқына оле-өлгенше карыздармын деп түсініп, сол карызын халқадарынша өтеп үлгеру үшін, жанталаса өлең жазып, сонғы сағатына дейін ауруханада колынан қаламын тастамаған кеменгер казак. Оны оқып түсінген сайын кез келген адам қазакылана береді. Ал казак болғысы келмейтін қандай казак бар?!



Асқар ЕГЕУБАЕВ

Шығыс Қазақстан облысы, Құршім ауданында туған. Адүйндың ақын және білгір галым. Филология гылымдарының докторы. Қысқа ғұмырында үлкен еңбектер атқарды. Өрнекті олеңдерін, зерттеу кітаптарын бүгінгі үрпаққа мұра етті.

Мұқагали шығармаларын зерттеуге ерекше назарған аударған еді.

## ӘМИРІ ӘЛЕҢГЕ АЙНАЛҒАН АҚЫН

Бүгінде самғауы биік қазақ жырының сырлы өлкесінен Борын тепкен Мұқагали Мақатаевтың саңлак үні халық санасына сінді деп айтуға негіз бар. Ақынның шыншыл, сыршыл қоңыр дауысы әдебиет әлеміне орнықты. Өзімен-өзі, бірде қатты, бірде аңы араласқан, айғайласқан, арпалысқан мазасыз Ақын-Жүрек миллион жүректі адамгершілік, суреткерлік тегімен жылдызып келеді. Сонда есте көп сақталатын да, еріксіз тілге, зердеге нәр болып таматын табиғаттың тұлғалы, тұрлаулы тебіреністі жырлары.

*Кең дүние, төсіңді аш, мен келемін,*

*Алынбаган ақым бар сенде менің!*

*Бұйрат құмдар бүйігып шөлдегенім,*  
*Бура бұлттар – бусанып терлегенім, –*  
*деп қайталаймыз ақын жырын.*

*Поэзия!*

*Менімен егіз бе едің?*

*Сен мені сезесің бе,*  
*Неге іздедім?*

*Алауыртқан таңдардан сені іздедім,*  
*Карауыртқан таулардан сені іздедім.*

*Сені ізdedім кездескен адамдардан,  
Бұлақтардан, бақтардан, алаңдардан.  
Шырақтардан, оттардан, жалалулардан,  
Сені ізdedім жоғалған замандардан.  
Сені ізdedім досымнан, қасымнан да...*

— деп күбірлейміз асыр-тасыры мол XX ғасырдың аласапыранды толқын-толқынында қақпақыл ойнап жүріп. «Ақ кимешек көрінсе, сені көрем... Ақ кимешек жоғалса нені көрем?» — деген жолдар тілге оралғанда, кекірек көзі ашы-тұшысы аралас мұнға толады. Әже... Ақ кимешек... Үақыт... Иә, өмірдің заңы. Қедімгі пенделік сезім. Жас еседі, жасамыс қартаяжды, карт жанынан әл таяды. Бұл табиғат заңдылығы. Солай болуға тиісті. Сөйтеп тұра, «таныс дауыс, таныс сез, таныс мәсілі» ақ әже, «су сұраса сүт берген, айран берген» қайран жеңге – исі казакқа төл ұғым, төл сезім, табиғаттың өзі берген Ұлттық асыл қазына. Сол себепті де ақын сезімі этнографиялық әлеміш емес, табиғи толғаныс, терең әрі тәтті мұн. Қазақ тұрмысына, қазақ баласына ғана тән ерекше сезім күйі. Есейген сайын адамның алдағы қүнге қызыға қарап, ұмтыла түсіп, сонында калып бара жатқан сәтті күніне жалт етіп бір карағанындей алақүйін сәт. Бұл адам жаны мен жалған дүние арасындағы мәңгілік арпалыс, диалектикалық заңдылық – Қазақ ақынының түйсінуі, тебіренісі сол мәңгілік тақырыпты өзгеше бір ренде жеткізеді. Қай тақырып болсын шынайы сезімнің шарпуына оранса, шынышыл жүрек лүпілін жеткізсе, несі бар?! Адам өз өмірінің әр кезеңін әлсін-әлсін әртүрлі жағдайда еске алып отырмас па? Откен өміріңіз бүтінгі тіршілігін жарым-жарты. Керісінше, бүгінгі өмірсіз откен күнді қалай сезінерсін? Бұл түзілімі күрделі күбылыс – жеке адамның да, ортанның да, қоғамның да тыныс-тіршілік болмысын жеткізгендей күй.

.. «Неге ертерек суалдың, жаным Анам», «Жоқ! Дәрігер! Орнатпа басқа жүрек! Басқа лүпіл жасама, басқа леп. Қалай айтам, бұлінген жүрегімді, білдірмей доғдыр алып тастады деп?! Өңгеріп өгей жүрек қайда барам. Өзгениң ғұмырын қайтіп пайдаланам»,

«Өзімнің жүргегімді жерлеп келіп, Өзгенің өмірін қайтіл жалғастырам?», «Неше мың жыл мен неге жасамаймын, Мың жыл жасап жүргенде қара қарға?!» «Қызым менің. Гүлім менің, Аяулым! Жатыр молаң жотасындаі коянның. Құлпы тастың құны маған бес тыын. Бірақ таспен қалай жаншып қоярмын!», «Қайранбіздің шешелер! Ардыойлаған, Шілік шауып, ши орып, бау байлаған...». Бұлар – ақын шығармаларындағы әр алудан өлеңдердің алудан тынысты тармақ, толғамдары. Азаматтық парасат сөзі, адамгершілік көңіл толқулары, адам, адалдық деп лупілдеген тіршілікке інкәр жүрек тынысы. Окушының жанына, жүргегіне қозғау салмаған, бірге толқытып, бірге тебірентпеген өлең – өнер емес. Мұқағали өлеңдерін отты, жігерлі десек те, бірыңғай сазды, сыршыл, шешендік, ақылгөйлік сарындары бар десек те, нақ басып дәл сипаттай алмас едік. Мақатаев жырлары – азаматтық жан дүние сырлары. Кәдімгі жұмыр басты пендениң күнделікті тұрмыс-күйінен туындал жататын жан тебіреністері, ақынжанды адамның, ақын жүректің бұлқыныстары. Ал, оны өлең тілінде жеткізуде жоғарыдағы атаған сипаттардың бәрі де туынды табиғатына сай әр тұста әртүрлі деңгейде көрінеді. Әммеге әйгілі ақиқат – адамның, былайша айтқанда, кәдімгі жұмыр басты пендениң бойында, мінез-құлқында, тағдырында жақсылық пен жаманышылық қатар арпалысып жүр. Тек кейде жақсының бел алатынына, кейде жаманның дендеуіне қарай, «жақсы адам», «жаман адам» дейміз. Ақын жырларының жан өзегі – осы Адам атты ұлы тұлға бойындағы екі ұдай тайталас. Жақсы мен жаманның тайталасы, текетіресі. Ақын уытты жырларымен (пендешілік, арамдық, көрсекізарлық, жауыздық, қара ниеттілік, екі жұзділік толып жатқан түрлі зымяндықты білдіретін) жамандық атты ұғымның өзін тұншықтыруға, жоғалтуға құштар. Жақсы жыр, жақсы сыр, асқак тебіреніс жамандықты женуге тиіс деп сенеді автор.

Осы тұрғыда Мұқағали Мақатаев творчествосының шыншылдық, сыншылдық сипатын анық көреміз.

*Кешіргін, Отан кей-кейде,  
Басып бір кетем гой-гойге.*

Тілі шықпаса, сәбін  
 Тұңынып, сірә сойлей ме?  
 Тасынып біраз мен кейде,  
 Басылтып қалам деңгейде.  
 ...Ашынам арзан ағайға,  
 Ашынам арзан жеңгейге.  
 Ашынам, қайта басылам,  
 Басылам-дагы тасынам.  
 Адамдықтарын алтынмен,  
 Өлшегендерге ашынам!  
 Минсанқорлардың қасынан  
 Шықпайтандарга ашынам!  
 Жалданып өскен жасынан,  
 Жағымпаздарга ашынам!  
 Айрылган адап досынан  
 Алаяқтардан шошынам  
 («Отаным, саған айтам!»),

— десе, бұл ақынның дидактикалық ақылгөйлігі емес, кәдімгі қазақтың жыр үлгісіндегі тегеурінді тебіренісінің жаңа көрінісі. Белгілі, үйреншікті ұфымдар дегенге сыймайтын, әдеттегі танымдық, ақиқаттық шарттылықтардың ақындық жандүние төріндегі шұғылалы көрінісі. Жағымпаздық атаулының жағымсыз қасиет екені айдан анық. Соның өзін ақын өз мәнерімен, өз мінез-кулкымен бейнелейді, жағымпаздықты «Жалданып өскен жасынан» деп жаңаша ораммен, жеріне жеткізе айтады. Жасынан жалданып, тәуелділіктегі өткен тағдырда, өмірде, азаматта не өмір, не тірлік бар? Әдебиеттің тегінен сіңген асқақ мінез — адам жанының бұла таза, тарпаңдығын жырлау. Адамдықтың асыл қасиеті — жан дүниенің, тән мен сезімнің тәуелсіздігі, бейкүнә тазалығы, бостандығы үшін құрес. Ақындық та, поэзия да адам жанының кең мағынадағы еркіндігін, еркін рухын толғауышы. Өлең авторы сол үшін ашынады, сол үшін күйінеді. Ақын өмірлік шындықты өз жүргегінің эсерімен, өз ақыл сезімінің көрігінде суарып шығарған.

Айтса айтсын айыбымды бетке қарып,  
 Қайтемін қаламымды кекке малып.

*Арам шөптің орнына гүлді қырқып,  
Әйтіуір жұргенім жоқ кептеп алтып.*

*Басымнан кемшиліктер откені анық,  
Несіне өкпелеймін көпке налтып.  
Аиы жырым құйылса өтке барып,  
Ашырқанып, алайда, сөкпе халық.*

*Мұнғымды айттай,  
Шау тартатын жайым жоқ шетте қалып,  
(«Айтсын деп ақиқатты тіл берілген»)*

— деген жолдарды оқығанда ақынның азаматтық тұлғасы көз алдымызда биіктей түседі. Алысқа да апаратын, аспанға да шығаратын ақиқат екеніне тағы да мойын ұсынамыз. Не айтса да, кара қылды қақ жарып, ағынан төгіліп сөйлейтін суреткер тұлғасы орынсыз асып-таспай, көргенін көргендей, барды бардай етіп ашық толғауымен асыл.

В.Белинский орыс әдебиетінде жарық жүлдүздайды жарқырап туып, мәңгілікке қайталанбай откен Гогольдің бірынғай ел тірлігін, халықтың күнделікті тұрмыстық психологиясына, салт-санасына байсалды көрегендікпен зер салуы жөнінде: «Мүмкін, сонысымен ол біржактылау, бірсаындылау көрінетін де шығар, бірақ сонысымен де ол бәрімізді де теренірек, нұсқалырак, бірегейлі әрі шыншылырак», — деп жазыпты. 1845 жылы «Өлі жандардың» екінші томын жазу себептерін жазған төртінші хатында Н. Гоголь: «Тек ғажайып тамаша харakterлерді ғана сомдау» біздің тегіміздің кереметтігін көрсетпейді, «бір буынды әдемілікке, әсем асқақтыққа тәрбиелеу үшін оның нағыз жамандығын да бар терендігімен көрсету шарт», — деп жазыпты. Бұл Гоголь творчествосының кредитосы... Белинский анықтауынша, «Нағыз ұлтық суреткер», «прогресс, даму, парасаттың ұлы көсемдерінің бірі»... атанған Гогольден кейін ғанабұқілорыс әдебиетінде омірдің шынайы қайшылықтарын бірінші кезекте, айқын жырлау ағымы күшіне, бедерлене түскені даусыз. Бүгін де шыншылдық бағыт әдебиетіміздің елеулі ілгерішіл принциптерінің қатарында.

Нақ осы әуен, ңақ осы әділ сыншылдық Мұқагали Мақатаев творчествосының ерекше мінезінің бірі. Мұндай сыншылдық қазақ поэзиясының реалистік туындыларына тән классикалық дәстүр ренктерінен саналады. Абайды, Сұлтанмахмұтты, Қасымды даралап көрсеткен ерекшеліктің өзі – осы сыншылдық өткірлік, өлеңнің өзегіне өмірдің отын кую. Өмірдің ағысы шындығымен бақай есепшілердің бетін күйдіру. Бұл өлеңнің мінезі ғана емес, ақынның, азаматтың үні, ел ішінде Халық-Ана салтынан сүйегіне сүтпен сінген қасиеті. Әдебиеттің дамытушылық қуаты да осындай сипатындағы.

Өмір де бір өзен. Өлең де бір өзендей, тұңғыық. Мұқагали жырлары бірде үн-тұңсіз шымырлап қайнап, теренге тартып, бірде ақ күміс бұлттарын түйдектетіп аспанға аткан сол өмірдің өзіндей. Егер дәстүрлі зерттеу «салтына» бағынсақ, өлендерді алуан-алуан тақырыпқа жіктер едік (Отан, ана, махаббат, пенделік тебіреніс, табиғат, т.б.). Ол бір жағынан дұрыс та шығар. Бірақ, ақын жанын, талант қорытпасын, жүрек жарды сезімді жіктең, жіліктеуге бола ма? Қай тақырыпты да, проблеманы да көркем шығарма биігіне көтере, шынайы толғау – хас шеберлік, аса таланттылықтың ғана маңдайына жазылған мұмкіндік.

*Қарагым сені, жайым жсоқ кем көретін,  
Бимағұлым тағдырың сен көретін.  
Зат болып неге жүргегім жараптамаған,  
Қаргаларым, сендерге тең бөлетьін?!  
(«Көретін күнім алдымда»)*

Жүрек – жыр, жүрек – сыр, жүрек – сезім. Жүрек – жыр мүшелеп бөлетьін зат емес. Ақын жыры тұтас бір буынның, уақыттың, дәуірдің кесек бір бөлігінің өзгеге ұқсамайтын, өз мінез-сымбатымен көрінген көрінісі. Сонау, «Армысындар, достар?!», «Қарлығашым, келдін бе?», «Мавр» жинақтарынан бастап, соңғы «Өмір – өзенге» дейінгі туындылардың бәрінен үзілмес бір ізді, жібек желдей жанға жайлы сырлы сазды, өзіндік дәстүр арнасын сезінесің. Ол – қай өлеңде болмасын ақынның монолог, диалог түрінде аудиосын келіп отыратын ашық сыршыл-

дық, шынайы әңгімешілдік рухтағы бүкпесіз, кібіртіксіз тіл қатуы.

*Қарлығашым, келдің бе, қаршығадан саұмысың?*

*Аман-есен жеттің бе, айыр құйрық нау құсым?*

*Оралдың ба тағы да өзің өскен ұяга,*

*Оралдың ба, сүйіктім екеуің де бармысың?*

— десе де, осы өлеңнен соң он-он бес жыл өткізіп барып, «Жаңбырда» өлеңінде:

*Жақсы едің гой,*

*Құлын мұсін қылыштым,*

*Тұзагына түстің қандай құрықтың?*

*Қайдан жүрсің?*

*Жұзің неге сынық тым?*

*Неге ұмыттың, неге бізден сұмыттың?*

— деп тебіренсе де, ақын жаңының мейірлі лұпшілін өз сезім күйімізben жатырқамай жалғастырамыз.

Жатырқамай, жаңыңа жақын келіп сыр ашқандай. Ол сырдың салмақтылығы, парасаттылығы — жалтақсыз, жанға жылы тиетін азаматтығында. Керек жерінде сәбілік мактанышпен, керек жерінде мықыл-кекесінімен, ирониямен «Лирикалық менін» ашық ақтарып отырады. Сонымен де замандастың асқақ та, парасатты, кесек тұлғасын көзге тосады.

Сөз жоқ, Мұқағали Макатаев талантты жетпісінші жылдар поззиясында кемел биігінде, қазақ лирикасының кен төрінде дер кезінде қөрінді. Сол бір он жыл, яғни жетпісінші жылдар поззиясы сөз болғанда, ірі таланттарымыздың аса аз, санаулұларының ішінде Мұқағали лирикасы асыл сезім, ыстық ілтипатпен аталары анық. Ол бұл құрметті тіл безеген желбуаз шешендейкпен де, таңдай қаққызыға талаптанған білімдарлықпен де, қырлап-сырлаған түрлік (формалық) құбылтулармен де алған жок. Оның сиқырлы қуаты — аскар биікке көтерген қасиет — халықтық саз, халықтық рух, әркімнің жүрегі жатырқамай жақын тартатын қонырлау сазды әуен. Тауып айтылған ой тарланға тән тыныс болғанымен, табиғат жаратылысынан келісті тұлғасын тапқырлыққа мансұқ етпейді. Мұқағали ақын ретінде ойды

оыйп алып, дайын күйінде қалтаңа салып бермейді, ойды өрбітеді, ойды тіршілік процесіндегі дамытады, шоғын маздатып, қызуын өршітеді. Табиғи өрісті арнасымен желілеп жеткізеді. Сонын бәрінде де сініп, жетеңе жедел белгілі бір шынайы құбыльстан, өмірлік оқиға, детальдан тілге тиек табады. Сөйтіп, өлең өрнектері ассоциациялық поэтикалық түзілім, қатарлармен санаңа шымырлап жетеді.

*Арсыз күлкің тытымас, жылтауың да,  
Айтысында басылмас, ылаңың да.  
Араздасып ағайын кетер еді,  
Бір қария болмаса бір ауылда.  
Біз қария болғанша,  
Кім біледі?...  
(«Қариялар азайып бара жатыр»)*

*Көктем кетті, күз міне жуықтады,  
Бармысыңдар, бауырлар қырықтагы?  
Бәрің тірі қалдың ба, қарығанда  
Қырықынши жылдардың сұықтары?*

\*\*\*

*Тағдыр бізден бәрін де аямаган,  
Жылатқан да жұбатқан, аялаган.  
Ата-қаздан айрылған балапан ек,  
Астан асты, жер үстін панағаган.  
(«Бармысындар, бауырлар қырықтагы?»)*

Екі өлең де қарапайым жолдармен басталған. Поэтикалық ойдың өрбуі, экспрессивтік әсердің үдеу үстінен үдеуі бірте-бірте өлеңнің өз табиғатын, өз құйынын тудырған.

Бәрі анық, айқын, ой да өз биігіне көтеріліп, кемел деңгейде толық жеткеи, қанша сарқыла, таусыла егілсөн де, бұдан ары төгілте сыр ашу мүмкін емес шығар?! Сырт көзге шалынбаса да, бүгінгі қазак лирикасындағы ерекше бір тыныстың, жаңа лептің шарпуы бар. Бүгінгі оқырман символикалық ренкті, жадағай суреттілікіті жасанды ұраншылдықты тез айырады әрі ондай өлеңдерді оқымайды. Өмірдің, тіршілік құбыльстарының өз тұргысы өмір-

дін өзінің асқақ, пафосы өлең табиғатына тым жакындей түскендейтін, шешендейтіпен, тақпақшылдықпен әсіре теңеу, әсіре бейнелеумен бірынғай қалу мүмкін емес. Мұқағали Мақатаев өлеңдерінің осыған орай айрықша ерекшелігі – өзіндік мәнер-нәшіннің ұтымды, оралымдылығы. Ақынұсак көріністерден, майда зергерліктен гөрі кесек картиналарға, тынысты полотноларға үйір. Бәрін: шеберлікті де, иненің көзіндегіні ілердей байқағыштықты да соған бағындырады. Бейнелеп айтсақ ақын туындыларының ішінен тұстастай өлең – полотноны, өлең-портретті, өлең-картиналарды айналтпай көреміз. Мұны, тек шеберлік деп қана қойсак, қысқа қайырғандық... Шеберлік болғанда, өлеңдерің құлын мүшесіне сынық сүйем артық ет жолатпайтын кірпияз тазалық, назарды кез келгенге жамырата бермей, нысананы киядан шалатын суреткерлік қырағылықпен қоса, сол айтпақ ой – нысананы ұзатпай іліп түсер алғырлық. Демек, шеберлік тұғыры:

Тіл (акындық) тазалығы...

Ой саралығы...

Тебіршіс терендігі.

«Соғыстың соңғы көктемі». Өлең бес шумак. Бес шумақта бес беттік баяндаумен де, бес бөлімді кітаппен де жеткізгісіз үлкен сурет көзге елестейді. Тұтас бір дәуірдің көктемі ой-шұңқырымен айқын көрінеді.

*Көп болды жасыл тауларға,  
Жап-жасыл бұлттар шөккелі.  
Әкелді шуақ бар маңға  
Соғыстың соңғы көктемі.  
Жап-жасыл шыбық, тал-дагы,  
Орманның жасыл шекпені.  
Куанта бірақ алмады  
Сонау бір үйді шеттегі,  
Соғыстың соңғы көктемі...*

Көктем – қуаныш, көктем – тірлік көктеуі, алда – жазира жаз, мәуелі күз бар... Осынау үлкен алып әлемнің бір нүктесіндей, жарық дүниенің елеусіз ғана қаралы нүктесіндей – қаралы үй... Манадан бері, төрт шумак

бойы әсем бір өрнекпен бейнеленіп келген сурет осы нүктеге келгенде тітіркенеді, тіріледі. Осы нүкте арқылы адамзаттық мәні бар драмаға ауысады. Сөйтіп, өлең туған. Нағыз азаматтық, адамзаттық тебіреніс дуниеге келген. Болмаса, «Беташар» өлеңінде:

*Боз ала ауыл жастары,  
Бозбала күнін тастады.  
Бозжасаулық жауып қыздарға,  
Шаңырақ құра бастады.  
Үйленді біздің агай да,  
(Үйленбе деуге қарай ма?)  
Бәсіре жалғыз көк тайын  
Сойғызып жатыр сарайда,  
(Той жасап бермек қалай да).*

Сезімді, жан тебіренісін бұдан артық қалай жеткізерсің. Жәнеде, дәл осылайшатек Мұқағали Мақатаев қанаайта алар, ақтарыла алар. Бейнелеп айтсак, бұл жан дүние тазалығы, сезім құдіреттілігі. Мың қайталап айта беретін шынайылық осы. Аныайылық емес, шынайылық. Шынайы болғандықтан да поэзия сазына бөленип тұр. Жалтақсыз, жалтарусыз ойды, ішкі тебіреністі бәз күйінде көзге тосқан, көңіл толкуын кіршікіз хас таза күйінде өлең тіліне көшірген.

Ақын кредиторы – шыншылдық, сәби сезімге ғана сиятын албырт шыншылдық. Оны оқырмандармен өзекожарды сырлас, айнымас пікірлес ететін алтын арқауы да осы – шыншылдығы. Дүниені, болмысты, құбылысты өз көргеніндей бүкпесіз, көркемдік шындық көрігінде келіетіре қорытады. Оқырман қауым талғамы мен аңсары сондай поэтикалық шындыққа інкәр. Балқытушы тұлғасы ақын жырының алғашкы жолдарында былай көрінеді:

*Қызыл науамен  
Қызыл от ағып барады.  
Қызыл адам жүр  
Қып-қызыл өні, жанары.  
Қызыл үшқындар ысқырып қызыл жалындаи,  
Қызыл қаңарын қызыл адамга жабады.  
(«Балқытушы»).*

Әсірелеу бар ма? Бар... Әйтсе де, өмірдің өз суреті ғой. Тіпті, ақынның тапқырлығына, көз алдындағы көріністен еш артық қоспасызы тудырған поэтикалық ассоциациясына тәнті боласыз. «Мен сені сағынғанда» деген өлеңінде қызғаныштың «қызғаныштан мұз шайнап, тұз жаладым» деге екі-ақ жолмен жеткізеді, енді бір өлеңінде («Байқалмай өткен махаббат»):

*Бозқырау аты кірпідей,  
Келетін экең жұмыстан.  
Тазыдан қашқан түлкідей,  
Ініме мен де жылысқам*

— деп ойнакы, естен кептес әсерлі сурет сызды.

*Еменде жасырақ – жүректер,  
Үн етсе самал, дір еткен...  
(«Жазғырма мені, жан ага...»).*

Жапырақ – жүрек дегендеге, расында да, ақынның көрегендігіне, байқағыштығына бас шайқайсыз. Сондай-ақ, Сырбай Мәуленовтің «жаңырақ – терек жүргегі» деген жолдарын еске алғанда, қазақ поэзиясының өзіндік ортақ реңін де сезінгендейміз. «Қошеде»:

*Мен жсолымды берейін, өт, қарагым,  
Несін күттің, несіне көп қарадың?  
Кор болмассың құлныны текті ананың,  
Жолын алсаң, өзіңдей текті аганың, –*

деп аяқталады. Халыққа жүргегі, тебіреніс-талғамы жақын ақын дегендеге, осында тұындыларын тілге тиек етеміз. Автор осы өлеңінде сөзбен емес, халқымыздың салт-дәстүрі, түсінік-талғамы, жалпы психологиясы арқылы поэтикалық куатты еселеген. Аға жолын қиып өтпейтін әдемі салтымыз, ініге ізет жасап, жолын, пейілін, ниетін ұсына аларлық үлкендік мәрттігіміз, ананың еркесін «құлныным» деуі – осының бәрі қаншама қарапайым болғанымен, көкіректе күй сазындаі (тілмен айтып жеткізгісіз) тебіреніс тудырады. «Ұқастық» жырында даланы анаға ұқсатқан ақын:

*Тамыры иіп  
Тәтті бір ұйықтап алғасын.*

*Ана шайына,  
Дала нөсерге қангасын.  
Далага дихан  
Анага адап жолдасы  
Тыңайтпақ болып,  
Даярлап жатыр қалжасын,*

— дейді. Осындағы поэтикалық эмоция «Тамыры иіп», «Шайға кану», «Тыңайту», «Қалжа» атты халықтық ұғым, халықтық сөздер арқылы санамызға шымырлап жол табады. Бір ғажабы, белгілі тіркестер, бұл жерде өзгеше құбылып құлпырып кеткен. Мұқағали ақын, көбінесе ұғым, түсінік-танным арқылы сөйлейді. Сол арқылы аз сөзге көп мағына сыйғызады, әрі мағына байлышын экспрессивтік мән бояуын қалыңдатады.

*Түспесін десең егер сезімге кір,  
Жанарым, менің ылғи көзімде жұр!  
Жамандық көрсөн менің қабагымнан,  
Жас болып төгіліп кет жсанарымнан, -  
(«Жанарым»).*

дегендер тәрізді.

*Өкінішті...*

*Мына құргып сырқаттың беті күшті.  
Жүргегім көтеріліс жасап жатыр,  
Бұзбақ болып кеудемде бекіністі.*

*Өкінішті...*

*О, жүрек!*

*Мениң алтын қазығым-ау!  
Қайтейін, қажыдың-ау... ,  
...Қытықтагаң бауырдың «назы» мынау.  
Қажыдың-ау, байгүсым, қажыдың-ау!  
Не істемекпін?*

*Жаным-ай, саган шипа істемек кім?*

*Жаралғанда бутін ем, үш бөлекпін:*

*Жүргегім – Африка, бауырым – Кипр,  
Миым Мұзды мұхиттай...*

*Не істемекпін?...*

*(«Емханада»).*

Заманың тынысы мен ақынның мұны үштасып кеткендей.

Бүгінгі күннің, бүгінгі дәуірдің, яғни ақын өмір сүрген кездің тынысы да осы... «Жүрегім – Африка», «Бауырым – Кипр» дегенді басқа дәуірде айтып көрінізші?... Ешкім түсінбес еді. Бүгін осы үш шумак қазақ топырағындағы бір ақынды бүтін планетамен қауыштырып тұрған үш таған.

Жүрек туралы өлең, толғаулар ақынның жиі-жіңі оралып, қайыра айналып соғып отыратын ііріміндей. Тек жүрек тақырыбы арқылы-ақ жарық дүниеге, адамдарга, тіршілік атаулыға қатысын ақын ақтара жеткізеді. Бүкіл оқырмандарға таныс «Майғұлге» өлеңінен кейін:

*Бұлданба, жүрек, бұлданба!*

*Жылдып досың тұрғанда.*

*Жырып сені жентектер,*

*Жымысқы қайғы-мұң бар ма?*

*Бұлданба, жүрек, бұлданба!*

*Қызығы тайып, қызы өлген*

*Жалғыз-ақ сен бе бұл маңда,*

– деп басталатын өлеңін жариялады. Жүрекке қарата айтылған қайрау сөз, өзіне деген тоқтам. Өзіне деген медет. Жүрек туралы жырларынан мысалдарды көптең келтіруге болады. Соның бәрінде де ақын сезімтал да нәзік, кейде ұяң, кейде ұятты, кейде мейірімді, кейде қатыгез жүрегімен сырласа, мұндаса, ренжісе отырып, оқырманың талай-талай ордалы ойдың ауылына қондырады. Сөйтіп, жалпы адам баласына тән жан дүние калтарыстарының қасиеттері құпияларын шешеді. Ең бір қастерлі сезімдер туралы ойландырады, толғандырады, сыр актарады.

Мұқағали Мақатаевтың ақын ретіндегі, азамат ретіндегі бөлекше міnez жаратылсына тән қасиеті – ештеңеден бейтарап қала алмайтыны. Ол көзімен көріп, көнілімен бағамдағай жайды басқаға да, өзіне де, онашада да, көпшілік ортасында да бүкпесіз, жалтақсыз қолма-қол айтады. Өзгенің айыбын да, өзінің айыбын да жасырмай, бетке баса біледі.

Бұл арада «Айтып өткен ақында арман бар ма, жүрегінің басына кір жасырмай!», – дегенді автордың өзіне бағыштаған дұрыс!

Сондықтан да ақын қысылмай-қымтырылмай, еркін, кібіртіксіз сөйлейді. Тосылып, тосырқамайды.

Отан, ана туралы ақындар көп жазса да, өзгеге ұқсатпай, өзінше жырлаған санаулы ақынның төрінен де Мұқағали Мақатаевты көреміз. Отан ол үшін аса қасиетті ұғым. Бүкіл өмірлік, күнделікті тірлігіне тұрақ болған алтын тұғыр. Хас тұлпардың қасиеті бәйге, көкпарда көрінетіндей, ақынның өзіндік үні, өзіндік мәнері, мінезі де осындауда жарқырап, даралана түседі. 1975 жылы «Шуағым менің» жинағында:

*Кешір, шеше!*

*Мәңгілік майдандамын...*

*Тұсін, шеше!*

*Отаным бер мені басы бүтін,*

*Нашар әйел тапқан ұл дегізбеймін!*

(«Арнау»).

— деп жазса «Өмір-өзен» жинағында ақынның Отанға, туған ел, ескен жерге деген ыстық махаббатты құс жолында жарқырып көрінген. Осы жинағындағы, кейін таңдамалы кітабына қосылған елге, жерге махаббатын толғаған туындылары ақынның ерекше бір азаматтық пафосын алға тартады.

*Кешіргін, Отан, кей-кейде,*

*Басып бір кетсем гой-гойге.*

*Тілі шықпаса сәбійің,*

*Тұтығып, сіра, сөйлей ме?*

*Тосылып кейде мен біраз,*

*Басылып қалам деңгейде,*

— дегенде Мұқағали Мақатаев тек лирикалық қаңарман мұратын ғана сездіріп тұрган жок, батыл да астарлы да толғаған.

Ұлы Отан соғысы, одан кейінгі кезең әдебиетімізге үлкен бір белес болып енді. Мұқағали бұл тақырыпты да өзінше көріп, өзінше зерлеп үлгерді. Бұлар оның жеке сөзі ғана емес, бүкіл замандастарының, тұстастарының тебіренісіндей қабылданды. «Сенбеймін әкең өлді дегенге мен, Себебі ол үйімізден тірі аттанған» дейді ол «1941 жыл. Ақпан» туындысында. Осы тақырыпта ақынның ғаламат

жаналығы бар. Ол сол бір қатыгездіктің мұз тілі сумандаған сол жылдарға лағнет айта тұрып, сол жылдың жақсылығын, өмірінде қалдырған жылы беттерін құдіреттей кастерлейді. Өйткені, ол тек еткен киындық қана емес, тағдыр. Ал, тағдырды кім оп-онай белден сыйып тастай алады.

*Бірақ сол бір дауыл жылдар, от жылдар,  
Бәрімізден бір-бір батыр жасапты.*

\* \* \*

*Сол жылдарға қарғыс айту жат маган,  
Сондагы мен ерлігіме мақтанам, –  
дейді лирикалық қаңарман. Шынайы, нанымды.  
Бір ән бар бүгінгі үрпақ естімеген,  
(Сонау бір согыс жылы естіген ем).  
Сол бір ән көмейіме кептелгенде,  
Өмір дейтін керуен-кошті көрем,*

– дейді бір өлеңінде. «Қайран женгем!», «Құрдастарға», «Жаралылар», «Қырқыншы жылдардағы бесік жыры», «Қайран жандар!», «Майданның бәйгесінде» сияқты өлеңдері атальыш тақырып ауқымындағы өзіндік өрнек, пайымдауларымен дараланған. Егер осы өлеңдерді өміrbаяндық ретімен жіктер болсақ, сұрапылдың бір үрпақ жан дүниесіндегі қайғылы да шыргалаң ізін бедерлі көрсететін тынысты бір үлкен полотно шығар еді.

Отан, махабbat жайлы жырларынан да акынның тазалығын, азаматтық арлы үнін естіміз.

*Айналайын!*

*Ата мекен, Ақ мекен!*

*Қандай қазақ ізден сені тапты еken?!*

*Туган өлке тәтті еken гой,*

*Тәтті еken,*

– деген жолдардағы сезім терендігі қандай!

*Сері күннен жалығып кәрі күннен,*

*Жалғызырап кей-кейде жерідім мен.*

*Біреу сонда жансымнан шықпай тұғын,*

*Жаны бірге менімен серігім бе ең?!*

*Қысылтаяң сәттерде саган келдім,*

*Жасырмай-ақ халімді жаман дедім.  
Адам ба едің!  
Мұңым менен сырыма ортақ болған,  
Аяулы панам ба едің!*

— деген шумактардағы тұнық сезім шапагы ше? Енді бір өлеңдер желісінде ақынның шаттық шалкуы, өмір шіркінді кия алмай, қысылып шыққан жан дауысы, достарға деген назы, адамға деген аманаты алып өзеннің арынды ағыстарындај арпалысып жатыр. Мұндағы өлеңдердің өзегінен де, өрнегінен де, тыныс демінен де ақынның жинақтан жинаққа үзілмей жалғасып, есіп, өркен жайған ой мен сезім мәселесінің күесі боламыз. Музга туралы ойлары терендей түссе, «Тағы да Майгүл туралы» жаңа жыры әкелік махаббаттың шоғымен жүректі шымырлатады.

*Араша тұра алады кім өлімге,  
Жата бер мені күтіп түнегіңде.  
Әзірге тірі жүрем бұл өмірде,  
Сенің орның оңаша жүрегімде.  
Майгүлім, гүлім менің, көгім менің,  
Жүрегін қияр дейсің өлімге кім,  
Сен — менің жүрегім ең,  
Дегенменен,  
Елессің... енді маган көрінбегін...*

Жүрегін жеген сағыныш сезімі... Бауыр еті балаға деген махаббат өрті...

Ақын жүрегі балаға да, далаға да, адамға елжірей тебіреніп, егіле жырлайды. Сан-салалы тақырыптағы, түрлі жанрлардағы шығармаларының жан өзегінде сол сезім мен адалдық жарасымды табиғи өрімін танытады.

Мұқағали Макатаев поэма жанрында да ерекше қолтаңбасымен дараланады. Қазақ тарихының құбылысты мәселелеріне барумен бірге өзі өмір сүрген кезең шындығына да қалам толғады. Саяси-әлеуметтік, қоғамдық-саяси сарындағы поэмаларының өзінде шынайы көңіл шамырқаныстарына толы көркем шындықты бейнелейді.

Ол поэмажанрын тақырыптық жағынан байыгты, жанрлық-стильдік тұрғыдан жаңғырта түсті. Дастан, поэмаларында

лирикалық сарындар, азаматтық-әлеуметтіктыныс, тарихиарна барынша жеке-дара оқшашуланып көрінді. Саяси тақырыптарға да барып бірнеше талантты поэмалар қалдырды. «Аққулар үйықтағанда», «Дариға жүрек», «Арман», «Досымға хат», «Алтай-Атырау», «Мұзбалак», «Қырандар, кош болындар», «Ару-ана» поэмалары әдебиет тарихында елеулі орыны бар, көркемдігі кемел, психологиялық талдауларға дең койған, қазак елінің әр кезеңдегі ахуалын, ұлттың жан дүниесін терен ашып көрсеткен туындылар. 1973 жылы мерзімді баспасөзде жарияланып, кейін кітаптарында жарық көрген «Аққулар үйықтағанда» поэмасы ақынның шығармашылық өмірінің ерекше бір шоқтықты бιігі. Поэма кезінде әдеби үрдісте де соны серпін әкелгендей болды. Негізінде, Мұқагалидың поэма, дастан секілді ірі жанрлардағы шығармалары көркемдік табиғаты жағынан лиро-эпикалық сипаты басым болып келеді. Лирикалық жырдың шебері, оның ішінде адам баласының ішкі психологиялық іірімдеріне сергек көнілмен тереңдеп баратын ақындық қасиет дастандарында да ерекше көрініс беріп қалады. «Ақкулар үйықтағанда» поэмасының көркемдік бітімін алдымен осы ынғайда түйсінуге болар еді,

*Өзен де жоқ сыймаган арнасына,  
Жылға да жоқ даламен жалғасуға.  
Таста тұнған жаңбырдың тамшысындаї,  
Қалай біткен мына көл тау басына?!*  
*Мөлдірейді, қарайды қарға, шыңға,  
Жалғыздықтан жамандық бар ма, сірә?!*

— деген сынды ашық та сыршыл сазбен басталатын поэма әсерлі суреттерін біртіндеп қоюландыра түседі. Таста тұнған тамшы мен тау басындағы көлдің шендестірлуі, сол көлдің өзінің шынға, қарға мөлдіреп карауын кейінтеу, жарасымды ақындық синтаксис шығармалың жоғары эстетикалық танымдық талғам биігін бірден айқындалап береді. «Жетім көлдін» тұнық суреті, мөлдір сұлупығы мөлдірете жырланады.

*Әлділеп ақ төсінде бермей тыным,  
Ақ айдын ақ мүсінін тербейтүгын.  
Бұл көлге мылтық алған саятиши емес,*

*Tірі жсан аяқ басып келмейтұғын.  
Аққулар аман-есен қайтқаныниша,  
Суына «Жетім көлдің» шөлдейтұғын.  
(Суымен сырқаттарын емдейтұғын).*

Сыршыл сұлу көріністер мен тебіреністі әпізодтар алма-кезек ауысып, поэзияның өзіне ғана тән сымбатты түзілімімен баурап алады. Сындарлы сыршыл лириканың ұшқын атқан саздары поэмалық эпикалық тынысына тыныс косқандай.

*Аққулар...  
Аққу мойын, сүмбе қанат,  
Алаңсыз тарануда күнге қарап.  
Айдынның еркелері, білмей тұрмын,  
Етермін тәгдышыңды кімге аманат?!  
Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!  
Бір мамығы майысса ауырсынып,  
Тарақ етіп тұмсығын, тарайды кеп,  
Тарайды кеп, тарайды қауырсынып,  
Күм тұрса да бір түйір ауырсынып,  
Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!*

*Ақ қанатын сабалап, асыр салып,  
Бірде суга сұңғиді басын малып.  
... Ойнасынышы, данасын ерке құстар,  
Тыныштығын олардың қашырмалық,  
Мерген отыр жағада.  
Ей, ақша бұлт,  
Жаулығыңмен оларды жасыр барып.*

Поэмалық сындарлы сымбаты сөйтіп сұлу сырлы суреттердің, терен сезім тебіреністерінен түзіледі. Сюжеті қарапайым, поэмаға тән кесек бейнелеулер де жоққа тән. Лирикалық туынды. Кейіпкерлердің кейіптелуінде де әлдебір шарттылық қыландайды. Оқиға кисыны қарапайым: ана баласының жанын алып қалу үшін, тәүілтің ауыр науқаста жатқан баласын аккумен аластаяу керек дегені үшін ана акқуды қөзі қып атады. Атады да дәстүрден аттағаны үшін, киелі құстың карғысы мен наласына ұшырадым ба

деп күйініп, күніренді. Ал ақкулар «Жетімкөлде» көрінбей кетеді. Халық санасындағы нағым, сенім, сұлулыққа деген қастерлі сезімді асқақтата көтере жырлайды. Шығарма классикалық лирикалық шығармалар дәстүрінде туған әдемі сазды туындылар катарында ұзақ сакталатындығы, оқырмандардың талай-талай толқындарының рухани талғамын қанағаттандыратындығы ақықат. «Ақкулар ұйықтағанда» қазақ оқырманының жан дүниесін етене жакын ұлттық шығарма және өз кезеңіндегі әдеби үрдіс тынысының мектебін танытады.

«Райымбек! Райымбек!» поэмасы көркемдік шеберлігімен қатар, қазақ тарихының қатпарлы тарихына батыл баруымен тарихи аса ірі тұлғаның әдеби-көркем бейнесін алғаш рет даралап сомдауымен тағы бір жаңа белесті ашты. Поэзияда қазақтарихының күрделі тақырыбын жан-жақты саралап берді. Поэма жазылған тұста қазақ прозасында тарихи тақырыптарға арналған күрделі романдар тізбесі жарық көре бастаған, тарихи тақырып қазақ әдебиетінің басты проблематикасына айналған болатын. Осынау күрделі тақырыпқа Мұқағали өз кетарларының ішінде алғашқылардың бірі болып қалам толғады. Сонымен қатар, жүргіштылық алдында айтылмай келген батырдың сом тұлғасын сомдады.

*Желтінің барып, желігін жұрт та басқан-ды,  
Оқыс бір гажап оқиға сонда басталды.  
Жалғыз бір қара жұлдыздай ағып келеді,  
Қараңғы тунде қақ жарып тіліп аспанды.*

*Кү даладағы құйын ба дерсің, ойнаган,  
Қыран ба дерсің, қылт еткен құсты қоймаган.  
Өз атын өзі ұрандан бала келеді,  
Қамиши сабына жейдесін ту ғып байлаған.*

*Жайына қалып олі аруақ пenen тірі аруақ,  
Келеді бала, есімін өзі ұрандан.  
Тірілер шошып, жағасын ұстан, тұр аулақ,  
Өлгендер көрде, түскен де болар бір аунап,  
Келеді қыршиын есімін өзі ұрандан!*

«Райымбек! Райымбек!» поэмасы кең тынысты жанрдағы ақын шығармаларының ішінде өз ерекшелігімен танылды. Ақынның жеке шығармашылық өмірінің биік бір белесін айналды да, стильдік мәнері жағынан қолтанбасының жана бір кырын ашып көрсетті.

Ақынның өзінің жаназасындай, аккуэніндей «Моцарт. Жаназасы» өнердің биік нотасында өмір философиясына бойлатады. «Табыт үні», «Халық үні», «Жесірлер үні», «Жетімдер үні», «Бесік жыры» тараулары – ақындық қуатымен де, түйсік тебіреністерімен де шеберлікті таныткан, қайталанбайтын әсерлі толғамдар. Ақынның поэма, дастандары суреткердің дүние таным көндігін, білім-парасатын, ұлттық әдебиеттің тынысын әлемдік әдеби ізденистер, адамзаттық тебіреністер арнасымен тогыстыра алуымен бірге, ақын шығармаларының тақырыптық-көркемдік кеңістігін барынша кеңейтті. Поэзияның ірі жанрларында құрделі тақырыптарды, ұлттық мәселелерді, тарихи таным табиғатын талантты толғауымен ол жетпісінші, сексенінші жылдарәдебиетінде өзгеге ұқсамайтын, бітімі бөлек, терең із қалдырыды. Сондай-ақ, «Ильич», «Шекарада», «Большевиктер», «Мавр», «Чили – шуағым менін», «Космонавт ойлары» сынды поэма, дастандары да замана тынысына үн қосумен қатар, талантты да көркем ізденистерімен дараланады. Совет дәүірінің шындығы ортасында, идеологиялық сарындардың өзегінде жазылса да, көркемдік тұрғыдан «Ильич», «Мавр» сынды поэмалары – ақындық таланттың қуаты мен қарымдылығын, алымдылығын аңғартатын дүниелер. Жеке талант пен қоғамдық саясаттың ара қатынасындағы құрделі байламның бір шындығы осы тұста байқалады. Талантты ақынның шеберлігін танытатын көркем шығармалары және қазір күні өтіңкіреген саяси тақырып қайшылығы. Қалай дегенде де, қаламгердің шығармасы шын талантты, шебер жазылған болса, әдебиет тарихынан шетте қала алмайды. Оның үстіне Ленин, Маркс сынды тарихи тұлғалардың жеке адамшылық келбетін толғаған

туындылардың да саясат жөнімен таразыға тартылуы әділеттілікке жатпас еді. Яғни, қай тақырыпка жазылса да, шын талантты суреткерлік туындылар әрдайым өз биігінде қалуы тиіс.

Қазак өлеңінің сыршылдық, ұлттық нақыштарына өз өрнегін қосып, түрлік, стилистикалық, троптық жағынан құнарландырып байытқан. Мұқағали Мақатаев таланты, тұа бітті ақындық дарыны ұлттық поэзиямыздың мәртебесін өсірген осындай шығармалармен дараланады. Ақынның барлық еңбегі тұтастай алғанда, өткен ғасырдың екінші жартысындағы қазақ елінің рухани дүниесін, тұрмыс-құйін, арман-мұддесін, тарихи тұрғыдағы ұлттық портретін шыншылдықпен хаттаған асыл мұралар қатарына жатады.

Қазір Мұқағали Мақатаевтың жүрек сырын, жырын, өмірін білмейтін қазақ кемде-кем.

Оқырман мен өлең ара қатысындағы уақыт табы осыдан да анғарылады.

Кезінде мерзімді баспасөзде толық жарияланған «Реквием» («Жан азасы») толғауы «Өмір – өзен» жинағына недеуір ықшамдалып енген болатын. Бұл – ақынның акку әні еді. Бірақ ол ақынның жарық дүниемен, миллиондаған оқырмандарымен қоштасуы емес, мәнгілік қауышу тебіренісі болатын «Жан азасы» – өмірге, кен дүниеге деген мәнгілік інкәрлік үні. Ақын жүрек, азамат жүрек қана мынау ұлан-тайыр өмірді барша ләззатымен, барша қындығымен бәз күйінде осылайша аңсайды:

*Қомағай көңіл құмартың өткен әр неге,  
 Тірлікте сонау түскемін талаі әүреге.  
 Кешкен өмір де,  
 Корген бақыт та, барлығы  
 Жетпейді екен гой  
 Бір күндік сениң сәүлеңе,  
 Бір күндік сәүле...  
 Бір күндік жарық мекенім!  
 Мәңгілік түнек-қапасқа қалай кетемін.  
 Келмейді-ау тілім...*

*Өлгеннен сұра дер едім,  
Тірі жандарға,  
Өмір дегенниң не екенін.  
Өмір дегенің – бір күндік сәуле екен гой!..*

Өлеңмен де, өмірмен де бүкпесіз қауышып, қалтарыссыз сүйген ақын жүрегі соңғы деміне дейін кіршіксіз сезім өргінде өтті. «Жүрегінің түбіне кір жасырмай» айтып кетті, армансыз ақтарылып кетті.

Ол казактың қарапайым тілінің нәрі мен мәнін Абай, Қасымдардан кейін түсініп жазып, түсіндіріп өткен бірақын. «Сөз өнерін дерптеп тен» көрген, парасатты қalamгер.

Ол әр өлеңінде, ер шумагында бүкпесіз, ақжарқын көңілімен сазды сыр төгіп отырғандай. Өлеңнің ырғағынан да, тербелісінен де ақынның кимылын, дауысын, мәнерін естіп, мінез-құлқын танимыз. Өйткені ол өлеңнен, өнерден сыр іріккен емес. Өлеңге өз жан дүниесін ашты, өлеңнің сырлық құпияларын жария етті.

Ал, өлең жолдарына өмір болып құйылу таланттың талантының басына қонар алтын құс.

## *Mұқағалиға үн қосқан суретші*



Суретші Темірхан Ордабеков гравюра жасары бойынша Мұқағали өлеңдерін қылқаламмен өрнектеді. Сол сериялы суреттердің «Мұқағали Мақатаев бар мұнда» деген болімін оқырманга ұсынып отырмыз.

Темірхан суретші ақын шығармаларының терең сырларына бойлаган. Ондагы сұтулық пен нәзіктікі шынайты түсіне алған. Жоғарыда атаптап сериялы шығармаларды тұтас қараганды бәрінің осындаи үйгарымга келетіні анық.

## Кеңес ҮШБАЕВ

*Медицина гылымдарының докторы.  
Республикалық «Фармация» компаниясының  
президенті. Эдебиет пен онерге жанашырлық  
танытын келе жатқан қайраткер.*

*«Мұқағали» журналының алғашқы демеушісі.  
Ақын атындағы басылымның алқа мүшесі.*



## ЖҮРЕГІ ҒАШЫҚ ЕДІ АЗАТ ТАҢҒА

Жасыратын ешнәрсесі жок, Мұқағали менің туысым, менің бауырым. Бәріміз таудың топырағынан жарапалдық, таудың сүйнан нәр алдық. Ал ағаның ақындығына келетін болсақ, ол – бүкіл казакқа ортақ тұлға. Сенің де, менің де ойда жүрген мақсат, мұратымызды, арман-үмітімізді анық суреттеп айта білген занғар талант. Ондай дарын дүниеге ете сирек келеді. Сондықтан, нағыз тұлпардың нарқын дәл бағалағанымыздың сауабы мол.

Мұқағали ағамның жырларын қайта-қайта актарам. Қайта-қайта оқимын. Ол бізге үнемі ғажайып сыр шертегін жанашыр. Ол жас таңдамайды. Баласың ба, кариясың ба, бәрібір. Қашанда сенің ойлау деңгейінің алдында жүреді. Жалынымен қаныңды қыздырады, ақылымен сананы терендедеді. Абай қазактың ұлы ұстазына айналса, Абай данышпанның шырағын жаға алған Мұқағали да қалың жүртynана сондай қызмет атқарған ұлы перзент. «Біз де өлеңді жазбаймыз ермек үшін, Жаздық ұлғі жастарға бермек үшін, Абай жакқан бір сәуле сөнбес үшін» дегені қоғам жауапкершілігін сезінген қайраткерлік емей немене?!

Кешегі Кеңестер Одағы кезінде қазактың дербес тәуелсіздігін армандап ойлауға мүмкіндіктер болмағаны шындық. Қазан төңкерісінің арқасында тенденция жеттік деп, соған шүкіршілік етіп өмір кешкен жағдайлар болды.

Менін Мұқағали ағама таңғалатыным, ол бодандық ойдың қамытын басынан ерте сыйырган екен. Қазактың ежелден қалыптасқан табиғи болмысына сызат түсे бастағанын ақын жүргегі дәл аңғарып, жаны алапат арпалысқа түскенін енді білдік. Ата тәрбиенін, ұлттық инабат пен имандылықтың нағызы жоқтаушысына айналғанын өлеңдерін оқыған кезде оны жете түсінесін.

«Ей, казактың баласы есіне ұста, Өлсем, өлем сірә, мен намысымнан» деп жырлағаны қалғып бара жатқан ұлттық сананы оятуға косқан үлесі немесе «Қариялар азайып бара жатыр» деп ескерткенінің өзі тұнып тұрған философия. Егер, ұлт ділінен, дінінен, тілінен айырылса, ондай ұлыста жетіскең қария бола ма? Ал қариясы арзандаған халықтың қасиетінің қаша түсетіні тарихтан белгілі ғой. Міне, осы тектес толғамдарды кесек турал, оқырманына үздіксіз ұсынды. Небары қырықтың ішіндегі жас жігіттің абыздарша сейлегеніне сүйінбеске хақымыз жок.

Біз бодандық қамытын мойнынан сыйырып тастауға бұлқыныс жасап, дүлей күшке жасқанбай қарсы шыккан желтоқсаншыл жастарымыздың құрессерлік әрекетін кейде стихиялы қозғалыс деп түйіндегіміз келіп жүр. Мениңше, бұл дұрыс емес. Сананы қозғайтын күш болмаса, бір күнде бәрінің дүр етіп көшеге шығуы мүмкін емес кой. Міне, осындаі психологиялық дайындықтың пісіп-жетілуіне сез жок. Мұқағалидың жалынды жырларының да бір себеп болғанына кәміл сенгім келеді. Сондықтан, Мұқағалиды азаттықтың ақыны деп атауымызға толық қисын бар.

«Мына бақты қөргендер төбендеғі, Қорқыт, Асан тіріліп кайта келсе, Куанғаннан қайтадан өлер ме еді», дейді менің қайран Мұқағали ағам. Расында, бүгін казактың басына бақ болып қонған тәуелсіздікті Мұқағали көрсе не болар еді. Оның ақындық шабиты ерекше шалқытын еді. Жүргегінен тамшылаған өлең халқының жігерін жанып, қуатына күш қосар еді. Өзі жок болса да, өрнекті сезі үшін де тәуелсіздіктің қадірін тереңнеш тану үшін жұмыс істеп жатыр. Еліміздің кай түкпіріне барсаң да, жастың да, кәрінің де Мұқағали мұрасын қасиеттеп жатқандары сондықтан.

Мұқағали арманына жетті. Оның арманындағы болған Көк байрағымыз желбіреп, төрткүл әлемнің бәріне «мен қазақпыш» деп асқақ биіктерден көрініп тұр. Ақын өзі есімі берілген Алматы қошесінен қыран жанарымен замана күйін бакылап, көкжекті шолып тұрғандай. Желтоқсан мен Мақатаев қошесіндегі ескерткішке бір тәу етіп бас ию біз үшін қасиетті парыз. Сонда менің байқағаным, оның айналасы жазда да, қыста да гүл шоқтарынан арылмайды. Бүтінгі тәуелсіз қазақтың ұрпақтарына да Мұқағали соншалықты керек екен.

Был ақын ағаның дүниеге келгеніне 75 жыл, дүниеден озғанына отыз жыл болды. Бір ғажабы, ақын әлі тірі сияқты. «Өшеді өлең, немесе қошеді өлең» деп өзі айтқандай, ол кісінің жырлары тіршіліктің барлық қозғалыстарымен үйлесіп, келешекке қарай қөшіп бара жатканын көріп куанасын. Тіпті, Алматының бір бұрышынан маңдайы жарқ етіп шыға келетіндей елеңдейсін. Сағынған жұрты солай деп ойлады. Ақынның мәңгілігі деген осындағы-ақ болатын шығар.

Мен ол кезде студенттін. Тау тұлғалы ағаға сәлем бермей тұра алмаймыз. Үлкенге ілтипат көрсетпесе ұяттан өртенетін қазакы тәрбиенің тәлімі бізді осындағы инабатқа телитін. Оның үстіне өлеңі жасындағы жарқылдаған ақын дидарын бір көрудін өзі арман.

— Қалай, бауырым, ел-жұртың аман ба? — деп бастап сенің бетіңе сағынышпен көз тастайтын еді. Маңдайынды иіске тұрып, өзі де елжірейтін, сені де елжірететін. Мұқағали ағада адамды өзіне тартып кететін ерекше бір күш бар еді. Мениңше, ол күш – адалдық, азаматтық, ақындық еді. Ешқашан өтірік айта алмайтын сондай адамдарғана түбінде қырандар мекендейтін биіктеге қарай самғайды екен.

«Бір өлеңі бір елдің мұрасындағы» болған Мұқағали аға әр сәтін тек халқына арнады. Сол үшін ізденді, сол үшін еңбектенді. Сол үшін инемен құдық қазды. Кітаптарын мұқият ақтарып көрініші, сапасыз, жасық, органқол бірде-бір өлең жазбапты. Иә, біз ақыннан бәрін алдық. Енді осы еңбектердің қарымтасын қалай кайтармакпыз. Сондай

толқыған шақта: «Кеше ғой студент едім. Бүгін ғалыммың, кәсіпкермін. Шіркін-ай, Мұқағали ағам енді жолықса, не қаласа соны беріп отыратын едім, – деп іштей құбірлекенім бар. Бұл тек менің ғана сөзім емес, Мұқағали жырына бас қойған күллі қазақтың сөзі. Оған сенімім кәміл.

Эрине, «өлгендер кайтып келмейді». Бірақ, ақын рухы «Мұқағали» журналы болып арамызға келіп қосылды. Ол енді мұқағалитандың жолын ашуды мұрат етіп отыр. Мұндай ізгі ниетті қалай қолдамайсың? Оны Мұқағалидың көзіндегі көріп, көлтығынан демеп, күш бермесек не болғанымыз. Бұл идея ғасыр ақынын сүйген Алаш ұрпақтарының ортақ парзызына айналса қандай жақсы! Қазан айы – қасиетті ай. Осы айда алғаш рет Тәуелсіздік декларациясы қабылданды. Азаттығымыздың оң жағынан ай, сол жағынан күи туса екен. Мұқағали да солай деп жырлаған.



## Төлеген ТОҚБЕРГЕНОВ

Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданында туған. «Жазушы» баспасында, «Жұлдыз» журналында, «Қазақ әдебиеті» газетінде жұмыс істеді. Әдеби жыне коркем аударма саласында еңбек етті.

«Тогыз тарау», «Үш тогыс», «Кос қагыс» атты әдеби сын-мақалалар кітаптары бүгінгі қазақ оқырмандарына мұра болып қалды.

## КӨКІРЕГІ – КӨКТЕМ ЖЫР

**М**ұқағали – көкірегіне күй тұнған ақын еді. Көмейінде күміс күмбір бар-тын. Кейінгілер айта-айта жүрсін деп, тағдыр өз арамыздан ертелеу жұлып кеткен ақынның өлеңдерінде ұшы-қырысyz кең даламыз сыр шалқытып жатыр еді. Аспантау, аласа қырат-қырқаларымыз, саумал көл, сары белдеріміз сағыныш лебін анқытып, ақырын ғана дамылдар еді. Біз айтып отырған ақын сонда табиғат өзі салған ән-самалдан кейде мұң артып, кейде арманға толы киял шалқытып, көкірегіндегі күйге жыр-толғауларын қоса тартып, тасып-төгіліп кетер еді.

Кеудесі күмбір ақынның, бәлкім, ақындықтан өзгесі айтуға тұрмас та. Енді бүгінде оны жоктайтын біздер қазақ өлеңі әлемінде жарқыраған бір жұлдыздың Уақыт шіркінге ілесе алмай ағып откенін ғана айта береміз. Енді бүгінде Аскар Сүлейменов өз сезін тастай беріп, ел-жүртқа Мұқағали өлеңдерін оқып беріп отырғанын лайық көрсе, өнерге біртабан жақынмын дейтін жастар жаппай жатқа айтатын боп жүр. Ол ол ма, тірлігінде қызғаныш ойлағандар, енді, көзі кеткен соң кешірім жасап, кең пейілден табылар болады. Ал оның өзі: «Ақынның деп қалай мен айта аламын, Халқымның өз айтқанын қайталады!», – дер едім. Шіркін дүния-ай, біле-білгенге осынау егіз жолда қандайлық ақын мінез жатыр десенші! Асқақтық пен кішіліктің астасар

тұсы да осы екен ғой. Инсаф ойлаған ақын, ақын боп тұган халқына ілтифат сезімін бұдан артып жеткізе алмас та.

Мұқагали өлеңдерінде көкірекжарды мұн, тау баурайының таңғы шығы, сол шықтай мөлдіреген арман сыры бар, өткен күннің өкініші, анғарусыз, бір демде сып етіп өте шыққан күндердің өкініші бар. Үздіге айтылып, обектей беретін сары уайым емес, бірақ аңсау-арманға беккен сағыныш, сағындыр түсер үміт лебі бар. «Дариға шіркін» деп сыр шерту басым болуы да содан шығар. «Көп кешікпей көктем де келер енді...»

Осынау жалғыз жолды ақын адамның, алғы өмірге асықкан ақынның сағыныш-шері, үздіктірген үміт, тағатсыз жүрек лүпілі ағал-тегіл жырға айналып жүре берген. Жалғыз жолдан, жарқылсыз, жай сөздермен-ак айтылған қарапайым жолдан ақындық алапат күш сезіледі. Сол, мейлінші жұптыны жолдан-ак, көңілге қуаныш нұр себелейді. Еріксізден еріксіз, ықтиярсыз «Көп кешікпей көктем де келер енді» деп қайталай бергің келеді. Домбырада күй шертіліп жатқадай, сен де ойлан, серпіл, көніл ҳошың өссін, жүгір, қуан, далаға шық, төніреке, мынау жарық дүнияға көз сал, сағыныш арт, сарғайған дерттен арыл, сергі деп тұрғандай. Ей, адамдар, көктем – жастық, көктем – келешек, соны ойландар, көнілдегі кір кетсін, көкірекке нұр тепсін, жаңғырып, қайта түлейтін жер-әлеммен бірге сен де желпінер шақ таяу деп еске салғандай. Және сонда, осынау жалғыз жол кәрнай дабысы да, дабыл да емес – ол озан салып, өзеурлеп тұрған жок, қайта сезімтал жүректін ҳош иісті, нұрлы шуакты сезінуінен шығып жатқан жан лебізі десе лайық. Осы сөзді біз шынайы шындықтан көркем шындықтың туындауы, қарапайым ойдан ақындық ойдың өрбүі дер едік. Білетіндер айтқан өлеңде ой мен сезім әсте бөленбеуі керек-тін.

Ал енді ақынға ақын көзбен қарап, шын талантты қайсы, қайсысының қарымы қашалық деп сауал тастар болсақ, көбінің-ак арғы түбі көрініп қалар еді. Тіпті от басы, ошак қасында жиын жиналыста қасыннан табылатын бөлекше талант, өзгеше талантты, табиғатында тамырды тереңнен

тартар тарлан боп, бөлекше аталып, айтылумен жұрген марқұм Мұқағалида да үңіле қарап, зерделей түссе, көп өлеңіне кәдімгідей көңіл жуаситынын байкар ек. Ал жемежеге келгенде өлеңге көңіл жуасымауы керек, қайта көңіл тулас, толкуы керек. Қекірекжардыны айтыпты, не айта алмапты деп тулауы керек. Және сонда, осындай ойға қалдышратын тек Мұқағали ғана ма? Өлген соң, бұл дүниядан өткен соң ғана солай ма? Жок, олай емес, тіпті аузын айға білейтін бүгінгі көзі тірі атақтылардың талайы-аққөңіл жуасыту, тіпті жұбату түгіл, селт еткізбес өлеңдерді сан қайталап жұрген ауыз жаппас, бір саппас тайқы маңдай екенін жасырғаннаң не шықпак.

Ал Мұқағалидың көктем туралы өлеңдері көп емес. Демек өзін-өзі қайталап, оқырманды мезі қылмағандықтан да, көктем жырлары көкейден еш кетпейді. Көкейден кетпеген соң жанымызды толқытқаны, ақын жанының толқығаны. Көктем-жырларын түгел талдап көрсек, осы бір ерекшелікті байқаймыз.

Көктемнің келуі ақын үшін қуаныш: белгісіз, бірақ белгісіз бола тұра алға ұмтылдырығын, биіктеге құлшындырған шат сезім; жүректі жарып ұшқан шабыт құсы – ұміт құсы; шұғылалы ұміт, сонымен бірге өтіп бара жатқан күндердің жүрекке тепкен сызаты – жабықтырған мұн; көкірек кернеген сағыныш – шалқыған сезім, шарқ ұрған киял; жан толқытқан, жаңа бір тебіреніс, жаңа бір серпілістер оятын қуаныш.

Содан да шығар, Мұқағалидың көктем-жыры оқи бастағаннан-ақ көңілге ән боп құйылып, өз-өзінен әуенге айналып жүре бергендей.

*Көп кешікпей көктем де келер енді,  
Көгеретін тіршілік көгереді.  
Кү бұтағы араса-арса кәрі еменге,  
Келер көктем, білмеймін, не береді?!*  
*Көп кешікпей көктем де келер енді,  
Көгереді ауылдың төңірегі.  
Ерте кеткен досымның қабірі тұр,  
Келер көктем, білмеймін, не береді?!*

*Көп кешікпей көктем де келер енди,  
Барлық нұрын көл-көсір төгер енди.  
Сагынышын сарықан жасап-жалағыз,  
Мениң жесір жеңгеме не береді?  
Көгереді...*

*Барлығы көгереді:  
Ой да, қыр да, даланың төбелері.  
Әлі құрып баратқан ауру досқа,  
Осы көктем, білмеймін, не береді?  
Көп кешікпей көктем де келіп қалар,  
Есінетін, есіртін, ерікті алар.  
Азан-қазан аспанның қоңырауы,  
Жақсылықтан тұрса иғі беріп хабар...*

Көктем туралы қаншама жырлар туған, қаншама ақындар көктемді өзінше жырлаған. Бірақ Мұқагалидың көктем-жыры жастық аңсатқан, жер бетін жасарта жаңғыртқан маусым-шакты қызықтал, тамсану, шалқып-тасу емес, арман аңсатар, үміт арта тұрып, құдік ойлатар айрықша әсем дүние. Ойланасың да, сосын: көктем де келер, мына дуния көгеріп, дүркірей түлел, түрленер дей тұра, ақын жаңынтолғандырган бірбелгісіз мұңқапталдаса беретіні несі екен дейсін. Шұғылалы үмітпен қатар таусылмас мұңқ жарысып, қалмайтыны несі. Шәркез ойларға бастайтыны несі! Демек, ақын жүрек мынау жарық дунияға тек бір жағынан, күн жағынан ғана қарамай, күнгей-теріскейін бірдей шолған екен гой. Жабықкан көніл, торықкан сезім тұнып тұрған ой-теңізге шомған екен гой. Куаныш, үміт, сенім арта келген көктемнің өзі де батар күндей мұнартып, мұңқартып жатады екен дә. Міне, ой, сезім қабат өрілген шынайы поэзия осындай...

Мұқагалида «көктем де келер» деген үміт айрықша сезіледі: ал, «көктем келеді» десе, онысы таусылмайтын қуаныш. «Көктем келді. Өмірдін келешегі – Көкпен бірге дүркіреп төл өседі. Сағым қыздың ап қашып өрамалын, Асыр сап тентек жігіт жел еседі. Көктем келіп ауылға қыз көрікті, Таң-тамаша дүниеге жүзге еніпті. Асқар ала таулардан асып әрі, Аяз атаң барады мұз бөрікті». Міне, көктем келгенде осылай жырлаған ақын, көктем келмес

бұрын:

*«Көктем де келер,  
От ойнар әлі аспанда,  
Көгерер емен, қайың, жас талда,  
Дүлейдің шогы түспесе екен деп тіле,  
Аспанда апат зарядтар жағаласқанда*

– деп келер күнге үміт артып, жақсы тілек-тілеумен қарайды. Көкірегі кіршіксіз, ойы тұнық, сезімі таңғы шықтай мөлдір ақынды бір ауық күмән-күдік билеп кететін тұстар жоқ емес:

*«Сазга тагы оралды сары ала қаз,  
Сарша тамыз тагы да бола ма жаз!..  
Салқын жайлай, самал жесел, саумал бұлақ,  
Жатар ма екен көпіршіп, таудан құлан?  
Биыл жазда тагы да көгере ме,  
Былтыр күзде қуарып қалған құрақ?  
Сары уайым салудың не керегі,  
Көгерді, бәрі де көгерді!..  
Көп досымды жағалттым осы қыста,  
Келесі жаз, білмеймін, не береді...»*

Ақынның көктем-келешектен үміт үзгісі жок. Сары уайымға салынғысы келмейді. Өзіне өзі тоқтам сап, «көгереді, бәрі де көгереді!» деп сенім артады. Сөйтеп тұра, көп досынан айрылған өткен қыстан кейін келесі жаздың не беретінін білмеймін деп күдік ойлады. «Сары ала каз оралды сазға тағы, Ақ тырналар аспанды боздатады. Сұңқар көкек тоғайдан сұңқылласа, Қай-қайдагы мұнымды қоздатады...», – дейді ақын.

Ақын көңілі – аласұрган дауыл, Ақын көңілі сағымкуған атап ыстық, бірде сіркіреп тұрган ақ жауын. Әлгіде ғана мұн шалған ақын енді бір ауық, «Не деген ғажап еді биылғы Май!» деп алып:

*«Шуақ жсанып барады, шуақ жсанып,  
Құмарланып барамын, құмарланып!  
Теріскейден, түстіктентөгілген нұр,  
Шыдамды алып барады, шыдамды алып»,  
– деп шалқыды. Шабыттана шарықтайды. Дала да нұрга*

бөгіп, шуақтар жанып, ақын да құмар артып, шыдамсыз күйге түседі. Куаныштан сезім тулап, құштарлық жалын лаулайды. Сөйтіп, «Биылғы Майда» ерекше шалқыған ақын, енді бір өлеңінде: «Дүние Майда неге құлпырады?!» деп өзіне өзі сауал тастай отырып, жұрттың көкірегіндегісін дөпбасуғатырысады. Сөйтсе, Майда «Шуағын тастап жер төсіне, шұбатып шуда шашын Күн тұрады» екен; «Қайың – Ана сырғасын сәби самал, Сипалап, сылдырлатып» жүлқылайды екен; «Көңілде көлдей тұнық сыр тұнады» да, ол өзі «бұлақтардың сылқым әні» секілді екен; «Қара тастың мандайы шып-шып терлеп, Ақынның жүргегінен жыр туады» екен; айта-айта келгенде, ақын жүректі тасытқан, шабыт жырын шалқытқан АДАМДАР екен, олардың Май мерекесінде сап түзеп, шеру тартып, қол ұстасып, қатар жүруі екен. Ақынның ой түйер тұста:

«Келдің бе, керім-көктем, думандатып,  
Армысың, Адамзаттың ынтымады! –  
дейтіні де содан екен.

Ақын тағы да:

«Күркіретін,  
Дүркіретін,  
Мына келген көктем бе?..  
«Айжан көктем, тұра тұр!»

– дейді. Қимайды. Бүгін келген көктем өте шықпай кідіре тұр, жан жадырасын, шалқысын дейді. Айхай көктемде «Шып терлеп далам бусанған», «Нұрына күннің қақтанып, Шуақтаң жатыр кең өлкем» дейді. Сонын, төрт кырлап жонған кристалл жыр шумағы төгіледі:

Шуаққа толы жсан-жасағым,  
(Шуаққа құмар бұл жалған)  
Шуақта шыбық – талдарым,  
Шуақтан тұрып бұр жарған.

Ақын көктем – шуақты, кектем – нұрды өктем жырлайды.

«Мына бір келген мамыр ма?!

Мамырла, дала, мамырла.

Арқаңды төсеп жауынга,

Дамылда тірлік, дамылда»

– дейді. Сөйткен ақын енді бір өлеңінде:

«Яңыр-ай  
 Неткен көктем!  
 Көктем!  
 Көктем!  
 Дүние-ау,  
 Сен осылай көкпенбек пе ең!» –  
 деп тамасанады да, тағы бір өлеңінде:  
 «Осы бір көктемді көгерген,  
 Жұз жылдан кейін көкрер ме ем!»

– деп қиялдайды. Қиялдайтын себебі көктем-ғұмырды, кас-қағым сәттей қысқа ғұмырды қимайды. Қимас қөнілден ғана өзек өртеген өкініш, сарғайған сағыныш, жүрек сыздатқан мұн туындайды, қимас қөнілден, қиялшылкөкіректен ғана көктем-жыр туындайды.

Мұқағали көктем туралы көп жазбаған дедік. Бірақ сонын өзінде, өлеңдерінің көбінде дерлік көктем жүрек бол соғады, көктем жыр болып қонағы. Оның сағыныш-сырға, мұншыл лебізге, үзілмес үмітке толы өлең жолдарынан біз мәнгілік көктем лебін сеземіз. Қайнаған өмір шындығынан туындаған көктем-жыр шуағын ұғамыз.

Әдетте, поэзия туралы сөз болғанда, азаматтық әуендер деп табиғат жырлары, махабbat ғазалдары деп бөлгіштеп жатамыз. Сонда бейне бір көктемді ансаған, сүйіспеншілікке ынтызар, табиғатты аялаған қөніл-күйден туған лирикалық жолдар азаматтық әуен еместей, Отанды, халықты, елді, жерді сүйемін деп тікелей айтпаса, ол азаматтық әуенге жатпастай көреміз. Мынау жарық дүние – кең дала, шуақты күн, құбылған ауа, түрленген тұн, батар шак; мынау қыбырлаған тіршілік, құжынаған өмір, жүрек соқтырған тылсым сезім, ойға үңілткен жұмбақ сыр, жамандықтан түнілткен таразы қөніл – осының бәрі азаматтық әуен тудырап болмыстың өзі емес пе! Дәл осы түрғыдан қарасақ Мұқағали көкірегінен бүркырап шыққан көктем-жыр азаматтық аскак сезімнен табылары хак. Мұқағали қазірігі заманғы қуллі әлемдік толғақты мәселе – Планетамызда табиғи ортаны қаз-калпында сақтау, оны ядролық жарылыстар апатынан сақтау мәселесіне де үн қоса білген ақын.

Мұқағалидың жұрттың бәрі білетін «Тогай төнірегінде» дейтін елу жолдық өлеңі бар.

«*Тогай еди Қарсудың ар жасы,*  
*Қайды кеткен қамыс пен талдары?!» –*  
*деп басталатын сол өлең:*  
*«Талды қиган неткітен сұық қол еди,*  
*Тогай тозған...*  
*Енді, сіра, жоқ емі.*  
*Бұл өңірге не көрінген, тәңір-ау?!*  
*Бұл өңірде соғыс болған жоқ еді», –*  
*деген ашынған сөзге ұлгаса келе:*  
*«Тау, орманда,*  
*Мына титтей тогайда,*  
*Топ-топ киік жайылатын...*  
*(Сол ойда...)*  
*Үміт үзіп үріккен аң, үшиқан құс,*  
*Енді қайтып бұл өңірге жсолай ма?!*»

– деп туған жердін тағдырын ойлаған ірі азаматтық әуен табады.

Ақын көніл қашан да тыныштық тілеген. Өзі бұзбайтын ол тыныштықты басқа ешкімге бұздырығысы тағы жоқ.

«*Ұқсайды бар тыныштық жер бетінде,*  
*Үйқыдағы сәбідің келбетіне.*

*Ояту былай тұрсын, рұқсат жоқ*

Ұйқтап жатқан ұлымды тербетуге», – дейтін ақын ұлы Отан соғысы жылдарында ес біліп қалған, ауыр шақтың ашы дәмін татқан, соғыс тақсіретін өзі де тартқан қасірет артқандарды көп ұшыратқан. Алдына бара қалса: «тыныштық па балалар?» деп сұрай беретін күзетші шал Муратты көрген.

«*Шатынаган соғыс салған сыйаттан,*  
*Кәрі кеуде жасын атқан, сыз атқан.*  
*Төрт баланы тыныштыққа құрбан қып,*  
*Төрт келінді төрт адамға ұзатқан*»

со қарияның:

«Сәлеміңе қайтаратын жауабы:

– Тыныштық па? – деп сұрайды әуелі...

Күн күркіреп, шатырласа найзағай,  
– Тыныштық па? – деп қарайды аспанға».

Өйткені «Сәл ұйқтаса, төрт немере төрт жакқа, Көзден гайып болатұғын секілді». «Төрт баланы тыныштыққа құрбан қып, Төрт келінді төрт адамға ұзатқан» карияның көңіліне бұққан қауіп-қатер әлгідей болғанда; «сұрапылдан сәби оралмаған», Сәби-Ана бейнесі тіпті де естен кетпейді. Соғыс сүмдықтың адамдардың жан жүргегіне салған жарасы әлі де жазылып болмағаны ойландырады. Соғыс бітті. Жау жеңілді. Тыныштық оранды. Бірақ оны көрген адамдардың көзінен жас, кекірегінен дерт арылған жок. Міне, СОҒЫС атаулының, әсіресе, дүнияны түтел қамтыған сұрапыл соғыстытың зардабын ақын осылай жырлайды.

Мұқагали Мақатаев 1931 жылы, ақпан айының 9-ынан, Алматы облысы, Нарынқол ауданының «Қарасаз» деген жерінде дүниеге келген. Жалғыз ұлы Сүлейменнен көрген алғашқы немересін әжесі Тиын бауырына салып, тәрбнелеп өсірген. Әкесі Сүлеймен ешкімнің ала жібін аттамаған момын кісі екен. Мінезімен ел-жүртіна ұнап, шаруашылық басқарыпты. Ұлы Отан соғысы басталғанда, майданға аттанып, хабарсыз кетеді. Әке бейнесі Мұқагали поэзиясында ылғи да бедер тауып отырады.

*«Отыз бесінші көктемімде»:*

*Отыз бес жыл өмірді кезіп келем,  
Енді от бес бола ма, сезіктенем,  
Әкем менің есімде ,  
Шам тубінде,  
ВК (Б)П тарихын ежіктеген,*

– деп, ол «1941 жыл. Ақпан», «Көзің нұрсыз дейсін сен», «Шаруа ңәм жауынгер» жырларында әке бейнесін еске алады.

Мұқагалидың ақын болуына әжесі Тиын мен шешесі Нағиманның ықпалы тисе керек. Ақынның өзі айтудынша, екеуі де қазактың ауыз әдебиетін – айтыс, дастан, азыз-ертеғіні көп білген көрінеді.

Мұқагали ауыл мектебін бітіргеннен кейін өмір қосын ерте тартады, ерте үйленіп, он тоғыз жасында әке болады.

Алғашкы өлеңдері 1949 жылы аудандық газетте, 1951-54 жылдары «Әдебиет және искусство» журналында жарық көрген Мұқағали араға он шакты жыл салып, В.И.Ленин өмірінен «Аппассионата» атты үлкен поэмамен 1962 жылы поэзия әлеміне кайта оралады. «Ильич» деп аталатын поэмалар жинағы – тұңғыш кітабы 1964 жылы жарық көрді. «Жас ақын (М.Мақатаев) данышпан көсем жайында әрбір сөзін өлең жолын салмақты пайыммен, парасатты толғайды, белгілі жайттерді, мәлім фактілерді баян етсе де, кеменгер көсемге лайық өзінше ойлы нақыш, сырлы сипат іздейді, әр шумакта тебірентіп, пікір тастап отырады», – деп, дуалы ауыз Қалижан Бекқожин 1965 жылдың өзінде-ақжақсы лебіз айтады. Содан кейін Мұқағали мерзімді баспасөзде жиі көрініп, «Армысындар, достар!», «Қарлығашым келдің бе», «Мавр», «Дарига-жүрек» жинақтарын береді. Ол әлем әдебиетінің алыптары – ағылшын Шекспирдің «Сонеттерін», американлық Уитменнің «Шөп жапырактарын», «Италияның ұлы ақыны Дантенің «Құдіретті комедиясын» тәржімалады. Бірақ ақын туындыларының бағы жанған кезі кейінгі жылдары ғана. Қатты сыркаттанып, кайта-қайта төсек тартып жүрген тұста «Өмір-дастан» жарық көрді де, көз жүмған соң «Өмір – өзені», сәл кейінірек көлемі көңіл көншітерлік бол, қос томдығы шықты.

Енді қарап отыреақ, Мұқағали Мақатаевтың өзек жарып айтар ойы – адам тағдыры, адамның тірлігі, мінезі мен құлқы, сезім мен түйсігі. Ақынның өзі айтпақшы, оның лирикалық «Мені» жалпы халық, қауым, заман, қоғам. Қай тақырыпқа барса да, не туралы жырласа да, бәрібір, астарында адамның ғұмыры, адамның тағдыры, дәүірдің ықпалы жатады. Тіпті алма-кезек ауысқан табиғат құбылыстарын қанық бояуын тауып қайырғанда да жүгінер тәнірі – АДАМ. «Адам оқитын жырға адамды қатыстырмау – ессіздік!» деуші еді ол. Бұл оның – азаматтық кредитосы, ақындық стихиясы.

Мұқағали өлеңдерінде «балалық ғұмыр кешпелік, бала дәуір басымызыда болмады, ерте есейдік» дейтін

ойлы жолдары көп ұшырасып отырады. Бәлкім, оның поэзиясында жалыны жоқ жасанды оптимизмнің әлжуаз жылуынан гөрі, әріде жатқан жасырын мұңның желтігендамалының төркіні түнілу мен торығудан аулак екені тағы белгілі.

Мұқағали өзі айтпақшы «лирика мен эпиканы егіз теліген, екеуін де Пегасқа жапқан ер-тоқымының табан тірер үзенгісі еткен» еді. Қайтейік, қайсыбірін айтайық...

Көнілге дақ салатын бір нәрсе, бүгінде Мұқағалиды таныған да таныған, танымаған да таныған, сонда және бәрі де қасынан табылған, егіздің сынарында екі елі ажыраспаған, артық сөзге барыспаған, достасып та көрген, қоштасып та үлгерген боп сөйлейді. Қын кезде «тиын» бергендер тіпті көбейіп барады. Ал өмірінің соңғы жылдарында көрген киындықтары, дәптер толы өлеңдері баспа жүзін дер кезінде көре алмай, жан калтасында тозып, сарғайғаны айтылмай қала береді. «Аккулар ұйқтағанда», «Райымбек» поэмаларын бітіріп ап, бастыра алмай жүрген күндеріне куә болған біздің де ол емханада жатқанда, кеүіл сұрап бара алмаған інімараттығымыз болғанын енді несіне жасырайық. Жұрт несіне жасырады. Әйтпесе: «Сағымменен сағым боп еріп барам, Көніл сұрап пенде жоқ келіп маған» дер ме еді! Оу, жұрттың бәрі сыйлас, достың бәрі қимаса – бармас па еді бәрі де, бармас па едік біздер де! Бәріміз соның шылауында боп, қылау жұқтырмасақ, ол: «Достарым бірақ жоқ болдың, Жалғыздық деген құрғырга Бақ қонды-дағы тап болдым...» дер ме еді! Сырқат боп сарылып жатқанда, терезеге телмірген акын: «Жан жұбатар дос та жоқ, Жауым да жоқ, әрине» демес еді ғой.

Әйтпесе: «Бал арадай шықпайтын айналамнан, Бауыр, жолdas, дос, құрбы қайды қалған?!» дер ме еді.

«Ертең басқа, бүгін жақсы көргенім,  
Өз көзіме өзім  
Ғажсан!  
Сенбедім.  
Кесірткідей ауыстырган өңдерін  
Түсінбеймін қылығына пендениң.

Жылдар бойы бірге жүріп, бір күлген,  
Жақыныңың жат боларын кім білген...»

— дер ме еді?!

Немесе:

«...Терезеге жабысам барам дагы,  
Сендер күтіп тұр ма деп алаңдадым.  
Айырылған жыртылып қалың досым,  
Біреуіңді қайтейін таба алмадым,  
Алданым, барлығы да елес екен,  
Бірі жсоқ, шіркіндер-ай,  
о неси екен?!»

— дер ме еді!

Мейлі, «болары болды, бояуы сінді» Айтты-айтпады, Мұқағали да бұл өмірден ертелеу кетті. Ерте кеткеннен шығар-ау. Бұл өмірден сүйт кеткен Төлеген Айбергенов, Жұмекен Нәжімеденов, олардың сонын ала о да асығыс жүріп кеткен Мұқағали шынымен-ақ шабыт буған, шарқ ұрған жарық жүлдіздар еді ғой. Енді кеп, жоқтаймыз да: «қадіріне жеттік пе, жетпедік пе» деп, өкінген боп жатамыз. Сонда, береріміз атақ па еді, тағарымыз алқа ма еді; қағазды бүркыратып, шырқата мақтап, марапаттау ма еді – өкінеріміз сол ма! Жоқ. Шын ақын алар атағын халық көкірегінен іздеуеші ме еді! Ендеше, біздікі не? Әлгі үш ақынның үшеуі де қазір ел-жүртіңиң аузында, жүрек төрінде, ой серік, сезім серігі боп бара жатқан жоқ па! Көз тірісінде күбідей күпсіген жел сөзді ести алмады-ау, алтынмен апталы, күміспен күптелген, мақтай жұмсақ ақ қағазға басылған қос-қос томдарын көре алмай кетті-ау, боздақтар, деп те өкінбекпіз бе! Олай десек, бүтіндері өздері баспа орындарын сағалап, немесе басшыларды жанталаса жағалап, әйтеуір, кітап шығару жөнінен айтқандарын істеп жүргендер армандарынан шыққан-ақ екен де, жүдә! Тіпті кейбір пысықай жазушыларымыз уақытша отырған біл-биік орындықтары арқасында сондай-сондай кітаптарын шығарып алған да жоқ па! Тіпті жылына кітап шығару былай тұрсын, бірнеше баспадан бірдей шығарап та жанталасқан «жақсылар» болды ғой. Тыным таппай безек қаққан

манаспышыл ондайлар әзірде де арамызды жүр. Баспаларға тек өз мақсатын көздеген адамдардың баруына тыйым бола ма, болмай ма – ол арасы тағы да біз айтатын сөз емес. Бірақ «ондай-бұндайлар» бәрібір халық көкіргінен орын таппақ түгіл, көз жұмар-жұмбастан-ак көңілге жат бол кетерін ойламайтыны ғана жүрек сыйзатады. Қазір беделді бір баспаның директоры өтінішпен барған бізді есігінен де сыйалатпағанын бастан кешіргенде, ондай марғаудың алдына барып, арыз айтпақ болғанымыз үшін ғана енді қазір күн-түні өкінумен жүргенімізді айтқаннан не пайда! Ойлап отырсақ, айтқыш казактардың «Әй, дүниежалған-ай!» дейтіні де содан екен ғой. Бәрі де жоғарыда аттарын атаған үш ақынның тағдырынан шығып жатыр. Ерте кеткен, көптің күрметін енді көріп жатқан соларды армандарына жетпей кетті дей алармыз ба? Алтынмен апталып, күміспен шаптырған кітаптары шығар-шықпас, ал бірақ туған халқының, кейінгі ұрпақ – мол қауымның жүрегіне жол тауып алған олардың арманы жоқ қой, жоқ...

## **Ұлы ақынға — ұлағатты пікірлер**



**Нұрғиса ТІЛЕНДИЕВ:**

*Мұқагали нені жырласа да  
жүргегіңе жеткізе, құлақ құрышын  
қандыра, жаңыңды тербете  
жырлайды.*

**Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА:**

*Мұқагали асып-тасып, арнасы-  
нан төгіліп жүрмесе, артында қалың  
жұрт сүйіп оқитын өлеңдері қалпас па  
еді... Ақынды түсіну қыын...*



**Нұрғали НУСПІЖАНОВ:**

*Әннің – өзегі әннің сөзіне бай-  
ланысты. Нұрагаңның сазына сөз  
жазғаннан бастап мен Мұқагалиды  
екінші қырынан таныдым.*



Мұқағали МАҚАТАЕВ

### ШАРШАДЫМ БІЛЕМ

Шаршадым білем,  
Жантая кеткім келеді.  
Миыңды жеген,  
Құрысын бүйткен өлеңі!  
Күйзеліп тапқан қөңілімдегі көрікті ой,  
Аузымнан түссе, адыра қала береді.  
Өлеңі құрсын,  
Таппадым одан миятты,  
Жазбай-ақ қойдым,  
Жазғаным енді ұят-ты.  
Менсіз де мына ғаламат жырау - дүние,  
Өзінен-өзі жырланып жатқан сияқты.  
Откізіп айлар,  
Откізіп жылдар,  
Бекер күн,  
Болғансып ақын,  
Мұрнымды несін көтердім?!  
Өлмей-ақ жүр ғой,  
Өлең жазбаған адамдар,  
Өлеңсіз мен де,  
Өмірді бірдеңе етермін.  
Жанды да жансыз,  
Көрінген заттан сыр бағып,  
Өлетін болдым,  
Өзімнен-өзім ұрланып.  
Шаршадым білем,  
Жатпасам енді болмас-ты.  
Жұрт кетіп жатқан  
Қара теңізге бір барып...

Алдымызға көлдененәндеп бір сауал тұрады. Шындығында ақын болу деген не? Азап па, мұң ба? Арман ба, мұрат па? Қыын ба, оңай ма? Соған қарамастан ақындық көкжиектің сөресінен бәрі дәметегі. Бірақ олар әрбір ақын үшін даңқты ешқандаі жолдың жоқтығын, сапарын бастаған әр өнерпаз тек қана тыңға түрен салатынын

біле ме, білмей ме, мәселе осы шындықты жан жүргімен мойындауда болып тұр.

Мұқағали «Шаршадым, білем» деген өлеңінде бұл жайлыштың терең сипаттарын барынша ашып көрсетуге қысын іздей қойран жоқ. Оның қағидаларына сүйеніп, ой мен пайымды сарапқа салсаңыз, ақындық тағдырыңын соңшалықты қызықтырып, пендені ұшаққа шығара қоятын тұті де жоқ. Керісінше, сырттай да, іштей де өмірі бітпейтін толғаныс арпалысына түсіп, мазасыз күй кешеді екенсіз. Ағыл-тегіл табыс та, бірден аспандатып әкетептін атақ та жоқ, әзірге олар тек көз ұшынан бұлдырап көрінетін елес нобайымен үміттендіреңі. Соңдықтан да Мұқаңың: «Шаршадым білем, жантая кеткім келеді! Құрсын бүйткен құныңды жеген өлеңі! Күйзеліп тапқан көңілімдегі көрікті ой, Аузынан шықса, азыра қала береді» дегеніне сөзсіз және ешқандай дауайта алмайсыз.

Сонда әлгі, кейбіреулердің өлең төгіліп тұрады деген гажайып теңеулерінің көңілді алып ұшыратын әсерлерін қайда қоямыз? Мына жырға дең қойсақ, бәрі олай емес секілді. Рахам күйді сезінуден гөрі жанға тыным бермеген мазасыздықтан безіну бар. Пәленбай кезеңдер көкейінде сақтап ұстаған өрнектерді қағаз бетіне түсіріп егі, онысы екінің бірі орындаі алатын жадағай тіркес болып шыққанына күйініп шаршайтын тәрізді. Тінші бір жерінде: «Өлеңі құрсын, тапладым одан миятты, жазбай-ақ қойдым, жазғаным азы ұятты. Менсіз де мына ғаламат жырау дүние, Өзінен өзі жырланып жатқан сияқты» дейді.

Тағы бір жерінде: «Өлмей-ақ жүр ғой өлең жазбаган адамдар, Өлеңсіз мен де өмірді бірдеңе етермін» деген қарапайым қалыпқа түсіп, қарапайым тіршілік еткенде аңсан кеткені бар. Алайда, ақын сөзінің ішкі тініне үңілсөңіз мұлдем басқа мағынаны байқайсыз. Қаламды қарым еткен жыр дұлдуғұл сөз әлеміндегі жауапкершілігінен тайсақтап отырған жоқ. Осы күйін шерту арқылы нағыз ақындықтың оңайға соқпайтын салмағын көрсетеді.

Ақын болып жаралудың туабітті табиғатына баға береді. Ақындық ғұмыр қолдан туындастып, мойынға күп жүре беретін жасанды құбылыс емес екен. Қаласаң да, қаламасаң да ол сениң пешенеңе жазылып, әрі қарай серігіңе айналған ажырамайтын қайратты періштең. Ендірі жерде өлеңнің киесін таныған таланттың маңдайынан күніне 5 рет тер төгүіне тұра келеді. Және сол жолдагы шаршau, жай шаршau емес қасиетті шаршau. Осыған шыдай аласың ба, жоқ па? Мұқан өлеңге ұмтылған әр қазаққа күлбілтелемей хас шындығын айтып отыр.

8 сағаттың, 10 сағаттың жұмыс мерзімінен кейін тыныстауға болатын шығар. Тек «Жанды да, жансыз да заттың бәрінен сыр баққан» ақынғана сау кезінің бәрінде толассыз еңбек етегі. Ол да «Қара теңізге бір барап». Бірақ, өлеңмен тербелген жан от болып күйіп, жалындаиды да отырады. Ешибір мекеме, ешибір бастық бүйрекпен, жарлықпен ақынға демалыс алып берген емес. Бере алмайды да. Олардың табиғи жаратылысының бізге белгісіз бола беретіні сондықтан ғой. Әрине, нағыз ақын шаршайды. Елінің, халқының болашағының шаршамауы үшін шаршайды.

Анна НОСКОВА



Павлодар қаласындагы педагогикалық университетінің оқытушысы. Филология гылымдарының кандидаты. Ең бастысы, қазақ тілін жестік мәнгеріп, осы тілде өзінің гылыми еңбектерін жасып келеді. Сонымен қатар, Мұқагали олеңдерін зерттеп, ондагы гылтынға қатысты пайымдарды жүйелей білген.

## МАҚАТАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Фразеологизмдер сөзді жандандырып, тілімізге өткірлік сипат, ұлттық ажар, эмоционалдық-экспрессивтік бояу беретін стильдік мәні айрықша құрал болып саналады. Тұрақты сөз тіркестері аз сөзben көп мағынаны білдіреді, тілдің стильдік сапасына арттырады.

Бейнелілік –тұрақты сөз тіркестеріне тән қасиет. Сондықтан ақын бейнелі сөз орамдарының орнын атуып, нақтылы, дәл колданған. Мұқагали тұрақты сөз тіркестерін бір өлеңде бірнеше рет кайталап, өлеңнің эмоционалдық-экспрессивтік бояуын арттырады. Фразеологизмдерді өзгерпіп қолдану, фразеологиялық қайталама жасау суреткердің шеберлігін, даралығын танытады.

Мұқагали халық тілінің бар байлығын, сөз маржандарын өз жырларында шығармашылық түрғыда қолдана отырып, өзіне тән стиль құрайды.

Тұрақты сөз тіркестерінің стильдік бояуы жеке сөзбен салыстырғанда әлдеқайда күшті, экспрессивті мүмкіншіліктері анағұрлым мол. Ол қасиеттеріне орай фразеологизмдер белгілі бір окиганы баяндауға, сойлемеген сөзге ерекше өн береді.

Фразеологизмдердің мағынасы көнегіп, экспрессивтік бояуы айқындала түседі. Мысалы:

*Есіңде ме түндерің көз ілмеген?  
 Кезуде ойың өсірді, кезуде өлең.  
 ...Өлең керек ұрпаққа, өзің, мейлі,  
 Көлеңкеде қалсаң қал көзге ілікпей!*  
 (Өлең керек)

немесе:

*Қыс жетіпті,  
 Сол баяғы кезіндей,  
 Куырып жүр дүниені көз ілмей.  
 (Қыс келген күні)*

Бұл жерде “көз ілмеу” фразеологиялық бірлігі “ұйықтамау, ұйқыны қандырмау, ұйқысыздық” деген мағынаны анфартады. Фразеологиялық бірлік мағына бірлігіне негізделеді. “В таких фразеологических единствах слова подчиняются общей образной системе языка, единству конкретного значения слова”. Мұнда “көз” және “ілмеу” сынарлары өздігінен бейнелі мағынаға ие бола алмайды. Мұндай мағынаға бұл сөздер тіркескен күйінде, яғни бір бүтін тұрақты сөз тіркесі күйінде ғана ие болады. Бұл бұрын қарапайым болған тұрақты сөз тіркесінің кеңеюі арқылы әлеуметтік мәнде қолданылады.

Сонымен бірге, “көз ілмеу” фразеологизмінен жасалған эпифоралық қайталама өлеңдердің үзінділерін ажарландырып, ерекшелентіп тұрады.

Мұқағали өлеңдеріндегі әр түрлі заттардың, нәрселердің аттарын білдіретін, құбылыстардың ұғымдарын сипаттайтын зат есім мағыналы фразеологиялық қайталамалар кездесіп отырады. Мысалы, тәмендегі өленде “ерекшора” деген зат есім мағыналы фразеологизм қайталанады.

*Шынымен ерекшора Ырысжан ба?!*  
*Бауыр ма, батыр ма мол, туысқан ба?!*  
*...Ерекшора!*  
*Жаны да, сыры да ашық.*  
*Еркелетер еді оны жылды халық.*  
*Сендер әкім болсаңдар, өлмеспін, – деп*  
*Жылқы бағын кеткен-ди құрық алып.*  
*Ерекшора!*

*Ол маган жалпы қарады.  
(Еркекшора)*

Ақын анафоралық қайталама қолданып, оқырманның назарын “Еркекшора” деген өлеңнің атауына аударады да, Ырысжанның сипаттамасын жасауда оның сыртқы келбетін, ішкі жан дүниесін, мінезін, жүріс-тұрысын айқын, ашық суреттейді.

Кейде фразеологизмдер жалпы мағынаны білдіріп, зат пен құбылысты тек атап қана кояды. Мұндай тұракты сөз тіркестері бейтарап қолданылатын фразеологизмдер деп аталаады. Мысалы:

*Күн аяз.*

*Қаңтарда ма, ақпанда ма,  
Із кесіп, қансонарға аттанғанда...  
...Қызыл тұлқі қырқадан қылаң етсе,  
Құмай тазы соңынан құйындаған.  
Қанды басың бері тарт, бұйыр маган!  
...Қансонардан қасқыр да емес, тұлқі де  
Қайтасың бірді-екілі қоян аулан.*

“Қансонар” сөз тіркесін алатын болсақ, бұл тек заттың аты болғандықтан, оның экспрессивті бояуы да, бейнелегіштік қасиеті дежоқ. Осы бейтарап қолданылатын фразеологизмнің қайталануы арқылы автор өлеңді ерекшелеп отырады. Жалпы “қансонар” фразеологизмінің мән-мағынасы қазак халқының аңшылық деген ескі кәсібімен байланысты. Жерге алғаш жауған қарды халқымыз “қансонар” деп атаған. Аңшылар осы “қансонарда” анға шығады. Соңдай-ақ өлеңде “қанды басың бері тарт” деген сиқыр, арбау мағынасында айтылған тұракты сөз тіркесі кездеседі. Бұның мәні де қазак халқы дәстүрлерінің тамырында жатыр.

Кейде Мұқағалида екі есімнен жасалған зат есім мағыналы тұракты сөз тіркестері қайталанады.

“Мына қасқа” өлеңінде “тас жүрек” деген екі зат есімнен тіркесіп құралған фразеологизм бар. Бұл фразеологизмді қолданып ақын қатал, қатыгез, зәлім, жансыз, ракымсыз кейіпкердің түрін сипаттаған. Фразеологиялық анафора-ның қолданылуы өлеңге өзгешелік әкеледі.

*Сезгіштігін білдіріп алам ба деп,  
Тас жүрегін жасырап қына басқап.  
Аламын деп қасқаның тас қамалын,  
Тас жүрекпен қашанғы тас боламын.  
Тас жүрекке табынтып тастамағын,  
Жүрегін бер, тәңірім, жасас баланың!*

Сондай-ак “тас жүрек” сөз тіркесі фразеологиялық тұтастық немесе синона болып келеді. “Фразеологиялық тұтастықтар – семантикалық жақтан бөлініп ажырамайтын, біртұтас мағынасы құрамындағы сынарларының негізгі мағынасынан басқа мағына беретін тізбектер”. Мағынасы жағынан алғанда “тас жүрек”, “су жүрек”, “жүрек жұтқан” деген фразеологиялық тұтастықтар өзін құрастыруышы әр сөздін бірде-біреуінің мағынасымен байланыспайды, әнгіме жүрек туралы да, жүректі жатқандығы туралы да емес. Бұл фразеологиялық тұтастықтар бүтін қалпында “тас жүрек” – “катаł”, “су жүрек” – “корқак”, “жүрек жұтқан” – “өте батыл” деген мағыналада жұмысалады.

Қазак тілінде етістік мағыналы фразеологизмдер өте көп қолданыста жүреді. Олар адамның қимылын, іс-әрекетін астарлап, бейнелеп суреттейді. Есім мен етістіктен тіркесіп құралған етістік мағыналы фразеологизмдер Мұқағали Әлендерінде жиі ұшырасады. Олар мемантикасы жағынан да әр түрлі болып келеді. Осы ойімізді бірнеше мысал келтіре отырып, дәлелдей түсейік.

*Жұртты өзіндей қу көрген,  
Шошып кеттім құлқынан.  
Садага кет бұл жерден,  
Садага кет жұрттынан!  
Немесе: Садага кет!  
Садага! Шуақты елден!*

“Садаға кет” – ислам тағылымына байланысты етістік мағыналы фразеологизм. “Садаға я садака, қайыр” сөздері жетім-жесірге, каріп-касерлерге не дін жолына бағышталып берілетін құдайы деген ұғымды білдіреді. Садака бері мұсылмандық белгісі. Ал Мұқағалида “садаға кету” – “құрбан ету, жанды қию, қатерлі іске бел буу” деген

мағынада қолданылған. Сондай-ақ бұл тұрақты сөз тіркесі жатқандықтан, ол сөйлеу тілінің фразеологизмі болады.

Анафоралық қайталама өлеңді ерекше көмкеріп тұрады, айрықша рен, экспрессивтік бояу береді, фразеологизмнің бейнелілігін күштейтеді.

Ақын келесі өлеңінде фразеологиялық эпифораны ұтымды пайдаланған.

*Момын жұрттың арқа сүйер,*

*Азаматы біз едік.*

*Тұлпарлардан, тұргылардан,*

*Қалған бір-бір із едік.*

*...Момын жұрттың арқа сүйер,*

*Азаматы біз едік.*

“Арқа сүйер” – етістік тұлғалы болжалдық келер шакта тұрған фразеологиялық бірлік. “Арқа сүйеу /пір тұту/” – “пана, корғаныска ие болу, ештеңедеи қорықпау” деген мағынаны аңғартады. Осыған орай “Сүйеушісі бар болса, сүйек жұтса да, қақалмайды” дейді қазақ халқы.

Фразеологиялық бірліктің негізгі қасиеті бейнелік болып саналады. Фразеологиялық бірлік өзімен омонимдес еркін сөз тіркесінен бір бүтін бейнелі мағынаны білдіру қасиеті жағынан ажыратылады. Мұнда “арқа сүйеу” сөз тіркесі бейнелі мағынада фразеологиялық бірлік ретінде ұғынылса, тұра мағынада еркін сөз тіркесі ретінде ұғынылады.

Ал келесі мысалдарда “барса келмес” деген екі етістіктен жасалған етістік мағыналы фразеологизм қайталанады.

*...Қапелімде ой айдан, қиял құып,*

*Барса келмес сапарга араластым.*

*Барса келмес сапарга араластым,*

*Ерді артыма бұрылып қарамаспын.*

*(Жырлар жазам)*

*Жасыра алмай, тіл қаттым.*

*Барса келмес сапарында, түсім қашып түн қаттым.*

*(Мейірім бер, қымбаттым)*

Мұндағы “барса” – шартты райдың, ал “келмес” – болжалды келер шактың үшінші жағында тұрған етістіктер.

“Барса келмес” фразеологизмінің мәні – “қайта оралмая, құрып кету”. Осы фразеологизмнен жасалған анафора өлең мазмұнын дәллірек ашады, оқырманды қызықтыра түседі. Екінші өленде автор “тіл қату”, “тұн қату” сияқты фразеологизмдерді шебер қолданған. “тіл қату” – “әнгімелесу, сөйлесу, тілдесу”, “тұн қату” – “тұні бойы ұйықтамау” деген мағыналады білдіреді.

М.Мақатаев өлендеріндегі тұракты сөз тіркестері ой дәлдәгәмеи, ықшамдылығымен, бейнелілігімен ерекшеленеді. Қазақ тіліндегі фразеологизмдерде халықтың сан алуан өмір құбылыстары қамтылған. Мұқағали өлеңнің шүрайын келтіру үшін, анафора мен эпифора тәсілдерін қолданып, фразеологизмдерді әрі орайлы, әрі дәл пайдаланып отырған. Ақынның жырларындағы “бас ию”, “бас айналу”, “қолынан келу”, “бас ұру”, “кол ұшу” секілді кейіпкерлердің мінезін ашатын, іс-әрекеттерін фразеологизмдер жиі қайталанады.

“Асығу керек” деп аталатын өленде автор өлеңнің көркемдік бейнесін арттыру үшін, өзінің айтайын деген ойын дәл жеткізу үшін фразеологиялық анафораны қолданған.

*Қолымнан келсе,  
 Қыста егін салуга әзірмін,  
 Келуін күтпей көктемнің.  
 Қолымнан келсе,  
 Уақыт деген өлшемді,  
 Жоқ қылып мулде көрсем бір.  
 Қолымнан келсе,  
 Ойымның жылдамдығындаі,  
 Жарықтың дагы тездігін тәжесеп,  
 Жеңсем бір.*

Осы өленде ақын кейіпкердің болмысын, пейілін суреттегендеге қажырлылық, енбексүйгіштік, сабырлылық, мемменсінушілік, қырсықтық сияқты қасиеттерді аша түсіп, дәріптейді.

“Қолынан келу” фразеологизмі “істі істей алу, жақсы орындау, істі істеуге шамасы жету” мағынасында

қолданылған. Сұлу суретті сөздер арқылы ұстамды, өзіне өзі сенген, табанды адам бейнесін көрсеткен. Ақын осындай жағымды бейнеден үлгі алуға үндеп отырады.

Фразеологиялық қайталамалардың біреудің белгілі бір көңіл-күйін, сезімдерін білдіру мақсатында да мәнерлегіш-көркемдік бояуы айшықты келеді. Мысалы:

*Жолың болсын, бара ғой, айналайын,  
Айналайын қоргаушым, қаргадайым!  
Кәсібіңе мен сенің басымды ием,  
Басымды ием, несіне арланайын... немесе:  
Күнишегыстан алаулап таң атарда,  
Қасиеттеп қараймын жсан Отанга.  
Сәлем берем бас иіп Жемісуга,  
Сәлем берем бас иіп Алатауга.  
Сәлем берем,  
Сәлем берем,  
Сәлем берем бас иіп Алатауга.*

Шумақтың екеуінде де “бас ию” деген фразеологиялық бірлік “құрмет, сый-сияп, ризашылық, алғыс білдіру” мағынасында қолданылған. Фразеологизмдердің қайталануы арқылы автордың ойныа ерекше өң, мәнерлілік беріледі.

Бірінші шумақта Мұқағали болашақ дәрігерге алғыс, тілек білдірсе, екінші шумақта оның Отанға, туған жерге деген құштарлығын, махаббатын көркем түрде сездіріп, оқырманын тәнті етеді. Бұларды оқи отырып жаңыңа рухани азық, эстетикалық, тәрбиелік әсер алып, ақынның жыр дүлдүлі екеніне сүйсінесің, әрі таңданасын да.

Көркем туындыдағы сезімге әсер туғызатын айшықты сөздердің қай-қайсысы да өлеңнің жалпы экспрессивтік үндестігін күштейтеді, эмоциялық бояуын әрлендіреді, күшті сезім туғызады. Ұғымды дәлме-дәл, жан-жақты бейнелеп жеткізуде фразеологизмдердің ұтымдылығы басым. Фразеологизмдердің осындай мүмкіншіліктерін ақын өз жырында кейіпкерлердің психологиялық күйінш-сүйінштерін, ой әсерлерін, рухани жан дүниесін накты ды нәзік бейнелеуғе таңдалап, талғап жұмсайды. Мысалы:

Уақытта тоқтатар шамаң бар ма,  
 Бәрі өтеді: дәуірлер, замандар да.  
 Менің жсаным ашиды мына өмірді  
 Өтпейтіндей көретін адамдарға.  
 ...Менің жсаным ашиды барлығына:  
 Таң нұрына, адамның тағдырына.  
 Менің жсаным ашиды өткендерге,  
 Жаңа гана өмірге жеткендерге...  
 (Не келіп, не кетпеген бұл ғаламнан)  
 Татамын деп сортанды,  
 Бас айналды, қол талды.  
 ...Ойга келер түсті арман,  
 Бас айналып, іш жсанған.  
 Сенен көрдім, қайтейін,  
 Көрмегенді дүшпапнан.  
 (Татамын деп сортанды)

Жоғарыдағы мысалдарда автор фразеологизмдерді қолдана отырып, кейіпкерлердің жан дүниесін, теренде жатқан нәзік сезімін суреттей алған. Алғашкы мысалда “жаны ашу” фразеологиялық анафорасы арқылы автордың өмірге, зымырап етіп бара жатқан уақытқа, адам тағдырына жаны аштындығы, қиналатындығы көрсетілген. Екінші “бас айналу” фразеологизмі арқылы кейіпкердің досына өкпе-реніші, жабырқауы суреттелген.

Фразеологиялық қайталамалар кейіпкерлердің психологиялық сәттегі сезімдерін, эмоциясын күштейтеді, көркем бейнені әсерлі де мәнерлі жеткізеді.

Мұқағалида осылар тәрізді экспрессивтік күші бар фразеологиялық қайталамалардың әрқайсысы бір-бір бейне. Экспрессиясы күшті өте бейнелі фразеологизмдер ақынды өзгелерден ерекшелеп, таланттының тағы бір қырын танытады.

*Мұң басқанда,  
 Не жетсін сырды ашқанга,  
 Келейінші бі барып сырлас жсанга.  
 ...Сырласқанга не жетсін мұң басқанда,  
 Сырласатын менімен сырлас бар ма?!*

(Мұңқасқанда)

*Сен қайтесің жсаныңды мұңқасқанда?*

*Өз-өзіңмен оңаша сырласқанда?*

*...Сен нетесің сондай бір сәттерінде?*

*Мұңның шаңы іліксе пәк көңілге?*

(Сен қайтесің)

Ақында: мұңның шаны, мұңқасқанда мұңқасқанда (кайғыру) секілді логикалық сәйкесіздікті танытатын соны перифраз тіркестер бар. Бұл фразеологизмдердің әрқайсысы ете әсерлі бейне жасап, ақынның айтпак ойын, идеясын дәл көрсетіп тұр.

Фразеологизмдер құрылымы жағынан үстен мағыналы да боалды. Олар іс-әрекеттің, қимылдың, заттың сыйнының түрлі белгілерін білдіреді. Бірақ Мұқағали өлендеріндегі мұндай фразеологизмдер сирек кездеседі.

*Қарға адым жерде тұр еді менің бақытым,*

*Ұстай алмадым,*

*Өткізіп қойып уақытын.*

*...Тұратын еді,*

*Қол созым жерде, қарға адым.*

“Қарға адым жер” немесе “қол созым жер” фразеологиялық тізбектері “жақын жер, алыс емес” мағынасында қолданылған. “Фразеологиялық оралымның бұл түрі ерікті мағынадағы сөздің тіркесінен жасалып, өзінің даяр қалпында, тіркескен күйінде жұмсалады”. Фразеологиялық тізбектің құрамындағы ерікті мағынадағы сөз алуан түрлі сөздермен тіркесіп жұмсалуға икемді болса, фразеологиялық байлаулы мағынадағы сөз бір не бірен-сарап сөзбен ғана тіркеседі. Мысалы, “қол созым жер, қарға адым жер” деген фразеологиялық тізбектің құрамындағы “жер” деген сөз әр түрлі сөздермен тіркесіп жұмсалса (мысалы: алыс жер, жақын жер, үлкен жер, кішкене жер), фразеологиялық байлаулы мағынадағы “қол созым жер, қарға адым жер” сөздері “жер” сөзімен ғана тіркеседі. Сонымен катар мұнда фразеологиялық анафораның эмоционалды бояуын арттырып, суреттелең затты әсерлі түрде бейнелейтіні айқын сезіледі.

Сөйтіп, қазақтың әдеби тіліндегі әсірелеу, көркемдеу тәсілінің ішінде фразеологизмдердің алатын орны да, ішкі мазмұны да, грамматикалық құрылышы да ерекше. Тұрақты сөз тіркестері авторлық ойға айрықша әр, мәнерлілік береді. Фразеологизмдер – өлең тілін жандандыратын, астарлай бейнелеп суреттейтін тілдегі ең қажетті құралдарының бірі. Бұлар – халық даналығына суарылған бейнелі ойлау тіл үлгісі. М.Мақатаев осы ұстанымға сүйене отырып, фразеологизмді барынша пайдалануға тырыскан.

Мұқағали өз өлеңдерінде жалпыхалықтық (садаға кету), экспрессивтік (мұнның шаңы, мұн басу), бейтарап / кансонар/ және контекстік фразеологизмдерден (жаны ашу, қолынан келу) анафоралық және эпифоралық қайталама түрлерін жасап отырады.

Ақынның жырларында фразеологизмдердің түрлеріне қарай фразеологиялық бірліктер, фразеологиялық тұғастықтар, фразеологиялық тіркестер қайталанады, ал тұрақты сөз тіркестері құрылымы жағынан есім мағыналы (ерекшора, кансонар, тас жүрек), етістік мағыналы (арқа сүйеу, барса келмес, жаны ашу, бас ию), ұстeu мағыналы (қарға адым жер, қол созым жер) болып кездеседі.

Корыта айтқанда, автор поэтикалық туындыларында фразеологиялық анафора мен эпифораларын ұтымды, орынды қолдану арқылы кейіпкерлердің бейнесін, мінезін толық аша түседі және рухани жан дүниесін, психологиялық сезімдерін дәлірек суреттейді, өлең тілінің экспрессивтік үндестігін күшетеді, эмоциялық бояуын әрлендіреді.



## Құныпия Алпысбаев

Павлодар қаласындағы педагогикалық университетінің оқытушысы. Филология гылымдарының кандидаты. Ең бастысы, қазақ тілін жестік менгеріп, осы тілде озінің гылымы еңбектерін жасап келеді. Сонымен қатар, Мұқагали өлеңдерін зерттеп, ондағы гылымга қатысты пайымдарды жүйелей білген.

### «О, МУЗА! БІР ӨЗІҢЕ БАС ҰРАМЫН»

Олен сөзді өнер биігіне көтерген өрелі таланттар жайлышы  
сөз қозғағанда, алдымен ауызға ілігер даралардың бірі  
– Мұқагали Макатаев.

Откен ғасырдың екінші белеңінде, ерен екпінімен жыр өлкесінің жаңа қырына бет алған соны көштің ту ұстаған тұлғаларының көрнектісі де – Мұқагали болды.

Кең дүние, төсінді аш, мен келемін,  
Алынбаған ақым бар сенде менің, –  
деуі бекерден емес еді.

Қарасазда қауырсын жайып, қазақ даласында қанаты қатайған қыран таланттың өлеңмен өрнектелген өнегегұмырында, адам болмысы мен халық тағдырының тіршілік тіні ақын түйсігімен зерленген.

Көркемдік қуаты көңіл көзінен арғыны болжады, суреткерлік ауқымы алыс пен теренді тұтас қамти білді. Мұқагали жырларының өміршешендік өлшемі – ұлт ұлағатымен айшықталған ғажайып көркемдігінде жатыр.

Күпі киген қазақтың қара өлеңін,  
Шекпен жсауып өзіне қайтарамын,

– деп толғаған дарабоз ақын жалаң ой, жайдақ сөздің непірінен оқ бойы озық кеткенін көрсетті.

Терен ой, тегеурінді тәмсіл, ізгі мақсат, ізетті пайымнан бастау алатын Мұқагали туындылары даналық дәнегінен

көктеген нәзік те, нәрлі қалпымен қазақ қауымының ойына орынды, жадына конды.

Мұқағали жырларындағы өміршендік өлшемдерінің екінші қыры, шыншылдық парасаты болатын.

*Әйттеуір кінә тауып бір жеріңнен,  
Сынауга тіттеп құмар кім көрінген.  
Бір-ақ та,  
Білесің бе, ей,  
Кім көрінген.*

*Айтсын деп ақиқатты тіл берілген!*

Ол өзінің ақындық ғұмырында осынау биіктен ғана қарады және ешқашан аласарып көргсін жок.

Нені жазса да, бәрін қарапайым пайымға сиғызыды, оған кара нардың жүгін артып, қай тақырыпты қаузаса да игеріп, менгеріп, қуаты қамал бұзар қайратты ойларымен дәлелдеп, дамытып, шегендеп отырады.

*Үрейді бір сәт ұмыттым,  
Өзімнен өзім сыр ұқтым.  
Өзіме-өзім сыйырлан,  
Өситет айтып тұрыппын,*

— дейді ақын.

Мұны – болмыстың боранды бекетін шыр айналған адам-пенденің бәрінің бірдей бойынан табыла бермейтін ірліліктің белгісі деп қабылдасақ қателеспейміз.

Мұқағали өмір сүрген уакыт, бүгінгі қүннен биігінен қарағанда, пайымнан гөрі дайынға бейімделген. «Бар» мен «жоқтың» арасын «ақылшылар» жалғаган жансебіл кезеңдер еді.

*Айтып откен ақында арман бар ма?*

*Жүрегінің тубіне кір жасырмай,*

— деп ақынның өзі айтпақшы, бойдагы дарынмен үндескен ойдағы ұлы мұрратты қаз-қалпында жеткізе беру мүмкіндігі де шектеулі болды.

Өз перзентіне өркениет өресінен дәм таткызып тұрып, өрешенің ішіне жансызын жасырған замананың керегар кейінде таңғалып откен ақындардың бірі осы Мұқағали Макатаев шығар.

Замана запыранын қанша жұтса да, казактың кара өлеңіндегі тас жарып, тамыр тескен каукар қуатты шеберлікпен пайдалана білген дарабоз ақынның бүгінгі биігі де сол, «жүрегінің түбіне кір жасырмай» айта білу шеберлігімен әспеттелсе керек.

*Мен жырлаймын,  
Сырласамын.  
Сыры бар замандаспен мұңдасамын.  
Асыққан уақытпен,  
Адымымды.  
Абайлап анда-санда бір басамын...  
...Не шығады бәрін де сүйем деуден?  
Бәрі де сүйемін деп иемденген.  
Бәрін де мен де сүйем,  
Айттан бірақ,  
Отырып оңашада күйер кеудем...,*

— дейтіні бір қарағанда қарапайым ғана көрінетін сиякты. Бірақ осынау шумактарда өлең өнерінің өн бойына жан бітірер терендік пен пайым-түйсігі, парасат-паркы өз ортасынан өзгелеу өршіл рух жатқанын қапысыз байқар едіңіз.

Ол жоғарыда айтып өткеніміздей, өз уақытының өзегінен өніл шыққанымен, өзінің өз-шындығын өрнектей алған ақындық шеберліктің соны нұсқасы дейтіндей деңгейге көтерілді.

Мұқағали жырларының құндылығы құннен-құнгеп артып бара жатса, Мұқаң туралы жазылған өлең шумактары том-томға ұласып жатса, Мұқағали рухымен сырласуды өзіне парыз санайтын жаңа бір сарындар легі дуниеге кен күргатпай келіп жатса, оған таңғалудың жөні жоқ. Мұны — ұлттық рухтың қайта жаңғыруы, шын өнердің өркенінің өскені, казақ өлеңінің қайта түлеуі деп бағалауымыз керек.

Өлең сөздің өміршендігі — ұлт санасының саралығына да тікелей байланысты. Қазақ халқының ақындық дәстүрі — ежелгі дәүірлердің койнауынан бастау алады. Сол халықтың рухани өсуі мен таласуын, елдік үшін жан алып, жан беріскең күресін, рухани дамуын «хаттап» отырған ерекше құбылыс екені даусыз.

Арғы замандағы жазба тарихы кемдеу соққанымен, өлкеміздегі өршіл рух, өртөнді сәттерді, яғни бүкіл бір ұлт тарихын дана халқымыздың дара перзенттері өлең сөздін өрнегіне салып, тарихи шежіренің дәрежесіне көтеріп кеткені – ерекшелік.

Қазақ ақындары осындай «тарих» атты ұстаздан дәріс алып, дәрмені зор мектептен шыққан қауым.

Мұқагали Макатаев өзінің жан дүниесін ең алдымен осындай құндылықтармен нәрлендірген, байытқан суреткер.

Ақынның өзі осыдан ондаған жыл бұрын:

*Қалай?!*

*Қалай?!*

*Қалқам, маган не дедің?!*

*Мен өзімді зерттей алмай келемін.*

*Өзім жайлы жалғыз гана дерегім –*

*Өзгелерге түсінкісіз өлеңім,*

– деп толғанған еken. Ал, бүгін мерейтойлары мерекеге айналып, жауъар жырлары әнге айналып, иісі қазақ ие болып отырған Мұқагали ғұмыры – халқымыздың қашанда қанатты сөзге қамқоршы, аталы сөздің ат ұстары екендігінің белгісі деп бағалауымыз керек.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз – сарасы», – деп толғаған ұлы Абайдың ойшыл дәстүрінен тағылым алған, табигат суретін сөзben өрнектеу жөнінде Ілиястан кейінгі ірілердің қатарына қосылған, елдік пен ерлікті жырлауы Махамбет бабасының бағадүр жырларымен үндес келетін, тарихи тағылымның, ұлттық дастурдің өміріндегі кісілік келбетті қалыптастыратын қасиеттерін жазбай танып, жалықпай жырлаған Мұқагали мұрасы ұлттымыздың рухани құндылықтары.

Сөз өнерінің эстетикалық қуатымен айшықталған ой орамдарының терендігі рухани өсері жағынан ғажайып құбылысқа айналып, тірліктің аласапыран ағындарын қалаған бағытқа бұра алатын сыйқырлы сипатқа ие болатынын алғаш сезетін де ақын жүрегі. Тенеу мен сипаттаудың, әсерлеу мен шенdestірудің қарапайым тәсілдерінен туындастырылған ұғым болмысының ұлагатты әлемі, түптеп келгенде, ол адамды – адам етер ұлы мұраттар биігіне бастайды.

Суреткөр Мұқағалидың жырларын осы биіктен бағалар болсақ, оның мол мұрасындағы тау мен дала бейнесі арқылы айшықтаған жалпы Табиғат-ананың болмыс-бітімі адами ұғымдармен астасып жатқан өзгеше бір әлем екенін андайсыз.

Жаратылыс заңдылықтарына қарама-қайшы келіп жататын тіршіліктің ара ағайыны іспетті, келісім өресіне бастар кемел ойлы ақын бейнесін де Мұқағали болмысынан танып, білуге болады.

Ақынның әлемдік поэзиясының алтын қорына именбей косуға тұрарлық баға алған ғажайып туындыларының бірі де, бірегейі де – түпнұсқада «Өмір сүрәйік алмасып» деп аталатын, ал оқырман қауым «Ақ қайың» деп айдар тағып, әспеттеп, әнмен әділтеп шалқытқан шығармасы хакында толғайтын ой, әрине, аз емес.

*Жапырақ – жүрек жас қайың,*

*Жанымды айырбастайын.*

*Сен адам бола бастасаң,*

*Мен қайың бола бастайын.*

*Келісесін бе жас қайың?*

Ақын бірінші шумактағы осынау бес жолмен-ақ адам санасын ұлы рухтар үндестігіне қарай жетелеп, басқа бір бейтаныс әлемнің, бейкүнә кеңістіктің табалдырыбынан аттатады.

Откен өмір, кешкен ғұмырдың жүлдізды сәттері мен жұтаң еткелдерінен нені тауып, нені жоғалттық, адами құндылықтар құдіретінің қадірін біліп, қасиетін ұлықтап, киесін бағамдай алдық па? Өлең, сез жоқ, оқырманың ойға батырады.

*Көрінер, мүмкін, кімге ерсі,*

*Өміріңді маған бір берші!*

*Дүргебелен мынау дүниені,*

*Адам көзімен бір көрши.*

Ақын әлемінің өн бойындағы арқауы үзілмеген ақаулы еткелдер мен өкінішті өртеңнен түскен өксікті жараның барлық түйінін соңғы екі жолға сиғызып тұргандағы сезінесіз. Мәселе, кімнің кім екендігінде емес, кімнің кімді қалай танитындығында жатса керек. Таным өресі тарылған тұста тәнгे қуат, жаңға толас іздеу зандылығы белен алмаушы ма еді?!

*Қайың бол мен де бағайын,  
Орманнан орын табайын.  
Беймәлім мынау дүниеге,  
Қайың көзімен қарайын.*

Қазақ поэзиясындағы үздік туындылардың туын ұстаған, көкейге қонып, жүректе жатталған шығармалардың бәріне ортақ жүктің бір батпанын батыл көтерісін тұрган осынау өлеңнің өн бойында тұнып тұрган ерекше қуатты тарамдап талдап беру оқай емес. Пәннілік пайымдар мен поэтикалық ғұмыр – құрес, жарық пен жылу, тұrlаулы тіршілік пен тұrlаусыз тірліктің теңізіне құйылатын ыстық ағыстар. Алайда, көркемдік көлемі дөп пішілген кемел туынды:

*Өмірге өмір жағасын,  
Анамыз жерге жармасын.  
Бірде адам, бірде қайың бол,  
Сүрейік өмір, алмасын...,*

– деп келетін керемет жолдармен түйінделіп барып, мағынасы мол көп нұқтемен аяқталаады.

Өлең парқын білетін жанның жарық дүниеде аз ғана аялдаған аяулы ақынның артында қалған мол мұрасын зерделей оқыған кезде, осынау жыр жаунарларының бойында тұнып тұрган ізгілік иірімдері мен ірілік іздерінің көркем бейнесін жазбай тануы хак. Ақынның әсемдік пен сұлулыққа, иба мен имандылыққа көзқарасы да түщымды.

Мұқағалидың махаббат лирикасы пенделіктің тыз етпе қүйдім-сүйдімінен аулақ жатыр. Таза. Мөлдір. Асқақ. Ол сені қанаттандырады.

Тарпаң ғасыр тасыран мінез таныта бастаған талмауыр тұста, Мұқағали Мақатаевтың дуалы аузынан шыққан «Тоқта, балам! Атаң келеді артында!» дейтін аталы сөзі бүкіл қазақ даласын шарлап, сабылышқан сан алуан санаға сәулелі нұрын төгіп ала жөнелді. Өйткені, бұл қазақ ұғымындағы тәлімдік дәстүрдің көркем бейнесінің үздік нұсқаларының бірі.

Сөз басында тілге тиек етілген Мұқағали Мақатаев жырларының етепелігі, ұлттық ұлағаттан сусындаған сардарлығы да осындағы сэттерде жатса керек.

Ол тума талант ретінде, адамзат өркениетінің биік өресіне еркін құлаш сермеді.

Сөз өнерінің әлем мойындаған ұсталарының мол мұрасынан таңдап алып, Дантенің «Тамұғын» қазақ тілінде сөйлестті. Рухани үндестік пен шығармашылық шабыт сарыны өзінің өнер-тәгдышымен қилюласар тұстары мол осына ұлы туындыға түсken ақын таңдауына бүгінде таңданудың қажеті бола қоймас.

Мұқағали Мақатаев бұл сыннан да сүрінбей өтіп, аударма өнерінің сүбелі бір мұрасын қалдырыды. Шағын мақалада әдебиетіміздің бір тұлғасына айналған ақын туралы, оның сонында қалған рухани байлық туралы кеңінен әңгімелеп шығу мүмкін де емес.

Мұқағали сан қырлы, ол – драматург, Мұқағали – әдебиет сыншысы. Десек те, бұлар бөлек әңгіменің арқауы болуға татитын тақырыптар.

Ақынның «Қош, махабbat!» драмасы мен қазақ әдебиетінде жаңа жанр ретінде енген «Моцарт. Жан азасы» реквиемінде саз өнерінің құдіретін терең бойлап сезінуі, музықа тілімен сөйлейтін тылсым әлемді менгеруі өзінше бір құбылыс.

Ұлы Моцарттың әлемдік әдебиет тұлғаларының талайына тақырып болған тылсым тағдыры, әсіресе, оның атакты «Реквиемі» Мұқағали арқылы қазақ топырағында жаңа бір қырынан оқылып, жана бір түрге енгендей. Осы шығарма арқылы ақын ақын өзіне де өлмес ескерткіш орнатып кеткендей.

*Шаң шығарып ізінен құйындаған,  
Барасың ба, өмірім, қыындаған?  
Сын маган,  
Сиыңды алам мен сенің бүйірмаган!,*

– деп жырлағандай, өзекті ғұмырдың өлмес белесіне шықты.

«О, Муза! Бір өзіне бас ұрамын» деп өзі айтқандай, ол бүкіл шығармашылық ғұмырында сол туған халқының амандағын тілеп, туған халқының адалдығына сеніп өтті.

Ол сенім ешқашан да жоғалмақ емес!

## Поэзия дірілін қылқаламмен жеткізген



Павлодарлық суретші Майса Ықыласованаң «Поэзия, менімен егіз бе едің?» атты сурет көрмесі Алматы қаласында өтті, көрушілерді риза еткен. Көрмеге қойылған шығармалардың дені Мұқагали поэзиясына негізделген. Суретші қыздың ақын сырларымен ортақтасқаны көрініп түрді. Сіздердеге суретшінің «Сенің көзің» атты шығармасын ұсынып отырмыз.



Баянғали ӘЛІМЖАНОВ

Кокшетау облысы, Степняк қаласында туған. Республикалық басытымдарда бірқатар қызыметтер атқарған. Қазір Кокшетау қаласында тұрады. Айтыскер ақын ретінде де жүртшылықта таныстал. Ондаган кітаптардың авторы. Драматургия және кино саласында жемісті еңбек етіп келеді. Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері.

## «ӨМІРГЕ КЕЛГЕНІМ ЖОҚ БОСТАН БОСҚА»

Е keyі де автор қайтыс болғанан кейін жеткен, тапсырып кеткен аманаттай кейінгіні ойға қалдырып, аласалыран сезім толқынысына түсірген әрі өзгеше, әрі бір-біріне жақын дүние. Бірі – Қасым Аманжоловтың «Өзім туралысы» да, екіншісі – Мұқағали Мақатастың «Реквиемі».

«Өзім туралы» жазылғанына жиырма жылдан асып бара жатса де, мәні кемімек түгіл, күннен күнге қызыу артып барады. Әдебиетшілерді былай қойғанда, бұл өлеңді білмейтін оқырман жоқ деуге болады.

Осы ұлы тіршілік жырында ең өзекті мәселелердің бірі – өмір мен өлім күресі, өмірдің мәні қойылған. Ақын өлен, поэзия тілімен ұлкен азаматтық, философиялық толғауында өмірге ой жүгірте отырып, терең түйіндер жасайды.

Өмірмен қоштасу, өлімнің ашы зарын да өзіне тән ерлікпен ашық жеткізген.

*Дарига, о дарига шіркін дәурен,  
Басымнан таярмысың бір күн, дәурен.  
Жат беріп жогалар ма најсагайдай  
Жүзиңде шалқын тұрған күлкім, дәурен.*

Осы секілді жанынды сыздатар жыр жолдары көптеп кездеседі; оларды тебіренбей оқу мүмкін емес, өйткені өзекті жанның бәрінде де ортак нәрсе бұл. Табиғат заңы –

тұмақ бар да, өлмек бар; дүниеге келу – куаныш, бакыт болса, дүниеден кету трагедия емес пе? Әлімсактан белгілі бүлжымас қағида болғанымен, сезімтал жүрек езіле ауырып, бұырқанады. Бірақ табиғат заңын өзгерте алмайсың. Ақын мұны мойындан отырса да:

*Бір күні от өмірім қалса өшіп,  
Қайран ел тұган жерден кетпес қөшіп.  
Торқадай жсамылып ап топырагын  
Жатырмын өз жерімде бір тәмпешік,*

– деп өмірден түңілмейді. Ол өз өмірінің мәнін әділдіктен, адалдықтан іздейді, үмітін келешекке артады.

*Өкінбен мен де бір күні өлемін деп,  
Өкінем ұқсата алмай келемін деп.  
Күніне жұз ойланып, мың толғанам  
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп.*

Ақынның мәңгілікке ұмтылуы, рухынын, өлеңінің өмегеүіне, өлімді жеңуге ұмтылуы осы. Әрине, мұның бәрі бұрын айтылмаган сөз емес. Мәңгілікке, өлімді жеңуге талпыныс адамзаттың ежелден келе жаткан қасиеті. Мәңгілік мәселе, кез келген жүректі тебірентер, толғандыrap мәселе. Ақын, сол толғанысын бізге өз үнімен жеткізіп отыр және қалай десеніші! Әсіреле сезімнің күштілігі терең ойды діттеген жеріне жеткізеді Образдары керемет – айна-қатесі жоқ ақынның өзі, өз жүрегінің луппілі. Осы өлім трагедиясынан өмірдің жарқан жырын шығарады. Жырдың өнебойы әділдікке, адалдыққа құлшыныс әуеніне толы. Жан-журегінді сілкіп-сілкіп алып, мына өмірдің қыр-сырына тереңірек үңілдіретін, тазартатын, жақсылыққа ұмтылдыратын қуат сонда қайдан келген? Бұндай адап сыршылдық, әрине, тек Қасымдай ақындық қуат-құдіретімен ғана келмек, оның түп тамыры, сайып келгенде, өмір мен өлімді тұтас, бір қайшылық тартысымен қоса қамтып, қасірет, куаныш атаулыны мейілінше табиғи жырлай білуде жатыр. Жырдың қайғылы тұстарын алып тастаңызы – не қалар екен?

Анық байқалатыны – өлеңінің жандылығы. Ол өзінің даладай дархан табиғылығымен, кең тынысымен жүрегінді

баулап алады. Бұнда біресе қайғыру, біресе куану, тағы да құдік, тағы да сенім бар; айна-қатесіз өлеңге түсे қалған жан-дуние арпалысы, өмір жолындағы, өнер жолындағы ізденистің әр сәті, сол сәттегі жүрек лұпайлі. Осы күйінде ол сені мына ұлы, кең өмірді аралатып алып кетеді; өмір мен өлімнің сырын шерте келіп, таудан құлаған қуатты селдей тіршіліктің жарқын жазығына алып шығады. Өлең аяқталмай қалғандай әсер етеді; бірак ол дәл осы күйінде нағыз біргүлас, айтарын айтып, жеріне жеткізіп кеткен шығарма; бұлдыры тұманды жарып кең өмірге шыға келеді; ары қарай да өмір мен жырдың таусылмасын айқын сезініп, бойына қуат біткеидей болады. Жігерінді қайрап, қысылғанда күш береді, өмір салтанатын, жарқындығын жырлайды.

Иә, қазактың Қасымы дүниеден өтті, бірак құлаған жок; жарық дүниемен ғана қош айтысты, ал өлең-өнер өмірі үзілген жок. Өр ақын, өрт ақын соны біліп кетті, кейінгіге сенімін артып кетті.

*Дүниеге келер әлі талай Қасым,  
Олар да бұл Қасымды бір байқасын.  
Әртке тиген дауылдай өлеңімді  
Қасымның өзі емес деп кім айтасың.*

Сондай Қасымдардың бірі – Мұқағали еді. Ақын творчествосы жөнінде әлі талай сөз айтыла берер, ал біздің токталғымыз кеп отырғаны – тек соңғы жыры.

Бұл жыр жарияланғаннан кейін кейір жолдастардан әлдебір тосырқау, тіпті жабырқау сөздер естіліп қалды. «Өлімді жырлапты... Сезген ғой...» дегендей, өр ақынның өкініш, уайымы емес пе деп аяғандай. Солай ма еken? Алдымен ауру мендең ажалмен арпалысып жатқан ақынның көніл-күйі, әрине, өлең болмысына қатты әсер еткен; сол жудеу тартқан, жабырқанқы кезіндегі жүрек сөзі бұл. Сарыуайымға салынып, дүннеден тұнілген боркемік жаннның мұңы емес, әрине. Жок-жок, бұл өр ақынның қыран қабак, кең қанатты жан жыры. Моцарт музыкасына жүтініп, оны өзі айтып кеткендей қазақ ақынның көзімен көріп, көнілімен толғауы өз алдына бір жаңағын. Пушкиннің «Моцарт пен Сальериінде» Моцартқа

реквием жазуды тапсыратын қара киімді белгісізден басталып қоя беретін. Мұқағали жыры бірінші шумактан-ак терең қасірет лебін сездіреді. Міне, Моцарт рояльға отырады. Аза бойынды қаза қылып, музика үні естіледі. Алыстан жеткен сарын әлдебір сыр аңғартқандай.

Тебіреніп, Моцартты тындалап отырғандай әсер аласын, өнерді өнердің жаңғыруы бұл.

Өмірді мынау азалы ауыр үн басты,

Күйзеліп, жайлап, өмір мен өлім сырласты...

«Реквиемнің» көкейкесті, өзекжарды мәселесі осы екенін бірден анғарасын. Одан ары осы сырласу басталады. Бұның бәрі Моцарт музыкасын әншнейін өлеңмен баяндау емес, Мұқағалидың өз жүргегімен қабылдауы, өз жүргегімен қайта бір толғауы; түптін түбінде өз үні, өз жыры.

Төбекүйқанды шымырлататын табыт үні – өлімнің ащы зары. Мұнда сұп-сұық табыт, яғыни өлінің өзі сөйлеп тұр. Эрине, бұл тірінің өлім туралы ойлауы, өлімді көзіне елестету, бірақ ақын соны тура өлінің атынан жеткізген. Керемет, сүмдүк образ. Өлінің тірілерге сәлеміндегі, тілдесуіндей, аманатындағы естілетін мына жарық дүниеге деген сағынышын тебіренбей оку мүмкін емес.

*Мен сені сүйгем,*

*Жаныммен сүйгем, жарық күн!*

*Жатсам да сүйем тұңғызында тамұқтың.*

*Ақ сәулең сенің аймалап мені.*

*Жарық күн,*

*Тұрган да болар, үстінде табыттың*

*Гарыштан құйған галамағ ортақ шуагың,*

*Сезгемің, білем*

*Мен үшін бір күн тынарын.*

*Тастама мені,*

*Тастама мені, шырагым,*

*Шуагың түссін,*

*Шөп болып мейлі, шығамын.*

Қабырғанды қайыстырар қасірет қой мынау! Бірақ дүниеден туңілу, лағнетайту ма? Жок-жок, өмірдеп үздіккен, «бір күндік сәулеге зарықкан ғашықтық, құштарлық қой.

Табыт үнінде тек осы құштарлық қана емес, тірілердің ойына от тастау да бар:

*Өлгеннен сұра дер едім  
Тірі жандарға  
Өмір дегеннің не екенін.  
Өмір дегенге  
Тірлікте сіра жетер ме ой.  
Жарық сәуледен басқаның бәрі – бекер гой.  
Бекер гой бәрі,  
Бекер гой бәрі, ботен гой,  
Өмір денениң – бір күндік сәуле екен гой!..  
Тамышыдай гана нұрына, міне, зарықтым,  
Өмір осы екен, сырныңа, міне қанықтым.  
Жаса сен, мәңгі!..  
Жаса сен, мәңгі!  
Жарық күн!  
...Табыттын, табыттын, табыттын...*

Осы оқып отырган сәтте-ак көnlің алас ұрып, «Апырмай, өмірдің мына жарық күннің қадірін түсінбей жүрдім бе?» деп құдіктенесің, оның соншалықты ыстық, тәтті екенін жан дүниенмен сезініп, қадірін ұғынғандай боласың, тірілкке ой жүтіртесін. Ары қарай «Жарық сәуледен басқаның бәрі бекер гой» дейді ақын. Бұл не сөз.? Тағы да сөзбе-сөз, жабайы түсінбей, ақын сырныңа үңіле қарайықшы. Бұл арқылы күн сәулесінеи, яғни табиғаттан, табиғи тірлікten басқаның бәрі бекер деп тұрмаған болар. Жарық, сәуле дегенге ақын үлкен, терең мағына сыйғызатын тәрізді. Жарық... Сәуле... Екеуі де жүрекке ыстық сөздер емес пе? «Жарық сәуле» – жарқындық, жақсылық дегенмен мағыналас жатыр. Бұған әсіресе «Жетімдер үйін» оқығанда көз жетеді. Әлгінде ақын:

*Өмір дегенге  
Тірлікте сіра жетер ме ой,  
десе, мұнда:  
Тіршілікте біреуін біреу күндер  
Бізге жат өлі кімдер –  
Тірі кімдер.*

*Жиылыш, жер шарының жетімдері,  
Алдында Ақиқаттың бірігіңдер!*

Міне, ақынның позициясы, тірілерге айтып кеткен өсietі. Бекер ғой, бөтен ғой дегені – өмірдің ласы. Жарық сәуле – жарқындықтан басқаның бәрі бекер ғой!

Табыт үнінің аяғында «Жаса сен, мәңгі, Жарық күн!» – деген жолар ақын жүргін жарып шықкан ұраны десе де болады: бұл ұлы өмірге кол соғу, тіршілік гимні. Сол сэтте-ақ «Табыттын, табыттын, табыттын» деген қайғы-мұн қоса жүр. Бұл «біттім, біттім, біттім» дегендей естіледі. Бұнда да өмірді қимау, қайғы бар.

Бірак ақын рухы күйремеген.

Жоқ-жоқ, осынша қасіретке, сағынышқа, ғашықтыққа толы «Табыт үнінің» өзінде ақын рухы қалың мұн арасынан айдай айқын анғарылса «Халық үні» бөлімі – оның өзінен-өзі күш беруі, болашакқа үмітін артуы. Ақын өз жырының өлмесінен сенеді.

*Болашақ дүниеге шыр еткенде,  
Бір ұрпақ бір ұрпаққа іліккенде,  
Аспалы көпір болып қаларсың сен  
Жалғайтын жүректерді жүректерге.  
Қайырымсыз қазага елің бас ұрмайды,  
Саған деген сағыныш басылмайды.  
Табытыңды жасырса жер жасырап,  
Ал уақыт өзіңді жасырмайды...*

«Өзім туралымен» үндесіп, сабактасып жатқан осынау сенімге, ерлікке толы ақын сөздері, өзінен өзі айтса да, ақиқат екені аян. Ол өз көшінің, өлең көшінің «жер бетінде тоқтамасына», «Өлмес мәңгі жаңа сапарға жаңа аттағанына» сеніп кетті, кейінгіге сенімін артып кетті. Бұл тек ақынның өзіне-өзі күш беруі емес, халқының өнерді құрмет тұтарына деген сенім.

Келесі «Жесірлер үні», «Жетімдер үні» бөлімдері де трагикалық ойшылдығымен ерекшеленеді.

Дерт деңдеген ақын өз жесірінің, өз жетімдерінің халін көз алдына елестетіп, қабыргасы қайыса егілген секілді. Алайда бұдан да жеке шаңыракпен шектеліп қалмаған,

өзіне тән машиғымен мәселені жалпы адамдық дәрежеге көтерген.

*Жалған да – жалған*

*Жалғанда*

*Жесірден мұғлық жсан бар ма?*

– дегеннен-ақ көз алдына шашын жайып жесірлер атаулы тұра қалады.

Ал жетімдер үнінен ақынның өзіне тән азаматтық үні мейлінше айқын естілген.

*Біздер жетімдерміз!*

*Жетімдерміз,*

*Жетім болып жүріп-ақ жетілгеміз.*

*Дөңгелек жердің шарын допша қуып,*

*Мазасын тіршіліктің кетіргеміз.*

Мәселені осылайша күллі адамдық жұлгеде қою тек Мұқағали сынды талантты ақынның ғана қолынан келмек. Бұнда жетім атаулыға, әлсіз атаулыға көрсетілген жәбір, әділетсіздікке жаны шыға шырқыраған ақынның нәзік жүрегі бар; бүкіл жер шарында, бүкіл адамзат бойында әділет пен ақиқаттың салтанат құруына ұмтылу бар; тірілерге айтып кеткен есiet азаматтық үні бар.

Поэма – элегияның соңғы бөлімі «Бесік жырында» да мұн, табиғат заңына бойсұну көрінеді, бірақ өмірден тұнілу жок.

*Әлди, әлди, ақ пенде,*

*Тыныштық тауып жат менде.*

*Өмірді қандай сыйласаң.*

*Өлімді сондай жат көрме!*

*Бауырыма мәңі сақтаган,*

*Әлди,*

*Әлди,*

*Ақ бала...*

*Әлди...*

*Әлди...*

*Әлди-ай!*

Өмірге ғашық нар ақын осылай деп үзіліп кетті. «Әлди-ай» – соңғы сөзіндей, соңғы күрсінісіндей. Бала күннен, бесік жырымен, ана сүтімен қанымызға сіңген, қазақтың

қасиетті сөзі – «әлди-әлдиіне» ақын қаншама сезім, қанша-  
ма мағына сыйғызған!

Поэма өлеңдік құрылышы, жалпы композициясы жағынан  
өзгеше дүние. Бірақ олғайыптан келген нәрсе емес, Мұқағали  
творчествосының заңды жалғасы. Азаматтық өр үн бүнда да  
айқынестіледі.

Элегияны оқып шыққаннан кейін, ерте кеткен ақын  
тағдырын ойлап күрсінсек те, өлеңмен қазақ әдебиеті  
тариҳында өшпес із қалдырған Мұқағали Макатевка өз  
сөзімен былай дегіміз келеді:

*Біз сенімен,  
Сен бізben қанаттандың,  
Қанаттанаң халқыңа нәр ақтардың.  
Сенің көшиң тоқтамас жер бетінде,  
Өлмес мәңгі сапарға жаңа аттандың,  
Әрине, сұық қайғы, сұық қайғы,  
Көңілін халқың бірақ сұыттайды.  
Егер де халық өзін ұмытпаса,  
Бақыл бол, халық сені ұмыттайды!*

Қасым мен Мұқағали жырын катар оқып, екі туынды-  
ны ұқсас десек – бұл тегін емес. Осынау кесек тұлғалы екі  
акынды бір-біріне теліп, тепе-тендік белгісін тік сыза салу  
да мұрат емес.

Кез келген адам байқарлық бірақ нәрсе – екі жырдың  
өлеңдік құрлысы да, тіл бояуы да бір біріне мүлде ұқсамай-  
ды. Екеуі де екі басқа дүние, екеуі де екі басқа дүние, екеуі  
де өнердің екі түрлі озық үлгісі. Екі ақынның да айна-қатесі  
жоқ өз үн, Қасым – Қасым да. Мұқағали – Мұқағали. «Өзім  
туралы» өртке тиғен дауылдай» болса, Мұқағали жырында  
«Өмір мен өлім күйзеліп, жайлап сырласады».

Бірақ бұл жырлардың үндестігі тереңнен тамыр-  
тартағы; көзге көрінбегенмен жүрекке барап қан тамыр-  
лары байланысып жатыр – қос жүрек бірге, бірдей соғып  
түр. Жырлар сарыны ұқсас, өмір трагедиясынан үлкен  
оптимстік, ерлік қорытынды шығаруы ұқсас. Екеуі де  
өлімді өнерімен женуге ұмтылған өр ақын жыры, терең  
ойға қалдыратын өмірге ғашықтық жыры.

Шынында да, мына өмір кімнің басынан өтпеген? Біреуге ерте, біреуге кеш. Бесенеден белгілі осы ацы шындық екі жырды оқығанда көңіл көзіне айқын көрініп, өз салмағын сезіндіріп кетеді. «Жаспыз ғой»... «Алыста ғой»... деп жүрген ток көңілге қозғау сала ойландырады. Япырмау, бұғінгі тірлігін, куаныш-құлқін... Қас-қағымдай өте шығар думанды өмірдің мәні неде сонда? Не үшін өмір сүріп, нені мұрат тұтамыз? Адам баласын мәңгілік толғандырар мәңгілік сұраулар өзінің бүкіл болмысымен, бүкіл жұмбаққа толы ұлылығымен алдыннан тағы шығады. Аттап, елемей кете алмайсың – ол тек қас наданның ғана колынан келмек. Тек өз өмірің емес, жалпы адам баласының, адазат тағдырының мәні неде? Сан ғасырлар бойы алға ұмтылып, караңғылықпен курескен, сол күрестерде өзінің арқауы ұл-қыздары дүниедегі ең қымбатты – өмірін күрбан етуге дейін бағран адамзат мұраты не сонда? Ұлы революцияларда, кешегі соғыстарда өлімге қасқайып қарсы тұрган қыршын жастарды алға бастаған не? Тек өзінің ерлігін паш етіп, адам атын актап қою ғана ма еken? Бәрі дүниедегі әділ күрес атаулының бәрі да адамзат бақыты үшін, жарқын болашағы үшін, жаксылық, әділеттік үшін. Бұғінгі ізгі жүректі адам атаулының ұмтылары да, тілекмүддесі де осы.

*Қасым айтады ғой:*

*Ризамын туганыма адам болып,  
Өкінбен қаламын деп бір күн солып.  
Адамзат сапарына жолаушымыз  
Бір мезет жер бетіне кетер соғып.*

Иә, өмір өтеді – ол табиғат диалектика заңы. Бірақ ұлы сапар – Адамзат сапары бар бақытқа, әділет кебет алған сапар. Сол сапар мәңгі. Ал жеке адам – сол сапардың бір өрісін іске асыруши. Оның өмірдегі белсенді курескер екендігі айқын. Өзінің бұғінгі бақытын ғана місе тұттай, жаңа женістерге алға ұмтылады. Озық ойлы біздің замандас осындей.

Қасым мен Мұқағали жырын оқығанда сан-сала ойға қалып, телегей теңіз сезімге шомыласың, өлгің келмей

кетеді, өмір саған ыстық болып көрінеді, алдында ұзақ өмір жолы барын ойлайсың. Рас, кез келген адамға ақын болуды жазбаған, бірак әңгіме онда емес. Мейлі, сен ақын бол, мейлі шопан бол, мейлі шахтер, мейлі жұмысшы, мейлі ғалым – қай мамандық иесі болсан, да өзіндің адам атынды ақтауға міндettісің. Еңбегің мен де, адамгершілк арынмен де.

Адамзат болашағы үшін, бакыты үшін күреске шақыру жаксылық үшін күрес рухы – гуманистик өнердің табиғатын, бүкіл болмысын айқындайтын ең басты белгісі. Тарих алдында өзінің ұлылығын дәлелдеген нағыз гуманистік бағытка қарама-қарсы ізгілік атаулыға зәрін шашқан сан түрлі бағыттар да жетіп жатыр. Оларға тән белгі – адам өрлігін, ерлігін, адамдығын аяққа басу, өмірден безінү, күрестен қашып, бейжайлық, бейшаралықты жырлау. Бұл ретте сары уайымшылдығымен, қаратунектігімен айрықша көзге түсетіні – капитализм елдерінде кең таралған экзистенциализм.

Олар дүниеге өлім поэзиясынан, көрден қарайды, адам қаснетін қор еткен, болашағы бұлдыр қоғамда тұйыққа тірелуден, торығудан туған тарығуды жырлайды.

Экзистенциализмнің қыр-сырын ашып, оны теріске шығарған ғылыми енбектерді айтпағанда, социалистік реализм туындыларының өзі өмірді суюше шақыратын ерлікке толы рухымен, бүкіл болмысымен бұл бағытқа қарсы тұр. Алайда тікелей өмір мен өлім күресін көтерген шығармалардың бұл бағытпен айтысқа түсудегі, оны теріске шығарудағы орны ерекше. Сондай туындылардың катарынан Қасым мен Мұқагали жыры қастерлі орын алуға лайықты.

Екі жырды да біз тек өмір туралы, адам туралы толғау деп қана қарамай, жат көзқарасқа да қарсы соққы десек, бұл жасанды қарсы кою емес. Бұл көзқарастардың өз табиғатынан, қайшылығынан туып отыр. Жәнедеосы айтыстартыстың зор өмірлік мәні бар, бір жағында күйрек, кара түнек экзистенциализм тұрса, бір жағында жарқын күрес, өмірдің мәні туралы ымыраға келмес көзкарас тартысы.

Касым мен Мұқағали поэзия, өнер тілімен, ақындық өр рухпен олардың бас қаруы – адам өледі, сондықтан бәрі бекер деген пікіріні сол өлімнің өзін жырлау арқылы талқандап отыр. «Иә. Мырзалар, сіздер адам туралы былай дейсіздер, ал біз былай дейміз».

*Pас, адам өледі, – дейді олар ерлікпен.*

*Бірақ,*

*«Өмірге келгенім жоқ бостан босқа,*

*Мен қайтіп босқа жасап, босқа өлемін!»*

Басқа жауап болуы да мүмкін емес. Өмірде екі-ақ жол бар: не өмірді мән жоқ деп сары уайымға салынып, азыппозу, не өр рухпен Адам атынды актап женіске ұмтылу, жету. Алдыңғысы тұманды теңіз өрінде адастырып, жарға соғар жалған шырақ та, соңғысы өмірдің жарқын, бакыт жолына, шексіз ерлік көкжиегіне бастар жарық жүлдyz, Темірқазық.

Бұл жырлар тек қазақ әдебиетімен, бүгінгі күнмен ғана шектеліп қалатын дүниелеремес. Бұл – жалпы адамдық мәні бар жырлар. Кез келген адам, қай ғасырдың, қай үрпақтың, қай халықтың адамы болмасын, осы екі жырды оқыған, сезінген сәтте жан-дүннесі бір сілкініп, өзіне, өмірге ой көзімен, ар көзімен бір қарап. Жауыннан кейінгі жасыл желектей тазарып, тіршілік қадірін, құдіретін тереңірек түсінер, сәйтіп Адам атын биік ұстар. Бұл жырлар жаттық, жатырқауы жоқ, кез келген ақ ниетті адамның жүрек сөзі, өз жыры. «Өзім туралысы» болуга лайық. Өйткені бұлар – мәнгілік өмір жыры



## Тұрсынжан ШАПАЙ

*Әдебиет зерттеушісі, белгілі галым.  
Абайтану бойынша тың ізденістер мен  
еңбектер жазды. Қазақстан Жастар одагының,  
Халықаралық «Алаша» әдеби сыйлығының лауреаты.  
Қазақстаниң еңбек сіңірген қайраткері.  
«Ой тубінде жастаң соз», «Шын жүрек-бір  
жүрек» зерттеу кітаптары оқырмандардың  
жасы багасына ие болды*

## «ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРА ӨЛЕҢІ – ҚҰДІРЕТИМ»

*Поэзиядагы ұлттық сипаттың кей сыры*

Осылдан 70 жылдан астам уақыт бұрын Сұлтанмахмұт ағымы қазақшылықтың «шылдығын» фана әкетпей, қазақтың сән-сәулетін қоса ала кетеді деп түнілді. Сұнғыла жүрек, ұлы ақындық болмысқа біткен көріпкелдікпен өткен ғасырдың ортасында Лермонтов жердің космос кеңістігінен көгілдір болып көрінетінін болжағаны («Спит земля в сиянье голубом...»), Мұқагали дуниеден көшер күнін дәл көрсетіп, кітабына колтаңба жазып қалдырғаны рас болса, Сұлтанмахмұттың да мазасыздануы тегін болмаған шығар...

*...Касиетіңнен, қара өлең, айналайын,*

*Қазақтың дәл өзіндей қарапайым...*

Карапайым... Ақын халықтың өз рухымен туысы бір, өзегі ортақ жырдың ұғынықтылығына, айқындығына мензесе кепек. Қара өлеңнің жан-жүректі әлдилеп ықылымнан қанға сіңген қасиетті ырғағын, қазақ даласының барша бояуы мен үні, демі мен жұпары тоғысқан коныр әуен, конырау сазын, сиқырлы суретін айтса керек. Қарапайым болатыны – соның бәрі әрқайсымызға-ақ жұтқан ауа, алған тынысымыздай табиғи, етene әлем ғой. Әр күбылыш, әр нақышы көкірегімізге балдай тұнып, жатыркамай сіңетін құтты несібе.

Көне күйдің күмбірі, көне аспаптың әуезі, өзіміз үшін, ең алдымен, рухани ләzzат кеніші, санамыздың балан, жан дүниеміздің балғын шағынан әлдилеген ұлттық рухымыздың алтын бесігі емес пе? Ескі жыр, бағзы мақам, арыда өткен ақын-жыраулар толғауы, ертегі, аныз – ең қазынамыз – бүтінде дүниенің бар толқынымен жалғасып, қырысyz айданға айналған сол дария-рухымыздың о бастағы жылтыраған тұма-көзі, тек-төркіні еді ғой. Қай ұлттың да өзге еш халыққа ұқсамас дәстүрі, салт-санасы, өнері, т.б. этникалық өміршең сипаттары – қазіргі жаппай бетон қабырға, тегіс темір көлік, темір станокты өмірдің стереотип сұрғылт қалпына шырай бітіріп, темір ғасырдың тезінде сезімім – сірі, жүрегім – қасаң тартпасын деп жанталасқан адам рухының ізгі күресінде дәт, қуат беретін, жылдамдығы ересен, жаңалығы, дабыра-даңғазасы, мол, каруы, қасіреті көп, аласапыран, қым-қуыт, қайшылықты-кадірлі заманда кез келген пенденің жүргі мен жүйкесі көтере бермес салмақтан туатын рухани енжарлықтың «духовная депрессия» лай тоқтауын түндірар, көл түбінен атқылаған қәусар бұлақтар іспетті. Өмірдегі, өнердегі ұлттық үрдіс-ұлгілерге деген қауырт ынтаның, жаңаша ықыластың бір парасы, өз пайымымызды, осыған саймақ.

Дала!..

Халықтың дархан мінезінің, алыс тарихының, сапары шексіз келешегінің, жомарт пейілінің, қонақжай ықыласының, ұлан-гайыр елдігі мен ерлігінің белгісіндей болып кеткен ұлағатты ұғым. Сол даланың өзіндей байтак мағыналы, кай-қайсымызға да қадірлі, қастерлі сөз...

Казактың арғы-бергі поэзиясында үзілмей желі тартқан осы тақырыпты – дала дидарын бүгінгі бір алуан талантты ақындар тобы дәл осындаи поэтикалық бірегей символ-тұтастыққа көтерді.

Рас, кезінде «дала, дала» деп жанғырықша қайталап, талай ақын ілесе шапқан. Біразы сол шыырлы «даладан» шынжаша тараптар ашып, өз дауысын көп жанғырықтан ажыратып алды. Көбі қикуға елігіп, дүбірге қызған беті әудем жер құр далбактап тоқтады. Қайткенде де, осы көп әрекет,

көзсіз шабыс ісіз кеткен жоқ. Бір нэрсе анық, қазірде «дала» десе-ақ сананда казактың талантты жыр перзенттері қалыпастырған осынау қымбат, қадірлі ассоциациялар жа-рыса жамырап, жаңбырдан соңғы кемпірқосақша құбылып, сан бояу, шүғыла төгеді. Дала болса-ақ – кеңдік, дала десе-ақ – жомарттық, дала – ырыс, дала – дастарқан, дала – та-рих, дала – қазак... Рас, әнтек экзотикадан да құр алақан емес. Дала – фон. Дала – декорация.

Даланың байтак құшағы, аулардың асқақ тұлғасы, ҳалықтың биік рухы қанаттандырған қазакта ақын бар ма екен?! Сол қанаттылардың ішіндегі бір алыбы – Мұқағали Макатаев поэзиясы кең тарағанына, ел маха-ббатына бөлөнгеніне қарамастан, сырьы мен сипаты, қадірі мен қасиеті әлі ашылуын, танылуын күтіп жатқан тұңғылық қазына. Тегінде, ірі талант атаулының қай-қайсысы да қалыпты өлшеммен қарауга көнбейтін, ерекшелігін екі ауыз сөзбен тұжырып тастайтын канондық сипаттамаларға сия бермейтін ішті, қыртысты, қын жұмбак, бөлекше бітім, құрделі құбылыс.

Мұқағалиды жалпак қазак, жалпы жүрттына табыстырыған мың сан себептің бірі және бірегейі – оның поэзиясындағы уыздай тұнған ұлттық саз дер едік. Бүгінгі поэзия мәдениетінің биігіне шарықтап көтерілген ақын жырларының интонациясы, тыныс-дірілі, лирика-лық «менінің» желпінісі, шалқыған дария көңілі, дархан мінезі, кең пейілі, ақынның шадыман шаттығынан «аң» ұрып жалын ата күрсінгеніне дейін – бүтін жаратылысы, тұтас болмысы қазакы. Қазак оқырманы өз бойында бар деп ойламаган, жаратылысындағы көп жақсылықтарды Мұқағали жырларынан танығандай, қайта тапқандай. Бұл қасиет үлкен таланттардың көбіне тән десек те, ұлттық мінездің ең жақсы қырларын, ұлттық ұғымдағы ұлағат-өнегенің қасиеттісін, қадірлісін тауып, талғап жырлаған Мұқағали творчествосының орны бөлектей көрінеді.

Бүгінде тұрмыс қалпы, тіршілік салтында, бүкіл мінез-психологиясында атом гасырының таңбасы жатқан қазак үшін, жаңа орта, өзгеше атмосферада, әлемдік мәдениет

қазынасынан еркін сусындай жүре, жағасы – жайлай, жаны – дала куллі адамдық, ақындық болмысымен кеңқолтық қазақ қалпында қала білген Мұқағали, белгілі дәрежеде, экзотикалық тұлға еді. Құбылыс еді.

Қазақтың қара өлеңіндегі еркін тыныс, желдірме екпін, табиғи интонация, түстеп тануға келмейтін әлдебір бесзаттық ақын поэзиясына қасиет болып сіңген. («Күпі киген қазақтың қара өлеңін, Шекпен жауып өзіне қайтарамын») Халықтың шын қасиеті, төл мінезі, сәбидің жүргегіндей таза болмысы, дәстүрлі ұғым-түсініктері оны жырларына жарық беріп тұрған құн нұрындай қуат көзі» («Ақынмын деп мен қалай айта аламын, Халқымның өз айтқанын қайталадым»).

*...Сақалына орап өсірген*

*Қай жерде жүрсің, қарттарым?!*

Ақын іздеғен карт, данагәй қария – оның творчествосындағы тұрақты, түйінді, желілі образдардың бірі. Ақынның қариясы – халықтың табиғатында, болмысында бар ізгі қасиеттерді, халықтың шежіресін бойға сіңірген, туған топырақтың дәстүрінің тірі бейнесі.

*Арсыз күлкің тыйылмас, жылауың да,*

*Айтысың да баслымас, ылаңың да.*

*Араздасып ағайын кетер еді*

*Бір қария болмаса бір ауылда.*

Қазақ салтына хас бір шындықты ақын қоспасыз, боямасыз ақиқат қалпында алдыңызға тартады. Шындығымен-кадірлі, ұлттық нақышымен-етене.

Сақалынан айналдым, карт бабалар,

Ұрпағыңа не айтасың артта қалар.

О, тірі шежірелер, қалдырындар,

Қанеки, нелерің бар салтқа жарап?

Ақын Қариясына еркелейді, Қариясына өкпелейді («Бір түйір кәрі көздің жасы емес пе ем, Ұшында сақалыңың дамылдаған?!») Қарттарымды аяла дейді («Тоқта, ботам, атан келеді артында...») Аумалы-төкпелі күндерден қажығанда, Атасына келіп жұбаныш табады. Қарттарын сағынады, Қариясын кимайды. Ақын зымыран заман,

жүйрік дәуірде өмір сахнасынан бірте-бірте көшуге тиіс, жай ұлттық реликт емес, аға ұрпактың заманалар катпарында қалыптасқан осы бір ерекше рухани типіне, олардың тағдырын шешер осынау шарасыз құбылысқа, катал заңдылыққа қатысты бүтін бір ұрпақ сезімін, ұрпақ сөзін білдірген.

Урбанизация... Өз жолымен, өз заңдылықтары шекарасында анықтап ақырын жылжып, жеделдец желдей жүйткіп, қайткерде де карыштап алға озған қоғамдық-әлеуметтік тоқтаусыз, тежеусіз даму... Осы құбылыстардың заңды барысына бақпай, оның, тұгастай алғандағы, барша прогрестік сипаттарын ой көзімен кең түрғыда қорытпай, өз тұсында тарихи-әлеуметтік миссиясын аткарган, ендігі өмір қалпына сиыса бермейтін бірді-екілі жайлар жөнінде де үзілді-кесілді кейбір көңілсіз тұжырымдар жасау – бері салғанда, білімсіздікке саяды. Даму шартын түсінбеу, мойындардау, кайсыбір каймағы бұзылмаған көне дәстүрлерген көзсіз табыну – әсіре әсемпаздық. Қазактық дегенді ендігі жерде салқын самал, саумал бұлақты ен жайлау, жайлаудың төріне, көк майсага тіккен алты қанат ақ отау, күрпілдей пісілген саба, сабадағы сары қымыз, сары қымыздың жуздің шырайы, беттің қызылы боп тепкен қызыу, қыз куу, бәйге, көкпар... шырышы бұзылмаған табиғат... қоңырқай момын ауыл... деп түсіну – тек солай түсіну – күр экзотика қуған тогышарлық.

Соңғы жылдар поэзиясындағы моральдық-адамгершілік ізденістерімен астастыра ұлттық қайнарларға үңілу белгісі – табиғатқа деген інкәрлікте де жатыр. Табиғат және «темірбетон»... Тұптің түбінде өзара «қарым-қатынас» гармониясын түзуге тиісті осы керегар екідай-егіз жаратылыс адам санасында дәл қазір толық жарасымын таба қойған жок. Ақындық қиялы өткен мен болашаққа, бүгінгінің бедерлі беткейлеріне кезек самғап, дүнеи кеністігінің барша тараптарына шарықтаған Мұқагалидың да кейіпкері өмірден шаршаған, тірлікten қағажу қөрген шақтарында баз бір сәт туган табиғат аясына, «қой бағуға» қашып кеткісі келетіні, туган ауыл құшағын аңсайтыны да содан болар, бәлкім.

Кейіпкерді өз қиялындағы таза табиғат құшағына, ата кәсіп басына жеектеген – женіл женсік, әуескій жөлкө емес, жүдеген жанына, қажулы қөніліне дәт, дауа іздеген үміт. Өлең – қымыз ішіп, Күрен мінуді аңсауға емес, ішкі жан драмасын ашуға құрылған. Экзотикаға, жаңағы айтқан тоғышарлыққа айналып кету қаупі бар детальдармен ақынның қуатты шабыты, құдіретті қаламы мүлде тосын өрнектер сыйзады. Шынайы торығыс, жанға жақын, көңілге етene суреттерді еске алудан туған шын серпіліс, тегеурінді тебіреніс көкірегіндегі өзгеше бір шапағатты сөулелерінді оятқандай. Шыншыл сезім бояулары көз қарықтырган экзотикалық детальдардың өзіне өмір дарытқан, бүтіндік, реалиятік тынысын ашқан.

Казіргі көп ақындарымыз үшін табиғатпен қатар ауыл да – ұлттық қанық бояулар кениші есепті. Бұл түсінікті де. Ұлттық таным бастаулары, салт-сана, дәстүр іздерінің сорабы, қалайда ауылға бастайды. Халықтың о бастанғы адамгершілік, ізгілік тұрасындағы түсінік-пайымдарының нақты көрінісі, сыртқы ықпалдарға көп алдырмаған, маңызын, мәйегін сақтаған қордалы ұясы да ауыл. Ауылдың қарапайым тіршілік шылауындағы қарапайым адамдары.

Жусан иісі, тау самалы, дала аптабы... Тұған топырак, туған ауыл – адам баласының осынау беймаза тіршілікте, мәңгілік дамудың дәл бүгінгі күрт жеделдеген қарқынында өмір күресінен сәл қаймықкан, әнтек босансып кеткен сәттерінде, аптықкан алапат ағын ішінен қол созар жағадағы жалғыз тал, шөліркеген жанға сусын, кекірекке сөүле құйып, дәт бекітер, медет табар рухани алтын мекен...

*Қасқа бұлақ, қасынан неге кеттім?!*

*Не деген жел айдаған көбелекпін.*

*Еркіндік, еркелікті місе тұттай,*

*Тасқа әкеп өзімді өзім шегелеппін.*

Ауру мендеп, дерпт қажытқан ақынның шарасыз күйініші. Соңғы талпынысы... Қасқа бұлақ – туған мекенге деген ақырғы сағыныши. Өзін атудың ерке тағысына балаган, «темір-бетонмен» риясyz жарасып кете алмаған ақын-жүректің бір кезек сыртқа шықкан арыз-арманы...

## **Ұлы ақынға — ұлагатты пікірлер**

**Шерхан МУРТАЗА:**

Мұқагали жалғандықты, мұладім  
жагымпаздықты, әдебиеттегі  
саудагерлікпі, жалғорлықты,  
балекорлықты жән-танімен жек  
корған ақын



**Мұттар ҚҰЛ-МУХАММЕД:**

Мұқагали поэзиясы талай  
жүрекке от берді, бозбалаңың  
жыры, бойжеткенің сыры болды.



**Даркенбай ШОКПАРУЛЫ:**

Қазактың хас өнері балек екен,  
Хас өнердің бастауы алең екен.  
Мұқагали үстасы осылы жырсын,  
Үсталар — үстемарға көрек екен.

Мұқағали МАҚАТАЕВ

ТОҚТА, БОТАМ

Тоқта, ботам!

Атаң келеді артында!

Бұр мойныңды қалжыраған қарт ұлға.  
Сенің сәби сәттеріңдің мысқалын  
Айырбастап ала алмай жүр алтынға.  
Тоқта, ботам!

Атаң келеді артында!

Жүзе жүріп, жуз құбылған сағымда,  
Жастық дейтін қектеменің шағында,  
Өскен едік сенің атаң екеуміз  
Осы қарттың мәпелеген бағында.

Қарттың бағын жайлайтынбыз ен тегін,  
Тыңдайтынбыз алуан-алуан ертеғін.  
Жинап алыш жүрер еді жарықтық  
Күллі ауылдың елтеңі мен селтеңін.

Ей, болашақ!

Қарт келеді зияллы,  
Кейімесін ата-қыран үяллы.  
Сен сыйласаң, сәби шақтың бір сәтін,  
Атаң саған ұзақ өмірін қияды.

Ақылына айырбаста құлкінді,  
Қайтесің сол құлкі дейтін шіркінді?!  
Бейқам құллі өспеген соң өз басым,  
Бос құлкіні ұнатттаймын біртүрлі...

Тоқта, ботам!

Атаң келеді артында,  
Дария шалқар даналығын ал, тында!  
Сенің сәби сәттеріңдің мысқалын  
Айырбастап ала алмай жүр алтынға.  
Тоқта, ботам!

Атаң келеді артында!

«Тоқта, ботам! Атаң келеді артыңда». Ақын осылай дейді. Бір қарасаң, бұл өлең соншалықты ұтынықты сияқты. Не айтылғанын жете түсінетін секілдісің. Қарапайым ғана қағидалы негізге алып, оны кәдімгі төгілген ақындық шабытпен оп—оңай орындан тастағандай болып көрінеді. «Осы шумақтарды менің де лекілдете жазуға шамам толық келеді екен ғой» деген қиялға беріліп кетуіңіз де мүмкін. Ал, жырдың ішкі тініне, философиясына, көркемдігіне үңілетін мүмкіндік тапсаңыз, манағы пенделік райдан қайтып, дүние сиралың терең түкпірлерін бойлап кеткеніңізді өзіңіз де аңғармай қаласыз. Нагыз ақындықтың ерекшелігі де дәл осы тұстан көрініп, қылаң береді.

Ақын азаматтық ұсынысын, тілегі мен өтінішін басқаға емес, балауса жасқа неге арнап тұр деп ойланып көрінізші. Және оған ең алдымен, артыңа бұрылып қарауды ешқашан ұмытпа дегенді меңзейді. Біріншіден, ақын буыны қатпаған бұтақтың тұзу өсуі үшін бағбандық міндетін өз тіршілігінің басты парызы санап тұр. Халықты тәрбиелеу — баланы тәрбиелеуден басталатынын жүргегінің үні арқылы ишаралмен ұқтырады. Екіншіден, ертең кім болатыныңды кешегі кім болғандардың мектебімен ұштастыру арқылы сабактайсың дегенді тыңдай білетін құлаққа құйып тұрғандай әсер береді.

«Бұр мойныңды қалжыраған қарт ұлға!». Ақын дұрыс айтады. Қазақ болып туғаның рас болса, ата сыйлаудан, ана сыйлаудан артық қандай имансылық бар?! Оны ұмытқан пенде, өмірдегінің бәрін мансұқтайды. Құдайым, Алаш баласын сондай кісөпірліктен сақтасын! Ақын жанын мазасыздандыратын түйткіл де осындағы гәптермен үнемі түйінделіп жатыр емес пе?

Атанаң нарқын білу — адамдықтың парқын білу. Оның себебін ақын тағы да өзі айтады: «Өскен едік сенің анаң екеуміз, Осы қарттың мәпелеген бағында.» «Жинап алып жүрер еді жарықтық, Құлмі ауылдың елтеңі мен селтеңін». Ата бойындағы қайраткерліктің

өлшемін сіз де енді дұрыстап таразылаған шығарсыз деп ойлаймыз. Қолында билігі болмаса да, сол атапар бидің жүгін көтерген. Соңдай қасиеттің жоғалып кетпеуін енді сен қамтамасыз ет, балам, деп үрпағына үміт артқан ақынның өсіметінде тек қана тазалық бар.

Ақынның сомдал отырған образ кейіпкері тек қартаған адам ғана емес, ол образ – қария. «Ей, болашақ! Қарт келеді зиялды» дейтіні сондықтан. Ал, нағыз қария дегеніміз өмірдегі байлықтың сипатын басқа қырынан таниды. Ақкөзденіп, қомағайлана ақша жинау оның болмысына әлімсақтан жат. Байлық деген – өмір. Үрпақтың, ұлттың бір-бірімен ұштаса тамыр жайып, одан әрі жапырақтауы. Міне, олардың түйіні. Осы үргіс бұл дүниеде тоқтап қалмаса еken деп толғанады ақын. Сол себепті, «Ақынына айырбаста күлкінді, Қайтесің сол күлкі дейтін шіркінді» деп оқырманға жасырмай, өтеп әдемі толғаныспен сыр шертсе, оның несі сөкет?

«Сенің сәби сәттеріңдің мысқалын, Айырбастап ала алмай жүр алтынға». Екі кезеңді бір сәт салыстырып көріңіз. Салыстырғанда ғана пайымдайсыз, тіршіліктегі ең қымбат нәрсенің не екенине ақын көзіңізді біржолата жеткізеді. Бұдан кейін түйсігі бар пенденің сабырға келіп, сабасына түспеуі мүмкін емес қой. Нағыз өлең деген осы. Ол ешкімді бей-жай қалдырмайды.

Ең бастысы, мынаны ұмытпауға тиісті екенбіз. «Атаң келеді артыңда!».

## Тұрсын ЖҰРТБАЙ

*Филология гылымдарының докторы.  
Білгір дүзөвтансуышы. Қазір Гумилев атындағы  
Еуразия мемлекеттік университетінде  
жанындағы «Отырар кітапханасы» гылыми  
орталығының директоры. Қазақстан  
Жазушылар одагының «Алаш» және  
Жансүрөв атындағы, әдеби сыйлықтарының  
лауреаты.*



## «О, СҮМ ДАУЫС!..»

**О**ның мүсіні өзінің тауым-тағдырым дейтін Хан-Тәнірдің үшар биігіне қонған ертегідегі гажайып құс - сфинкс сияқты. Сфинкс пе... дәлірек айтканда, ақ сұнкар тәрізді. Шың басынан бауырға жанарын тік қадап, бір сэт қабағын түйіп, ойға шомғандай. Шалқасынан кайырылған қара шашы дудырай бөлініп, оқыс бұрылатын әдеті бар еді гой. Нақ сол қалпынан аумайды. Мүсінші сол тұлғасын тасқа қашапты. Жарықтық, өзі де еңселі еді-ау, тіршілігіндегі араласқан пенделерінің көбіне биіктен карап үйренген гой. Жансыз жатып та, отты рухы суынған шағында да, бір қыраттың топырақ көрпесін жамылғандардан биік жерден коныс бұйырыпты.

Кеңсайға іліккенде, төбенің басына қонған ақ сұнкардай мүсінің көзге оттай басылады. Сенің кабіріне тағзым етуге барған сайын, мен қасиетті Фудзиямага көтеріліп, бойымдағы пендешиліктен арылыш, рухани тазарып қайтқандай күйге ұшыраймын.

Міне, тағы да келіп тұрмын. Жалғыз да емеспін. Сен айып етпе, Телқара! Мениң сен туралы естелік жазуға да, айтуға да хакым жок. Соны білсем де, рухым мен өзіне деген махаббатым мәжбүр етті. Тіршілігінде үзенгілесін де, өзекжарды өркенің де бола алмадым. Ең құрығанда, азы сумен алдарқататындардың да бақыты бұйырмады. Бірақ жаным мен арым таза, сенің өмірің емес, өлеңің

гумырымның бір ажырамас бөлшегіне айналды. Сол сезімінді өшіргім келмей сан рет жалғыз өзім тағзым етіп қайттым. Сен де жалғыз тұратын ен. Бұл жолы...

Жалпы, сен өзіңің өлгеннен кейінгі өлең-өміріңің үзактығын, қадір-касиетіңің артатынын, сенсіз ұлтының сөз өнерінің жетімсіреп тұратынын көріпкелдерше нақты және орынды болжадың. Сендің де. Әрине, жұртыңа сендің. Сондықтан да «Жаназасында» (ол сенің өзің-өзің өлеңмен жазған жоктауың ғой): «Егер де халық өзін ұмытпаса, Бакұл бол, халқың сені ұмытпайды», – деп едің-ау. Бұл шумак құлшытасына қашалатынын да сезген шығарсың, мүмкін! Бұл жолы сол халқың, сенің ел-жұртың. Телқара, мені ертіп келді. Қиыр шеттегі «Қанышың хат таныған» Жезқазғанның бүйра бас шахтері мен мінезі тас жаратын талантты «бәтшагар» ізбасарын... Бақталайың ашылып, шынайы бақытың енді басталды. Өзің жер басып жүргенде жеке-дара бірен-сарап кісі ренжіткен шығар, бірақ, халқынның алақанында еркелеп өттің. Сол асылық та жасады ма, қайдам?

Бұл жолы... тағдырдың тоғыстырылуын карашы. Құлшытасың үстінде қалампыр гүлге екі жас ойланған қарап, үнсіз отыр. Ол сенің сүйікті перзентің, қызың Алма екен. Қасындағы өзіңің Қарасазындағы бозбала бауырың.

(Сол сәтте сен маған бетінді шығыска бұрып: «Ей, бала, Қарасаздан, кәдімгі менің Қарасазымнан келдің бе?» деп Құлжа жолына ұзак қарап тұрғандай болып елестедің).

Жасыратын не бар, Телқара, дәм-тұзымызды алып, дастаркан жайдық. Әр адам тостағандағы шарабын сен туралы естелік айттып барып ұрттайтын болды. Олар тірі жүргенде, мен жер астында едім, мен үстінен шықканда, екеуі жер астынан түсіпті. Сондықтан да танысыш үлгермездім. «Ал,» – деді де, бұйрабас кенші әуелі сенің, содан соң Төлегеннің, қайыра сенің өлеңдерінді оқыды. Алма көзінен жас алды. Жанарына мөлдір тамшы тұнып, кірпігіне ілінді. Ақынға осыдан; «Ракмет» деп күбірлекендей, сенің кабіріннің үстінен тамды. Ақынға осыдан артық дұғаның да қажеті жоқ және болмайды да.

Ойлап қарасам, өзіңді аз да, көп те білгендеймін. Талай

адамнан естідім. Біразын ет пен терінің арасындағы желіктен аса алмаған, сенің жаңыңың толқынының бетіндегі көпіршігін ғана қалқығандай қалыппен қабылдағанмын. Шынында да сен оларайтқандай дәрекі де, өжетте, бақытсыз да емес ең. Әр сөзінен еркелікпен астасқан нәзік сезім мен мұңды әуен есетін. Тым бақытты болатынсың. Бірақ өзіне де, өлеңіне де қанағаттанбаған сезіммен карайтынсың. Өйткені «куызға жарымай өскендіктен» тіршіліктің қызығына шөлің қанбады. Өмір сүргін, өмір болғанда жалғанды жалпағынан жарылқайтын, адап адамдардың ортасында ғұмыр кешкің келетін. Бар медетің мен пірін: сол ададлығың еді. Мен бұл сөзімді де айта алмадым. Оны түсінуге де, түсінбеуге де болатын. Білгішсінген қызыл сөз ғой деген де ой қалдыратын. Ақыры іштей өзімді-өзім азапқа салып, онашада сенімен сырласуды макұл көрдім.

Мәңгілікке өзіммен ала кеткен,

Менің нәзік жанымды кім түсінер? – деп өзің айтқандай, шынында да, аз күнгі сирек те қас-қағым сәттегі ұшырасуларда жан-сырыңың тынысын, лебін түсіне алдым ба?

Өмірдің мәні неде? Өзгені білмеймін, дәл сен үшін өлең болатын. Қаршыға мінезді шабыт үнемі жүргегіне қонақтап, қанатын қомдап, шамырқанып, жыр төтүгеге дайын тұратын. Жасанды тебірене алмайтынсың. Сол қасиетінмен сүйкімді көрініп, сол қасиетінмен әлде кімдерге тікендей қадалдың. Болмысында табиғилық мол, тілті, туыстас едің. Тебіренің теренінен шымырлап, тұла бойынды қалышылдатып, өзегінде өртеп, бауырынды езетін. Иә, жүргегінің шырынын жырғып тамшылаттын. Өміріңнің қысқалығы да содан шығар. Бар ауыртпалық жүргегің мен бауырыңа түсетін. Сенің жылағаныңың өзі табиғи, жарасымды еді-ау...

Есінде ме, ерте көктемде, кешкүрим «Алатау» кинотеатрының алдында тұнғыш ұлынды тағаттыздана күткенин. Жүргегім дауаламады, ту сыртынан айналып өтіп, ішке бетtedім. Француздың «Ватерлоо көпірі» атты фильмі көрсетіліп жатқан. Балпан-балпан басып, кеуенде тік ұстап, арлы-берлі ойқастап жүрдін.

Бөгет жасағым келмеді. Кенет... Эйнектен назарың маған ауды да: «Әй, бала, келші!» дедін. Өмірімде сендей сыйпайы, бала түлді нәзік еркекті көргенім жок. Өкінішке орай, казір бұл мінезді әйелдердің өздерінен табу да қындау. «Вознесенский – эксперимент, ал Евтушенко – қызық, қарасөз сияқты, о..., осы «Бұлбұлды» сен тапқансың. Бізде ол жою» дедін. Сонда бір беделді мекемеде «Бұлбұлдың» өзіндігін дәлелдей алмай, орнынан атып тұрып: «Мен солай түсінем» деп шығып кеткениң есіме түсті. Ұлың келмеді. Менің билетімді алдың да, бұрышта қара көзі мөлдіреп, жасқана қараған ауыл қызына ұсындың. Жер астындағы буфетке бардын. «Сен ішпейсің, мен де...». Лимонад алдың. Қолымда Пушкин мен Лермонтовтың тандамалысы еді. «Мен Мишаны мойындармаймын. Пушкинің жаңғырығы» дедін.

...Экранда атақты император Наполеон солдаттарымен қоштасып тұр. «Балаларым менің, қанаттарым, жүрегім!». Француздың майда тілімен сөйлеп, әр тынысына ерекше мұң жүктеп, көңілінді тебірентеді. «Сәбілерім-ау, кош болындар!» дегендег... Император да, солдаттар да күніреп-ніп кетті. Сенің иығың дір-дір етеді. Жалт қарасам: пісте мұрның қусырылып, көзіңнен жас моншактап, парлай ағып жатыр. Жан-тәніңмен егіліп, беріліп жыладың. Өксі-гін ұзаққа дейін басылмады. Көнілшектікten бе?

Жоқ. Сен бір нәрсені пір тұтатынсың. Ол – кара бура, бура болғанда шудасы желкілдеген ойсыл қара. Жануар сенің киен еді. Жанталас қундерде, қын шактарда, сырқаттанған сэттерінде, түсіне сол қара бура кіретін. «Ылғи да қысылып, сергелденге сабылғанда, дерт мендегендег бастығырылып ұйықтаймын. Сонда, әуелі, қара бура мойнымен жанышын-қырап басады да, сосын бауырына тартып, қымтап алады. Ертеңінде ісім онғарылады, не сырқаттың беті қайтады» дейтінсің. Есіл жануар-ай, соңғы кезде ол да сені жебей алмаған-ау. Бірде: «Яптырым-ау, десенші, түсімде, сенесің бе, ием мені тастап, тарпан қағып, боздап, батыска қарай кетіп барады. Қара бураны айтам. Ол мені жалғыз қалдышып, даланы басына көтеріп, боздайды жануар. Мені іздейтін сияқты. Шақырсам да мойның бүрмайды. Секемденем. Кош

бол, кош, бала. Артығы жок. Жаманға жорымаймын. Бірақ, киенін де безгені не жақсылық» дегенің есімде. Бұл соңғы ұшырасуым екенін сездім де, сенбедім де.

*Бір ботаның сондагы боздауын-ай,  
Не басына күн туды, боздағым-ай.  
Ұмыт болған уайым, мұңды әкелін,  
Алтыс екі тамырды қозгауын-ай!  
Осы екен гой ботадай боздау деген,  
Естімен ем, естідім... Қозды-ау, денем.  
Боталардың боздауы тозбапты әлі,  
Адамдардың боздауы тозғанменен.*

Расында да, үш айдан соң өзіннен, қазақтың бура пішіндес, бура мінздес ойсыл қара – азаматынан айырылып, боздап қалдық қой, боздап қалдық.

Сең өзінді де, өзгені де күніренте алатынсын. Мәжбүр жасамайсын, бірақ коса күрсінбеске шараң да қалмайтын. «О, сүм дауыс!» деп күніренгендегі үнің құлағымның түбінде күнгірлеп, мәңгілікке тұнып қалды. Жақсы көруінің өзі ғанибет-тін.

Жасыратыны жоқ, ол сенің өз еркінді өзің билей алмай, қызығы да, қытымыр қырсығы мол салбурыи сергелденге берілген кезің болатын. Соның салқыны бауырынды шалып, шын тән дертіне ұшыратты. Қар қылауланып, көбелектей қалықтай ұшып, жерге қонып жатты.

Опера театрының шығысындағы демалыс гүлзарын арапап етіп, кафенің тұсындағы баспалдакпен түсіп келе жаттын. Неге екенін қайдам, үйіне қайтуға асықпадын. «Гармошқадан» оншақты адам шықтындар. Ешқайсысы қоштаспады да, лезде көзден гайып болды. Ең акырында Шәмші іліл қолын ұсынып, елпілдей басып барады. Жанына тақадым. «Қараашы, бәтшашардың жүрісі де музыка!» деп күбірлей тенселдің. Өз ошағына жеткізіп салуды парыз санағам. Міне, бірсағаттан асты. Опера театрын оншақты рет орай айналдық. Сырқатынның мендеген тұсы жүрек пен сол жақ аяғын екен. Сүйрете бастың, сендіре тұсу үшін бала сияқты сылттып: «Қарамайсың ба, міне» дей бердің де, кітті токтадың. Жалт бүршіліп театрға қарадың. Қабағың түйіліп, жанарынды мұн торлап, басынды шайқап-

шайқап қойдың да, іштегі бар ыстық жалыныңмен демінді сыртқа шығара күнірене, іә, күнірене күрсініп: «О-а сүм-м-м дауыс! О, сүм дауыс!», дедін.

Бір сиқырлы әуен ауда сыңғырлап, дүниені, мынау әлемді баурап, ғажайып әлемге жетелеп, өзіне тартып әкетті. Бұрын қалай анғармағанмын шынында да, мынау сазды әуенге ерекше бір құдіретті күш, жаңынды тебірентетін нәзіктік, тұла бойынды шымырлататын тұнғиық сыр бар екен. Эрі мұнды, әрі ыстық, әрі салқын леп еседі. Соншама қасиеттін бір адамның даусынан табылуы, адам жаңының тылсым терендегі құйзеліс пен күйініштін, наз берен өкпенің араласып үн қатуы; сол сезімнің дауыс арқылы сыртқа шыгугы кай жүректі де тітіркендіріп, шамырқандырып, көңіл тостағанына мұнды шырынмен тамдырып, дүние мен ғұмыр, жарық пен каранғы, пендешілік пен тіршілік хақында толғандырып, күнірентетін. Бұл әуеннің сыңғыры мен әсерін «О, сүм дауыс!» деген жалғыз тіркес ғана нақты және толық жеткізе алатын.

Сен соны дәл айттың. Бұл сөзге сениң сағынышың да, уайымың да, ренішін де, еркелеуің де, жақсы көруің де, сөйте тұра наразылығың да сиятын. Осы әуен сени өмір бойы тебірендіріп өтті. Сол дауыс саған соншама жақын, соншама жат еді. Сени өмірден туңілтетін де, өмірге ынтық қылатын да сол дауыс. Кейін Қөктөбенің баурайында радио қабылдағыштан осы дауыс естілгенде, жасыл шалғынға жата кетіп, онды-солды аунап: «О, сүм дауыс! О, қалмадың-ау! Нен бар менде! Бауырымды тілгілеп жатыр, бауырымды. Шырқа, шырқа! Тілсін, періштем сол!» дегенінді қалай ұмытармын.

Сол дауыс – өмір дауысы, сениң ғұмырынның нысанасы екенғой. Фашықтық! Өмірге ғашық болатынсың. Жарық сөule, күн шуағы сен үшін тіршіліктін символы болатын. Ал жаңағы дауыс та саған жүрегіңе, кан тамырыңа нұр шұғыласын құятын. Содан өмірдің мәнін түсінгің келетін. Сиқырлы дауыс нақты өмірдің қызығы мен қасиеті, мұнды мені назы, ойнакы да өзгермелі, ешімді де алдамшы өмірдің өзіндегі көрінетін. Маған: «О, сүм дауысың», «О, өмір» дегендегей сезілетін. Мүмкін солай да шығар. Бір күнгі тіршілік те – бір күнгі шуак, бір күнгі әуен емес пе. «Дариға – жүректі» сол дауыстың

әсерімен беріле, киялдай отырып жазғаның аян. Сенің ең ұлы поэмага дайындалып жүргенінді, оның «О, сұм дауыс – өмір» аталағының жүрегін сезетін. Амал канша... Оны тек жанарыңа тұнған сонғы күн сәулесі «Өмір өзеніндегі» мына бір бес шумактан ғана түсініп, іштей күрсінеміз.

*Сұмдығы-ай, осы біреу сұм дауыстың,  
Шыға алмай көкіректе тұнған ұшқын,  
Күй тартып көкіректе боздатады,  
Іздең мені айга да ұштым, қырға да ұштым.  
Сұмдығы-ай, осы біреу мұн дауыстың,  
Осы бір боздау үнді естігенде.  
Ән болып көкейімде есті жел де.  
Ойыма ойран салып осы бір үн,  
Бауырымды ұстаралып кескілеуде.  
Ойпырым-ай, қайдан шықты, қайдан келді,  
Астан-кестен сапырды айран-келді.  
Адамдар, айтыңдаршы әлгі бір үн,  
Апырау, қай маңда еді, қай маңда еді?!  
Толқытты-ау, көңілімнің айран-көлің,  
Жүрегім жетімсіреп қалды-ау менің,  
О, құдірет, әлдебір алдау ма едің?!  
Тұлпардың құлынындаі бұла дауыс,  
Тұтқында, жсан-жасылман алды-ау, мені.  
Үн біткен бұлай емес тегіс неге?  
Қайта орал, сиқырлы үн көріспеген.  
Апыр-ай, әлгі бір үн қайдан шықты,  
Адам ба, ақ қанатты періште ме?!*

Мұнды сезім сәуленің жанталасы, аласұруы, шарасыздығы мен шабытты өзектес өрілген. Тағдырдың жазмышы жырга айналып, қайынның қабығынан тамшылаған тұнық шырын іспетті, жүрегінен сорғалаған.

«Расында да, жалған екен-ау, бұл жалған»... Осылай сен ғана айттың. Қыска ғұмырында азап пен бақытты таразылап, жүрегіннің сүзгісінен еткізебілдің. Ең шипалы шырыны шуакты шумақ боп тізілді. Міне, мен сен хакында осыдан асырып ештеме қоса алмаймын. Бар жан-тәніммен құлай берілгенде адам ретінде тебіренткен жалғыз сәтің, сонғы көрініс.

Мұсініне тағы да қарадым. Қөзіме оттай басылды. Биік қырқаның басынан қабағың түйіліп, қасық карлығаш қанаттаныш, жанарыннан ұшқын атып: «О, сұм дауыс!» деп Алматыға қадала қараған сияқтысын. Қатуланып, жұқа ернінді жымқырып, келесі сәтте күнірене күрсінетіндей көрінесін. Менің де со мезетте: «О, сұм дауыс!» деп күнірене дауыстап жібергім келеді. Бірақ ұн демедім. Дәтім де, қуатым да жетпеді. Қоңілім дауаламады. Тағдырының бар бақыты – сенін осы тұғыр-тасың өзіне де, өлеңіне де ортақ құрмет ретінде орнатылды. Енді ешкім де «О, сұм дауыс!» деп күніренбейді. Бақытсызыңға деген де сол шығар. Бар қосарым...

*Қырқа бар Алматының шығысында,  
Жатыр сонда жақының, туысың да.  
Бұл ғаламды місі етпес қайран жүрек,  
Қайтіп жатыр аядай құысында.  
Өмірлі кереметтей жыр қылсақ та,  
Кейімске дауа жоқ бұл бір шақта.  
Біраз күн алдандырып, ауыстырап,  
Адамды бір құрсақтан бір құрсаққа.*

Сен басқа құрсаққа, Жер-Ананың құрсағына ауыстың. Мәңгілік бесікке бөледің. Топырақ бесіктегі тербеліліп жатып, өзінің өмір бесігінде де мәңгілік із қалдырығаныңды сездің бе?! Енді сән, философиялық категория бойынша, «Мәңгілік» атты ұғыммен өлшенетін, мәңгілік және бақылтық өлшеммен...

\*\*\*

Ұмырт үйірілгенде тұғыр-тасыңмен коштасып, ойға түстік. Алманы таксиге отырғызыңға. Сонда төбе қүйкам шымырлап, бір орнымда тұрып қалдым. Өмірімізде қанша ма рет қатар жүріп, алыс сапар шексек те, не одан оралсак та, бірде-бір жолы сені таксиге мінгізбеппін-ау! Қозі тірісінде көрсетуге тиісті құрметті балаңа жасап, сол арқылы кінәмді жуып, жүргімді жұбатамын.

Ай сәулесіне шағылысқан ақ мұсін қырдың басында ақ сәулеге шағылып, барған сайын биіктеп, қалықтай ұшатын ақ қаршыға сияқты қомдана түседі.



## Темірхан МЕДЕТБЕК

*Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйылығының лауреаты, ақын Темірхан Медетбек өзіндік үнімен, ұлтжанды мінезімен оқырманың риза етіп келе жатқан қаламгер. Қоктүріктер сарының XXI ғасырдағы үрпақтарына жалғастыру үшін оны жаңаша жаңағыртып, омір мен қоғамның ақиқат суреттерін көрсете болді.*

## ОЛ - ҰЛЫ АҚЫН, КЛАССИК!

– Мұқағали ақынмен қаламгерлік әрітес ретінде сырласқан, кездескен, мұндақсан сәттерініз болды ма?

– Мен Мұқанмен тонның ішкі бауырындей боп қоян-колтық араластым деп айта алмаймын. Олардың әдебиеттегі есімдері әбден бабына кеп күркіреп тұрған кезінде Манғыстауға кетіп қалдым. Рас, Манғыстауға кетпей тұрғанда аздап болсын кездесіп сөйлескендеріміз болған. Бірақ ол кездесулерді сырласу, мұндасу деп айтуга болмайды. Өйткені онда біз сарыауыз балапандармыз гой. Яғни ол кісілердің бізге сырын айта қоюы мүмкін емес қой.

Тек бірде Мұқан мен Жұкен екеуі (Мұқағали мен Жүмекен) бірігіп соғымға бір жылқыны тұтас алып келіпті. Сол жылқыны екеуіне, (әрине, олар қай жерден қалай шабу керек екенін айтып тұрды), бөліп бергенім бар. Кейіннен бірер рет кездескенде Мұқағали ағамның “Әй, бала, сенің біздің үйде дәм татып кететін сыбағаң бар. Келмейсің бе?” – дегені бар.

Содан кейін Манғыстаудан келіп Жазушылар одағында бір шаруамен жүгіріп жүр едім, сонадай жерде бір топ ағаларымның ішінде тұрған Мұқанның “Әй, қарандаршы, мына жүгіріп жүрген бала Темірхан Медетбековтен аумайды екен” деген дауысын естіп қалдым. Бұрылыш сәлем берmedі дегені бой. Ал менің бұрылуға мұршам жок. Өйткені Одактың бір басшысы қағазынды қазір экелмесен

кетіп қалам деген. Ертеңіне Манғыстауға жол жұруім керек. Не керек, қағазыма қол қойдырып төмен түссем Мұқағали ағам екі-үш адаммен тұр екен. Ол кісілерге: “Ассалау мағалейкүм” деп сәлем бердім. Сәлемімді алған Мұқаң: “Әй, бала, жаңа ғана екінші қабаттан сенен аумайтын біреуді көрдім” дегені. Бұрылып сәлем беруге жарамадың деп астарлап айтқан назы ғой.

Мен жағдайымды айтып, айыбымды жуып-шаю үшін “Қаламгерге” шақырғаным бар... Ол кісімен кездескендегі осындай бір эпизодтар ғана есімде қалыпты.

Ал ол кісінің поэзиясын өте жоғары бағалайтын адамын. Мұқаңның баспасөзде жарияланып жататын өлеңдері мен дастандарын қалт жібермей оқитын едім. Ықыласым да, ылтипатым да болды дей аламын. Содан ба, ол кісі қайтыс болғанда, сонау қыыр алыс Манғыстауда жүрсем де, қабыргам қайысып отырып өлең жазып “Лениншіл жасқа” жіберген болатынмын. Бірден жарияланды. Бұл жерде ол өлеңді тұтастай келтіре кеткенді жөн көріп отырмын.

### Мұқағали қайтқанда

*Келді бүгін ажал- сұмның кезегі.  
Өрт бол жанды өлең- жырдың өзегі.  
Ақпай қалды, ағып жатқан бүркүрап  
Жетісудың тағы да бір өзені.*

*Қала алмассың мұндай күні отынбай,  
Әр жүректе “Қайран Мұқа”, ойтырмай.  
Ақындардың жыр оқитын кешінде  
Бір керемет өлең қалды оқылмай.*

*Тағы мұны қала алмассың түсінбей,  
Жүрек жылап, боран соқса ішінде.  
Сырахана үстелінің үстінде  
Бір саптыаяқ сыра қалды ішілмей.*

*Жаңа үнменен қарсы алатын әр таңды,  
Жек көретін өсек пенен жалтаңды,*

*Ақынның жоқ бүгін енді ортаңда  
Жалақысыз еркін кешкен жалғанды.*

*Галстуксіз айқара ашық омырау.  
Тұы—Алатай,  
Көкірегі — Атырау,  
Болған емес онда өтірік көлгірсу,  
Болған емес онда қайту, тоқырау.*

*Елемейтін,  
Ескермейтін ептіні,  
Тастайтұғын бетінен ап беттінің.  
Өлең етіп ызгарлы тұн, от күнін  
Жол қозғалыс ережесін елемей  
Көшелерді кешіп келе жататын  
Мұқагали Мақатаев жоқ бүгін.*

Мұқагали Мақатаев поэзиясына деген сол ықылас, сол пейіл әлі де сол қалпында. Қазір ол ұлғы ақын, классик!

— Мұқаның “Фаризаға” деген өлеңі бар. Сіз де талай рет оқыған нығарсыз. Осы өлең неге Фаризаға арналды? Кейде найымдау деңгейлеріне қарай бұл туралы әркім әртүрлі болжам жасайды. Ал, сіздің пікірініздің қорытындысы қалай?

— Кезінде Мұқагали ағамыз, «кім не десе, о десін,» теперішті көп көрген ақын. Тұрмыс жағынан да, жұмыс жағынан да! Ондай кездерде адам жалғыз қалады. Көп-көп адам сырт айналады. Кешегі достарын сені көргенде көшениң келесі бетіне шыбып кетеді. Ондай жағдай бірер жыл менің де басымнан өткен. Сондықтан білем... Ондай кездерде адам мұнын шағатын, сол мұныңды түсінетін адам іздейді. Кешегі достардың қелбеті әлгіндей: теріс айналған. Ал, Фариза қаншама ер мінезді дегенмен, әйел ғой. Жаны нәзік, жүргегі жұмсақ. Содан да ол Фаризаға мұнын шаққан, жүрек сырын ақтарған. Менін пайымдауым осы.

— Мұқагалидың мұны дейміз, ол қандай мұн? Тұрмыстық жетіснеушіліктен қозғалған мұн ба, әлде қогамдық дерптің науқасын дәл анғарын буырқаңған

**толғаныстардан туған жаң күйзелісі ме? Бұл мәселеге сіз қалай баға берер едіңіз?**

— Екеуі де бар. Бірак ақынның жеке басындағы мұн қоғамдық, әлеуметтік, адамзаттық тілті бүкіләлемдік мұндармен бірге өрілмесе, оның өресі тым пәс, ауқымы барынша тар боп қалады. Мұқанның «Емханада» деген атақты өлеңі бар. Соны оқып көрейікші.

*Өкінішті...*

*Мына құргып сырқаттың беті күшті.*

*Жүргім көтеріліс жасап жатыр*

*Бұзбақ болып кеудемде бекіністі.*

*Өкінішті.*

*O, Жүрек!*

*Менің алтын қазығым- ау!*

*Қайтейін қажыдың- ау.*

*... Қытықтаған бауырдың “назы” мынау,*

*Қажыдың- ау, байгүсьым, қажыдың- ау!*

*Не істемекпін!*

*Жаным- ау, саган шипа істемек кім?!*

*Жаралғанда бүтін ем, уш бөлекпін:*

*Жүргім – Африка, бауырым – Кипр,*

*Миым – Мұзды Мұхиттай...*

*Не істемекпін?*

Міне, осы өлеңде ақынның тұла бойын жайлап алған дерпт қана емес, әлемнің дерпті жатыр ғой. Өз дертін әлемнің дертімен салаластырып, сабактастырып жіберген. Кезінде осы өлең туралы былай деген екем: “Бір-ақ өріліп, бір- ақ қүйылған тұтас өлең. Жеке жолын, жеке шумағын беліп алып қарастыруға келмейді. Оны өлең табиғаты, өлең архитектоникасы көтермейді. Өйткені ақын айтылар сезін бір- ақ актарған. Өлеңнің әлденеше жеріне қойылған уш нүктелер ақынның айтылмай кеткен сөздері емес, ақын өзегін өртеп шықкан қасірет курсіністері. Бұл өлең- метафора болғанда да, образды метафора. Бұл өлеңде нағыз азамат ақынның болмыс-бітімі жатыр. Жүргін Африка-

ға, бауырын Кипрге, миын Мұзды Мұхитқа тенеу белгілі бір ұғымдардың сыртқы ұқсастықтарын дәл басқан сөз бейнелілігін ғана емес, белгілі бір ұғымдардың ішкі драматы мен трагедиясын ашқан ақын ойының масштабтылығы, ақын ойының ірілігін көрсетеді. Бұл өлеңнен ақынның жеке басының дерпті демі ғана емес, Африка қасіреті, Кипр трагидиясы, Мұзды мұхиттың көрдей сүйк лебі үрады. Ақын басына түскен өз қасіретін дүние қасіретінен бөлек коя алмапты. Дүниеге алпыс екі тамырымен сініп кеткен ақын ғана осылай сейлесе керек.” Осыдан артық не айта алам. Тек қосарым, Мұқағали Мақатаев осы бір өлеңімен-ақ Адамзаттық деңгейге көтерілген. Ал мұндай өлеңдер онда жетерлік.

— **Мұқағали “Махандар жоқ, Махандардың сарқыты Мұқағали Мақатаев бар мұнда”** дейді. Осындағы “Махан” деген сөздің мағанасын сіз қалай талдаң берес алар едіңіз?

— “Махан” деген сөзден адамның ойына бірден халықтың бостандығы жолында басын құрбандыққа шалған, қайтпас қайсар тұлға Махамбет түсетіні сөзсіз. “Махандар” деп түрганнан кейін бұл ұғым көп мағананы мегзеп тұруы әбден мүмкін. Яғни тағы бір ұлттың ұлы перзенті Мағжан бейнесін де танып білуге болады. Тіпті Махамбет, Мағжан сияқты елі мен жері үшін қайғы мен қасіретке батқан, жанжүректері мұң мен зарға толы барлық ардақтыларымызды қамтуы да кәдік.

— Сіздің қатарласыңыз, жазушы **Марат Қабанбаев** Мұқағали туралы ағынан ақтарылып жазғанда “миына ұлттық коды жазылған ақын” дегеп көремет тенсеге жүгінеді. Осының мәнісін оқырмандарға қалай ұқтырап едіңіз?

— “Код” деген сөз, жалпылама тілмен айтқанда шартты белгілер жүйесі деген мағынаны береді ғой. Дипломатиялық, коммерциялық, әскери кодтар болатыны белгілі. Оның шешуі – жұмбак. Оны белгілі бір адамдар ғана шеше алатынын бәріміз жақсы білеміз. Сонымен бірге генетикалық та код болады. Енді бұл, табиғи код, жараты-

лыс бітімінде болатын код. Марат осыны, генетикалық, яғни ақынның болмыс-бітімін ұлттың рухани табиғатымен бір карастырып отыр. Бір сөзben айтқанда Мұқагали табиғаты ұлттың құпия бір тылсым табиғи құбылыстарымен тамырлас деп отыр. Мен бұл бейнелі сөзді осылай ұқтым. Ол тылсым құпияны шешу біздің, және болашақ ұрпактардың міндеті.

– Мұқагали “Абай жаққан бір сәуле сөнбеуі үшін” деп еңбек етті. Солай деп ұлы мұратты қөздеді. Сол сәуле маздал тұр. Сол сәулені әрі қарай сөндірмеу үшін не істей керек деп ойлайсыз?

– Абай өзінің бүкіл ілім-білімін, ой-өрісін, қуат-қүшін қараңғылықпен құреске жұмсаған адам. Бұл қуресте оның қаптаған қалың қолы болған жоқ. Мыңмен жалғыз жүріп алысты. Халқының жүргегіне сәуле қүйғысы келді. Сол сәуле жарығымен халқын қараңғылықтан алып шығатын жол іздеді. Әрине, ол азапты құрес еді. Құдай- ау, “Ит көрген ешкі қөзденіп, Елерме жынды сөзденіп” кететіндермен құресу онай болып па? Бірақ құресіп бақты. Бәрібір ол өзінің мақсат- мұратына қөзі тірі кезінде жете қоймаса да, түптің- түбінде жетті. Өйткені Абай жаққан сол сәуле көп-көп адамдардың санасында, жаны мен жүргегіnde жаныш тұр. Мұқагали ақын сол сәулені сөндіріп алмайықшы деп тұр. Ал ол сәулені сөндіріп алмауда да ұлы құрес. Заман да, қоғам да қазір тоғышар боп барады. Ал ондай тоғышар қоғам мен заманда адам бойындағы рухани отты сөндірмеу онай шаруа емес. Ол үшін құрес, рухани құрес керек.

– “Мұқагали” журналының жарық қоруіне қалай қарайсыз? Ол туралы сіздің ой- пікіріңіз, жеке қозқарасыңыз қалай?

– Әрине, дұрыс қараймын. Бірақ бұл журналдың бүкіл бағыт-бағдарына жан-жақты мінездеме бере алмаймын. Өйткені ол журнал қолыма анда-санда ғана түседі. Ал журналдың тұтас кескін-келбетін көрмегеннен кейін кесімді пікір айта қою қыын. Бірақ колға түскен нөмірлері ұнады. Ол нөмірлерден Мұқагалидың рухын, Мұқагалидың мақсат-мұддесін, Мұқагалидың арман-тілегін таныш-білуге болады.

— Сіз де Мұқағали ағаңыз секілді ата-бабаның жандауысын анық естігендей күй кештіңіз. Және оны қайта жанғырттының. Ол үн өзінің ежелгі ұлттық бояуын сақтай отырып түрленін, түлеп жаңаша еетіле бастады. Бұл әдіс пе, тәсіл ме, жоқ әлде сіздің бойынызды кернеген табиғи құбылыс па?

— Бұл — әдіс те, тәсіл де, сондай-ак, жаңа ғана айтып өткенімдей, менің табиғи болмысымның сол сарынмен үйлесім мен жарасымдылық табуынан болуы мүмкін. Оның себебін шамалы тарқатып кейін айтам. Алдыңғы сұракқа орай, мен ізденіс пен эксперименттің ақынымын деп айтып өткенім бар ғой. Сол кезде, эксперименттер жасап жүрген тұсында, бір көз жеткізген нәрсем, қандай бір болмасын, тіпті сәтті деп ойлайтын эксперименттеріңдің өзі, егер ол ұлттық дәстүрмен, ұлттық рухпен өзінің күре тамырымен жалғасып жатпаса, өлі дүние болып шығатынына көзім жетті. Ал ғасырлар қойнауында жатса да көк түріктегі сарыны біздің қанымыз бер жанымызда бар ғой. Сондықтан бұл сарынды жұртшылық, ұлттық рух үніне құлағы тосаң боп қалғандар болмаса, бірден қабылдады.

— Адам қартаяды. Ол болмыстың заңы. Ал көкіректегі ақындық қартая ма? Өмір тәжірибелізге сүйенін не айтар едініз?

— Біліп отырмын, мені қартайып қалдың демесең де, соған жақындал қалдың деп отырсың ғой. Қайтесің, оның рас. Қартаю болмыстың заңы екені де рас. Бұрынғыдай күш-қайрат жоқ, бұрынғыдай тасып-төгіліп жататын ой арпалысы да, сезім бұлқынысы да жоқ. Бірақ оның ессесіне сабыр бар. Көпті көрген тәжірибе бар. Не нәрсеге де саралап қарайтын, сарабдалдық танытатын пайым бар. Менің ойымша, әр жастың өзінің артықшылығы бар. Эркім сол жасқа лайықты өмір сұру керек деп ойлаймын.

Менің жасымды кешегі Мұқағали, Жұмекен, Төлеген, Қеншілік, Жұматай, Жарасқандар көрген жоқ. Өкінішті. Тіпті көбісі елуге де келе алмай кетті. Мен бұл жерде Мағжан бастаған ағаларды тіпті ауызға да алып отыргам жоқ. Сондықтан осы жасқа келгеніме шүкіршілік деймін.

Ал енді ақындыққа келетін болсақ, әлі де көңілдің сұытартылып, бойдың куаты сарқылып қалған ештеңесі жок. Әрине, бұрынғыдай екпін болмаса да, Құдайға шүкір серпін бар. Ең бастысы, өлең – менен, мен өлеңнен сұыған жоқпыш.

– “Ақынның ақындығы – арда ғана” деп еді Мұқағали. Шығармашылықтағы ар, намыс деген ұғымды қалай ұстанып келе жатырмыз? Бұл туралы сіздің ұстанымыңыз қандай?

– Бұл сұрақ – ең үлкен, ең басты сұрақ. Өйткені ақындықтың ақындығы, Мұқағали айтқандай, арлылығында. Арлы ақын ғана ұлттың үні, елдің намысы бола алады. Арлы ақын ғана әділдік пен шындықты айтады. Ал әділдік пен шындықты айту оңай шаруа емес. Оған батылдық керек. Қазір, құдайға шүкір, арлы ақындар жоқ емес, бар. Бірақ олар тым аз. Аз еken деп қүйінуге де болмайды. Өйткені олар қай кезде де аз болған.

Әңгімелескен  
Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ.

## Мұқагали және Муза



Мұқагали жырлары ақынның жерлестеріне айрықша әсер еткені белгілі. Оны нарынқолдық суретші Алмас Сырғабаевтың шығармалырынан көруге болады. Суретшінің Алматыда еткен көрмесіне жиналған қауымның көп болғаны соның дәлелі.

Алмас Мұқагали поэзиясының тереңдігіне, сұлұлығына зейін салып қарауга барынша үмттылған. Көрмеге қойылған шығарманың бірі «Мұқагали және Муза» деп аталады.

Оразақын АСҚАР



Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. Мұқагалидың «Жалын» баспасынан шыққан торт томдығына редактор болған. Мұқагали мұраларын жинауда, зерттеуде бар ынтасымен жұмыс істеп келе жатқан қаламгер. Ондаган жысыр жинақтарының авторы.

АЗ ДА БОЛСА САЗ,  
САНАУЛЫ БОЛСА ДА  
САПАЛЫ АУДАРМАЛАР

Мұқагалидың аудармамен айналысуға о баста өз өлеңдерін жазудан онша қолы босай қоймаған сияқты. Эйтсе де аудармада да өз күшін сынап көруді, «Отыздан асып барамын» деп өмірінің өтіп бара жатқанын өзгелерден бұрынырақ еске алып, өкініш білдіре бастайтын кезінен кейін, кімнің несін аударуды ойластырғандай. Аудармаға да әншейін жүрдім-бардым қол созбай, мұқият ойланып толғана кіріскендей. Орыс классик ақындарын Абайдан бастап біраз ақындар менгере тәржімалағанын ескеріп, ол салаға аялдамаған. Не де болса тыңдан түрен салуды мақсат етіп, «Жығылсам нардан жығылайын» деп білек сыбанған көрінеді. Сөйтіп Американың Нобель сыйлығын алған ұлы ақыны Уолт Уитменнің өлеңдерін, ағылшынның данышпан драматургі Уильям Шекспирдің сонеттерін, Италияның кеменгегер ақыны Алигьери Дантенің «Күдіретті комедиясының» «Тамұқ» атты бірінші бөлімін аударды. Түгел қазақшалау арманын ерте келген ажал орындағаны өкінішті-ак! Енді кім Мұқагалиға тән шұрайлы тілмен, Дантемен өнер жарыстыра отырып, «Күдіретті комедияның» құнын асқақтата аудара алар?!

«Қазақстан радиосы» басшыларының бірі Аманкелді Кеңшілікұлы Мырзабеков мырза осы тақырып төнірегінде радио бағдарламасына сай әңгіме-дүкен құруға шақырганда, ойлануға мұрсат сұрай отырып, бұл тың тақырыпта қозғау салуды мақсат етіп келісім берген едім.

Дантенің өмірі мен шығармашылығы туралы деректермен танысып, Мұқагалидың аудармаларын қайта қарап шығып, бұл жайында білгендерімді қырыманмен бөлісуғе құлшына түстім. Мұқагалидың аудармалары аз. Аз да болса саз. Санаулы болса да сапалы. Ең алдымен айтартым шығарманың аты туралы. Дантенің шығармашылық жағынан, қоғамдық қөзқарас, дүниетаным жағынан да әбден кемелденген кезінде, 35 жасында XIII ғасырда жазған бұл шығармасына өзі қарапайым ғана «Комедия» деген ат қойған екен. Кезінде сан алуан пікір туғызып, тіпті қарсылыққа да ұшыраған бұл шығарма, бертін келе, яғни XVI ғасырда, демек 300 жыл өткеннен кейін бүкіл дүние жүз әдебиет әлемінде танымдық, тәрбиелік, эстетикалық жағынан алдына ешбір туынды түссе алмайтын жоғары дәрежеге жетіп, «Құдайдың қолымен жазылғандай» деген бағаға ие болып, «Комедия» атауына «Құдайлық» деген анықтауышты халық қосып, «Құдайлық комедия» деп атап кеткен. «Құдіретті комедия» деген атты «Құдай» деген сөзді ауызға алдырмайтын кенестік кезде Мұқағали амалсыз алған сияқты. Сыншы Аманкелді Мырзабеков те осы пікірде екен. Екеуміздің ойымыз бір арнада тоғысты. Аудармашымен келісе алмайтындықтан амалсыз бұрынғы атын қолдана береміз.

Бұл шығармаларды аударуға Мұқағали неліктен бел байлады?

Бірінші себеп, әлі ешкім қазақшаға аудармаған тың туындыны, әлем таныған ең үздік шығарманы аударуды мақсат еткенін жоғарыда айттық.

Екінші, алдымен Уолт Уитменді неге аударғанын Мұқағалидың ол аудармага жазған өз алғысөзінен ангаруымызға болады. Онда былай дейді: «Уитмен – класик. Алайда аспандағы күнді де анғармайтындей, оның

классик екенін байқағысы келмейтін жалғыз ел Америка болуы ғажап-ак» депті Бернард Шоу. Иә, Америка Уитменнің отаны. Ол Американың ақыны. Өз Отаның жан-тәнімен сүйіп өткен, жырлап өткен. Өзінің қарапайым отандастарын ақиқат пен адамгершілікке, адад демократияға үндеғен... Міне, сонысы үшін де Американың билеуші топтары Уитменді өз халқынан қалай да алыстасып баққан». Бұл үзіндіні оқи отырып Мұқағалидың мына өлең жолдарын еріксіз еске аламыз:

Бірі итеріп қеудемнен, бірі шалып,  
Тастағысы келеді құресінге.

Міне, осындай өмірлік ұқсастықтар Уитменді аударуга жол ашқандай.

Ал, Шекспирді бұрын да аударып жүргендеге көнілі толмай, шеберлік жарыстырғандай.

Дантенің «Құдіретті комедиясын» оқып танысу барысында, бұнда қамтылған оқиғалар Мұқағалиға бала кезінен етене таныс, ата-анасынан, молдалардан, өзі оқыған діни кітаптардан егжей-тегжейлі билетін дүниелері болып шығады. Құран кәрімнің негізгі өзегі де бастан-аяқ осы оқиға. Құранда «Өлі едіңідер, сендерді тірілтті. Тағы өлтіреді. Соныра қайта тірілтеді. Соңан соң қияметте Алланың алдында есеп бересіндер» делінген. (23-бет, «Құран» Алматы, 1990 ж Халифа Алтай аудармасы).

Қияметте адамзат қайта тірілгеннен кейін, алдымен қылқөпірден өтеді. Құнәсі жоқтар еш бөгетсіз жүгіріп өтіп, арғы жағадағы пейішке кіреді. Олардың барлығын балғын жас, сүйкімді қор қыздары құшақ жая қарсы алады. Жайнаған ғұлдер, сайраған құстар, жанға жайлы салқын самал, жұпар иісті пәк ауа, сылдырап аққан мөлдір бұлак, көк майсалы жасыл құрак, бал шәрбат, шырын шарап, оларды қанша құшса, қанша ішсе өз еркінде. Қысқасы, баки дүниенің тіл жетпес, тан-тамаша рахатына, қам-қайғысыз жан ләzzатына мәңгілік бөленеді де қалады...

Ал, құнән болса қылқөпірге аттап басқаннан-ақтөмендегі құзарға құлап бара жатасың. Онда қарақошқыл түтінді,

кызыл тілдері сумаңдап, жалындаш жанған, өршіген өрт, бұрқ-сарқ қайнаш, көпіршіген, ыстық қанды, қапырық аңы су. Шырылдаған, шыңғырған, өкірген, жан түршіктірер үрейлі үндер... Қысқасы азабын айтыш таусуға тіл жетпейтін, жанынды сәт сайын жаңаннамға жібере кинар, жын-шайтан, дию-пері қаптаған тозак тұнғибы.

Егер күнән аз болып, қылқөпірден тәлтіректеп, құрдымға құларман болып, зәре-құтың қалмай әзер өтіп бара жатсан, пәниде яғни жалған дүиеде қайыр-зекет көп беріп, әр жылы құрбан шалып отырған болсан, солардың көмекке келіп, құрбан шалған қошқар, бұқашаларын кезекпе-кезек үстілеріне мінгізіп, қылқөпірден шапқылап алыш өтеді.

Міне, осындай мұсылман қауымына ежелден белгілі жайттар кеңінен суреттелген шығарма. Өзін құдайдың құлы, Мұхаммедтің үмбетімін деп сезінетін, дінге тыйым салған кенес өкіметінің қаңарынан қаймықтай, ислам діні тақырыбында өлеңдер жазып жүрген Мұқағалиға «Құдайлық комедия» жат көрінбей аударуга құлшына кіріскең сияқты.

Дантенің бұл ұлы шығармасын жазуда құранды барынша басшылыққа алғанының дәлелі ретінде «Құдіретті комедиядан» нақтылы мысалдар келтіре кетейік:

Қанымызбен қара жердің қабырғасы жылыған,

Түнектеміз өте алмаған қияметтің қылынан, – дейді «Тамұқ» бөлімінің «Бесінші жырының» 88-шумағында. (88-шумак деп шартты түрде алдық. Негізінде өлеңнің әр жолы номірленген. Сондықтан 88-ден кейін 91 келіп тұр. Кей оқырман арадағы екі шумак аударылмаған еken деп қалауы үшін ескертіп отырмыз). Міне, жоғарыдағы айтылған айнатасесі жок қияметтің қылқөпірі.

Ал, «Төртінші жырдың» 55 шумағында:

Адам ата мұны кешкен тәнір алғаш жаратқан,

Адам ата адад ұлы Әбіл мұнда зар атқан.

Нұқ пен Мұса кешкен мұны тәнір ісін таратқан.

Мұндағы Адам ата – кәдімгі өзіміздің Адам атамыз. Оның Әбіл, Қабыл атты екі ұлы. Ал Нұқ пен Мұса –

пайғамбарларымыз. Бұлар бізге, Мұқағалиға қайдан жат болсын. Ақынымыз жеріне жеткізе сүйсіне аударды, біз қызыға, мейірлене оқимыз. Автордың Әбілді «Адам атасын адапт ұлы» деуінде де нақтылы шындық бар. Ол Адам атасын тілін алған, сол жолда құрбан болған нағыз адапт ұл. Ал оның сынары Қабылдың жоғарыда аттары аталған пейіштегілердің қатарында болмауында да тарихи шындық жатыр. Ол эке тілін алмай, өз бауырын өзі өлімге қіған, адамзат атаулыда алғаш адам өлтірген қанды қол, жауыз. («Құран хикаялары» 12-бет, «Жалын» 1992 ж.)»

Жоғарыдағы Данте жырында осы шындықтың сәулеленуі тіпті таңғаларлық.

*Осы сатте алдеқалаі біреу кенет ақырды:*

*«Ең жоғары мәртебелі құрметтепеңдер ақынды!»*

*Әнекі ол, ақ елесін аппақ нұрға матырды».*

*Сонда көрдім бізге қарай ақындардың көркемі,  
Келе жатыр, құдіретпен, маңғаз басып төртеуі,  
Жұздері тек жайдары емес, қатал да емес, өр, тегі.*

*Анау – Гомер, барлық елдің жырышының құдайы,*

*Ал, Гораций жат қылықты осқылаған ұдайы.*

*Овидий, Лукан – бәрісі де поэзия, күн, айы.*

*Сылдыр бұлақ – сыңғыр күлкі, жердегідей түрге енген,*

*Жеті қақпа арасында ашылды бір айналасын гүл көмген.*

Міне, бұл байқап отырғандарыныздай пейішке барған ақындар. Бәрі де бұл өмірде болғандар. Сол сиякты тозак-қа түскендер де бұл өмірде болған, күнелары ел-жүртқа мәлім адамдар болып келеді. Шығарманы кезінде оқығандар «Мынау біздің пәлен ғой, мынау түген ғой» деп танып, біліп, автордың құптаған отырған. Сондықтан да бұл шығарма кезінде кейбіреулерге жақпаған.

Келтірілген осы дәлдерге қараң, Дантенің бұл шығармасын тек Құранға еліктеген, былайша айтқанда соның өлеңге айналдырылған көшірмесі еken деп қарауга болмайды. Інжіл, таурат, забурлардан да пайдаланғандыры байқалады. Католик дініне байланысты жайттар да жи кездеседі. Дінді көбінше пәни – уақытша, жалған дүние, баки – мәнгілік, шынайы өмір – деп қаралып, пәни дүние тек құдайға құлшылық

етіп, баки дүниеге жетуге дайындық көрер уақытша өмір ғана деп есептейді. Ал, Дантеңің «Кұдіретті комедиясы» пәни мен бакиды бір-біріне қарама-қарсы коймайды, бакидағы пейішті жер бетінде де орнатуға болады деп дәлелдейді.

Бұл шығарманың туына осы айтылған діндік төрт кітаптан басқа, ежелгі орыс әдебиетіндегі «Богородицаның азапты сапары», XII ғасырдағы араб ақыны Абенарабидың пейіш пен тозақ туралы туындысы, антикалық ақын Вергилидің «Энеїда» атты шығармасы негіз болғаны анық. Бұның ішіндегі Абенарабидың туындысы Дантеңің тұсында өзге тілге аударылмағандықтан одан Дантеңің хабары жоқ деген пікір айтылады. Бірақ ол туындыны түпнұсқа тілінде оки алатын кісілердің ауызекі әнгімелегендегі арқылы да Данте жетуі мүмкін фой. Пәни мен бақи – екі дүние туралы ислам дінінің ұғым-түсінігін Данте барынша түтел, жанжакты армансыз пайдаланған. Батысқа беймәлімдеу бұл ұғым Дантеңің данқын асыра түсінен. Дей тұрсақ та аздаған айырмашылықтар да бар. Жоғарыда айтқанымыздай, бұл жалған дүниеден баз кешіп ол дүние үшін, мәңгілік өмір үшін ғана күн кешуді Данте мүлде керісінше пайдаланып тозакты да, пейішті де осы өмірге алып келеді. Ислам дінінде тозақ 7, пейіш 8 болса, мұнда тозақ 9 қабат, пейіш 10 қабат болып суреттеледі. Тозақ жердің астында болғанымен, «Тазару» болімі жердің үстінде Farasat тауында өтеді. Ал пейіш Farышта – Ай, Меркурий, Шолпан, Күн, Марс, Юпитер, Сатурн, кимылсыз жүлдyzдарға күнәсіз адамдар, күнәсінан тазарғандар өмірдегі орны, дәрежесіне қарай орналасады. Мәселең, Марста – ақиқат үшін алысқандар, Шолпанда – ғашықтар, Сатурнда – ғұламалар деген сиякты. Осының берінен хабардар, білімді Мұқағалидың бұл аударма нағыз оң жамбасына келгені айқын.

Үшінші, Данте мен Мұқағалидың өміріндегі өзара кейбір ұқастықтар, Алигбери Данте 1265 жылы Флоренцияда туған. Ежелгі дворян әuletінен. Ортағасырлық мектепте сауатын ашып, француз тілін өздігінен үйрену арқылы әлем әдебиетін игерген. Ал Мұқағали орта мектепті бітіріп, орыс тілін өздігінен үйрену арқылы мектепте

орыс тілінен сабак берген. Ауылда тұрып-ақ Мәскеуден кітаптар алдырып, дүние жүзі әдебиетінен өздігінен оқып, білімін жетілдірген. Данте 15 жасында өлең жаза бастаса, Мұқагали 10 жасында-ақ майданда жүрген әкесін сағынып өлеңдер шығара бастаған. Данте қоғамдық істерге ерте аласып, Гвельф пен Ақтар партиясына мүше болып, саяси күрестерде қайраткерлік көрсетіп, шет елге жер аударылып, өмірінің ақырына дейін көп қорлық көрсе, Мұқагали ешқандай партияға мүше болмай-ақ өзінің шығармалары арқылы, өзі өмір сүрген қоғамға іштей наразылығын танытып, қаламы арқылы куреседі.

Көргенім ылғы өгейлік,  
Қуанам неге тоқсынып.  
Жыл өткен сайын кедейлік,  
Жыл өткен сайын жоқшылық.  
Кедейдің көңілін жасытып,  
Мұң basады екен мұндайда.  
Дәүлетімді тасытып,  
Бақытқа бөлер жан қайда?

Бұл үзінді 1963 жылы жазылған «Жылдарым менің...» атты өлеңнен. («Жалын» шығармалар, 1-том, 2001 ж. 167-бет). Кеңес одағында социализмнің нағыз дәуірлеп тұрған, коммунизмге карай карқындал өрлеп бара жатқан кезде «Өгейлік көрдім» деу, кедейлік, жоқшылық туралы айту, ол аз болғандай, коммунистік партия және оның ұлы көсемдері тұрғанда «Бақытқа бөлер жан қайда?» деп әлдекімдерді іздеу нағыз жүрек жұтқан ерлік, курескерлік емес пе?

Өзіммен өзім жұз жыртып,  
Өзіме өзім мұз бүркіп,  
Өзімнен өскен балуанга,  
Өз мойнымды уздіртіп,  
Табандатқан мені тағдыр-ай  
Өзгеге көзді сүздіртіп.

Бұл «Өзіммен өзім» деп аталатын өлең. («Жалын», шығармалар, 2-том, 2001 ж. 110-бет). Қаранышты, бодандықтың айна-қатесіз бейнесі емес пе? Бұл да курескерліктің көкесі.

Мұқағали текстес ақын-жазушылардың бірде астарлап, бірде әшкере айтып астыртын әзірлеген көкейкесті әрекеті 1986 жылы желтоқсанда шегіне жетіп, көтерліс бүрк ете түсіп айдай әлемді дүр сілкінти.

*Белгісіз элементтер миымда ойнап,  
Миым қайнап барады, миым қайнап.  
Белгісіз ғалымдарға мекен болып,  
Өз денеме өз басым бүйірмай ма?!*

— дейді 1970 жылы «Басымнан қорқам» деп аталатын өлеңінде («Жалын» шығармалар, 2001 ж 6-бет). Мұқағали айтқан сауал «Қазақ халқына қазақ басшы!» деген ұранға сол желтоқсан көтерлісінде ұласты емес пе?

Міне, бұл Дантенің күрескерлігімен Мұқағалидың шығармашылық күрескерлігінің өзара ұқастығы. Данте өз елінен қуғын коріп, жер аударылып, шет елде жүріп азап тартса, ол азабы тәжік халық рубайында:

*Гүл болып кетіп, тікен болып оралдым,  
Азып-тозып, сарғайған да болармын.  
Тозақта боп, кім шет елде болмаса,  
Тозақ емес көргендері олардың,*

— деп айтылғандай тозактан да жаман болып, ақыр аяғында «Күдіретті комедияны» тозактан бастап жазуына тұра келсе, Мұқағали корлықты өз елінде жүріп-ак көріп күнделігінде, «Жан азасында», тағы да басқа шығармаларында жазып кетті. Соның бірін ғана мысалға келтірейік:

«Бәрі маған жат, жексүрын, жиіркенішті! Кімнің дос, кімнің қас екенін үғудан мен баяғыда-ак қалғанмын. Жок! Менің достарым жок. Мен тек айналамнан өзіме қарай жылжып келе жатқан сегіз аякты, жеті басты айдаңарды ғана көремін. Қорғана аламын ба, білмеймін. Мені бұдан тек бір керемет қана күтқара алады. Ал, мен кереметтерге катты сенемін. Кереметтер болуга тиіс!!!

Казірше мені қарусыз калдырығылары келеді. Дүшпандарым тоқтаусыз шабуылдауда. Олар мені құртып жіберуге де дайын. Егер біреу қолыне мылтық беріп, ат десе, қайсысы болса да қолы калтырамастан, бүкіл адамзатты сүйген, ешкімге зияны

тимеген мені сол заматта-ақ атып жіберуге әзір... Менің ішімде әлдене өлген, оны енді кайта тірілту мүмкін емес... Бәрібір соңғы сезді мен айтам. Қалай болғанда да ақырғы әнімді айтып бітуге тиіспін.

Ей, безгелдектер! Сендер емессіндер маган баға беретін! Нағыз бағалаушылар әлі алда. Жылдар өтеді, жана ұрпактар келеді, біздің әрқайсымызды өз орнымызға солар кояды. Ежелден солай болып келген, солай болады, бола береді де. Мен өзім жайында мынаны айтам: мен XXI ғасыр ұрпактарының құрласымын. Бәлкім одан әрідегі ұрпактардың туысымын да... («Жалын, шығармалар, 2002 ж. 380-бет»).

Данте «Флоренцияның саяси өміріне белсene араласты «Ақтар» партиясында болды. Оны «Қаралар» партиясы жеңеді де, Дантені отқа өртеу, дүние-мұлкін тәркілеу туралы үкім шығарады. Осыдан кейін Данте бүкіл Италияны шарлап қашқын болып, өмірінің соңғы б жылын Равеннада корлықта, қуғында жүріп, өмірінің ең басты шығармасын жазумен өткізеді». (КЭ. 1973 ж. 3-том, 483-бет). Мұқағали да бұл шығарманы өмірінің соңында аудара бастап, өзін жұбататын ұқсастықты содан тауып, бірінші бөлімін ғана аяктап үлгерді.

Кезінде өз замандастары Дантені сынап та жатты. Сонын бірі оқымысты филолог Джованни дель Вирджилио деген сыншы «Данте өз шығармаларында қарапайым халық тілін өте көп қолданады» деп кінәлайды. («Шет ел әдебиетінің тарихы» М. 1987 ж. 148-бет»). Ал, XX ғасырда өмір сүріп, XXI ғасырда «Ғасыр ақыны» атанған Мұқағалиды бодандықтың соңғы, тәуелсіздіктің алғашкы ақыны деп айтуға әбден болады. Ол тәуелсіздікті көрмese де болатынына сенген, сол үшін шығармалары арқылы құрескен ақын.

Білемін бір керемет күн туады,  
Жан-жасағым жсаннаттайын құлтырыады.  
Шықпақ болып шындыққа ұмтылады,  
Құлтыдағы жүргегім бұлқынады.

1974 жылы 11 маусымда жазылған «Болашакқа» атты өлеңдегі осы бір ғана шумақтың өзі бұл пікіріміздің айғағы. Бұндай жол, шумақтар ақын өлеңдерінде баршылық.

Сөйтіп, Мұқағали Дантенің өмірінен өз тағдырын, шығармасынан өз ой, мақсат-мұддесін танып-біліп құлшына аударуға ден қойған сияқты.

Дантенің аталмыш шығармасын орыс тіліне аударған М.Л.Лозинскийге 1946 жылы осы аудармасы үшін I-дәрежелі Мемлекеттік сыйлық беріледі. Осы шығармасы аударған Мұқағали да өзге шығармасына, о дүниелік болғаннан кейін алса да Мемлекеттік сыйлық алды. Жанама болса да бұл да бір ұқсастық.

«Тамаша мемлекет орнатуға аппаратын бірден бір бастаманы Данте тыныштық, бірлік деп есептейді». (2-12 жырға берілген анықтаманы қараңыз. Шығармалар 4-том. 381-бет). Бұл біздің Қазақстан Республикасының дәл қазіргі ұстанып отырған жолы емес пе??!

Мұқағали Макатаевтың бұл аудармасы Мұхтар Әуезовтың «Отеллоны», Куандық Шаңғытбаевтың «Евгений Онегинді» аударғанындағы казақ әдебиетінің аударма жанрындағы шоктығы биік сирек құбылыс.

Бұләліталаісын-зерттеулердің, докторлық диссертациялардың айтулы өзегіне айналады.

Сөз соңында айтарымыз, Данте өзінің бұл мәнгілік шығармасын неге «Комедия» деп атады екен? Оның жауабын әркімнің өзінің патша көңілі білсін.

## Нұрлытай ҮРКІМБАЙ



Республикалық «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде қызметті атқарған. Мұқагалидың «Күнделіктітерін» алғаш рет ізден, тауып осы басылымға жариялаган қаламгер. Мұқагали мұрагарына қатысты үдайы қалам төрбеп келеді. Бүгінгі таңда «Азаттық радиосының» «Прага қаласындағы орталығында жұмыс істейді.

## ЖЫРЛАРЫ ДЕРТКЕ Дауа

Жыл сайын ақын ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай қарапайым оқырмандар жыр кештерін өткізуі дәстүрге айналдырған. Әсіресе жас ақындар қауымы осынау біртуар талант рухына өз өлеңдерін арнап, әрі Мақатаев жырларын жатқа оқып жатады. Эр жолы Мұқаның жырлары қайта түлей түсетіндей...

Был да солай болды. Алматы қаласы студент жастарының Мұқағали поэзиясына арналған мүштікесі өтті. Өрімдей жастардың «Мұқағали аға менің ұстазым...» деп төбіренгендерін көрсөніз ғой! Осы бір ғана мүштікесінде арнау жырлардың өзінен бір топтама жинақ шығаруға болатындей. Ал мұндай жыр кештері, жылдағы дәстүрмен Қазақстан Жазушылар одағында, сондай-ақ еліміздің өзге де қалаларындағы сандаган әдеби, мәдени ошактарда болып өтті. Енді осындай әрбір поэзия кешінен бір-бір жыр кітабын жинақтауға болады десек, жыл сайын Мұқаның рухына арналған қашшама өлең кітаптарының жарық көруі мүмкін екенін есептей беріңіз.

«Уақыт парақтарында аударылып кетпестен, қайта жыл сайын Мұқағали поэзиясы әсер-күшінің үлғая түсінің сыры неде?» деп сүйсіне сауал тастайды аса мәртебелі қарапайым оқырман. «Немене, Мұқағалидан басқа ақын жоқ па, неге оны қайта-қайта айта бересіндер?» деп өкпе аралас сауал жолдайды бірлі-жарым қаламгер. Қандай сауалға жауап іздейтіні әркімнің патша көңіліне байланысты да.

Ал менің жүрек төрімде осы тақілеттес сауалға орай жауабым бұдан 23 жыл бұрын-ақ әзір болғандай еді. Әңгімені басынан бастайын...

## Сананы сілкінтекен жылдар

Жалпақ қазақ даласын дүр сілкінтіп қоймай, кезінде іргесі мәңгіге бетондалып тасталғандай көрінген, кенесстік қызыл империяны да түбірімен шайкалтып өткен Желтоқсан көтерілісінің сол кездері миллиондаған саналарда түбегейлі жарылыстар жасағаны ақыкат қой!

Іле-шала басталып кеткен зорлық-зомбылыктар мен өсек-аяндарға толы күгін-сүргіндер ызғары жүректерді тілгіледі-ақ. Әсіресе, мерзімдік басылымдар айналасындағы журналистерге ауыр тиді. «Бұл нашақорлар мен ішкіш жастардың ғана бүлігі болды» деген идеяны коммунистік партия бұқаралық акпарат құралдары арқылы саналарға аяусыз тықпалады-ақ. Ол жылдары республикалық «Лениншіл жас» газетінде жұмыс істейтінмін. Идеологиялық сүзгі деген асқан қаталдықпен жүріп жатты. «Қазак өнері, қазақ тілі, қазақ спорты» деген сөздерді қолданудың өзі қауіпті болған заман. Домбыра ұстаған қазақтың суреті мен «Қайрат» футбол командасы жайлы мақала жариялағандары үшін жігіттердің онбай «таяқ жегендері» есімде. Жұмысымызды анау-мынау емес, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бөлім менгерушісінің өзі бақылайтын болған. Жастар басылымына «көрсетілген» неткен «құрмет» десеңізші!

ҚазТАГ-тан күнделікті суреттер келеді. ЦК-ның нұсқауымен, әрине, гитара, балалайка ұстағандардың суретіне таласамыз газет-журнал қызметкерлері өзара. Қазақ ұлт аспаптары бейнеленген суреттерден ат-тонымызды ала қашамыз. ҚазТАГ-қа да жан керек. Ұлттық мазмұндағы суреттерді өздері де жібермейді. Қайтсі-ай, енді?

Теледидарда жұмыс істейтін досым Үлбосын Айтөленге телефон шаламын. Не істеп жүргенін сұраймын.

— Дружба-Достыкты түсіруге бара жатырмын, — дейді ашы мысқылмен.

— Ол не тағы? — деймін ан-таң қалып.

— ЦК-ның арналы бұйрығымен орыс-қазак достығы көрінісін түсіреміз. Яғни көшеде кетіп бара жатқан бір орыс, бір казақты ұстап аламыз да, жалынып-жалпайып, оларды қазақ жерінде есіп тұрған «орыс шыршасының» фонына тұрғызып, өзара қол алысқызып, құшақтатқызып, теледидарға түсіріп аламыз. Құнде көрсететініміз сондай хабарлар, — дейді ол ашу-ызасын әзер іркіп.

Ал біз болсақ институттар мен университеттерден топ-тобымен жазықсыз шығарылып жатқан студенттер тағдырына куә болып, мәжбүрлі түрде сол жиналыстарға катысып, жүргіміз қан жылауда. Бұл аз болғандай, Желтоқсан оқиғасының алғашқы қундерінен бастап-ак казақ ұлтын жікке бөліп, бірін-біріне қарсы қоймаққа әрекет еткен Мәскеуден келетін орталық басылымдардың әзәзілге, өсекшінің құралына айналғаны жанды кинайды.

Тұтас халқыңа «ұлтшыл» деп жала жауып, ұлттық құндылықтарынды аяққа таптағысы келетін дүлей күш қолынан келгенінше рухты жаншиды-ак. Әділетсіздіктер тасқынынан жапа шеккен ой-санам түбегейлі жауап ізден шарқ ұрады. Тіпті тұн баласы ұйықтай алмайтындаі халге жеттім. Жүргім лықсып келіп, көмейіме тығылатындаі. Дәрігер берген дәрі-дәрмек күші де тек санаулы сағаттарға ғана жететін. Кәдімгі сыркат бір халге түстім.

## Жаратушының жетегінде жыр кешкен

Өзімше рухани ем таппаққа ұмтыламын. Қоңылға медеу ізден, жайшылықта шығармаларын өзім сүйсіне оқыған, ақын-жазушылардың кітаптарын парақтаймын. Кейбірінен жаным сәл тыншығандай болады. Алайда уақытша ғана.

Енді бір сэт қолыма Мұқағали Мақатаевтың 1982 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Соғады жүрек» атты қос томдығын алдым. Міне, ғажап! Жайшылықта «түшін-

нып оқыдым» дегенім бос сөз екен. Жандуниең бейдауа күйтеп түскен сәтте, тек мәңгілік биігіндегі дүниелер ғана қоңіл қөкжиегінді серпілтетін бол шықты.

Желтоқсан көтерілісі құндері және одан кейінгі айлар мен жылдарда асқан қатігездікпен жүргізілген қызыл кремльдік саясаттың әрбір қадамынан жүрегімде сансыз түйіндер пайда болып, тұтас болмысъма қылбұрау салынғандай еді. Енді міне, Мұқағали ақынның әрбір жырын оқыған сайын жандуниең сонау бір алыс түкпірінен лықси толқып, бір леп сыртқа беттейтін сияқты. Оқыған сайын осынау жакұт жырлар құдіретіне қайран қала «Аь» деймін. Кәдімгідей даусым шығып кетеді. Өз үнімнен өзім тіпті шошып кеткендей боламын. Одан әрі іштей ойға берілемін «Қандай керемет! Осыншалықты терең айта білген ақын қандай бакытты» деп. Бір таңқаларлығы, жандуниең осындай тебіреніске тап болған әрбір сәтінде жүрегімдегі бір түйін жазыла түсетіндей. Оңашаларда Мұқаңның жырларын өз-өзіме дауыстап оқымын. Жаным керемет жай тауып қалады. Сейтіп жүріп жүрегім едәуір сауыққандай болды.

Содан бастап «Ақынның анасы бұл өмірде қазір бар ма екен?» деген сауал да мазалай бастаған болатын мені. Көп өтпей-ақ Нагима аpanы тауып та алдым. Көл-көсір бір даналық дариясы дерсің. «Беу дүние-ай, Жаратушы Ием айрықша дарын берген ақынның кейбір қасиеттері осы кісіден бастау алған екен ғой» деген ойға да қалдым.

Мұқанды тіршілігінде көрген емен. Алайда, алмағайып кезенде рухани емшіме айналған жыр жолдарын оқи отырып, кезінде Мұқаңның жанын жұдеткен жайттарды және ол кісінің сол рухани дерттерінен сауыгуына себеп болған негізді түсінетін сияқтымын.

Менің ойымша Мұқағали Макатаевтың әрбір адудыңды жырлары, айбынды сөздері 18 мың ғаламды мұлтікеіз басқарып тұрған құдіретті Күштің пәрменімен дүниеге келген айрықша белгілер. Бір мен емес, Мұқағали жырларын жүрегіне сінірген әрбір оқырман осындай ой түйсе керек. Салыстырмалы түрде «қой үстіне бозторғай жұмытқалаған заман» деп қабылданған кезенің өзінде де Мұқағали

акын өзі дүниеден өткеннен 10 жыл кейін тұған елінде ұлт-азаттық көтерілістің болатынын болжап, білгендей. Сол тұтас ұлттық дур сілкінуді басып-жаншудан зардап шегетін іні-қарындастарына арнап ұлттық сауықтыру жырларын жазып кеткендей. Жаратушының бұйрығымен талай оқырманын рухани жұдеуден осылайша аман алып қалған Мұқағали Макатаевтың шығармашылығы жайлы көзқарастарымды сол жылдары, шамамның келгенінше республикалық басылымдар арқылы оқырман қауымға жеткізуге тырысып жүрдім.

Содан кейінгі жылдарда да, сәл киналып, торыксам болды Мақатаев жыр жинақтарына жармасатынмын. Әр жолы сардар ақын Мәңгілік пен Биіктікке шакырған жырлары арқылы колымнан жетектеп, небір тұйықтардан мені алып шығып жүргендей көрінетін.

Сөйтіп жүріп, 1989-90 жылдарға да жеттік, әйтеуір. Сол жылдары Қөктен Нұр төгілгендей болып, қасиетті Құран-ның кейбір сүрелері газет-журналдар беттерінде жариялана бастады. Алғаш рет «Қазак әдебиеті» газеті бетінен «әл-Фатиха», «әл-Ыхлас» сүрелерін оқыған сәтімде жүргімде ерекше бір көктем орнап, көкірегімде сәулелі ай туғандай эсерде болдым. Сүрелердің казақша мағыналарына әдегеннен-ак еркін бойлап кеткендей едім.

Кішкентай ғана жүргімнің осынау мәңгілік құндылықтың алғашқы хабарларын жатырқамастан кабылдауынын көп себептерінің бірін айқын білетіндеймін. Ол осынау ұлы дүниеге менің жан әлемімнің жатсынбай қадам басуына жағдай жасаған, аса камкор, ерекше мейірімді жаратушымыз айрықша талант берген, Мұқағали поэзиясының қуат-күші еді.

Тәуелсіздік карсанында «Лениншіл жас» газетінде ақынның Ислам тақырыбына арналған топтама өлеңдері жарияланды. Мен сонда ғана Мұқағалидың ақындық ұлылығының төркінін дәл түсінгендей болдым. Топтамага енген бұл өлеңдер діни нағым-сенім, сөз бостандығы берілген тәуелсіздік жылдары жазылған болса таң қалмас едім.

Ал ақынның 1976 жылы дүниеден өткенін ескерер болсақ, атеизмнің қылышынан қаны тамып тұрған дәүірде,

Мұқаңың қаламынан бір Алланы шексіз сүю мен одан гана медет тілеуге шақырған жырлардың туындауы тегіннен тегін құбылыс емес еді. Демек, ерекше мейірімді жаратушымыз бізге арнаған бұйрықтарын, кенес үкіметі сияқты сөз сұзгісі катаң заманда Мұқағалидай сырбаз ақынның, сырттай қарапайым көрінетін, жырларына орап жолдаған екен ғой.

Әльамдулилла! Ислам құндылықтарымен жете танысқан сайын менің жүргегімде беймаза, торығысты ойлар атаулыға орын қалар емес. Айналамда және өзімнің жандұние әлемімде болып жатқан өзгерістер мен құбылыстардың барлығын дерлік «бір Алланың шексіз қамқорлығымен жіберіп жатқан сынақтары, мүмкіндіктері» деп қабылдауға бейілмін.

Ал енді бір сәт бағамдап қараңызы! Егер қазакта жырлары дертке дауа Мұқағалидай ақын болмаса, Желтоқсан ызғарынан санасы сарсыраған мен сияқты бейшара бір пенде қасиетті аяттар жариялана бастаған сол 1990 жылдарға рухы әлсіреп жетпес пе еді? Мұның өзі осынау ақиық ақынның жырлары арқылы кең пейілді Алланың мендей құлына жасаған шексіз рухани қамқорлығы деп білемін. Себебі Мұқағали сияқты сүйген пендесіне айрықша талант сыйлаған сол жаратушымыз екені талассыз шындық кой! Бәрі де аса қамкор, ерекше мейірімді бір Алланың қолында, эрине!

Қасиетті Құранда «Ақындар» атты сүре бар. Онда имандылықтан жүрдай ақын жырларының жын-ойнақ, яғни шайтан лағннатулланың жолына қызмет ететінін баса айтылған.

Сондай-ақ, иманды ақындардың қоғам алдындағы міндеттері турасында өзге де Ислам әдебиеттерінде айқын көрсетілген. Ақықатын айттар болсақ, Мұқағали жырлары имандылық пен адамды сүю идеяларына тұнып тұр емес пе? Демек иманды ақын жүргегінен төгілген иманды жырлар ғана оқырманың рухани биіктеге дәйім жетелей береді екен.

Мұқағали жырларынан мен соны ұққан болатынмын.

## **Ұлы ақынға — ұлағатты пікірлер**



**Стахан БЕЛГОЖАЕВ:**

*Мұқағали табиғатына тартыл  
тұған, аспантаулерындағы асқақ,  
тая өзеніндегі екпінді, бұлағындағы  
тұнық, даласындағы дархан ақын.*

**Нұрғожа ОРАЗ:**

*Мұқағали — әдебиетіміздің  
халықтығын, алаштың жүрек  
лүпілін түсінген өмірге ғашық ақын.*



**Сабырхан АСАНОВ:**

*Мұқағали бүтін — аңыз. Мұқағали  
бүтін — ақиқат. Бүкіл халық болып  
бас алмай оқып жатырмыз.*

**Мұқагали МАҚАТАЕВ**

**ТУАДЫ, ТУАДЫ ӘЛІ  
НАҒЫЗ АҚЫН**

Туады, туады әлі нағыз ақын,  
Нағыз ақын бал мен у тамызатын.  
Жесірдің айырылмас сырласы боп,  
Жендеттің көзінен жас ағызатын.  
Туады, туады әлі нағыз ақын!

Жыр сөздері жай болып атылғанда,  
Атылғанда, аспаннан оқылғанда,  
Мылқауларға тіл бітіп, керең естіп,  
Жанар пайда болады соқырларға.

Мұқагалидың қайсы өлеңін оқысаңыз да, көңілден шықпай қалғаны жоқ. Ойыңыздан озып, алдыңызды орап отырады және ең алдымен, оның берінде өлеңге тән ерекше көркемдіктер тұнып тұр. Сіздің де ақын жырларын жақсы көріп, тәнті болатыныңыз сондықтан. «Құдай-ау! – дейсіз, – ойдың, сезімнің суреттерін тілмен, онда да, өзінді туған қазақтың тілімен тамылжытып тұрып дәл жеткізуге болады еken ғой. Ақын мен өлеңшінің айырмашылығы осы жерде таразыланады. Тілді қасиеттеген Мұқагалиға халқы қалаі разы болмайды?!». Біз солай десек те, ақынның арманы да, көркемдік өвшемі де өте биік. Жеттім дегені – жетпегені, астым дегені – аспағаны сияқты болып көрінегі. Құдды Абай атасы сияқты. Ол кісі де әлемдік ақыл-ойдың ұшар басына шығып тұрып: «Қолымды мезгілінен кеш сермедім», – деп, бітірдім мен тыңдырысмды айтпаиды. Бұл – тек өзін-өзі қайрауы емес, үрпақтарына өнер көкжиегінің шексіз екенігін нұсқалағаны емес пе?

Мұқагали да небары екі шумақтан тұратын өлеңінде қабылдайтын құлаққа көп нәрсені аңғартқан. Бір буын, екі буын толқыныңың талғамы бір бөлек те, тұтастай

алғандағы уақыттың талғамы екінші бөлек. Нарыз мықтылырға науна уақыттың сыйнина төтеп бере алады. Әдебиет пен өнерге бет бұрган екенсің, ендеше осындағы өмір қағидастың мойындауға және оған жүгінуге тиістісің дейді. Қалам ұстаған қазақтың өнерпаздық болмысы сондай болса екен деп тілейді де.

«Туады, туады әлі нарыз ақын, Нарыз ақын бал мен у тамызатын». Міне, өлшем! Болсаң осындаі бол. Ондай хас таланттың ерекшелігі мынада: ол — «жесірдің айнымас сырласы болып, жендеттің көзінен жас ағысады». Нарыз жыр дәрі болып емдейді, емдегендеге тәннен бұрын жанды емдейді. Ондай шипагерлік тек нарыз ақынның қолынан келеді. Оның жырлары қатығездің өзін тәүбесіне келтіріп, өзгертуін жібереді. Адам санасын ағарту жолында ұлы ұстаздық қызмет атқарады. Ендеше, өнердің жолы әрі кең, әрі жіцишке.

Нарыз өлең наизағайдай жарқылдаған ғаламат құбылысқа айналады. Жандарды жаулаған сол ұшқындарды сол күйінде, қасиетін көтірмеген күйінде ақ қағазға түсіретін кім? Әрине, нарыз ақын!

Мұқағали сол құдіреттің бар екенин және оның болатынын нық сеніммен көрсете алған. Нарыз өлеңнің әсері дегеніңіз сүмдүк! Ол «мылауларға тіл бітіріп, керенінде құлағын естіртіп, соқырлардың көзіне жанар пайда етеп алатын» тылсым күшке ие. Солай екенине енді бәріміз де шүбәсіз сенеміз.

Ақын келер ұрпақтың арасынан ғажайып дарындардың тұрғанын қалады. Соны үмітін жалғап отырып, зарының күткен секілді. Шіркін—ай, дүниеде таланттылардың озатын атын қуаныш ететін халға жетсек, барлық істің тек жақсылықтарға қараң оңғарылатыны анық қой.

## Құл-Керім ЕЛЕМЕС

*Бірнеше жылар кітаптарының авторы.  
Шығармалары оқырман қауымына кеңінен  
таныс. Ол қалам мен дамбыраны қатар  
устайды. Ашық дауысты, кең тынысты әнші.  
Қазір «Балдырган» журналында қызмет істейді.*

*Мұқагалидың дінгеге байланысты жазған  
олендерінің мазмұнын ашу барысында  
еңбектепеніп жүр.*



## ЕКІ ФАСЫРДЫҢ ЕКІ АҚЫНЫ

**А**бай «Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма» десе, Мұқагалидың еншісінде қалғаны, «Жазылар естеліктер мен туралы». Бұл – сенім. Мұқагалиша сенім. Алдында тірегі – Абайы бар алапат нeden корқады? Айтты. Өзіне сеніп айтты. «Ылдидиң тұрып өр менікі, есікте тұрып төр менікі» дегіш, Мұхтарға (Әуезов) да төр бергісі келмеген мендердің көбік көкіректерін күйдіре, «Ей-й, Таулар, ығысындар!» деді. Олар ығыспады. Намыстанды. Ығысып Мұқагалига орын беруге олардың дәрмендері жетпеді. Қазір солар қайда? Жоқ! Неге?... Өйткені, шын орын шын дарындардікі. Шын қуаттылардікі. Халық – Ана шын дарындарын бір ғасырда бір-ак рет туады.

Демек, Абай ана ғасырдың, Мұқагали мына ғасырдың жарық жүлдізы. Абай қазақтың – ақылы. Мұқагали – тілі!

Қалың елім, қазағым, қайран жұртый,

Ұстарасыз аузыңа түсті-ау мұртың.

Жақсы менен жаманды айырмадың,

Бірі қан, бірі май бол енді екі үртүң. (Абай)

Абай қазақты ашынып жазды. Бірақ, сүйді. Шын сүйді.

Ең бірінші бақытый – Халқым менің.

Ал, екінші бақытый – Тілім менің.

Бақытый бар үшінші – Отан деген... (Мұқагали)

Ал, бұл Мұқағалиша сүю. Абайша сүюдің екінші түрі. Тәттілеу көрінгенімен Абайша сүюдегі кермек дәм мұнда да бар. Бірақ жасырын. Екі ақынның, екі тұлғалы жырпоздың жырларының діңі бір. Кіндітерінен байланған алтын қазық біреу. Ол, Халық – ана – қара Жер!

Тілмен емес жанымен, тұтас тұлғасымен халық болып сөйлеу үшін халықтын рухынан туу керек. Ол дегендік, халықтың шерін жүтүш, сорын жалау деген сөз. «Бар бақыттың үшеу ғана» деп – Халқын, Тілін, қара Жерін (Отанын) есіз сүйген егей ақын Мұқағали жырларының да ертенге жетуі содан.

Халық атауы – Құдіретті Жаратушы Аллаң Тағаланың Әл-Халиқ (Жаратушы) деп аталатын мың бір сипат есімінің бірі. Былайша айтканда, ақын халқын сүйді деген сөз – Ұлы Аллаңын бір қырынан, Оның Жаратушылық қырынан, Жаратушылық сипатынан сүйді деген сөз.

Күні-түні ойымда Бір-ак Тәнірі.

Өзіне құмар қылған Оның әмірі.

\*\*\*

Өзгені (жаратылғандарды) ақыл ойға қондырады,  
(бірак)

Біле алмай бір Тәңіріні болдырады.

(Абай)

\*\*\*

Құдайдың құлымын мен – Мұсылманмын.

Аллаң есімі – жүргегім жұдырықтай. (Мұқағали)

Міне осындай Аллаңты сүйген, таныған жүректің айтары  
кашан да ақиқат. Жыры кашан да есті.

Аллаңтың Өзі де рас. Сөзі де рас!

Рас сөз ешқашан да жалған болмас!

(Абай)

Бәрі рас айтқанының ақ Алла(ъ)нын.

Күм менен топырактан жаралғамын. (Мұқағали)

«Біз сендерді ту баста топырактан жараттық» Құран (22  
сүре – 5 аят).

Иә, бұл біздің кейде түсініп, кейде түсінбей айтып калатын – кемелділік биігі. Аллаңтың пендесіне нәсіп еткен танудың шегі – Өзі – Аллаң. Ал, Оның (Аллаңтың) ілімі шексіз. Оны Абай: «Аллаң ішімді айтқызбай біледі» десе, бұл ақырат Құранда: «Аллаң шынында көкіректегіні толық біліп тұрады.» (31-23) дедінген. Ал, Мұқағали оны: «Я, Аллаңым. Жаратушы Жалғыз Ием!» деп дәлелдеді.

Абайдың заманы еркін, Илаңы заман. Оның Аллаңты танып өсуі әбден занды. Ал, Мұқағали заманы – құдайсызың идеясы құтырына өршіген, «Адамға табын Жер, енді!» заман еді гой. Сонда оны бұл биікке – Аллаңты тану биігіне бастаған кім? Туған елі ме? Жоқ! Туған табиғаты ма? Жоқ! Ендеше, бұл жайлыш Иеміз – Аллаң Өзі не деді екен? Ол Құранда: «Аллаң калаған пендесін Өзі тұра жолға салады» (2-272) деді. Түсінікті болды. Әлгі, біздің көпті көрген казактың «Аллаң берсе, пендесі қыңқ демейді» дегені осы болды. Аллаң тағы: «Сендер Мені еске алсандар, Мен де сендерді еске аламын» (2-152) деген.

Демек, Өзін үнемі еске алудан жалықпаган, жырларына арқау еткен Абайға да, Мұқағалиға да дарынды, оқшау танымды Аллаң берген. Ағынан берген. Сондықтан екі ақын ен соңғы түйін – Оны, Ҳақ Аллаңты тануда түйіскен. Тілдескен. Үндейскен. Тенескен. Біреуле скен. Оның дәлелі міне. Оқыңыз:

Аллаңтың Өзі де рас! Сөзі де рас!  
Аллаң мінсіз әуелден, Пайғамбар ҳақ.  
(Абай)

\*\*\*

Аллаң – ақырат!  
Аллаңқа сеніп өтем!

(Мұқағали)

Жалпы жан иесі тануға міндетті Бір-ак Ұлы Құдірет бар.  
Ол – АЛЛАҢ! Басқаның бәрі ұлы емес, Оның – Аллаңтың құлы. Жаратқандары, Абай да сол. Мұқағали да. Демек, жаратылған Жаратқанмен тен емес. Жаратылғанның Жаратқанның сипатын алуы да жоқ. Олай болу мүмкін де емес. Тіпті, олай ойлаудың өзі қасірет. Қасірет болғанда да

Хақтың қаңарын шақыратын қасірет. Мұнда тағы Аллаңты тану кез-келгеннің еншісіне бұйырмаған. «Аллаь» деп кім де болса айта алады. Немесе,

Аллаь деген сөз жеңіл.  
(бірак,)

Аллаңқа ауыз жол емес! (Абай)

Демек, Аллаңты тұтас ынты-шынтысымен кіршіксіз тану ғана шын тану болмақ. Мәселен, оқыңыз:

Құдайдың құлымын мен! (Мұқағали)

Міне бұл – шын тану. Оны – Аллаңты міне осылайша, Мұқағалиша құллы болып шын, кіршіксіз танығанның рухы (бізше жаны) мен тәні нұрланады. Жүрек көзі ашылады. «Аллаь кімді тұра жолға салуды қаласа, оның жүргегін Исламға ашады» Құран (6–125).

Жүректің көзі ашылса,  
Хақтықтың түсер сәулесі.

Іштегі кірді қашырса,

Адамның хикімет кеудесі. (Абай)

Көзі ашылып, Хақтың сәулесі түскен жүректің сөзі нұрлы. Хақшыл. Иманды.

Алсын Тағалам,  
Ант етем, ант етемін,

Аллаь есімін кеудемнен ұшырған күн. (Мұқағали)

Міне, осындай, шынайы «Аллаь» деген жүректен ғана ақыл, өнер шығады.

Дененің барша куаты,  
Өнерге салар бар күшін.  
Жүректің ақыл сауаты,  
(Тек,)

Махабbat қылса Тәнірі үшін! (Абай)

Абай мұнда өнер де, бәрі де махабbat, сүйіспеншілік атаулының тек Аллаңқа арналуынан пайда болатының көкірекке шұқып айтты. Бұған да нанбайтындар жыртылып айрылады. Әйткені, Құранда: «Аллаь кімді адастырғысы келсе, оның көкірегін тарылтып қояды» (6–125) деген. Көкірегі тардың көретіні басқа. Шындық емес, жалған. Себебі, Аллаь олардың күпірліктері үшін «Жүректерін

және құлактарын бітеп қойған. Көздері перделенген» Құран (2-7).

Демек, Аллаңты танымаган, Оның нұрымен нұрланбаған өнерлі де, өнер де адасады. Адасқан өнердің ақиқаты жок. Ғұмыры келте.

Ал, Абай мен Мұқағали неге адаспады? Олардың жырлары неге ғұмырлы болып қалды? Себеп біреу ғана – олар Аллаңтың адап құлы бола білді. Оның (Аллаңтың) алдында тазара білді. Одан шын тілей білді. «Ақиқатында Аллаң тәуба (райдан қайту) етушілерді ұнатады» Құран (2-222).

Патша Құдай, сүйендім, Тура баста Өзіне?!

\*\*\*

Аллаңтың рахматын, Жар тұтып әр неге.

.....  
Осындай шапхатын, Ұмытам мен неге?

\*\*\*

Зарығып тілеймін, Рахматын Аллаңтың!

\*\*\*

Құдай-ау, көнілім, Күн бар ма бір тынар?!

\*\*\*

Жүргім суылдап,  
Сүйегім шымырлап,  
Аллаңтан тілеймін,  
Құпия сыбырлап!

\*\*\*

Я, Құдай бере гөр, Тілеген тілекті?! (Абай)

Ұлы Жаратушы Аллаң алдында шын ділгір, дәрменсіз, шапағатқа зәру Абайды аяйсың. Аяйсын да, «Әзиз тілегін бере гөр?» деп тілейсің Аллаңтан. Құранда: «Сендерге Аллаңтан өзге панагер, жәрдемші жок» (2-107) деп жазылған. Абай оны біледі. Одан зарыға күтетіні сондыктан. Аллаң алдында міне осындай кіші де кішіпейіл, ділгір, құл Абай өнерде алынбас қамалға айналды.

Адамды сүй,  
Аллаңтың хикіметін сез,  
Не кызық бар өмірде онан басқа?!

(Абай)

Бұл – өсiet. Абайдың бұл өсietін орындаған жалғыз ақын Мұқан, Мұқағали Мақатаев.

Я, Жаратушы Аллаым,  
Қолдай гөр!  
Сүйей гөр мені, сүйей гөр!  
Қолдары да, қорғаны да жоқ жан ем.  
Жасаған Ием,  
Құлап барам, сүйей бер,  
Пенделерге табына-табына болған ем!  
(Мұқағали)

Пенделешіліктен ада-күде айығып, ақиқатқа, Хаққа, Хак Аллаңқа бет бұру, тәуекел ету, иман келтіру (сену) – бұл. Тіпті, Мұқағали иманға уызында-ақ жарыған. Дәлел керек пе? Оқыңыз:

Сатпаймын!

Сатқан емен дініmdі мен! (Мұқағали)

Әуелден дініне берік, «Аллаң» деп өскен арлы жан, иманын сатқан сабырсыз ортасынан қаяу көрген, кірлеген кейір тұстарында, «Кандай сәби едім?» («Құнделік») деп өзінен пәк, кіршіксіз, иманды, бала Мұқағалиды іздейді. Табады. Табады да таубасына келеді. «О, Тәнірім, түйсік бере гөр?!» («Құнделік») деп үздігे, үзіле түйсік Иесі (бәрінің де иесі) Тәніріне жалбарынады. Жүтінеді. Жүтінеді де санасын сабырга шакырып:

«Я, Аллаң,  
Жарылқай гөр, жалғыз Ием!

Көнегейін, көндігейін тапшылықта!» – дейді.

Міне осындай сабырдың, иманның, Илаи тазалыктың аркасында түрмистағы тапшылық пен михынatty «Тағдыр ісі» деп білу, мұқалмау Мұқағалиды да өнердегі өлшеусіз биікке, Абай көтерілген биікке көтерді. Бұл туралы Құранда: «Аллаң шыдамды қайсарларды жаксы көреді» (3–146) делінген. Бұл Илаи анықты Құран нұрымен нұрланған

Абай: Үйдағатсыз, михынатсыз,  
Табылмас ғылым сарасы.

— деп шегеледі. Ал, қасиетті Құранға тағы қайта жүгінер болсақ, мұның бәрі Аллаңтың ыхыласы ауған пендесіне жасаған сынағы еді. Оқыңыз: «Аллаң (сынақ үшін) кейбіреудің рыздығын тарылтады» (2-245). Демек, әркандай іс Аллаңтың әмір сзығы бойынша болады да калады. Сеніңді.

Дүние әуелі баянсыз. Баянсыз дүниенің өзгеріп, жаңарып, түрленіп, құбылып отыратыны шындық. Бірақ, оны жай пенде өзгермestей, өшпестей, ұзак қырыға балайды. Сейтпесе пендениң пендешілігі қайсы? Оның бәрі кеменгер, бәрі дүниенің сырын біletін ақылды, кенен болып тууы әуелден жок. Олай болуы мүмкін де емес. Өмір міне осындағы ала-құлалығымен құнды. Мәнді. Құдіреті күшті Аллаң Тағала Өзі жаратқан он сегіз мың ғаламдағы ақылға саятын бұл ғажайып қағиданы Өзінің пайғамбарлары, әулиелері, әнбиелері, данышпан ақыл иелері арқылы толықтырып отырады. Мұндағы максат та – пенделеріне Өзін, Өз Құдірет күшін таныту. Өйткені, «Аллаң бәрін білгіш хикмет иесі» Құран (22-53).

Бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

\*\*\*

Адамзат бүгін адам, ертең топырак.

\*\*\*

Аллаң өзгермес, адамзат құнде өзгерер.

\*\*\*

Күллі мақұлық өзгерер, Аллаң өзгермес.

\*\*\*

Тағдыр көрмей коймайды бұққанменен. (Абай)

Көрдініздер ғой, Аллаң бәрін жаратушы, әуелі де, соны да жоқ, өзгермейтін хакикат, ал, басқаның бәрі сәт сайын өзгеріп отыратын Оның (Аллаң) жаратқандары екенін дана Абай гұмырында қаншама рет дәлелдеп, қаншама рет растаған?

Ол аз десеніз:

Мекен берген, Халик қылған (Жаратқан),

Ол лә мәкан (Өзі мекенсіз),

Тұп Иесін (Аллаңты) танымай бола ма екен?  
(Әйткені, түбі «Барлығың Сол Аллаңтың алдына  
қайтасындар» Құран. 2–245),

Оны (Аллаңты) ойламай,  
Өзге мақсат ақылға қона ма екен?  
(Сондықтан,)  
Басты байла (Аллаңтың) жолына, малың түгіл!  
— деді Абай.

Ол аз десеніз:

Қаны аққан қайран менің мұсылманым,  
Осы ма екі ортада қысылғаның?  
Бейіштің ақ қанатты ақ құстарын,  
Айырып ұясынан ұшырғаның?!  
Бірігіндер,  
Әлемнің мұсылманы,  
Құрбан болсын Құдайым үшін жаңың!  
— деді Мұқағали.

Құранда: «Аллаң қалаған адамына хикмет бағыштайты. Кімге хикмет бағышталса, оған қыруар игілік берілген болады» (2–269) делінген. Сөз жоқ Ұлы Аллаң адал құлдары Абай мен Мұқағалиға хикмет барген. Оны олардың соңына қалдырған даналық мұралары дәлелдеуде. «Абай ақиқат қой, ал, Мұқағали-й» деп күмілжімей-ақ қойыңыз. Көзі кеткеніне ширек ғасыр болғанына қарамастан, сөзі әр казактың төрінде дана Абаймен бірге малдас құрганына шубәңіз жоқ шығар? Жоқ, әрине!

Осы мен, сірә да, өлмейтін шығармын?  
Сәлл ғана мызғап ап, қайтадан тұрармын!  
(Мұқағали)

Қызық, бір тұрып, оны әулие ме дерсің? Иә, ол, сол өзі айтқандай «Сәл ғана мызғап алды да, қайтадан тұрды». Тік тұрды! Оның тұрысы мен болашақты аралап «жүрісі» әсем. Сымбатты. Айқын да айбарлы. Ғажап!

Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,  
Алай да өлтіре алмас өлеңді ешкім! (Мұқағали)

Бұл – сенім. Бұл – азаматтық, ақындық сенім. Бұл – жүрегінде Аллаңы, алдында Абайы бар Мұқағали сенімі.

«Аллаъ расында барлық нәрсөні естиді» Құран (22–61).

Жаратушы жалғыз Ием, шуақ бер?

Өзіме де, өзгеге де төгейін!

— деп шын тілеген Мұқағалиға Аллаъ шуақ берді. Нұр берді. Абайға бергені сиякты имани өнердің нұрын берді. Ол нұр оның бағын жандырды. Сөйтіп ол, өнердегі Абай секілді ен-н куатты ақынға айналды. «Аллаъ кімге нұр берсе, сонын нұры болады» Құран (24–40). Болды да! Шүкір!

Демек, айтарында Аллаңы, иманы жоқ нұрсыз өлең, нұрсыз әдебиет жансызы, ғұмырсыз өлең, ғұмырсыз әдебиет. Ал, енді Абай мен Мұқағали өлеңдерінің куаттылығы дегенге келсек, ол, олардың жырларының өзегіне сіңірлген Имани нұрлылығында, Илаһи имандылығында дер едік.

Әуелі Аят, Хадис – сөздің басы.

Қосарлы бәйітсымал келді арасы.

Қисынымен қызықты болмаса сөз,

Неге айткан Пайғамбар мен оны Алласы?!

Бұл, өлеңге, өнерге, «Аллаъ мінсіз әуелден, Пайғамбар ҳақ!» деп білген Абайдың Құран, Хадис биігінен карауы емей немене? Дәл солай!

Көңілге шек, шубәлі ой алмаймын.

Сонда да Оны (Аллаңты) ойламай қоя алмаймын!

— деп отырған кіршікіз Абайдың:

Дүниеге ынтық,

Макшарға (О дүниеде есеп беру үшін жиналатын алан) амалсыздың (ғибадатсыздың),

Иманын түгел деуге аузым бармас.

— дегенін оқығанда жүргегің тас төбене шықпай ма? Шығады! Себебі, Абай дәл қазіргі иманның емес, дүниенің құлак кесті құлы болып отырған бізді айтып отыр. Оны аз десеніз,

Мұмін болсан, әуелі иманды бол!

— дейді Абай.

Осы орайда, иман туралы түсінік бере кеткеннің артықтығы жоқ еекілді. Иман (сенім) – «(1) Аллаңтан басқа ешбір Тәнірі жоқ, Мұхаммед соллолони ғаләйін уә сәлам Аллаңтың құлы әрі елшісі екеніне, (2) Аллаңтың

перштегеріне, (3) Аллаңтың кітаптарына, (4) Аллаңтың елшілеріне, (5) Тағдырға (жақсылық пен жамандық бір Аллаңтан деп білу), (6) Киямет күніне, (7) Өлгеннен кейін қайта тірлуге сену. (Бұл жетеуін жинап «Әмәнту» деп те атайды). Осылардың ішінен тек біреуіне ғана шубә келтіргеннің иманы толық саналмайды» («Ислам дінінің негіздері». Анкара).

Ендеше, Абайдың «Әуелі иманды бол» дегені осы имандағы жеті шартқа шубәсіз сен дегені. Өзі имансыздың басқага «Иманды бол» деп айтуға, бұйыруга еш какысы жок. Демек, Абай иманды. Иманды Абай өзі ұнатпаған, козі жетпеген істі халқына «Істе» деп айтпасы, зорлап таңбасы анық. Біз оған (Абайға) сенейік. Сенейік те, біз де Оның Аллаңы болған әрі бәріміздің де Жалғыз Иеміз болған бір ғана Аллаңқа иман келтірейік! Өйткені, «Аллаъ иман келтіргендердің Иесі» Құран (2-257).

Жасыратын несі бар? Біз ғасыр бойына Абайды иманынан «арашалап» ұстап келдік. Ондағы мақсатымыз, оны өзімізге жақыннату еді. Бірақ, неге екені «белгісіз» Абай бізден алыстай берді. Алыстай берді. Сөйтсек, Абай бізден алыстай бермепті. Керісінше, біз (Мұқағалидан басқамыз) Абайдан алыстай берішпіз. Дәл солай. Сөйтіппіз. Тағы да Моласындаи бақсының, Жалғыз қапты, ол, тап шыны! Иә, Сөйтіпті Абай.

Кім жүрер тіршіліктеге көңіл бөлмей?

Бахи қоймас фәнидің мінін білмей. (Абай)

Бұ дүниесі (фәни – жалған) баянсыздың, О дүниесі (бахи – шың) каран. Жаратылысында пенде атаулы (әулие болса да) Бұ дүниеге әуелі Аллаңқа құлшылық, сосын рухына О дүниелік иман жинау үшін келеді. Сол иманды жинау барысындағы Құдайға құлшылық нәтижесі, ілімі, өнері соңғылыққа көз, жолшырақ, өнеге мен улғі, сөз болып калады. Абайдің де, Мұқағалидің де – сол. Сөзіміздің айқындарасы міне мынау: «Егер Аллаъ сендерге медет берсе, сендерге тек келер ешкім болмайды» Құран (3-160).

Әмәнту (Аллаңқа иман) оқымаған кісі бар ма?

Уә, кутубиын (кітаптары) дегенмен ісі бар ма?

(Абай)

Бұл түйінге мән берсек, Абай заманында Аллаңқа иман келтірмеген(сенбеген)кісі болмаған. Бірақ, Оның(Аллаңтың) кітаптарына дең қойып, ілім іздеген пенде некенсаяқ немесе жоқ болған. Ал, біз қазір, Аллаңтың кітаптарын зеределеу түгілі, Оның Өзіне Абай замандастарында иман келтіріп немесе сеніп жүрміз бе? Жоқ! Неге? Дәлеліміз бар. «Заман солай болды». Онда Мұқағали-шы? Тіпті, біздінше, ол ішіп өтті ғой өмірден. Ендеше, Мұқана иман, Ҳаққа құлдық танымы қайdan келді? Бұған оның өз сөзімен жауап берер болсак, былай:

Мұхаммедтін үмбеті – Мұсылманмын! (Мұқағали)

Бұл жәй, әшейін айта салған сөз бе? Біздінше, жоқ. Өйткені, шын мұсылман, шын Құдайдың құлы ғана Мұхаммедке (cfc) үмбет бола алады. Эрі Құдайға құл, Мұхаммедке үмбет болған адам есте жамандық істемейді. Бір пендешілік жасап койған күннің өзінде, ондай адам тез, табанда таубасына келеді. Мұсылман – ол, тек жақсы адам. Жақсы адам бола алмаса, ол адамның шын мұсылман да бола алмағаны. Демек, Мұқағали – «Мұсылманмын» деді. Элхамдулиллә! Ендеше, Мұқағали да сөзсіз жақсы адам. Немесе сөзсіз жақсы адам болған. Ал, ондай жақсы адамдарға Құранның берген серті, жауабы мынау: «Кімде-кім өзін Аллаңқа тапсырып, жақсы іс істей білсе, оның сауабын Аллаң алдынан алады» (2–112). Міне, Ол (Мұқағали), олар (Абайлар) алды. Олар Аллаң алдынан Алғандарынан бізге де қалдырды. Қазақша айтканда, езулерінен енші беріп кетті. Өйткені, олар жақсы адамдар еді. Олар жақсы адамдар болғандықтан да, олар – Аллаң Тағаланың сіз бен біздің рухымызға жағып қалдырған рухани шырактарты болды. Олардың біздің жүргегімізде жаңып тұрғаны да, жана беретіні де сондықтан. Бірақ,

Бойда қайрат, ойда көз

Болмаған соң, айтпа сөз! (Абай)

Өкінішті. Біздің заман Аллаңтан бізді, діннен ілімді бөліп тастады. Медицина ғылымының жаи (рух) жайлышқа ашпай, тапқанымен тәнді емдейтіні соған мысал. Қасиетсіздік, қабілетсіздік, аспан асты «Бір мендік» соның жемісі деп жүртты сеидіріп көрші қазір. «Е-е!» дейді де

қояды. Сенгенді. Бірақ, сенбейді. Болмаса Аллаңсыз дін, дінсіз ғылым жоқ екені Әл-Мисактан дәлелденген ақиқат еді. Құранда: «Мұны тек ақыл иелері ғана біледі» (3–7) делінген. Сол ақыл иелерінің бірі Мұқағали осы дін мен ғылым жайлы:

Дін – ғылымның анасы.

Дін – ғылымның атасы.

Ғылым – діннің баласы.

Дін – ғылымның көкесі.

· · · · ·  
Көл қусырып Құдайға

Ғылым мен дін бірге бар!

— деп қағидаласа, Адам Ата үрпактарына Аллаң тарабынан ескертілген ендігі – От (Топырақ пен Топансу алаттары болып өткен) апатының білтесі саналатын, «Қасиетті іс қыламын» деп, қасіреттің оғын дайындауға себепші болған ғұламағалым А. Эйнштейннің өзі Аллаң ақиқатына көзі жеткенде: «Дінсіз ғылым көр. Ғылымсыз дін ақсак» деп бекітті. Бұл сезінің түбінде, оның атом құпиясын ашуга бара жатқан жолында Аллаңты танымаганы, бірақ болары болған соң барып Оны танып, бармак тістеген өксікті өкініші жатыр. Бұл, бір жағынан, оның бізге, «Мен қателестім, енді сендер де қателесіп калмаңдар» дегені. Қасиетті Құранда бұл туралы: «Аллаң сендердің өз бастарынан мысал келтіреді» (30–28) делінген. Сол мысал міне осы – А.Эйнштейн. Немесе оның атом жаңалығын ашуудағы тапқырлығы.

Ақылдағы көзсіздік (дінсіздік) – Аллаңты, имани ілімді танымашылдық. Аллаңты танымаган, ақылы көзсіздін ғылымға баруы ғылымдағы көзсіздікке тірейді. Ал, ғылымдағы көзсіздік, айналып келгенде күллі адамзатты күртүп-жоюдың себепшісі болып шыға келеді. Ондай ғылым А.Эйнштейн айткан ғылымдағы дінсіздіктен тұган КӨРлік болмай немене? Бұл жайлы Абай:

Сөзді үғар көкірегі болса көзді.

— деді. Мұндағы (және жалпы) Абай сөзі – Құран сөзі. Құраннан нәр алған, Құран ақиқатымен ақиқаттанған,

каруланған хакиқи сөз. Оқыныз. Құранда Аллаң Тағала: «Негізінен көздер сокыр емес, көкіректегі көңіл көзі сокыр» (22–46) деген.

Демек, Аллаңсыз, дінсіз ғылым жок. Дінсіз ғылым адамзатқа бакыт әкелмейді. Біздін бұл пікірімізді француз ғалымы, доктор Лекомт де Ньюи: «Білімнің дамуы рухани дамумен параллель болмайынша, адамзат ешқашан бакытты бола алмайды. Өмірде бірер (тек бірер ғана) ғылыми жаңалық табуға (Ол да Аллаңтың ғылымы әрі Оның нәсіп етуімен) болады. Бірақ, бәрібір, адамға бакыт және міндет беретін нәрсе руханият (дін)» деп растайды. Ал, ендеше, біз кай бағытты ұстанудамыз? Ойланайык!

Мойындау ізденістің басы. Демек, біз әлі,

Максұтым – тіл ұстартып, өнер шашпак.

Наданның көзін қойып, көңілін (жүрек көзін) ашпак.

– деп, жұз толғанып, мың толықсан Абай дітінің, танымының, мақсатының артында, айдаласында жүрміз. Оған жақындау, тану, жете түйсіну үшін бізге Мұқағали ізденісі, Мұқағали танымы (Дін – ғылымның атасы) керек. Оның Абайды тануы – Аллаңты бұрынғысынан да жете тануына себеп болған. Құранда Аллаңты тануда себеп жокқа шығарылмайды. Қайта дәріптеледі. Мысалы, пайғамбарлар адамдардың Аллаңты тануына бірінші ескертушілер. Себепкерлер.

Мұқағали: «Пушкин мен Абайға айналып соға берем» депті. Пушкин жайлы сөз басқа (ол да Аллаңты танып, 12 өлең жазған). Абайға шын айналып бір сокқан ақылы ояудың әуелі Аллаңты Абайша танып (Аллаңтың Өзі де рас! Сөзі де рас!) шықпауы мүмкін емес. Егер көкірегі көзді (дінді) болса. Өйткені, Абай тутас тұлғасымен, болмысымен діндер. Өз шындығын жасырғысы келмейтін ізденушінің Абай жайлы бұл ақықатты мойындауы да мүмкін емес. Кезінде яңудилер Тауратты бұрмалағаны секілді, Абайды, дұрысы Абай идеясын біз қанша құдайсыз (атеист, буддист, кришнант) дес бұрмалағанымызben иманды, мұсылман Абай Абай күйінде қала береді. Кетсек біз кетеміз бұл дүниеден осы, оны (Абайды, Абай таныған Аллаңты) танымаған күйімізде...

Демек, Аллаң ақиқатын танымаган пенде адамдар арасында да ескерілусіз қалады. Мұқағали әне соны білді. Білді де Тәнірін таныды. Дұрысы оған да Аллаң Өзін тануды нәсіп етті. Оқыңыз: «Ол – Аллаң Жалғыз» Құран (112–1).

Жаратушы Жалғыз Ием, куат бер?!! (Мұқағали)

Оның тіпті, Фәни мен Бақиды тұтастырып жатқан «Моцарт – Жан азасы» акыл-ойға сыймайтын ішкі рух әлемінің сөзге айналған тұтас бір тұлғасы еді. Ол биікті топырағымызда Мұқағали жалғыз игерді.

Жарық сәуледен басқаның бәрі бекер гой.

.....  
Омір дегенің – бір күндік сәуле екен гой. (Мұқағали)

Бұл – тану. Бұл – иман нұры. Арғы teri – Аллаң. Ақылға сыймас Аллаң нұры. Мұқағали көп ретте Аллаң жайлы ашық кетпегенімен, оның жыр – ділінің түбінде жылтырап иман нұры жатады. Ол нұрды да имани діті бар адам ғана діттей алмақ.

Адам Ата (адам баласы демекші) өлмесін!

Ақыр заман келмесін!

\*\*\*

Мекенім Ніл дәрия – Меккем менін.

Келеді мәңгілікке мекендергім.

(Ол мұнда Хактан – Жәннatty тілеп тұр)

Дәриға-ай, Зулфыхарды (Зурфыхарды емес, Буракты) ертеп мініп,

Көрмеген мекеніме кетер ме едім?!

Семсерін Хазірет Әлі ескек етіп,

Жерорта теңізінен өтер ме едім?! (Мұқағали)

Бұл мысалды келтірудегі мақсатымыз, Мұқағали Ұлы Жаратушы Аллаң Тағаланы тану жолында жалпы діннен, оның ішінде хақ дін – Исламнан, Ислам тарихынан толық білімдар екенін көпке ескертіп өту.

Құбылаға бет алып, кол құсырып,

Сәждеге бас қоятын қайда күнім?! (Мұқағали)

Аллаңтың адапт күлті, адамның алапат ақыны Мұқағали мұнда тазалықты, такуалықты қалай аңсан өткен? Қандай ділгірлік? Өзіне ғана емес-ау халқына, қасиеті қашып, (ол

өмір сұрген тұста) иманы іри бастаған қазагына арнап ансауғой бұл.

Түсіндім!

Түсінбейтін өрекпе екем.

Қалай мен адамдардан бөлек кетем?

О, менің сүттен аққан қос бұлағым,

Айтындар, нем бар менің бөлек, бөтен?

Құттықтап құстар сайрап сөйлеседі,

Құдайдан келген әлде дерек пе екен?!

Айтындар, мазасы жоқ бұл ғаламға,

Алысып аспан мен жер тұлағанда,

Адамнан бір құрбандық керек пе екен?

.....

Мың сәлем!

Құдыретке жеткізіндер,

Құрбандық керек болса шалсын мені!

Әлем тыныш болса екен арт жағымда! (Мұқа

Бұған, бұл берілуге, бұл өтінуге бір сенбесе

соң қайта тірілуге («Біз шынында өлгендерді тірілтеміз»).

«Олар Сұр (сырнай сияқты аспап) үрленген замат қабырларынан тұрып, Раббылышына қарай жүгіреді» (36 – 12, 50). «Ақырғы орын – Аллаңтың алды» Құран (3–28)

сенбейтін, өлімді «Бірак құрып-жоғалу» деп, Аллаңтың Құран арқылы білдірілген ақиқаттарын «Аңыз» («Біздің

аяттарымызды тек опасыз қәпірлер ғана мойындармайды» (31–32). Олар: «Бұл (Құран) тек бағзы замандардан қалған

аңыз» дейді» (6–25) деп билетін, иманнан хабарсыз, көкірек көзі жабық, өмірді дұдамал сүріп жүрген дүниекор ғана сенбейді. Және келіп, жаны жалған, тілі шын, жүрегінің

шындығын бір де рет айтып, жазып көрмеген екі беті бар жазғыш сенбейді. Өйткені, ондайлар басқаларды да өз

айналасынан іздейді. Ондайлардың еркі өзінде. Дегенмен, ойланған жақсы. Құранда: «Аллаң бір адамның көкірегіне

екі жүрек жаратқан емес» (33–4) делінген.

«Пышағынызды әбден өткірлеп қайраныз да, бауыздауды

дәл тауып, бір тартқаннан қалтырмай, сеспей катыратын болыңыз» («Құран хикаялары»). Міне бұл, Сымайыл

пайғамбардың Аллаң жолына өзін құрбан шалғалы тұрган әкесі Ибраһимге (ғ.с) айтқаны.

Тұған елдің маңдайының қырсығын,  
Арылтуға керек болса бір шығын,  
Жаным әкем!

Құрбандыққа мені шал,

Камықтағын, қылар деп қыршыным. (Байрон)

Бұл – ұқсастық. Үшеуі де құрбандыққа тәуекел. Бұл – ділдегі, танымдағы ұқсастық. Шындардың айтатын шынырауындағы ұқсастық. Шындық. Ақиқатты тану. Хакқа құлдық. Аллаңқа, инабатты, иманды іс жолына өзін арнаудың соны – бұл. Ағынан жарылудың мұнан асқаны болмайды. Десе де, Байронды қайдам, ейткені, бұл өлең «Эpbай қызының монологы» ғой. Ал, Мұқағалидың Аллаңқа ант беріп, ұлылықпен – Смайылмен (ғ.с) үндескені шексіз. Шұбәсіз.

Дүниедегі жауыздық біткенді

Артындар маған, көтерем.

(Егер)

Жауыздық біткен менімен ғана бірге өлсе,

Қазыр-ақ өліп кетер ем! (Мұқағали)

Және бір ойландыратыны өлім жәйлі Мұқағалидан көп жазған ақын жок. Әрі бағалап жазды. Бұл өмірдің жалған, ол – ахирет өмірінің шындығын сезді. Құранда Аллаң: «Дүниенің пайдасы аз. Аллаңтан қорыққандар үшін ахирет қайырлы» (4–77) десе, оны Мұқағали:

Жер!

Сенің «есігінді» қағып түрмын.

\*\*\*

Асылып жауыр қылған арқаңнан да,  
Койының әлдекәйда қымбат маған!

—деп, Ұлы Раббының алдына ертерек кетуге бел буды. Аллаң Тағала болса Бұ дүниеде Өзін танып, тек қана иғі іс істеген жақсылар үшін О дүниенің қайырын онан ары айқындаپ, «Тақуалар үшін Раббының қасында іргесінен бұлактар ағып жататын, мәнгілік тұрақ болатын ұжымактар бар» (3–15) екенін сездірді. Бұл – Аллаң Сөзі – Рас Сөз!

Бірак,

Рас Сөздің (Аллаң Сөзінің) кім білер қасиетін?! ( Абай)

Жок, дегенмен Құдайға шүкір, Мұқан білді. Дұрысы, Мұқағалиға бұл ақиқат ақиқат Иесі Аллаң тарабынан білдірілді.

Абай өлеңдерінің кай бірін оқысаңыз да иегізін Құран аяттарынан немесе Пайғамбар хадистерінен алғанын жазбай танисыз. Мұның біразына мақаламызда көзімізді жеткізек керек? Сенбейсіз бе? Оқыңыз. Салыстырып, сабырмен оқыңыз. Әрине, бұл «Абай көшірмеші» деген жансақ ұфым тудырмаса керек?

Құран аяттары пендениң сөзі емес, Аллаңтың сөзі.

Көптің қамын әуелі Тәнірі ойлаған.

— деп Абай айтпакшы, ол (аяттар) – Ұлы Жаратушы Аллаң Тағаланың Адам атағалаңыс сәлам ұрпактары болған күллі адам баласына адасып, күнәлі болмаулары, шындықты таныш, Тура жолмен (Ислам) жүрулері үшін Пайғамбарымыз (cfc) арқылы жіберілген аяндары еді. Немесе «Құранды шайтандар әкелген жок» (27–210). «Құранды расында Біз түсірдік әрі Біз оның қорғаушысымыз» (15–9). Демек, «Құран – күллі жахан халқына уағыз – насиҳат» Құран (6–90). Немесе,

Құран – Рас, Аллаңтың сөзі дүр ол! (Абай)

Ол – Сөз емес, иұр-тұғын! Ақылы оянып, жан жанары ашылған, ең парасатты пендениң (Абай мен Мұқағали сияқты) одан енші алуы әбден занды. Жалпы оған (Құранға) кім жұғыса кетсе де жарқырап, нұрлап сала бермек. Берекеті артып, шынданбақ. Әрі Тура жолға түспек. Дейтұрганмен Аллаңтан, Аллаң Сөзінен асып айту, сойлеу әуелден жок. Өйткені, «Аллаң сөзі ең жоғары сөз» Құран (9–40). Тіпті, бұлай айтуымыз түгілі, ойлауымыздың өзі аскан күпіршілік. Астаңғириуллан! Соидықтан,

Ақылға симас Ол – Аллаң! (Абай)

Абай сіз беи бізге ок жетпес болғанымен, Ұлы Жаратушы Аллаң Тағала алдында – күл! Пенде. Жай пенде. Оның алдында реті бойынша – Пайғамбарлар, әулиелер, әнбиелер, шайыхтар мein шейттер, сосын барып Абай мен

Мұқағали сиякты даналар тұрады. Демек, олардың бәрі де Раббы алдында ең әуелі құл. Олар түгілі, он сегіз мың ғалам құл! Сондықтан Құранда: «Көк пен жердегілердің барлығы Алланы дәріптейді» (57-1) делінген. Демек, жаратылыс атаулы (біз де соның ішіндеміз) түгелімен өзін жараткан Раббысын мадактап, растап, зікір (еске алып) етіп тұрады. Абайдың,

Тағдыр етсе Аллаң,  
Не көрмейді бәндә?!

— деуі осы тылсым құдыретті сезгені.

Сөзімізді қортар болсақ, бізде, соңғы екі ғасырда Құранға сүйеніп, Аллаңтың нұрымен нұрлана отырып, шынайы нұрлы сөз айтқан ақын екеу. Олар – Абай мен Мұқағали. Қызығы біз Абай мен Мұқағалиды танымыз. Олар таныған, сиынған Жалғыз Жаратушы Аллаңты танымаймыз. Неліктен? Өйткені, шын Абай Абай емес – діндәр Ибраһим еді де, шын Мұқағали Мұқағали емес – құл Мұхамедғали еді. Ал, біздің танитынымыз, қазірге дейін танығанымыз ақындықтағы діндәр Ибраһим мен құл Мұхамедқалиға бараЯа жолдағы жай Абай мен жәй Мұқағали ғана. Сондықтан діндәр Ибраһим мен құл Мұхамедғалиды тану енді басталады. Ол үшін Абайдың емес Ибраһимның, Мұқағалидың емес Мұхамедғалидың мынадай жүректі нұрсыздықтан, ақиқатсыздықтан, ашығы дінсіздіктен жүлқа оятар Илаи да нұрлы жан дауыстарын және де бір рет шын, жанымызбен тындал көрелікші, қане!

## Мұрат БЕКЕЙ

Қарақалпақстанның Беруни ауданында тұган. Қазір Оңтүстік Қазақстан облысында тұрады.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Бірнеше жыр жинақтарының авторы. Сарыагаш ауданындағы Толеген Айбергенов атындағы әдеби бірлестікке жетекшілік етеді. Жыр мүшәйірларының жуулдегері.



## АҚЫННЫҢ СЫР САНДЫҒЫН АҚТАРҒАНДА

ЖЕТИМКОЛ – ЖҮРЕК  
“Аққулар ұйықтағанда” поэмасы туралы

Мұқағалидың таңдамалы өлеңдер мен поэма-лар жинағы жарық көрді дегенде, сыншы Асқар Сүлейменов: “Оның таңдамалы емес шығармасы бар ма екен?” деп шамданған екен. Дегенмен, әр қаламгердің сәтті туындысы деп санайтын жаңына жақын шығармасы болады. Өз шығармасының көркемдік деңгейін, өміршендігін, поэзиясында алатын орнын, поэтикалық қуатын, басқа да жетістіктерін бағамдайтын ең алдымен автордың өзі. Қалған бағасын халық, сыншылар береді. Бірақ, бұл – тек шынағы дарындарға ғана тән қасиет. Орташалар мен талантты кемшін жандарға мұндан қасиет бұйырмаған. Өзінен емес, “таланттың қадірлемеген әдеби ортадан, түсінбеген халықтан” көреді. Ондайлар әдебиетте бұрын да болған, бұдан соң да бола береді. Әдебиеттің әр ғасыры шығармаларды елеп-екшеп, келесі ғасырға тек татымдыларын ғана өткізіп отырады. Бүгінде өзі тірі жүргенмен, туындылары өткен ғасырда “өліп қалған” жазушылар қаншама.

Мұқағали – өз карым-қуатын білген акын. “Аққулар ұйықтағанда” поэмасы жарық көргенде достарына: “Аққуларымды ұшырдым, енді өле берсем де болады”, - деп

айтады екен. Демек, ол поэманды жазғандарының ішіндегі ең шоқтығы биік шығарма деп бағалағаны гой.

Табиғат жаңынышды арбап, жанарынды балалатар тылсым сұлулыққа бай. Сол сиякты хас таланттың қаламынан туған көркем туындыда да кайта-қайта үңілуге мәжбүрлелітін сиқыр, тылсым, илаһи құдірет болады. “Аққулар ұйықтағанда” осындай жыр жауъарларының санатынан. Соңғы жылдарда мектеп оқушылары мен ұстаздар концерттік бағдарламаларына осы поэмандың сюжеті бойынша сахналанған көріністерді енгізуге дең қойып жүр. Бұл жерде, әрине, олар тікелей поэмандың мазмұнына, тәрбиелік әсеріне мән береді. Алдымен тамылжыған табиғат көріністері, көл айданына көрік қоскан аққулар суреттелген әсем шумактар оқылады.

... Аққулар...

Ақку мойын, сұмбе қанат,  
Алаңсыз тарануда күнге қарап.  
Айданың еркелері, білмей тұрмын,  
Етермін тәгдышыңды кімге аманат?!

Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!  
Бір мамығы майысса ауырсынып,  
Тарақ етіп тұмсығын, тарайды кеп,  
құм тұрса да бір түйір ауырсынып,  
Жаны сұлу ақ еркем,  
«Ары сұлу».

Сұлулықты сезінудің, аялай білудің, мейірім мен қайырымның жаратылышқа, өмірге деген махаббаттың Мұқағалилық үлгісін бір тамашалап алып, негізгі сюжетке көшеді.

Бала жастыр төсекте күйіп-жсанып,  
Баласының ана отыр күйін бағып...  
“... Мана, күндіз, тәуіп шал не деп кетті?!

әлде отірік, әлде шын демен кетті...  
- Аққуменен баланы шастаңдар,  
Деді дагы жәйімен жонеп кетті...”  
Ана жаны екі ұдай хәл кешуде. Қасиетті құсқа қалайша

ок атады? Бір ойы: “Айналайын акқудың қанатынан, кайтеміз, ол да адамға бола туған”, - дейді. Күйеуі айтқанына қөнбейді:

- *Апыр-ай, қалай барам, қалай барам??!*  
*Атартын аққұ құсты қалай гана??!*  
*Айдынның аққулары ұйықтағанда,*  
*Өрген мал, өскен шырша абайлалған,*  
*Барлығы қасиетке қарайлалған,*  
*Оқ атам қасиетке қалай гана??..*  
*Бармаймын, бара алмаймын, қалай барам??!*

Перзент үшін жаны шырқыраған, сай-сүйегі сырқыраған қайран ана Жетімкөлге түн жамылып, өзі аттанады...

- *Жалғыз ұлдан артық па, жсалған бәрі!*  
*Балам өлсе бақыттың керегі не??!*  
*Топан су басып кетсін қалғандарын*  
... *Мылтықты әке!*  
*Атты ертте!*  
*Жалған бәрі!*

Айдында ұйықтаған аккулар, жағадағы мылтық ұстаған ананың жағдайы, шүріппенің басылуы, акқудың жайрауы – осының бәрі өлең тілімен қалай әсерлі баяндалғанын сезіну үшін поэманды оқып шығу керек. “Жетім қөлдің қайғысын бастан кешкен, көріп-біліп, таныпты тастар да естен”. Тастандарды да естен танғызған осындай қанқұйлы көрініс, ана басындағы трагедиялық жағдай көпті көрген жылқышы қарияның мына сөздерімен күшейтіле түседі.

- *Әй, балам!..*  
*Болмады гой, болмады гой...*  
*қасиет кетті қөлден, сорлады гой.*  
*Тәуіптің айтқанының бәрі өтірік,*  
*Атқа мін, ауылга қайт, олжсаны қой!..*  
*Мін атқа, қайт ауылга тағат қыл да,*  
... *білмеймін, сор аттың ба, бақ аттың ба??!*  
*Аққуга кезенерде ырым жасап,*  
*Тым құрыса саусагыңды қанаттың ба?*

Тау басында жылқы баққан дана шал дұрыс айтыпты. Ана үйіне оралғанша, бала бұл дүниемен қош айтысқан.

Мектеп окушылары қойып жүрген көрініс осымен аяқталады. Мұндағы мақсат жастарға экологиялық тәрбие берумен шектеледі. Табиғатты аяландар, сұлулықты бағаландар, қасиетке қол көтермендер дегендей... Иә, бастапқыда жүрттың бәрі поэмани осылай қабылдады. Поэма сондықтан да жарық көрді. “Қазактың қара өлеңі – құдіретім, онда бір сүмдүк сыр бар естілмеген”, - деген еді Мұқағали “қара өлең” атты жырынды. Байқаған адамға сол “Сүмдүк сыр” оның бүкіл шығармашылығының, соның ішінде осы поэманиң да алтын арқауындай.

Өз басым Мұқағалиды алғаш таныған күннен бері қарай осы поэмани әлсін-әлсін қайталап оқуды әдетке айналдырғанмын. Бірде сөзбен суреттелген табиғат сұлулығына сұктансам, бірде рухани байлықта тұнып тұрған шетсіз-шексіз мәдени мұрамыздың бір саласы – ұлттық салт-санамыз, халықтық игі дәстүрлеріміз, қасиетті құндылықтарымызбен табысамын.

Оқып қараңыз:

*Қайсы бір қыын-қыстау ай, кундерде,  
Шойырылтып, түссе-дагы қайғым – белге,  
Алаңсыз аққуымды атпасын деп.  
Жатқа да дастарханды жайдым төрге,  
Аққулар үйиқтаганда айдын көлде...*

*Үрпақтан үрпақ алып жалықпастан,  
Сондай бір дәстүр бар-ды қалыптасқан.  
Заманнан заман өткен, жаңарған жүрт.  
Аққуын айдын көлдің налытпастан  
Дәстүрін аттамаған, анық басқан.  
Сондай бір дәстүр бар-ды жарық шашқан,  
Бір үрпақ бір үрпаққа алып қашқан.*

Мұқағали өмір сүрген, калам тербереген өткен ғасырдың орта шені – коммунистік идеологияның әбден пісіп жетілген, дамудың шырқау шынына жеткен, ұлттық құндылықтарымызды жермен-жексен етіп, әбден аяққа таптаған, қасиетті дінімізді қорлаған, ділімізді адам танғысыз дәрежеде өзгерткен, тілімізді шұбарлаған, тіпті

одан айыруға шақ қалған бір кезең еді. Осыны қөзімен көріп, жүргегі езілген ақын қазак қоғамының бар қасіретін (трагедиясын) поэзия тілімен осылай өрнектеді және оны өз атымен “қасырет” деп қаймықпай атады:

*Қасиет!..*

*О, қасірет!*

*Осындай ма ең?!*

*Сорымның қалыңдығы шашымдай ма ең?!*

*Қасиет!..*

*Қасиеттер ұшып кетті,*

*Қасірет!..*

*Қасымдагы досымдай ма ең!..*

*Қасиет... қасірет...*

*Қасірет... қасиет...*

Мұндай сөздерді айту (сол кезенде) тек Мұқағали-дың қолынан ғана келді. Оның ұлылығы осында. Ол кезде “қасірет” деп айғайлау түгілі, қайғы-мұн жайлы өлең жазудың өзі киын-ды. Мұқағалидың әдеби ортадан шеттетілуі кездесік жағдай немесе “ішкіштігіне”, “еркелігіне” байланысты емес. Біз әлі күнге осының байыбына бара алмай қала беретініміз рас. Ол сол кездегі қоғам үшін “қауіпті элемент” болатын. Әсіресе, жастардың санасына ықпалы өте зор-тын. Егер Мұқағали ұран салып “лидерге” айналса, бүкіл студент жастар қауымы оның ізінен ойланбай ерер еді. Билік, міне, осыдан өлердей қорықты. Кейде ойлаймын, ақынды қоғам назарынан жырап ұстаяу, оған “ішкіш”, “бұзық” деген атақ тағу әдейі үйымдастырылған тірліктер емес пе еken? Ақын күнделігін оқығанда, осылай ойламауға шараң да қалмайды. Қасында бірге жүрген қаламдастарының өзі әлі күнге ақынның ішкені туралы айтумен шектелетініне тан қаламын.

“Ақкулар ұйықтағанда” поэмасынан қылаң беретін тағы бір сыр – отызыншы жылдарда басымыздан кешірген канды нәубет. Ақкуларынан айырылған “Жетімкөл” маған сол кезенің жанды бейнесіндей елестейді. Жетімкөл – сол кездегі қасіретті казак елі болса, көлдің қасиетіндей ақкулар – қазақтың озық ойлы зиялыштары, ұлттың бетке

шығар қаймағы – Алаш азаматтары емес пе екен?!

Поэманың эпилогына назар аударсаңыз, ақын дәл осыны мензегенін емеурінмен түсіндіріп тұрғандай...

... Сол кеткеннен мол кеттім, оралмадым,  
Жерді аңсаймын...

Жалғыз-ақ сол – арманым.

Қын екен кимасың екі бірдей,  
Көз алдында ғайып бол жоғалғаны...  
Көрдің бе бір-біріне дөп келуін,  
Бір қырық бір қырықпен шектелуін?  
Балам-ай, мына өмір-дарияның,  
Білмейсің қайда екенін өткелінің.

Сыр “Сол кеткеннен мол кеттім, оралмадым” деген қатарда жатыр. Аққу – зиялыштарымыздың атылғаны атылып, сүйектері қайда қалғаны белгісіз болса, Мұстафа Шоқай сияқты азаматтар шетел асты. Сол кеткеннен оралмады. Олардың аянышты тағдыры “Жерді аңсаймын... жалғыз-ақ сол арманым” дейтін қатарда түр. Егер автор поэмадағы оқиғаны өз атынан баяндаған болса, туған жеріндегі “Жетімкөлге” барып қайту киынға сокпас еді. Ал кейіпкердің бұған қолы жетпейді. Қала берді ол эпилогтағы сезінде көлді емес, “жерді аңсаймын” дейді. Ал “жер” деген сөз “ел” деген сөзben мағыналас. Адам өз Отанын “елім” деп те, “жерім” деп те айта береді.

Ақын жанын өмір бойы өртеген күйікті арман мына шумақта жүр:

... Оралмады аққулар осы маңға,  
Жылдар өтті байгүстар шошынған ба?  
“Жетімкөл” жетімсіреп қала берді,  
Арман-ай, аққуымен қосылар ма?!

Байқағанға Мұқағали жырларында “шөлдедім” деген сөз жиі кездеседі. Ақынның Жетімкөл – жүргегі елдік қасиеттерімізге, мейірімге шөлденеп өтті ғой. Бірақ, сол жүрек оптимизмге толы. “Күрең күз” атты өлеңіндегі мына шумақ соның дәлелі:

Жыртылып жатыр күрең жер,  
Күрең жер – тозған кілемдер.

*Күрең тау анау, күрең бел,  
Күрең бел – жиган кілемдер.  
Жаз көтер және жап-жасыл,  
Жасауын жердің түгендер.*  
Әдебиет мұғалімдерінен поэманды осы тұрғыдан түсіндіруді өтіне отырып, мақаламды аяқтаймын.

### МҰҚАҒАЛИ ӘЛЕМІ

**М**ұқағали әлемі... әлем дегеннен шығады, тек данышпан, ақын-жазушы, ғұламағалымның ғана емес, бұл жарық дүние есігін інгәлап ашқан әрбір пендениң өз әлемі бар. “Адам деген – ардакты ат”, – депті пролетариат жазушысы М. Горький. Дегенмен, жұрттың бәрі бірдей сол атты ардактап та, ардақтатып та жүрмегеніндей, әр адам өз әлемінің де түрін толық түстеп, байыбына терең бара бермейтіні де ақиқат. “Адамды заман билемек, заманға жаман күйлемек, замана оны илемек” – деген ұлы бабамыз Абай сөзінің төркініне үнілсек, қай заманда да “адамның басы Аллаұтың добы” болғандығын мойындауға лажың жоқ. “Зар заман ақындары” – деп жүрміз фой, бірақ қай заманың да ақын үшін, данышпан жандар үшін жай заман болмағанын, қашалықты қой үстіне бозторғай жұмыртқалады дегенмен, сол заманың өзіне тән зары мен ауыртпалығы болғандығын жоққа шығара алмайсың. Осы зар, осы мұн қашан да ақын жүргегі арқылы өткен. Еліміз егемендік алып, тәуелсіздік таңы атты, өркениет биігіне өрлең барамыз дегенімізben, бұл заманда да ойынды ойсыратар, сананды сансыратар сан тарам сайкымазақтың, құбыжық құбылыстардың күесі болып жүргеніміз өтірік емес. Кешегі түпке шөккен күл-коқыс бетке шықты, ұры-қары байлықтың қадірі кетті. Жаузакын қызың – жезөкше, балауса ұлың – қатігез. Атаның аузынан – дуа, әженің аузынан – әлди кетті. Жырың – тақпақ болды, шығарман – шатпақ болды. Атала сөздің қиуы кетті, тентекті тезге салып тыиуы кетті. Бактан бұлбұл кетіп, қарға карқылдады.

Айта берсөн – бір түнге таусылмайтын әңгіме. Тек ақырын берсін, жақсылығын жақын қылсын деңіз. Осының бәрін жүргегінен өткізген ақын қалай, қайдан шабыт шақырысын?! Осыларды айтып ЫСрайыл ақынға (Сапарбай) шағынғанымда, ол маған былай деп кеңес берді: “кай заман да онай болмаған. Жамандықты қаузай берсөн, бірте-бірте тұнғиғына батып, шыға алмай қаласың. Біздің міндетіміз – тұнектен де нұр іздеу. Қараңғы кеуделерге сәулеле түсіру.

Жылап келіп, келмейді жылап кеткім,

Ол ғұмырды келеді бір-ақ тепкім.

Жамандық жақсартып,

Жақсылықты

Онан сайын келеді қуатты еткім”,

– дейді ғой Мұқағали. Жамандықтар жанынды жаныштамас үшін, одан биік тұрған ләзім. Ақын өз әлемінде жасағаны дұрыс. Иә, өз әлемінде... Ол әлемді өзің жасап аласың. Науаиы да солай еткен. Өмір бойы үйленбей, жарсыз өткен ұлы ақын Гули сынды қиялышындағы әсем бейнені таңдап алып, соған өлердей ғашық болған. Содан ұрпактан-ұрпакқа мұра болған ғажап жырлар туған. Сол жырлар арқылы шыбыны бардың жүргегіне сезім сәулесін түсірген. Төлеген Айбергенов те кеңестік идеологияның тепкісіне қыңбай, ой-арманынды асқар биікке жетелейтін оптимистік жырлар жазған, казаки рухты асқақтатқан”.

Мұқағалидың да өз әлемі бар, бірақ бұл әлем жоғарыда біз айтқан әлемге мұлде ұқсамайды. Мұқағали әлемі – мұн әлемі.

*Жүргенім жсоқ қайғының жүргін артып,*

*Ер сүрінсе еңкеймес, жығылар тік.*

*Бөліп, жарған қайсыбір қуаныштан,*

*Ойландырған оңаша мұңым артық.*

Ақын мұны – күиделікті күйбен тірлікten пәндауи сыбағамызды айыра алмаған біздің күйкі мұңымыздан басқашалау мұн. Бұл мұн адамзаттың арманымен астасады. Ал, адамзаттың арманы – “Адам деген ардақты атты” өз биігінен көру. Мұқағали мұны бір ғана XX ғасырдағы өмірмен, кеңестік идеологияға көнілі толмаумен ғана

шектелмейді. Оның мұны әділеттің, шындықтың “Жан азасына” ұласады. Мұқағали мұны – өмірдің өзі, оның тенденсі жоқ терең пәлсапасы.

Мұқағали әлемі – зұлымдық пен жауыздықтан, қаралық пен пенделіктен ада, биік, пәк әлем. Біз әлі бұл әлемнің бір пүшпағын ғана толық зерттей алғанымыз жок. Мұқағали биігінің етегінде, баурайында жүрміз. Оны өзіміз де сезінеміз, мойындадық та. Сондықтан оған ескерткіш орнаттық. Сондықтан “Мұқағали” дейтін журнал аштық. Сондықтан да “Мұқағалитану” дейтін ғылым тарауына негіз салып жатырмыз.

*Көрмеймін! – дейсің,*

*Көрмесең, мейлің, кормегін!*

*Көретін көкten Тәнірім емес сен менің.*

*Көрmedің, мейлің, көңіліңді маган бөлмегін,*

*Мен-дағы қарап өлмедім,*

*Тұсіңнен, бәлем, шошытар,*

*Мендері леп, мендері үн.*

Міне, бұл – алыш-косары жоқ Мұқағали мінезі. Ол тірлігінде ешкімге: “Мені көр, мені түсін, мені бағала” деп кішірейген жоқ. Айтпағын тек тұспалмен, емеурінмен ғана білдірді. Бірақ, біз оны ұқпадық, ұғуға тырыспадық та. Ол біздің ұғуымызды керек те етпеді, беретін бағамызға түкірген де жоқ. Себебі, ол бізге беймәлім өз әлемінде жасады, сол әлемге кіруге біздің әліміз де, өреміз де жеткен жоқ. Біздің өреміз Мұқағали өлендерін сынауға жетті. Өлендері “көкжасық, жылауық” дедік. “Кеңестік жарқын, ғажап өмірді жырламайды” дедік. “Пессимист ақын” дедік. Өзін “маскүнем, берекесіз жан” дедік. Мұның бәрі Мұқағали әлемінің жаңында көк тыынға тұрмайтын эсіре пенделік болатын. Кеңсенің жұмысы колынан кетсе күнкөрісі қаран қалатында, бастығына жағынып күн көрген кейбіреудің ұсақтығы, өмір бойы Жазушылар одағына мүше болуды армандалап, бола калса қазақ әдебиетінің бір пүшпағында жүргеніне шүкірлік ететін кейбіреудің өлермендігі, мұның бәрі – Мұқағали өз әлемінің тазалығына бола тәрк етіп кеткен нәрселер.

*Маган жат құр қуаныш, арам қайғы!*

*(Біліт тұрмын, білгішім жамандайды...)*

*қалаі шалсам екен дең ескі досым,*

*Күні-түні тыныштық таба алмайды.*

*... Айта келіп адам мен заман жайлыш,*

*- Ақын өлді, өлді, - дең хабарлайды.*

*(Кандидат бол сапарын тәмамдайды...)*

*Өз әлінше әркім де самған қалар,*

*Өз әнімен әркім де сарнап бағар.*

*Жаман өлең көп менде, қауіттенбе,*

*Жаманда да, ақынды ал, ду, бәтишагар...*

“Жамандайды”... “Кандидат бол сапарын тәмамдайды...”.

қандай ауыр сөздер. Миңе, Мұқағали көрген сынның сиқы, ғылымның мұраты! Осыдан кейін “қазақ әдебиетінде сын бар ма?” – деген сұраққа жауап іздең бағызыз. Бұл тұрғыдан терендей берсек, айтыла-айтыла жауыр болған әңгіменің арнасына түсіп кетеміз. Мұқағалиды да, басқа дарындарды да алдымен әріптестері мойындаған жоқ, халық мойындады. Тәуелсіздік таңында елдің әнұранына байқау жариялағанда, жүздеген ақын өз туындыларын ұсынды фой. Соның ішінен Жұмекен мен Шәмшінің “Менің Қазақстаным” атты әні дайын әнұран фой дейтін бір мәрт табылмады. Әркім өзінікі өткенін қалады. Басқа мәтін қабылданды да. Бірақ, халық қабылдамаған соң пайдаласы не? қай жиынды да халық “Менің Қазақстаныммен” аяктады. Сол сияқты, Мұқағалиды да халық көтерді, жастар пір тұтты. Жазғыштар ішкіштігі туралы баса айтуга, сендеруге тырысқанымен, ақын поэзиясына табынатындар оған шан жүқтүрмады, арамдардың арандатуынан арашалап алды. Оның ішкенін де, жокшылықпен өткен жұпның өмірін де, коғамнан көрген қағажуын да “ар жолындагы құрбанға” (орысшасы “мученик”) тенеді. Және өте дұрыс істеді.

Мұқағали өз кемшилігін өзі білмейді дейсіз бе? Мәселен:

*Туган халқым!*

*Қатемді кешір менің.*

*Сенің арқаң – сескенбей, есіргенім.*

Егерде жырың болмай, ұлың болсам,  
Алақанға саласың несін мені.

Немесе:

Сый сұрагам жасыңан,  
Мейір күткем қартыңан.  
Еркелен ем сендерге,  
Емін-еркін шарқ ұргам.  
Екенмін гой антүрган,  
Сөз өргізіп артымнан,  
Арыла алмай келемің,  
Бала күнгі қалтымнан.

Немесе:

Айтыңдар

Қайсысың бар ардақтаган,  
Таразыга тең қойып салмақтаган?  
Басылған маңдайына қарғыс таңба  
Карауга жсан баттаған.  
Жаталақ емеспін мен жалбақтаган,  
Қыранмын екі көзін қан қаптаган.

Иә, Мұқағали дүниеден пәк, сәби күйінде өтті. Мына өлнедері өзі өлген соң жарияланған.

Ол осы пенделік өмірге өз әлемінің биігінен қарады. Сәби, періште көзімен қарады. Бес күндік жалғандағы пенделердің пасықтығын, қараулығын, күншілдігін, сатқындығын түсіне алмады. Арзан атакты, арзан қызықты, әсіре мақтанды малданбады. Барлық адамды өзіндей көрді. Өзгелерден де соны күтті, іздеді, бірақ таба алмады. Көп нәрсені кеш ұғынды. Амал қанша!

Жүре-жүре мен өмірге қанықтым,  
Өмір сырын жаңа біліп, жаңа ұқтым.  
Қызбатаптық күндерімді ұзатып,  
Енді, міне, әке бол та қалыптын.

Енді, міне, ұлым маган қарайды,  
Өткір көзін өңменіме қадайды.  
Көп қателік жіберіппін, амал не?  
Кешір, ұлым, мойынадым, жарайды!

Дегенмен, ол қателік жіберген жок. Шын мәнінде әркім осылай өмір сұру керек. Ұлы адамгершілік таным-түсінік, мұрат, адами, ұлттық құндылық тұрғысынан қараганда солай. Бірақ, өмірдің аты – өмір. Бес саусақ бірдей емес. Өзін ар, адамдық жолында құрбан еткен тұлғалар болмаса, адамзат өмірі азғындық тығырығына тірелер еді. Иса “крестке” шегенделмесе, Мұхаммед дүние ләззатынан баз кешіп, құранды уағыздамаса, Иассауи қылуетке түспесе, Магжан, Қайраттар атылмаса, асылмаса, зұлымдық үстемдік құрып, ақырзаман аранын ашар еді. Құдай бәрін көріп тұр ғой. Мұқағали да алдымен құдайға, содан соң халқына сенді.

*Сананы сары уайым сарқылтқанмен,  
Тынысты тұйық тұман тарылтқанмен.  
Үзбеймін күдерімді жарықтан мен,  
Үзбеймін күдерімді халықтан мен.*

*Қақым жоқ тағдырыма қалтылдарға,  
Қақым жоқ болашаққа салқындарға.  
Сенемін, түспек емес нарқым дауга,  
Сезетін жүргегімді халқым барда.*

Әулие ақынның айтканы келді. Халқы сенімін актады. Ол 80-ге толады. Токтамұрат Қайыпов сынды қариялар жырын жатқа оқып жүр. Қандай бақыт! Мұқағали әлеміне әркім бір қадам жақындаса, ақырзаманның ауылы бір қадам алытай түсер еді-ау!

Сол күн келер ме екен?!

## Мақатаевқа ден қойған орыс қызы Мария



Алматылық суретші Мария Пальчикова Мұқагали шыгармалары бойынша сериялы графикалық туындылар жасасаған. Ақынның «Зов души» атты өлеңдер жинағын мұқият түсініп оқып шыққан. «Мениң байқаганым, ол Мұқагали философиясын ұғынуға тырысқан», - дейді Марияның үстазы Т.Қожагұлов.

Сериялы туындылардың бірі «Кыз деген құргыр сағыныш» атты шыгармасын назарларыңызға ұсынып отырмыз.

## Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ



Эдебиеттануши, онертануши галым.  
Жетісу әндері мен күйлерінің шығу тарихын  
және ел шеңжіресін көнін зерттеп жүр. Қодек  
ақынның мұрасын жинауга, оны кітап етіп  
құрастыруға еңбек сіңіргендердің бірі. Қазір де  
шыгарнашылық ізденістер үстінде.

КазҰУ-дың журналистика факультетінің  
кафедра менгерушісі.

## ӘР ӨЛЕҢІ ӘНГЕ АЙНАЛҒАН

Казірде ұлы ақынның әр өлеңі әнге айналып бара  
жатыр. Мұны еш қазақ жокқа шығара алмайды.  
Бір қызығы, ол көзі тірісінде әнге өлең шыгарсам, әнмен  
бірге өлеңім елдің аузында жүрсе, сөйтіп атым, атағым  
жүртқа жайылса деп жанталаспаған. 1974 жылы «Жазушы»  
баспасынан жарықкөрген «Әншырықайық» дегенән мәтіндері  
жинағынан оның бірде-бір өлеңін кездестірмейсіз. «Тағы  
бір жырыма жыл, Жырыма жыл – шынымен киын ба бұл?»  
деп алпысқа келуді армандаң жүргенде өлшеулі өмірінің  
сағаты жақындағанын сезді ме екен, 1975 жылы қаңтар  
айында Нұрғиса ағасына: «Нұраға! Мен осы уақытқа дейін  
әнге өлең жазып көрмеген ем. Биыл Женістің 30 жылдығы  
ғой. Ауруханада жатып неше түрлі ойға батамын. Откенде  
еске түсірсем, сонау дүлей соғыстан жалғыз баласын күте-  
куте күрсініп, ақырында көре алмай, кайғыдан көз жұмған  
бойдақ аналардың талайын көріп едім. Соларға арнап  
«Сөнбейді, әже, шырағың» деген мына бір өлеңді жазып  
едім. Егер көңілінізден шықса, осыған ән жазып көрерсіз,  
ұнамаса, окпе жок», – деп хат жолдапты. Нұраган інісінің  
бұл тілегін қабыл алады да, ән шығарады. Одан басқа тағы  
бір ән шығарып, мәтінін Мұқана жаздыртады. «Болмасын  
соғыс, болмасын» деген осы ән мәтінінің 14 нұсқасын  
жазып көріпті, Мұқан жарықтық. Әнге, әннің мәтініне

деген жауапкершіліктің ғаламат үлгісін Мұқаң осылай көрсетіп кеткен.

Сол жылы қасиетіңен айналайын Нұраған, тау тұлғалы талантты інісін үйіне шақырып алғып, шығармашылық жұмысқа бірлесе кіріседі. Кайталаңбас кос алғып бір бөлмеде отырып, мәнгі өлмес мұраларды өмірге әкеледі. «Мейлі наныңыз, мейлі нанбаныз, сол жолы Мұқағали екеуміз тұра 30 күн бойы біздің үйде өндіре жұмыс істедік. Мен отыздан аса ән шығардым. Ал ол сол әндердің бәріне мөлдіретіп тұрып өлең жазып шықты», – деп еске алады кейін Нұраған.

Бірге сокқан қос жүректен сол күндерде туған әндердің катарында» Саржайлау», «Сөнбейді, әже, шырағың», «Кел, еркем, Алатауыма», «Домбыра – досым», «Болмасын соғыс, болмасын» секілді біртуар туындылар бар. Талантты жүректер тоғысынан туған ол шығармалар казак музика өнерінде де, казак поэзиясында да әнге мәтін жазудың, мәтінге ән шығарудың ғажайып үлгілері ретінде әр санада күн сайын қайта жаңғырып естіледі бүгін.

Отырар ауданы Балтакөл ауылшының перзенті Қыдыrbай Аманжолов деген ауыл шаруашылығы ғылыминың кандидаты елуден асканда ән шығарумен айналысты. Біраз әндері Н.Нұсіпжанов, С.Нұрмағамбетова, Р.Стамғазиев, С.Қалымов секілді әншілердің орындаудында эфирге шыкты да. Ол аз десеніз, Қыдыкенің Зжылда Зән жинағы жарық көрді. Сол кісі бір күні: «Маған өлең кітап берші, ән шығарайын» деді. Басқа кітаптардан бұрын Мұқағали ағамның жинағы қолыма түсіп, соны ұсындым. Бірнеше күннен кейін барсам, Қыдыкен Мұқағалидың бір емес, бірнеше өлеңіне ән шығарып тастапты. «Қалай?» дейді. Мен музика сыншысы емесмін. Эн бағасын әдетте халық береді. «Жаман емес» дедім көнілжықпастан. Бір-екі аптадан кейін тағы да ұшырастым. «Мұқағалидың тағы да елу шакты өлеңіне ән шығардым», – деп карап тұр. Мен танғалдым. Қыдаған одан кейін де Мұқағали өлеңдеріне ән шығаруды жалғастыра берді.

Мен бірде:

— Қыдаға, басқа ақындар өкпелеп жүрмесін, – дедім.

— Оу, Мұқағалидың әр өлеңі ән сұрап тұrsa қайтемін, – дейді.

Ойланып қалдым. Шындығында да, Қыдыrbай өз атын Мұқағалидың қасына жазып, тарихта қалдырығысы келсе, бір-екі ән де жетпей ме? Демек, Қыдыrbайды магнитше тартып, санаасы мен сезімін жетелеп алған Мұқағали өлеңдерінде ұлы тартылыс күші бар. Ол күштің куатын ешкім ешқандай заттық өлшеуішпен өлшеп бере алмайды. Ең басты өлшеуіш – Мұқағалиның халқына құлай берілген маhabбаты, өмірге деген құштарлығы, жаратылысқа ынтызарлығы, адамзатты алаламай, жақсы көруі:

*Барлығы да менікі,*

*Мына дәуір, мына өмір,*

*Мына аспан, мына күн,*

*Мына мұхит, мына жер –*

*Мына менің тұрагым,*

*Барлығы да менікі.*

*Жүлдыздардың шырагы –*

*Жердің ұшқан сыңары.*

*Еділ, Жайық, Дон, Дунай,*

*Қарасаздың бұлағы, –*

деп бүкіл жұмыр жерді жүрегінде, бар ғаламды бауырында әлдилеген ақынның әр өлеңі ән сұрамай қайтеді?!

Сондықтан да ұлы композитор Нұрғиса Тілендиевтен талантты сазгер Тұрсынжан Шапайға дейінгі жұмыр жердің бетінде ән шығаруға қабілеті бар қазақтың бірде-бірі Мұқағали поэзиясына сокпай өтпейді. Осы ақиқатты мойындаған адам мына шындыққа да келіседі: Мұқағалидың поэзиясына барлық ән шығаратындар ғана емес, бүкіл ән тындаушылар ынтық.

Сол ынтызарлықтың, яғни Мұқағали мәтіндері мен ән шығарушы қәм тындаушылар арасындағы ұлы тартылыс күшінің қайнар көзі қайда? Окушы қазақ былай тұрсын, құлағы тесік кез келген тындаушы қазақты өзіне баурап

ала коятын Мұқағали мәтіндерінің сиқыры неде? Бәлки, ол ән мәтінін іштей әндептің отырып шығаратын шығар? Кім білсін, сөйтсе, сөйткен де болар. Бірак үнемі әр өлеңің сондай бір өзіндік тәсілмен дүниеге әкелді десек, ақынның мың сәтін бір сәтіне айырбастап жіберген болмаймыз ба? Гәп басқада. Гәп – Мұқағали жөргегінде табысқан, узында жарыған казактың кара өлеңінде. «Қара» деген «ұлы», «ұлken», «қасиетті» деген мағына беретінін бәріміз білеміз. «Қара өлең» тіркесінде ондай ұғымдармен бірге «жүрттың бәріне ортак, екінің бірі билетін өлең» деген де мағына бар екенін ескерген жөн. Демек, Мұқаң сол екінің бірінің жүрегіне жол ашар «күпі киген казактың кара өлеңін шекпен жауып өзіне қайтарғандыктан» да үтгінде қазактың бәрі Мұқағали мәтініне жазылған әннің кез келгенін, ол мейлі ойлауық, мейлі зарлауық, толғауық, мейлі бойлауық болсын, қандай сапада шығарылса да ең әүелі сезіне құлақ түреді. Өзінің басындағы бар сырды, көніліндегі мұнды көреді. Жүрек түбіндегі екінің бірі дөп баса бермейтін перненің үнін естиді. Санасындағы өмір салған соқпақтың ізін табады. Мұқағали танымы мен тындаушының түйсігі сол мәтіндерде жарк еткен бір нүктеде тоғысады.

Мұқағалидың мандайына ән шығару жазылса, ол сөз жок, ұлы композитор болар еді. Әйткені, оның қанында сонау ата-бабаларынан келе жаткан фольклорлық мұраларға тән синкреттілік ағыны, яғни бірнеше өнердің тоғысы (музыка мен поэзия тоғысы) бар еді. Заманына қарай Алла тағала Мұқағалидың бойындағы көнеден келе жаткан музыка толқынын қанында калдырып, жүрегінде жыр тасқынын тулаткан. Сондықтан да Мұқағали шығарған кез келген ән мәтінінің өзегінде музыка ырғагы толқып жатады.

Мұқағали кайтыс болғаннан кейін Нұрғиса аға қатты күйзеледі. Жүрегі әлсіреп, екі айға жуық ауруханада жатады. Арада екі ай өткен соң жұмысқа киетін бешпеттің калтасынан хат шығады: «...Аға, мен ғой. Дертім қозып барады, не боларын білмеймін. Мынаған назар аударып көрерсіз», – депті. Ол – «Есіңе мені алғайсын» деген өлеңі еді...



## Батық МӘЖИТҰЛЫ

Нарынқол және Шелек аудандық газеттерінде, республикалық «Ақиқат» журналында, «Егемен Қазақстан» газеттерінде қызметтер істеді.

Казір республикалық әдеби-мәдени, таныныдық «Мұқагали» журналының бас редакторы.

## МОНОЛОГ

### *Мұқагали ақынның рухымен сырғасу*

**А**ссалаумағалейкүм, Мұқагали аға! Откен күнде токтау жоқ.

Егер тірі болсаңыз, сақал, шашы ағарған көсегелі қарияны көрер ме едік? Осылай деп, көзіме елестетуге тырысқанмен, түк қисыны келмейді. Менін ойымдағы бейнеңіз баяғы қалыпта.

Бусанып, буырқанып, шалқып та толқып, иыққа түскен қылаусызың қара шашынызды артқа қарай бір сілкіп, ақыл дарыған ай мәндайынызды жарқыратып, қыран жанарынызбен дүние болмыстың құпиясын сүзіп, өмір-өзеннің ағысына қарсы қайсарлана жүзіп және ол сіздің табиғатынызға ғана жарасып, Алматының көшесінде кетіп бара жатқандайсыз.

Алты алаш сізге бекер тәнті болған жоқ. Жырларынызбен біте қайнасты. Мәселен, мынау өлеңдердің иесі сіз болғанмен, ондағы ой мен сезім біздікі. Соңдықтан жатырқамадық. Өз-өзінен жатталып, көкейімізге орнықты.

Себебін айтып көрейін. Таланттының аз-кемдігіне қарамай, адамның толқыныс күйі бірдей ғой. Бірак, қаншалық қуансақ та, қаншама мұнайсақ та, сагынып-сарғайсақ та, қалтырап тоқып, немесе күйіш жансақ та – сезім дірілінің ыргағын сіз секілді баяндал жеткізе

алмаймыз. Сондықтан шерткен жырынызды бәріміз кәдеге жаратып пайдаландық.

“Рахмет саған, айналайын, ақын! Керегімді өлеңдерінен таптым. “Тілсіз тілді” сөйлеметтін. Мениң жүрек сырларымның үні мой мынау. Оған өзім де сендім, өзгені де сендірдім”, – дед қуандық.

Шынайы ақындық қуаттың тылсым күші өзгеше. Бойды баурады, ойды жаулады. Жалпақ жұрт соны қапысыз анғарды. Ондай шығармаларға лайыкты бағасын берудің өзі бақыт. “Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын”. Десек те, сонын сәті тірі кезінізде түспей-ак қойғаны. Өзініз туралы ақиқаттың айтылғанын өзініз естіп үлгерген жоқсыз. Оның алғаш рет қазанама сөйлемдерінде баяндалғаны қандай өкінішті!

Afa! Сіз өмірден озған сол бір азалы сәт ерекше есте қалды. Сүйікті ақынын соңғы сапарға шығарып салуға келген жұрттың санында шек жок. Қала студенттері бір күн сабактарына бармады. Қаралы көшке ілесіп, Кеңсайға қарай беттеген, сізді жоқтаған мындаған оқырмандарынызды көріп таңырқадық.

Кейде, “Әттең, менің насиҳатым жоқ, насиҳатталғанда гой, әлдекашан атақты болатын едім” деген секілді күйгелек сөздерді естіміз. Мына күймен салыстырып қарасақ, ол да бір татымы жоқ нәрсе екен. Нағыз ақын үшін насиҳаттың көкесі – өлеңі. Өлеңі қандай биікке көтеріледі, тұғыры тура сол жерде. Қызығыштың қызыл итін мың жерден ырылдатса да, оны итеріп ешқашан төменге құлдилата алмайды. Сондықтан гой сіздің: “Өмір сахнасына алған занды билетім бар, Занды орныма таласамын”, – дегенініз.

Талантты – талант таниды. Тірі кезінізде адальнан баға беріп, өрелі пікір айтқан Әбіш Кекілбаев болды. Алдымен 1969 жылы “Лениншіл жасқа” “Жүректен-жүрекке” деген адемі мақаласын жариялады. Содан кейін 1971 жылы “Жұлдыз” журналында “Өлеңнің көкжиегі” атты зерттеу сипатындағы очеркін жазды. Сонда төрт ақынды даралап, бөлек-бөлек атады. Олар – Қадыр Мырзалиев, Жұмекен Нәжімеденов, Мұқағали Мақатаев, Төлеген Айбергенов.

Автор сіздің “Қарлығашым, келдің бе?” атты жыр жинағынызға ерекше сүйінді. Абыздан толғанып, өлең кереметін сарапады. Ішінде жақсы шығармалары көп жинақтар, әрине, бар, арасында бірде-бір жаман шумак кірмеген кітап та болады екен. “Осындаи сиректің біреуі”, – деп Әбекен “Қарлығашым, келдің бе?” кітабын атады. Үшінші кітабынызбен-ақ дуалы ауыз қаламгердін шынайы ықыласына бөлендініз. Осыдан кейін назар аударып, сыншылар дүрілдететін шығар деп күттік. Бірақ, “көрмес тумені де көрместің” керін келтіргендей әдеби әлем жұмған аузын ашқан жок. Мән бермегендей, елемегендей сынай танытып, өзінің дағдылы жұмыстарын жалгастыра берді.

Аға! “Алайда өлтіре алмас өлеңді ешкім”, – дегенініз риясyz шындық. Нағыз жыр қайта туғандай түлейді екен. Сіз қалдырыған әр шумак ән сұрап тұрғандай. Өзім катысқан думан-тойдың сізсіз өткенін көрген жоқтын. Соның мысалына тоқталайын. Жақында бір топ қазақтармен танысып қалдым. Өскемен өңіріне құдалыққа барыпты. Не болды дейсіз гой, қызық! Құдалары ауылдың алты аузын ретінде өлеңдерінізді домбыраға қосып кезек-кезек шырқайды. Әншейіндегі орысшалау дағдының ұмытылатынын да сонда көрген. Нағыз поэзия ұлттық рухты асқақтатады.

“Ендігі кезек сіздердікі және оны Мұқанның өлеңдерінен бастайсыздар”, – деп қолқа салғаны. Ақын ағаны құмартып оқығанмен, оны жаттап алуға құнттымыздың болмағаны еске түсті. Мандаидан тер бүрк етті. Қателіктің орнын толтыру үшін қорытынды шығарып жатырмыз” – деп күлді елуді алқымдаған отағасы. Аға, менің танқалатыным: Қазақстанның кай түкпіріне барсақ та, сізді білмейтін алаштың баласын көрмедім. Және туған күніңіз 9 ақпанды баспасөз ешқашан елеусіз қалдырмайды. Жыл сайын мектептерде “Мұқағали күніне арнап” әдеби кештер өтеді. Бұл жайында жарлық шығарып, шешім кабылдап, нұсқау беріп жатқан ешкім жок. Бәрі де оқырманның өз еркімен үйимдастырылатын шара. Сізге деген халықтың суымас маҳаббаты.

Фаламат даңқын сыйлаған тағдыр, екінші жағынан сараптық та жасады. 45-ақ жыл ғұмыр кештің! Сүмдышқой!

Жақында бір туысқан менің жасымды сұрады. “Мұқагалидың ағасымын” – дедім қалжындалап. Эрине, жас жағынан мөлшерлеп айтып отырғаным.

Ал, не тындырдық, деген саяулға жауап іздесек, сіздің шенейінізге келу қайда?! Бірак пенденің аты пенде. “Мұқагалидан қай жерім кем?” – дейтіндер де табылады. Сіздің кітаптарыңыз беріңін кітаптарының санын салыстырып соған-ақ көңілі тоғаяды. Ақиқат таразысына өлшегенде, салмағының қандай болатынында шаруасы жоқ. Атактар мен марапаттарды аямай-ак түгендеп, денгейлесу жайын тек содан іздел жүргендер де бар. Алайда өзгеріп кеткен ештеңе жоқ. Оқырман өзі сүйеттің кітаптарды ғана сатып алыш жатыр.

Эрине, адам жарысуға хақылы. “Жүйріктен жүйрік озар”... Өмір – бәсеке. “Өлеңге әркімнің де бар таласы”. Бірақ, соның “ұлық болған сайын, кішік болатын” парасатты сипатта калыптасканына не жетсін!

Аға! Сіз бойдағы Құдай дарыткан киелі талантты тынымсыз еңбектің терімен суарып отырдыңыз. Осы арқылы өлеңге қызмет жасаудың ғұмырлық мақсатын дәлелдедіңіз. “Жырдан басқа халқыма не беремін, жырдан басқа халқыма не керегім?!” – деп өнер сарайының керегесіне қаланар өз орныңызды дәл таптыңыз.

Қарасазда туған, қатарласып жүріп бірге өлең жазған Еркін Ібітанов деген ініңіз бар. Сол кісі маған бір әнгіме айтты. “Мұқаң онда Қарасазда мұғалім. Ауылдың қарапайым ғана тұрғыны. Бірақ әдебиетке қызығуында тоят жок. Ұлттық мұраларды түгелге жуық зерттеп бітті. Бұдан кейін, орыс классикасына ауысты. Әлемдік дәрежедегі ұлы қalamгерлердің шығармаларын іздел жүріп оқыды. Кітап сатып алудан қаржысын аяған емес”, – деді.

Бұл – ұлгі алатын нағыз ұлағат. Шалғай ауданның шалғай ауылдында отырып-ақ құллі дуниемен тілдестіңіз. Және шығармаларды жай ғана қызықтап оқыған жоксыз.

Өрнектерінен үйреніп, ой санасына токызыңыз. Әлдеқашан академиялық білімге қол жеткізіп қойған сізді, дипломсыз деп айтуға ауыз бармайды.

Мына сипатыңыз кейде Абай атаңызға ұқсас. Мәселен, жазушы Марат Қабанбай “Ана тілі” газетіне жариялаған бір естелігінде, сіздің оқымыстығалым қариямен әңгімелескеніңді көлтірген. Сонда әлгі кісі: “Тұу! Өзінмен биіктігі бірдей көзқарастағы адаммен сырласқан да ғанибет қой!” – деп жадыраған екен.

Орыс тілін ана тіліндегі менгердіңіз. Зиялы адамға тән сауаттылықпен көп тіл білуді де армандаңыңыз. Осы жайында Қазақстанға енбек сінірген мұғалім Жұнісхан Құлмұханбетовтың қозғаған бір сөзі бар. “Елуінші жылдары. Орта мектепті бітірген соң Мұқағали екеуміз студент болсақ деп Алматыға аттандық. Мамандыққа байланысты шешімді Мұқан айтты: “Жұнісхан, еліміздің бүгінінен өртені биік. Мәдениетті адамдар солай етеді. Бір шет тілін білуге міндеттіміз. Екеуміз неміс тіл факультетіне барайык”, – деді. Дұрыс тандауға қалай уәж айтасың. Келістік. Мұқан емтихандардан сүрінбей өтіп шықты. Балым жетпей қалған маған: “Француз тілі факультетіне барасың”, – деді. Мен сонда кеттім”, – дейді.

Аға! Кез келгеннің еншісіне бұйырмайтын осыншалық біліммен, аялы таныммен орынтаққа ұмтылсаныз, ең кемінде бір ауданды басқарып, оның руханиятын да, экономикасын да өркендетіп жіберер едіңіз-ау деп ойлаймын... Айтпақшы сіз, ауылдық кеңесте хатшы, институтта комсомол үйымының жетекшісі де болдыңыз. Аз дегенмен, биліктегі қызметтің дәмін осылай етеп татып көргеніңіз бар. Бірақ бәрібір сізді өлең патшалығы өзіне тартты да тұрды. “Мен өмірді жырлау үшін келгенмін”, – деп кесіп айттыңыз. Соның нәтижесіндей, әдеби ортага “қартайып” қосылған жас ақын айналасы он-он бес жылдың ішінде ұлы дәүірмен иықтасып шыға келді. Тандауыңыздың құнын сонда түсіндік.

“Өз жүрегінің сағынышына қарыздар” (Т.Айбергенов) болған ақындық парызызы өтеу жолында Абай атаңызben

үндестіңіз. “Мен өлеңді жазбаймын ермек үшін”, – ұлы ақын айтса, сіз “Өлең жазу біреуге ермек шығар, Ақын болу не деген киын еді”, – дедіңіз. Абай: “Жүргегімнің түбіне терең бойла”, – десе, сіз: “Мениң нәзік жанымды кім түсінер”, – дедіңіз. Мұндай ұқсастық кездейсоқ та бермейді. Менің ойымша, сіз де Абай көрген биікті байқаған сияқтысыз. Соидыктан ғой: “Қалам тарткан казактың бәрі де ақын, Абай бірақ қайтадан тіріле ме?!, немесе, “Біз де өлеңді жазбаймыз ермек үшін, Жаздық ұлгі жастарға бермек үшін, Абай жақкан бір сәуле сөнбеу үшін”, – дегеніңіз.

“Өмірде ақындардың бәрі жалғыз”. Абайды құлазытқан жалғыздық айналып келіп сізді де тапты. Тұсауға қонбекен асаудай бұлқындыңыз. “Туады, туады әлі нағыз ақын!”, – деп келешек көкжиегіне зарығып тұрып көз салдыңыз. “Сол ақын бәлкім, Мұқағалидың өзі шығар”, – деп Сағат Әшімбаев болжам жасаған. Айтқаны айдай келді.

Әлі есімде, 1975 жылдың күзі. Алматы филармониясының залында композитор Нұрғиса Тілендиевтің есепті концерті болды. Онда негізінен сіздің өлеңдерге жазылған әндер орындалды. Бибігүл Төлегенова “Кел еркем Алатауыма”, Нұрғали Нұсіпжанов “Сарыжайлау”, Бақыт Әшімова “Сөнбейді әже, шырағын” әндерін айтты. Екі үлкен дарынның шығармашылық бірліктегі ғажайып жеңісіне күә болдық. Толқымаған адам қалмады. Жүйе-жүйе босап жанарлардан жас тамғанын сездік.

Өлең мен әуениң рухы бірігіп кеткен. Кейін естідік Нұраған екеуіңіз бір ай бойы ешиңдерсеге аландамастан тынымсыз еңбек етіпсіздер. Ол нәзік сезімдер мен терең ойлардың кауышкан нұрлы сәті екен. Шабытты шабыт биіктетіп, жеті кат көкке көтерілгендей әсерге бөлленгенсіздер. Өниер – тағдыр деген осы. Отызыншы күні “Сарыжайлаудың” мәтінін жылап тұрып жазғансызы. Үйден қалай шықаныңызды сазгер байқаған жок. Бұл – жыр-ғұмыр мен ән-ғұмырдың мәңгілікке ұласуы еді. Сізді халық өмірі көзінен таса еткен жок. Көргісі келетін, білгісі келетін. Айналаңыздан шықпайтын. Ресми емес кездесулерде толас жок еді. Мұндай ілтипаттарды тоқтату

мүмкін бе? Кафеде отырып-ак өлеңдеріңізben құлақтардың күршының қандырдыңыз. Бүгінгі Несілбек Айтотовтар сізден бата алғанына әлі күнге дейін қуанады. Өлең боп өткен сол дүбірлі сәттерді қазір қанша іздесем де көре алмаймын. Ұқсатып, қайталап көреміз десек жараспайды. Өлең әлеміне көзсіз ену сіздермен келіп, сіздермен бірге аяқталған сияқты ма, қалай?

Өлең жазғанның бәріне ақын деп айдар тағып жатамыз. Белгілі көрсеткіші жоқ осы құбылысты қалай нақты бағалауға болады? Алтыны қайсы, мысы қайсы? Оған көніл күйге байланысты айтылатын сан алуан сәттік пікірді қосыныз. “Абайдың өлеңін қазір аудандық газет те баспайды”, – дейтіндерді көрдік. “Құдайдан қорықпаганнан – қорық”. Мынандай дүмбіlez сөзден шынында қорқасың. Нағыз ақын деген ұғымға анықтама таба алмай аңырып тұрғанда, сіз былай дедініз.: “Дейсіндер-ау, Қасымның неси Қасым?! Ақынның деп қонақдап жүргендердің, Әммасынан Қасымның десі басым”. Енді түсінбейтін не қалды?

Aға! Сіз ұлы қаламгерлердің әрқайсысына құрметпен қараудан таныған емессіз. Бұл ықылас – “көп айтса көнді, жүрт айтса болдыдан” мүлде бөлек. Жүрек парасатымен, ақындық түйсікпен оларды дара таныдыңыз. “Қарадым сенің қола мүсініңе, Қоланы да болады түсінуге”, – деп Пушкинмен сырластыңыз. “Әй, Сергей, Сергей! Сергей! Сергей! Сергей! Түстім-ау, сергелденге мен де сендей”, – деп Есенинмен мұндастыңыз. Өйткені, солар естіген дыбысты сіз де естідініз.

Біреулер: “Немене, біз сонда, керенбіз бе?!” – деп дау айттар. Бауырым-ау, сені санырау деп отырган ешкім жоқ. Сабыр сақта. Құбылыс құпиясын әліміз жеткенше сарапап көрейік. Кейде тындаған әннің өзін нәшіне келтіре алмай, әтуерін кетіретініміз бар. Осындай қылықпен: “Құр айқай бақырған құлаққа ән бе екен?!” – деп Абайды да күйін-дірдік. Сөйтсек, мәселенің бастысы, жан дауысын тындауда екен.

Сағыныш пен арманның тілмен айтып жеткізе алмас сазы, қанша тырыссан да қағазға түспей қинайтын ырғағы

сол жан дауысында жатыр емес пе?! Осы үнді естіген бабалар жыры бізге де жетті. Бір ғана “Елім-айды” алайықшы. Қазақтың қасіретін, күйініші мен күресін, күгінға түскен тағдырын бірнеше шумақ өлеңге сидырып, өлмес мұрага айналдырған. Бұл – құдірет емей немене?!

Сондықтан сіз әлемдік классиканы қанып ішумен қатар, ұлттық ерекшелікті сактап, оны жаңа заманға сай әрлеп, түлетуге қатты көніл бөлдіңіз. “Қасиетінен қара өлең айналайын”, – деуініз әншейінгі қызбатап тебіреніс емес. “Ақынмын деп қалайша айта аламын, Халқымның өзі айтқанын қайталадым”, – деп кішіпейілді ұлдай сүйкімді сөйледіңіз. Егер ізденіс, білім, пәленбай үйрену – ұлтына қызмет етпесе, оның құны қара бақыр. “Күпі киген казақтың қара өлеңін, Шекпен жауып өзіне қайтарамын”, – деуініз өте орынды түйін.

Мықтылардың ұғым, түсінігі де мықты ғой. Абай, Мұхтар, Мағжандар орыс тілін үйренгенде, орыс болайық деп үйренген жок. Өзінде жоқты басқадан ала отырып, қазақтың әдебиетін классикалық биікке шығаруды мақсат тұтты. Егер қара сөзге, қара өлеңге осқырынса, қазақ мінезін бұлдіріп алатынын білді. Сол шаруаны сіздің де жан салып жалғастырғаныңызға тәнтіміз. “Қалқам, мен Лермонтов, Пушкин де емен, Есенинмін демедім ешкімге мен. Қазақтың қара өлеңі құдіретім. Онда бір сүмдыш сыр бар естілмеген”, – деп едініз, ұлылар сізге түк ренжіген жок. Қайта макұлдалап, бас изеп жымиды. Өзімен тен дәрежеде сөйлесе алатын біртуар өрелі талант оларға да керек.

Сіздің сүйіспеншілігінізде шекара жоқ. Тұған жерінің Қарасаз болса да, тұрган жерінің Қазақстан. Алатау, Алтай, Атыраудың бірде бір пүшпағын қалдырмай иемдендініз. “Барлығы да менікі, Қарт Оралдың койнауы, Қарқараның жайлауы”, – деп кең тыныспен демалдышызы. Оны айтасыз, “Мекен-жайым жер менің, Жерде жүрген акын деген пендемін”, – деп өзге әлемге үн қатқандай, арқанызыды алып планетаға тіредіңіз. Бұдан кейін сіздің артыңыздан шөп ертіп, ұсақ-түйекті бықсытуға әй, ешкімнің де дәті бара қоймас.

Ата көрген елдің баласындағы, қазақ әдебиеті алыптарын қадірлеп, касиеттеудің паркына жеттіңіз. Олардың өздеріне лайық тенеуін тауып мәртебеледініз. “Сізді керсем, жомарт бір күзді көрем”, – деп Габитке карадыңыз. “Абайдалам, көңілің жабықпасын, Мұхтар болып даңқыңды анықтасын”, – деп Семейге ғашық көзбен назар салдыңыз. “Тізгінің тежемеген Ілияс-жыр”, – деп поэзия құлагеріне таңдандыңыз. “Өзің бе?.. Өзің ғажапсың! От кешкен алғаш азатсың”, – деп Сәкен ағанызға қызықтыңыз. “Қазақтың Бальзагі”, – деп Сәбитті атадыңыз. Айта берсе тенеу көп.

Сіз Мағжан туралы жыр жазбадыңыз. Оған мүмкіндік болды ма? Жазғызбасын жазғызбас. Бірақ, оған табынғаныңызды бәрібір естігенбіз. Соның дәлелі ретінде, курстас досым Серікқали Байменшениң бір әңгімесін есіме түсірейін. “Қайынағаммен Мұқағали аға қатты сыйласты. Екеуін табыстырыған Мағжанның мұрасы. Біреуі арап карпіне еркін. Екіншісі орталық кітапхананың сирек қолжазбалар қорынан қысынын тауып, Мағжан өлеңдерін алдырады. Қайынағам оқиды, Мұқан тындаиды. Одан кейін көздерінен алты тарам жас ағып, егіліп, өксіп үйлеріне қайтады... Кейін қайынағам сұмдық жалғызсырады. Оның Мұқағали әлеміне біржола сұңғіп кеткенін анғардық”, – деді маған.

Мен Төлеген Айбергенов жайлы жазылған өлеңдердің талайын-ақ оқыдым. Оны ұнатқандар әр қырынан келіп, ықылас ниетін анғартыш жатады. Бірақ, сіздің “Төлегенге” деген жырыңыздың жөні бөлек. Маған ол ақындық тағдыр туралы еніреп тұрып орындалған кішкентай дастан сияқты көрінеді. “Бармандар ақынды жұрт жерлегенге”, – дең өлмейтін дүниеге топырақ салуға тартынғандай, тежеулі бір сыңай байқатып, соған шыдамай періште жүрек сынар ақкудай сыңып, бебеулейтін сияқты. Жылағаныңыз – сүйгеніңіз

“Жаксы-жақсыны, баксы-баксыны көре алмайды” деген бар. Осының мысалын кейбіреулер жазушылар арасынан іздейтін. Сондай ойы болды ма, бір студент сізге көлденен сұрақ койды. Ол: “Мұқа, Қадыр Мырзалиевке

көзкарасының қалай?” – деді. Күткен жауабының не екенін анғардық. Сіз оған: “Шырағым, халық мойындаған адам тегін болмайды”, – деп сөзді келте қайырдыңыз. Бірбірінізді керемет құрметтейді екенсіздер. Сіз туралы жоқтау айтқанда, Қадыр ақын да егілді. Жараланса да жығылмай, шабуылдан танбаған ержүрек жауынгерге тенеді сізді. Бұл – “казактың өлген соң жаманы жоқтықтан” емес, сынарын жоғалтып алғанын білген қайраткерлік өксу.

Аға! Tipi болсаныз көрер едініз, қазіргі қазактың көбі өкпелегіш бол барады. Баяғыда ағайынға назданса мықтағанда Іленің арға жағына көшетін. Енді қызметінен түскендер шетелге кететінді шығарды. Басқа мемлекетке барып шер тарқататындар да шығып жүр. Солардың көкейін тескені – орынтақ. Әйтпесе, кысылып, кымтырылған түгі жок. Тұрмыс жайы ханның дәрежесіндей. Ал сіз ше?

Мен сіздің қазакқа, Қазақстанға шек келтірген бір жол сөзіңізді жолыктырған емеспін. Отанның оттай ыстық екенін жырыныңды оқыған сайын сезініп отырдық. “Мен оның құнін сүйем, тұнін сүйем”, “Пай! Пай, Пай! Киелі неткен жер.

“Тұған өлкө тәтті екен ғой, тәтті екен!”, “Ең бірінші байлығым – халқым менің” дегендей, елдің амандығын, жүрттың ырыс-бағын тіледіңіз. Қазактың өзегін жарып шыққан ұрпағы болғандығыныңға мақтандыңыз. Елініздің ешкімнен кем еместігіне шек келтірмедіңіз. “Оңай сөз ғой Отанды сүйем деген, Не тындырдың басымды ием менен”, – деп баршаны ойландырыңыз. Бәрі ниеттің ақтығы, пейілдің кеңдігі.

Егер, соны жеке бастың қол жеткен нәпақасымен өлшеп, тұрмыстық жағдайдаң дәрежесімен таразыласа, қуанып тақияны аспанға атпауға да болатын еді. Неге? Есқі пәтерде өмір сүргенінізді көрдік. Кітаптарыңыз шығып тұрғанмен, оның таралымы сол кездегі орта көрсеткішке жете бермейтін. 1973 жылдан кейін құзырыныңға тиянақты қызметте тимеді. Тіршіліктегі жалғыз жүлденіз – “Лениншіл жас” газетінің “Менің атым – жиырма бес!” атты өлеңдерге жариялаған бәйгесіндегі алған екінші орын екен.

Ал, радио мен теледидардың алтын қорында сізге байланысты мұра жоктың касы. 1981 жылы елу жылдығыңызда алашапқын боп жатып, “Большевиктер” поэмасын оқыған дауысынызды әрек таптық. Баяғыда Талдықорғанда жас ақындардың кенесі етіпті. Сондағы көптің арасындағы бір бейненізді жылт еткізген кадрды экраннан байқап шүкіршілік жасадық. Сіз секілді бір елдің үлкен ақыны жайында жинақтағанымыз осындай. Не күлерімізді, не жыларымызды білмейміз.

Марқұм Әнуарбек Байжанбаев ағамыз: “Егер, Мұқағали диктор болып журе бергенде, менің атақ, данқым, осыншалық шығанға шықпайтын еді”, – деп өнерінізге асыра баға бергенін талай естідік. Ұлы диктор оны бекерге айтқан жок. Сол дауыстарды енді шырап алғып іздесек те таптаймыз. Мәдениеті жоғары елдер мұндайға ұқыпты. Бізден де бір ұқыпты қазақ шықанда, қазір сақтаган мұрасын алтынға айырбастайтын еді.

Қандай жағдайда да сіз елге, халыққа өкпелеген емессіз. Ол жайындағы ұғым, түсінігініз тұнық та мөлдір. “Ақын жүргегіне кек тұрмайды, кек тұрса – как тұрғаны. Ондай асылдан сыңғырлаған үн шықпайды”, – деген Ғабит Мұсірепов сипаттамасы сізге де арналған сияқты.

Ақын мінезі – батыр мінезі. Біз осының қадіріне жеттік пе? Әй, білмеймін! Егер жетсек, “Мұқанның өзінде де бар, тыныш жүрсе ғой, қанжығасы олжадан босамайтын еді”, – деген дағдылы қарабайыр қалыбымызыға салып тақылдап, біржакты ғана құстаналауға жол бермейтін едік. Мәселен ұлы Пушкиннің де тәртібін “бес” деуге болмайды. Ол кісі кезінде кімдерді жекпе-жекке шакырмады. Ерегеске ерекспен жауап кайтарып отырса, артына бүгінгі ұлы мұраларын калдыра үлгермес те еді. Бұл жерде орыс қауымы өзінің даралығын танытқанын мойында маска лажымыз жок.

Белгі ережелерге бағына бермейтін, бірақ, зиянсыз ақын мінезі жайлы сіз де айттыңыз. “Ей, ақынның жырлары! Ақын деген табиғат кой, Қысы, күзі, жазы бар, Көктемі бар шуақты...” Демек, табиғатты аялайтындар сияқты

жанашырлық, шынайы қамқорлық оған да керек екен. Әлде, ер мен әйелдің міндеті мен құқын тенестірген қызыл заман ақын мен ақын еместерді де тенестіргісі келді ме? Не болса да содан ақындық үнемі жапа шегіп отырды. Бәлкім сонда “Той көрмей-ақ өтейін. Қаламымды берші маған бәйбіше, Болашаққа арыз жазып кетейін, – деп жазбас па едініз? Ана мейірімін құту ақынға тән қылыш.

Досыныз Тоқаш Бердияров та “шенберге симаған”. Бірақ, Келестін жұрты ер екен. Көзінің тірі кезінде Тоқана той жасады. Ол кісіге арналған аудандық газеттің тұтас бір нөмірін біз де оқыдық. Мәселе ат мінгізіп, шапан жабуда емес, көңілде ғой. Әрине, елеусіз қалған да жоқсыз. “Сыр елі Мұқанды кездесуге шақырды. Ол оқырмандарымен дидарласуғанибетіне бөленді. Сол сапардан ақын таланттың керемет қанаттанып қайтканын көрдім”, – дейді ақын Шөмішбай Сариев бір сөзінде. ЦК-ға, обкомға кисынын тауып алдын ала телефон шалдырып барсаныз ғой, бәрі қоғадай жапырылатын еді. Бірақ өйтіп арзандасаныз Мұқағали боласыз ба?

1967 жылы Нарынқол ауданы Шұбаргал деген жайлауда үш ұрпақтың кездесуін өткізді. Бұл әңгімені соған қатыскандардан естігем. Баяндамадан кейінгі жарыссөз сіз күткендей шықпаған-ау. “Мынау ақындар елінде, беташар сөзді неге ақын бастамайды?!” – деп қарсы сұрап койыпсыз. Мұны естіп үлкен бастықтардың қабағын бакқандар “Қап, сценарий бойынша тыныш өтіп жатқан жиналысты мынау тентек ақын бүдіретін болды-ау” – деп демін ішіне тартқан. Бірақ бәрі керісінше шықты. Сіз мінбеге көтеріліп, туған жер туралы өлең оқыпсыз. Өлең құдіретімен тебіренген көпшілік сатырлатып қол соққан. Ақындытың мысы әкімдіктің десін басқандай бір көрініс болған.

Бірақ әлдебіреудің тыжырынғанына бола, туған жерден безген жоқсыз. Тек назыңызды жыр етіп шерттініз. “Кіндігімді байлаган қазығым-ай, Сен болмасаң бұл манды көрмес едім?”, немесе “Сый білмес аға мен бе едім, Сыйламас іні сен бе едің, Су берші маған, інішек, Су берші маған, шөлдедім!” – астарладыңыз.

Қазіргі естелік жазғыш “батырлардың” арасынан сүбелі азamat шығып, сізді хан көтеріп алса, өкіметтің коржынына қол салмай-ақ, берекелі заманда өз малының есебінен-ак қаржы жұмсап дүрілдетіп, есте қалатындай етіп, ел-жұртпен қауышкан кездесуінізді ұйымдастырса, қандай ерлік болатын еді! Бірақ, бәрібір сіздердікі жөн. Біріншіден, туған жер алдында міндетсіп көрмепсіздер. Екіншіден, осындаі жүрістін пайдасы да бар. Мәселен, ел-жұртқа биқтен ғана қарамай, ауылдың шаңына аунап, құрбы-достармен, аталармен, апалармен шекара шектеусіз араласып, әрқайсысын бір-бір қазына ретінде зерттеу – шығармаларыңыздың құнарын арттыруға септігін тигізді.

Ұзак жыл қой баққан Мұхаметжан Іліпбаев қария сіздің малды ауылға келетін сапарларыңызды әлі ұмытпайды. “Өз басым Мұқаштың бөтен мінезін бімеймін. Токаш досын қасынан тастамайтын. Кешке қарай екі ақынның сөзін тыңдау үшін айналадағы малшылар түгел біздің киіз үйге жиналады. Суыртпактаң отырып олар бәрімізді сөзге жетелейді. Бір кезде қалай ақтарылғаныңды байқамай қаласың. Оларды біздің де жібергіміз келмейді. Таласып жүріп қонақ жасаймыз.

Жұмыс жағдайымен малшылар ерте тұрады. Десек те, Мұқағали бәрібір бізден бұрын оянады. Өзімен өзі болып, табиғатпен сырласып толғанғанын талай байқадым.

Біз отырған жайлаудың төрінен аудан аймағы алаканға салғандай тұтас көрінеді. Кейін білдік, “Атамекен” дастаны осы сапарда туыпты”, – деді.

Аға! Сіз қалдырыған жыр мұрасына қарап отырып, мынандай сырды аңғарамын. Шығармаларыңыз мықты болып басталған, мықты қүйде аяқталған. Жас ақын қайсысын жазды, кемел ақын қайсысын жазды – ажыратта алмайсың. Оқырманыңызды әуреге түсірмепсіз. Әдебиетке “картайып” келудің мәнісі де содан шығар. Өзінізге өзіңіз сыншы болып, аяусыз сүзгіден өткениңіз көрінеді де тұрады. Киелі әдебиет есігін мол дайындықтан кейін, нық сенімен ашқансыз.

Сол кезде аудандық газетте редактор болып істеген Элнұр Мейірбеков айткан әңгіме еді. “Алпысыншы жылдың басы. Әлдебір шаруамен редакцияға ерте келдім. Есіктің алдында Мұқағали тұр. Таң атқанша ұйықтамағаны анық.

— Аға. Дастан жаздым. Нүкте қойып келіп тұрғаным осы. Аты “Аппасионата”. Осы шығарма ақындық жолымды ашатын шығар деген үміттемін. Болмаса, өзімді де, оқырмандарды да мазаламаспын, — деді.

Мен де, жігіттер де шығармаға өте жоғары баға бердік. Қасымызда жүрген Мұқағалидың мүлде биіктеп кеткенін де аңғардық. Өлең дереу Әбділдә Тәжібаевтың атына жолданды. Он күннен соң қаладан телефон соғылды. Әбекенің: “Мұқағали, Алматыға кел, сен ұлы ақын боласын”, — деген дауысы әлі құлағымнан кетпейді”, — деді.

Неге “Ильичті”, неге “Большевиктерді”, неге “Маврды” жырлады деу жараспас. Ол – заманыңызға лайықталған сенім. Бүкіл бір дәүірді қамтыған тарихты жоққа шығару күпірлік. Сол саяси тақырыптардың өзін лиризммен құлпырттыңыз. Ақын тақырыпқа емес, қайта тақырып ақынға бағынатынын білдік.

Қоғамдағы тоқырау белгілерін лақ еткізіп ақтару мүмкін бе? Азыу алты қарыс цензура ондайды қазық етіп қағып жіберер. Жанағыдай тақырыптармен алдарқатып отырып, талай дүниені мензеп үлгердіңіз. Эйтсе де құлашты кенге жазғанға не жетсін! “Айтып өткен ақында арман бар ма?”! – деуініз сондықтан фой. “Алматы – қазактың астанасы, орыстың баспанасы...” сияқты ауызаша ел арасына тараған тіркестеріңіз күні бүтінгідейін жетті. Кейде көзқарасынызды аудармаға сіңіріп жіберіп, шер тарқатқан секілдісіз. Осыған байланысты Оралбек Шамырхановтың естелігін айтайын.

“Мұқан екеуміз түскі шайды мейрамханадан іштік. Кенет, ол биліктегі шенеуніктердің кемшілігін сынайтын өлеңді дауыстап тұрып оқығаны. Айылын жияр емес. Зәрем ұшқан мен байғұс жалтаңдап жан-жағыма қарай беремін. Бізге таяу жылмағай шал отырған. Сол құлағын түретіи сиякты.

Бір кезде қасымызға кезекші милиционер келіп тұр. Мен шырылдап қоя бердім. Мұқаң сасатын емес. Бөлімшеге кіргенде манағы жылмағай шал бізді қасқыр ұстағандай бас салды. “Сондай өлең оқығаныңыз рас па?”, – деді капитан. Сонда Мұқан қалтасынан суырып алып, өзі аударған Уолт Уитменнің жұқа кітапшасын көрсетіп: “Мықты болсандар, мына ақынды көрден суырып алып соттандар!” – деді. Екейі үнсіз отырып қалды. Біз шығып жүре бердік”, – дейді. Мұндай парадокстар басыныздан аз өтпеген шығар.

Абай атамыздың музыкаға тәнті болған дағдысы сізге де тән. Тау мен даланың ғажайып сазын былай койғанда, Бетховен мен Моцарт симфонияларының рухын бүкіл азаматтық санамен кабылдадыныз. “Осының бәрі Мұқаның еуропалық білімге, еуропалық танымға ересінің биіктігі”, – дейді жазушы Ахат Жақсыбав.

“Құдіретті комедияны” аударып Дантені қазакша сөйлету ойай емес. Дегенмен, ол қанша киын болса да – олең. Ал, Моцарттың “Реквиемін” жыртіліне келтіріп, оны қағазға түсіру менімше сізден басқа ешкімнің қолынан келмес еді. Сейтіп, қазақ поэзиясында бұрын болмаған құбылыс жасадыныз.

“Реквием” – “Жан азасы” – Ә.Тәжібаев айтқандай “оптимистік трагедия”. Ол – әруақтың дауысы. Жалғанды жалпағынан басып жүрген қаперсіз пендеге мұн арқылы өмір сирин айтады. Бұл шығарманы оқыған соң түйсікіз жанның өзіне тың сезімдер пайда болатын шығар деп ойлаймын.

Алтынның, ақшаның нарқын білмейтін кім бар? Алайда, жарық дүниенің қадірін сондайлық білеміз бе? Бұл – осы сауалдарға жауап беретін шығарма. Өлімнің каралы күйін ғана айтып күніренбейді. Жерде жүргендердің ар алдындағы, құдай алдындағы жауапкершілігін сезіндіреді. “Өмір дегениң бір күндік сәуле екен ғой”, – дейді. Адамның адамдығы – жылтырақ дүниені комағайлықпен жинай беруде емес, мына жаркыраған сәүленің жүзіне кірбің түсірмеуде. Осыны санамызға қўйдыныз.

Адам және табиғат. Оның тұтастығын сұнғыла философтарға тән түйсікпен үғындыныз. Белгілі суреттерден белгісіз сырларды аңғардыныз. Жануарға жаны

бар деп қарадыңыз. Мәселен, “Тау өзені” деген өлеңінде бала шопаннан таяқ жеген серке ата шопанның артынан қарап маңырамайды. Ол бекер маңырап тұрган жок. Адам мен табиғаттың арасы алшактанып барады. Алшактаудың соны дүлейлік психологияға ұрындыруы мүмкін. Содан қорықтыңыз.

Сондықтан да қайындарға “Өмір сүрейік алмасып”, – деп өтіндініз. Бәлкім, сол қайындар шынында да адам шығар. Сізді оқығаннан кейін аялап, ағаштардың жапырағын сипалағымыз келеді.

Жүректің дірілі, жүректің қасіреті, жүректің сырьы – сіздің шығарманыздың өн бойында өріліп отырады. Жүрек сойлесе – сағыныш сазы шалқиды. Жүрек сөзі – әділет, ақиқаттың толғамы. “Әрбір жыры ақынның соңғы жыры, Соңғы жырды жазуға жүрек керек”

Сондықтан, соғыстың қасіретін айту үшін жүректі тыңдадыңыз. “Дариға – жүрек” дедініз. Жауыздық салған жара әлі сыздап тұр. “Сағынып жүрсін бе әлде қадірлім-ай, Сонау бір жастығынды майданда өлген?!” Сырты бүтін, іші түтін. Өмірлік өксік.

Дариға-жүрек! “Жылайтын еді бірдемде, Құлетін еді бірдемде”. Баладай сенгіш, сәбидей таза. Ку соғыс соны да лайлады. Егер, қос акку өмір айдыннанда қатар жүзсе, пенделік жаратылыстың табиғаты адамды ондай гаріп халге түсірмейтін еді-ау! Әніннің сұлулығы – жанынның сұлулығы.

Сен мәңгілік сұлусың, Дариға жүрек! Бірак, әлденеден секемденген, бір сәт әдеміліктен жиіркенген бала жүрек: “Ән емес, осы екен ғой аңсағаны”, – дегенде оқырман біздің де жанымыз қанжылап, шырылдап кетті ғой.

Соғыс есенгіреткен Дариға – жүрек арын арашалаудың жалғыз жолын таңдады. Ол – “өлімнен үят күшті” екенін дәлелдеу. Солай етті де. “Өте алмай қалдым, жете алмай қалдым ар жакқа, Дариға-жүрек үшты да кетті аулакқа”, – деп сауға сұраған бала жүректің дауысы бүкіл дүниені жанғыртып жібергендей. Ақыры күмарлық пен ерліктиң айқасында өзінің ару жанын құрбандық ету арқылы, Дариға-

жүрек пенделікті женіп шыкты. Жалған дүниенің тағы бір құпиясын осылай ашты. “Дүниенің мұнау, қабағын бағып тұратын, Дариға-жүрек, өмірге берді бір акын”. Соғыс жайындағы күллі өлендеріңіз бір төбе, осы дастаныңыз езінше бір төбе.

Сіз акындық түйсікпен бәрін алдын-ала болжадыныз. Мәселен, тандамалы “Өмірдастан” жинағынызға колтаңба қалдырғанда оның аяғына “1976 жыл 27 март” деп жазғаныңызды газеттен оқыдым. Өмірден қайтар күнінді алдын ала қалай білдіріз екен. “Сәлғана мызығы ап, қайтадан тұрармын”, – дегениңіз де сол қалпында келді. “Жазылар естеліктер мен туралы”, – дедіңіз, ол да эне жазылып жатыр. “Өшеді өлең немесе көшеді өлең”, – дедіңіз ақиқаты осы, орташа өлең, оргаша акын деген болмайды екен.

Сол сиякты, бір кезде еліңіздің тәуелсіздік алатынын сезіндің-ау деймін. Эрине, сезіндіз. Хандардың, батырлардың, билердің, шешендердің – халқы өз орнына отырғызған тұғырға қайта көтерілетініне сезіндіңіз. Кең тынысты “Райымбек! Райымбек! дастанын бекерге жазған жоқсыз. Және оны болашақтың еншісіне қалдырыныз.

Мен сізбен өмірімде бір рет әрі соңғы рет емен-жаркын әңгімелестім. Қоярда-қоймай үйіңізге ертіп апардыныз. Лашын жеңгем де жадырай қарсы алды. Сонда жогарыда аталған дастанның қолжазбасын көрсетіп, оны диктор болған інініз Бакытжан Атагелдиев нәшіне келтіріп оқыды. Рazy күйде балқып, сүйп-ысып отырып тыңдадым.

“Бұл – мен олген соң шығатын поэма. Солай бауырым, артында мұра қалмаған акын – акын емес”, дедіңіз. Сол сезіді айтқанда, 45-теғана, тіпті, жап-жас екенсіз ғой.

“Райымбек! Райымбек!” – 1981 жылы 26 қарашада “Лениншіл жас” газетінің үш-төрт санына түгел жарияланды. Ол – он жылдан кейінгі елімізде бак бол қонар жақсылыктың жоралғысы еді. Шығарманы жариялауга Сейдахмет Бердіқұлов ағам бекерге күш салмапты. Тарих ғылымдарының докторлары Х.Арғымбаев пен К.Нұрпейісовке дәлелдеме жаздырып, киыннан бұрып әкеліп қисынын әрен келтірген жұмыс.

Сол оқиға жайында “Лениншіл жаста” бөлім менгерушісі болған Жанболат Ауыпбаев маған былай деген: “Дастан газетке шыққанының ертеңінде Сейдахмет аға сондай канаттанды. Бір өзі залға симай тенселді. Куанғаны – біріншіден, ақын мұрасын бүлдірмей халкына жеткізуіді камтамасыз етті. Екіншіден, 1981 жылы Райымбек туралы шығарманы жариялау ерлік еді. қас қылғанда, елден рахмет айтқан бір телефонның соғылмай-ак койғаны”. Басқаны қайдам, менің екі бетім ду ете түсті.

Жасалуына “миллион сомнан аса ақша кеткен” мұражайының анда, Қарасазда. Сіз – Алматыда жатырсыз. Өз кошеңіздің бойында ел-жүрт арылмайтын бір мекен – мұражай болса, қандай ғанибет! “Әттегене-айлар” көп. Бәлкім, еліңіз аман болса, мемлекетіміз байып, енсеміз тіктелеген кезде ол шаруа да өз-өзінен реттелер. Құдай үмітті жоғалтпасын.

Аға! Сіздің теңіздей терең шығармашылығының жайында айтып тауса алмаймыз. Бір өлеңініздің өзінен-ак диссертация корғауға негіз бар. Өйткені, онда ой көп, түйін көп. Сикырлы сыр көп. Бірін байқасақ, бірін байқамаймыз. Енді сіз туралы жадағай естеліктер дәуірі аяқталып, нағыз мұқафалитану ілімі басталатын күн туған шығар.

Мен сыншы да, ғалым да емеспін. Мына жазғандарым оқырманының ретінде жадымда қалыптаскан пікір. Барлық қайшылықтарына карамастан “Құрметтендер жиырмасынышы ғасырды” деп едініз, эрине, құрметтейміз. Алашқа сіз секілді ақын ұл берген дәуірді қалай қасиеттемейміз. Сіз – жыр перзентісіз.

## **АҚЫН АТЫНДАҒЫ БАСЫЛЫМ -**



**МҰҚАҒАЛИТАНУ БАСТАУЫ**

## Мазмұны

С.Умбетов. Алаштың аяулы ақыны .....	3
Ә.Кекілбаев. Айтып өткен ақында арман бар ма .....	17
М.Мақатаев. Сіздер алпысқа келдіңіздер .....	31
Н.Оразалин. Құдіретті жырдың құндағы .....	34
М.Жолдасбеков. Мұқагали қазақ поэзиясының бағын жандырды .....	50
Б.Мұқаев. Жүлдізы жарық асыл .....	66
А.Нысаналин. Жыр дариясын шалқытқан .....	69
М.Мақатаев. Ей, ақынның жарлары .....	82
Ж.Аупбаев. «Райымбек! Райымбек» дастаны .....	85
F.Есімов. «Дін - ғылымның анасы» .....	90
Б.Кәрібаева. Мұқагали жырларындағы психологиялық ірімдер .....	98
Ш.Беркімбаева. Тұған жер деп ақынның тіл қатады .....	124
М.Мақатаев. Өмір жайлы .....	129
Б.Нұржекеев. Мұқагали қазаққа мәнгі кызмет жасайды .....	131
A.Егеубаев. Өмірі өлеңге айналған ақын .....	138
К.Ушбаев. Жүргегі ғашық еді азат таңға .....	161
T.Тоқбергенов. Кекірегі - кектем жыр .....	165
M.Мақатаев. Шаршадым білем .....	179
A.Носкова. Мақатаев шығармаларындағы фразеологизмдердің қолданылуы .....	182
K.Алпысбаев. О,Муза! Бір өзіңе бас ұрамын .....	192
B.Әлімжанов. Өмірге келгенім жоқ бостан-босқа .....	200
T.Шапай. Қазақтың кара өлеңі - құдіретім .....	211
M.Мақатаев. Тоқта, ботам .....	218
T.Жұртбай. «О, сұм дауыс!» .....	221
T.Медетбек. Ол - ұлы ақын. Классик! .....	229
O.Асқар. Аз да болса саз, санаулы болса да сапалы аудармалар .....	238
H.Үркімбай. Жырлары дертке дауа .....	248
M.Мақатаев. Туады, туады әлі нағыз ақын .....	255
K.Елемес. Екі ғасырдың екі ақыны .....	257
M.Бекей. Ақынның сыр сандығын актарғанда .....	275
C.Медеубекұлы. Әр өлеңі әнге айналған .....	288
B.Мәжитұлы. Монолог .....	292